



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА

2007

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед М., *төраға*
Досжан А., *төрағаның орынбасары*
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов С.
Аяған Б.
Әбусейітова М.
Әйтімова Б.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.
Базылхан Н.
Байпақов Қ.
Биекенов Қ.
Бурханов Қ.
Ертісбаев Е.
Кенжеғозин М.
Қасқабасов С.
Нысанбаев Ә.
Өмірбеков Б.
Салғара Қ.
Сариева Р.
Сейдімбек А.
Сұлтанов Қ.
Таймағамбетов Ж.
Тұяқбаева Б.
Хұсайынов Қ.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Батырлар жыры



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,
Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Ақыш Н., Әкімова Т.

Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындаған:
филология ғылымдарының кандидаты С.Сәкен

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2007.
Т. 41: Батырлар жыры. — 2007. — 448 бет.

ISBN 9965-35-381-6

«Бабалар сөзі» сериясының 41-томына «Қарасай, Қазі» жырының Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин, Құдайберген Шоқаев, Мүстежеп Ахметұлы, Ш.Кәрібаев нұсқалары енді.

Б $\frac{4702250205}{00(05) - 07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-381-6 (т. 41)

© Әдебиет және өнер институты, 2007

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2007

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған қырық томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының сегіз томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.

Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның 41-томы батырлар жырына арналды. Бұл томға «Қарасай, Қазі» жырының мынадай алты нұсқасы топтастырылды: Мұрат, Қашаған, Нұрпейіс ақындар және Шоқаев Құдайберген мен Мүстежеп Ахметов жырлаған нұсқалар, Ш.Кәрібаев әзірлеген, «Әдебиеттік оқу кітабының» (1944 ж.) құрамына кірген, жырлаушысының кім екені көрсетілмеген нұсқа.

«Қарасай, Қазі» жырының бізге отыздан астам нұсқасы сақталып, жеткен. Бұл жыр ежелден келе жатқан ғажайып эпикалық мұра — «Қырымның қырық батыры» атты жырлар циклының құрамына енген қаһармандық эпос үлгілерінің бірі. Жырдың нұсқаларын халық арасына таратушылардың

қатарында Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин, Нұртуған Кенжеғұлұлы сияқты ақиық ақындар, А.Байтабынов, Қ.Иманғалиев, Жақсылық, Наурызбек, Төренияз және одан да өзге жыршылар мен жыраулар бар. Нұсқаларының көптігін және ол нұсқалардың арасында аздықөпті айырмашылықтар орын алатынын ескере отырып, «Бабалар сөзі» жүзтомдығының қырық бірінші, қырық екінші томдарына «Қарасай, Қазі» жыры нұсқаларының үлгілерін енгізу жоспарланып отыр.

Көркемдік, танымдық-тағлымдық жағынан зор мән-маңызы болуына орай, кезінде үлкен сұранысқа ие болғаны Мұрат ақын жырлаған нұсқасының 1924, 1943 жылдары баспа бетін көруінен, Нұрпейіс жырлаған нұсқасының ақынның 1946 жылы баспа бетін көрген «Таңдамалы шығармалар» атты кітабына енуінен, енді бір нұсқасы 1944 жылы жарық көрген, 5-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу кітабының» құрамына енген сөз өнері үлгілерінің қатарынан орын алуынан, Қ.Жұмалиев, Ө.Марғұлан және тағы басқа көрнекті ғалымдардың іргелі зерттеулерінің нысанына айналуынан аңғарылатын «Қарасай, Қазі» жырының жариялануына, зерттелуіне ұзақ уақыт бойы тыйым салынып келді. Бұған ВКП(б) Орталық Комитетінің 1944 жылғы 9 тамызда қабылданған Татар партиялық ұйымындағы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмыстарды жақсарту жөніндегі шаралар туралы қаулысы мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылы қабылданған Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл, әдебиет институтының жұмысы туралы қаулысы себепші болғаны белгілі.

Солақай саясаттың осындай зардабын жою оған мүмкіндік туған кезеңнің өзінде де баяу жүзеге асырылып келгені «Қарасай, Қазі» жырының жариялылық заманы орнағаннан кейін жарық көруі 1988 жылы Қ.Иманғалиевтің орындауындағы күйтабақтың шығарылуымен, Мұрат ақын жырлаған нұсқаның Х.Досмұхамедов еңбектерінің жинағында және «Алқаласа, әлеумет» (1991) жинағында қайта басылуымен, Қашаған Күржіманұлы нұсқасының ақын шығармаларының «Топан» атты жинағына енуімен, Сейіт жырау нұсқасының Қытай Халық Республикасында шығып тұратын «Мұра» журналының 1990 жылғы 2-санында жариялануымен және Мұрын жыраудан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» жырлар


циклының 1989 жылғы, 2005 жылғы басылымдарында да бұл жырдың бір нұсқасы болуымен ғана шектелетінінен айқын аңғарылады.

Демек, нұсқаларының басым көпшілігі осы кезге дейін жарияланбай, оқырман қауымының назарынан тысқары қалып келген «Қарасай, Қазы» және «Әділ сұлтан» жырларының алдағы уақытта оқырманмен қауышқалы отырған екі томдық жинағы мәдени мұраны танып-білу, игеру, халық игілігіне асыру бағытында жасалған елеулі қадам екені анық.


«Бабалар сөзі» сериясының кезекті қырық бірінші томы көптомдықтың негізгі ұстанымдарына сәйкес, ғылыми қосымшалармен толықтырылды.

Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 28 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



Қарасай, Қазі

(*Мұрат Мөңкеұлы нұсқасы*)

Өткен заманда Мұса деген би болыпты. Мұса биден отыз ұл қалады. Отыз ұлдың ішінде Мамай би болып, ел билейді, Орақ батыр болып, ел қорғайды. Мамай мен Орақ билік пен батырлықты қатар жүргізіп, еліне өте қадірлі болады. Мұса бидің қалған балалары, басы—Қарабатыр, Тілеке, Алшы, Исмайыл, Тобаяқ дегендер болып, бұларды күндейді. Бұлар Орақтың алмас қылышын жасырып алып, түнде Орақ жатқан үйдің есігіне көлденең құрып қойып, ауылды айнала жылқы қуып, «Жау келді! Аттан, Орақ! Аттан!» — деп айқай салады. Төсекте жатқан Орақ сыртқа жүгіре шығамын дегенде, есіктегі құрулы алмасқа ұшырап, жараланады. Осы жерде Орақ өледі.

Орақтың артында Қараүлек деген шешесі, бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр қатыны, Қарасай, Қазі деген екі баласы һәм Қибат деген бір қызы қалады.

Қарасай, Қазі жасынан-ақ батыр болып, атасының дұшпандарымен көп жауласып, Орақтың елін қайта меңгеріп алады.

Орақ ауырып жатқанда Ақмырза деген досының айтқаны:

— Ебей басты құба үлек,
Сенен соң жүк көтерер түйе жоқ!
Айғыры өлген ақ байтал,
Сенен соң ат туарға бие жоқ!
Бұ сөзімде жүйе жоқ,
Ертеңнен кешке зарласам,
Есіркер бізді ие жоқ!
Арыстан сынды ер Орақ
Жатыр екен бүгіліп,

- 10 Әділ жаннан түңіліп.
Досыма жаман түс көріп,
Бір ұқсаусыз іс көріп,
Ертеңменен мен жазған
Шыға да салдым жүгіріп.
Көтерсем басын, тұрмайды,
Отырмын жаман түңіліп.
Жел жағыма желпілдеп
Жапанға біткен бөйтерек
Ортасынан шарт сынып,
Екі басқа көрінді.
- 20 Дұшпанға сенген қан жұтар,
Жазған, ақылың неден бүлінді?!
Қай жаманға тастайсың
Орда байтақ еліңді?!
Аңдып жүрген көп жаман,
Сындырған екен белеңді!
Қапылықпен кеттің бе,
Бір сермемей қолыңды!
Артыңа тастап барасың
Алған бір жұпты теліңді.
- 30 Қарасай мен Қазидай
Жас қалдырдың төліңді.
Тілесек бізге берер ме
Бұ секілді өлімді?!
Жарылқаса Жасаған,
Шәйіттің кеттің жолында!
Сарғайғанмен, сарғайып,
Қиямет болмай, көрмек жоқ.
Қош, аман бол, жан достым,
Ұжмақтың болшы төрінде!

Орақтың қайырған жауабы:

- 40 — Ақмырза досым, келдің бе,
Орақты жатқан көрдің бе?
Мен сөйлейін, сөз тыңда,
Зейініңді қой да, тез тыңда.
Қос-қос орда, қос орда

- Қосылып қонбас менен соң.
Қоспақ өркеш нар түйе
Бұрынғыдай қом бітіп,
Өркеш алмас менен соң.
Жарлылардың жаз аты
- 50 Жалдана алмас менен соң.
Адырмақтың Алатау
Баса жайлап, шет көшіп,
Ел қона алмас менен соң.
Былдыр-былдыр сөйлеген,
Адам тілін білмеген
Басы шоқты қалмағың,
Аузы түкті көуірің
Жан-жағыңды қамалап,
- 60 Қала салар менен соң.
Қара қазан, сары бала,
Үш Бұлдыртау, маң дала,
Мұсылманды қуалап,
Қалмақ алар менен соң.
Әмір жазып, пешеттеп,
Мал-басыңды есептеп,
Біліп алып шешіміңді,
Қыраж алар менен соң.
Тәртібіне көнбеген,
- 70 Малынан қыраж бермеген
Қойдай шулап, қоныстан
Көтерілер менен соң.
Еділдің бойы ен тоғай,
Ендей көшкен көп Ноғай
Қарасынан жүргізбей,
Қалмақ алар менен соң.
Арыстан досың кеткен соң,
Байтақтан қалған көп халық
Бұрынғыдай көшіп-қона алмас.
- 80 Артымда қалған көп жаман
Ер Орақтай кек ала алмас.
Еділ, Жайық арасы —
Екі судың саласы,

Байтақта қалған көп жұртқа
 Алдасы болғай панасы.
 Қош, аман бол, жан досым,
 Көкіректе шыбын жан
 Кетер де білем, шамасы!

Орақ өледі. Ақ жауып, арулап көмеді. Артынан бір бөлек күн өткен соң баяғы өлтірген Алшы, Исмайыл, Тобаяқ, Қарабатыр, Тілеке келіп, жылап-сықтап отырып бата оқиды. Сонда Орақтың сексен беске келген Қараүлек деген шешесінің Орақты жоқтап айтқаны:

- Айдынды Орақ, айлы Орақ,
 90 Айбалтасы қанды Орақ,
 Аштарханда даңды Орақ,
 Арғымақ атың азды, Орақ,
 Байтақ жұртың тозды, Орақ,
 Келер де болсаң, жылдам кел,
 Сексенге келген қарт анаң
 Жылай да жылай, жазды, Орақ!
 Қарауыл қарап болар ма
 Қара өлең жеген атпенен!
 Қарусыз жүріп болар ма
 100 Қалудай атасы басқа жатпенен!
 Қоңқалаған көп жаман
 Орағымды өлтірдің
 Долай да долай матпенен!
 Қоғалы көлді жағалап
 Қалмақпенен қон енді,
 Алшайып атқа мінген соң,
 Орағымдай бол енді!
 Хан Мұсадан жұлде алған,
 Ағасы — би Мамайдан үлгі алған,
 110 Аждаһаның тынысын,
 Қолын салып, барлаған,
 Сөйткен менің Орағым,
 Аюдай арқыраған Орағым,
 Күндей күркіреген шырағым,

- Кетіпті алыс сапарға!
Қоңқалған көп жаман
Ере алмайтұғын қатарға!
Орағым менің бар болса,
Атан тіркеп, нар қылып,
120 Аруанаға жүк артып,
Ел жаңғыртып жатар ма?!
Орағымды өлтірген
Алшы, Исмайыл, Тобаяқ
Есімнен менің кетер ме?!
Лашын, сұңқар — екі құс,
Екеуі бір ұяның құсы екен.
Құладың құстың құлы екен,
Күндердің күні болғанда,
Құладыңның көрдің бе
130 Аспаннан қу төңкеріп ілгенін!
Аңдаймысың, жігіттер,
Ноғайлының мынау үстімен
Ауыр әскер ертіп жүргенін.
Үстімнен жүрген дұшпанның
Езуін тартып күлгенін.
Қаршыға менен қарлығаш —
Екеуі бір ұяның құсы екен.
Күндердің күні болғанда
Көрдің бе екі басқа қонғанын?!
140 Қарауыл басы — қолбасым,
Жортуыл басы — жолбарысым,
Ежелден сырлас, мұңдасым,
Жау дегенде, тынбасым!
Орағымды өлтірген
Қалу мен Сары оңбасын!
Егізде екі болмасын!
Ертеменен тұра алмай,
Белімді бекем буа алмай,
Көзімнің жасын тыя алмай,
150 Отырғанда мен сөйтіп,
Бата оқи да келдің бе
Шыныңмен де, балам, ұялмай!?

Бата оқи келген Алышы, Исмайыл, Тобаяқ сөйлейді:

— Әй, қарт ана, қарт ана,
 Атамыз — Мұса бидің ұлы едік,
 Жаратқан бір Тәңірінің құлы едік,
 Жантаза деген ханымның
 Біріміз жүрегінің қасы едік,
 Біріміз жүрегінің басы едік,
 Біз Еділ үшін егестік,
 160 Біз Жайық үшін жандастық,
 Біз Қиғаш үшін қырылдық,
 Біз Төптер үшін тебістік,
 Біз таразы сайлап, оқ аттық,
 Аюдай арқыраған Орақты,
 Күндей күркіреген шырақты,
 Семсер қылыш, балдақты,
 Түзу мылтық, құндақты,
 Қарағай найза сымбатты,
 Күшіген жүнді көп оқты,
 170 Қайрылмас алтын садақты,
 Жараған бура қабақты,
 Алғыр бүркіт тамақты,
 Қарсы арыстан сымбатты,
 Арыстан туған Орақтың
 Біріміз еш қадірін білмедік,
 Ақырда күндей де күндей, жоғалттық.

Сонда шешесін жұбатып, Орақтың Қарасай деген баласы сөйлейді:

— Жылама, шеше, жылама,
 Жыламай, көңіл тына ма?!
 Мен — балдағы алтын ақ берен
 180 Алып, белге ілермін.
 Атамнан қалған берендер,
 Бек сауытын киермін.
 Мен Қабан құлақ қара атты
 Қатырып тұрып мінермін.
 Мен көрмеген Алаш жоқ,

- Бәріне де тиермін.
 Мен болаттай сарт-сұрт сынармын,
 Дариядай аққан тұнармын,
 Қалу менен Сарының
- 190 Басын кесіп алармын,
 Ақ құрбандай шалармын,
 Тап өзімдей қылармын.
 Қалу менен Сарының
 Басын кесіп алмасам,
 Ақ құрбандай шалмасам,
 Тап өзімдей қылмасам,
 Қарасай атым құрысын!
 Ер Орақтың ұлы едім,
 Осы еді менің туысым.

Сонда бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр Орақтың қатыны сөйлейді:

- 200 Кешегі Орақ кеткен соң,
 Кемшілік басқа жеткен соң,
 Бұлбұлдай соқыр сайраған,
 Ауыздығын шайнаған,
 Өрі де бері қозғаған.
 Қозғағанмен, қоймаған,
 Алғаны асыл болған соң,
 Шыдамай, соқыр толғаған,
 Не қылып соқыр шыдаған,
 Ер еді Орақ болмаған!
- 210 Тағы да соқыр толғайды,
 Өдемілеп қозғайды,
 — Айдынды Орақ, айлы Орақ,
 Айбалтасы қанды Орақ,
 Аштарханда даңды Орақ,
 Қаланың аузын қандатқан,
 Қақпаның аузын шаңдатқан,
 Едің күшті, даңды Орақ!
 Аяғым ақсақ, көзім соқыр болса да,
 Үстіме қатын алмадың,
- 220 Артылдыра қамшы салмадың,

- Алшаңдатқан мені Орақ!
Құланды қақтан қайырған,
Хандарды тақтан тайдырған,
Қарсыласып келгенде,
Қақ жүректен салдырған,
Қылышын қызыл қанға малдырған,
Қаланы алған, сен Орақ!
Мен жыламай, қайтейін,
Айналайын Қарасай,
- 230 Соны да көрген мен бейбақ!
Қырқадан қырқа қараған,
Қырық шалғысын тараған,
Мың сан қолды талаған,
Бір өзін мыңға балаған,
Қалмақтан аққан қара қан
Көбіктей көріп, жалаған,
Қалмақтың қара, хандарын
Жаяу айдап, сабаған,
Кешегі менің Орағым
- 240 Болып өткен ер еді,
Айтулы ердің бірі еді!
Ел шетіне жау келсе,
Атын мініп сайланып,
Алмас қылыш байланып,
«Мен барайын!» — дер еді,
Қарсыласқан дұшпанды
Қабыландай соғып, жер еді!
Маңдайы күндей балқыған,
Көзі судай толқыған,
- 250 Иісі зағфырандай аңқыған
Бір патшадай неме еді,
«Өтіп кетті», — демесең,
Қай батырдан кем еді?!
Орақ еді алғаным,
Алғанымнан қалғаным.
«Атаңа нәлет!» — демедің,
Артылдыра қамшы салмадың,
Аяғым ақсақ, көзім соқыр болса да,
Үстіме қатын алмадың.

- 260 Өлеріңді білмедім,
Өлеріңді білгенде,
Сары мойын серке мен болып,
Құрбаныңа шалмадың,
Тілімді, айтсам, алмадың.
«Анасы мұның әйел», — деп —
Қайырып ақыл салмадың,
Ақылдасып қалмадым,
Сол жерде болды арманым,
Арманда өлдің, алғаным!
- 270 Өлеріңді білмедім,
Өлеріңді білгенде,
Мынау Қабан құлақ қара атты
Қатырып мініп, шаппадым,
Ел қыдырып, ізденіп,
Бір бағымды таппадым.
Өлеріңді білмедім,
Өлеріңді білгенде,
Сары мойын серке мен болып,
Өкпеммен неге қақпадым!
- 280 Өлеріңді білмедім,
Өлеріңді білгенде,
Алданың берген түнінде
Армансыз құшып жатпадым!

Орақтың жауы бар екен. Орақ жауына бармастан бұрын өліп кеткен екен. Орақты өлтіргендер: «Орақтың жауын жаулап аламыз», — деп қол жинап, аттаныпты.

Сол күнде Қарасай он жеті жасар екен. Жауға бармай, үйде қалыпты. Жауға бармай, үйде қалғанына ызаланып, Қарасайды қайрап, жауға кеткен Алшы Исмайыл, Тобаяқтарды «бес қатын» деп қорлап, шешесінің айтқаны:

— Атқышым, мергенім,
Шиленгерім, зергерім,
Ілмей қалар ма екен күнінде
Ұядағы көргенін?
Отырған билер, сардарым,
Алтын тақта хандарым!

- 290 Атаңа тартып тумадың,
Беліңе садақ бумадың,
Не болды саған, балаларым?
Тумағыр, балам, тумадың,
Беліңе садақ бумадың,
Бес қатын кетіп, сен қалдың,
Атаңның жолын қумадың!
Жауыңды жауға алдырдың,
Дауыңды дауға алдырдың,
Жүзіңе қара салдырдың.
- 300 Әкеңнің жауын жаулаған
Бес қатынға алдырдың.
Кешегі әкең барында
Мынау Қабан құлақ қара атты
Мінуші еді салдыртып,
Жүруші еді жардырып,
Бетіме неге қарайсың,
Жүзіңе қара шалдырып,
Әкеңнің жауын жаулаған
Бес қатынға алдыртып?!
- 310 Айналайын Қарасай,
Мен саған жерік болғанда,
Аюдың етін жегіздің,
Жолбарыстың сүтін ішкіздің.
Екпініңнің қаттысы-ай,
Белден қарға аунаттың,
Онда да қоңыр күздей болмады,
Онда да мейірім қанбады.
Сөйтіп туған сен едің,
Сенің анаң мен едім.
- 320 Мен саған жерік болғанда,
Сегіз жылан жеп едім,
Сөйтіп туған сен едің,
Кешегі әкең Орақ өлгенде,
«Орнын басар ма екен» деп едім!
Балаларын қайрайды
Қарасайдың анасы-ай.
Қайырып жауап айтады
Анасына баласы-ай:

- Алшы, Исмайыл, Тобаяқ
330 Атам Орақ барында
Жүруші еді таласа-ай,
Бес қатын жауға жете алмас,
Жетсе де, қайрат ете алмас,
Тербетпе өлген әкем сүйегін.
Қайрай берсең, шешеке-ау,
Оған да бармай, тек жатпас,
Жауға бармай, тек жатпан.
Жауға бармай, тек жатсам,
Қарасай атым құрысын!
- 340 Ер Орақтың ұлы едім,
Осы еді менің туысым.
Қарасай жап-жас баладай,
Бала да болса, данадай,
Қолына құрық алады-ай,
Жылқыға жүгіріп барады-ай.
«Атамның антты досы», — деп
Қабан құлақ қара аттың
Мойнына құрық салады-ай.
Сонда Қара ат ат сөйлейді,
- 350 Сөйлегенде, не дейді:
— Айналайын Қарасай,
Асылың нұрдан жараған,
Ер Орақтың баласы-ай,
Мені мінбе, Қарасай.
Неге десең, Қарасай,
Жау ішінде қаласың,
Мені мінсең, Қарасай.
Кешегі Орақ кеткен соң,
Аузым сүтке тиген жоқ,
- 360 Арқам үйге кірген жоқ,
Жалшылар мінді жайдақтап,
Қойшылар мінді ойнақтап,
Мойнымда жалым жоқ,
Бұра тартар әлім жоқ.
Өзіңдей ерлер мінген жоқ,
Қадірімді ешкім білген жоқ.
Мен кешегі Орақ барында

- Құлында емдім, тайда емдім,
Құнанымда арда емдім.
- 370 Дөненімде үйретті,
Мойныма арқан сүйретті.
Бес жасыма келгенде,
«Белін түзеп алсын», — деп,
Онда да Орақ мінген жоқ.
Алты жасқа келгенде,
«Азу тісін жарсын», — деп,
Онда да Орақ мінген жоқ.
Жеті жасқа келгенде,
«Аршынын түзеп алсын», — деп,
- 380 Мүшесін сыртқа салсын», — деп,
Онда да Орақ мінген жоқ.
Сегіз жасқа келгенде,
«Серке санды болсын», — деп, —
Олқы жері толсын», — деп,
Онда да Орақ мінген жоқ.
Тоғыз жасқа келгенде,
Сонда мені үйретті,
Мойныма жібектен арқан сүйретті,
Бауырымнан жаратты,
- 390 Маңдайымды жауға қаратты.
Тұяқтан ұшқан тозаңды
Жауған қардай боратты.
Желпілдетіп ту алды,
«Ат болды», — деп, қуанды,
Не сұрайсың, Қарасай?!
Күндердің күні болғанда,
Көлдей тасқан көкірек
Қайғыменен суалды!
Кешегі әкең — Орақ мінгенде,
- 400 Алдымнан қара кетпеді,
Артымнан кара жетпеді.
Әкең — Орақ өлерде,
Аманат жанын берерде:
«Қожа, молда жинатып,
Дуа берме», — деп пе еді?
Айналайын, Қарасай,

- Енді мені сойсайшы,
 Қара етіме тойсайшы.
 Өкең — Орақ жазғанға
 410 Жалғыз ат та көп пе еді?!
 Айналайын, Қарасай,
 Бұ сөзіме қансайшы,
 Тілімді менің алсайшы,
 Енді мені сойсайшы,
 Басыма жалау байла да,
 Орақпен бастас қойсайшы!

Қарасай Қабан құлақ қара атты сояды, әкесіне дуа береді, сонан соң жауға мінуге ат іздейді. Сол заманда қартайып, от басындағы құмалақты көсеумен қуалап отырған Ноғайлының Көкше деген батыры бар екен. Қарасай Көкшеден Көкбұйра атты саудалайды. Көкше: «Атымды бір қызға беремін», — дейді. «Жаудан әкеліп төрт қыз берейін», — дейді Қарасай. «Жаудан түскен қыздың керегі жоқ. Алсаң, Орақтан қалған қарындасың — Қибатты беріп, ал», — дейді Көкше. Атты ала алмай, қайтып келіп, Қарасай шешесімен ақылдасады. Сонда шешесі айтады:

- «Атқа барып мін, — деді,
 Олай-бұлай жел, — деді,
 Ат жүрісін көр, — деді,
 420 Ат көңліңе жараса,
 «Жалғыз қызым — Қибатты
 Жалғыз атқа берем», — деп,
 Айналайын Қарасай,
 Налыма оған сен, деді.
 Айналайын, Қарасай,
 Асылың нұрдан жараған
 Аруақты ердің баласы-ай,
 Жараған атты алмасаң,
 Жауға таман бармасаң,
 430 Сыртымыздағы дұшпанның
 Бізге де кепті табасы-ай.
 Қибат түгіл, мені сат,
 Ат көңліңе жараса-ай!»

- Олай-бұлай шабады,
Ат жүрісін қарады.
Ат жүрісін көрген соң,
Ат көңліне жарады.
Жараған соң көңліне,
Қарындасы — Қибатты
440 Беремін, — деп алады.
Үстіне тоқым салған соң,
Арқасы кетті жазылып,
Жоны кетті қазылып,
Басын тартса, ырғиды,
Мініп алса, қарғиды.
«Мінер атым — осы, — деп, —
Тәңірінің берген досы», — деп,
Көкбұйра атқа ер салды,
Ермен бірге жем салды,
450 Арқандап қойса, Көкбұйра ат
Бұзантаудың басында
Өз өзіне зең салды.

Енді Қарасай жауға кетпекші болады. Аттанарда Қарасайға қарындасы — Қибат келеді.

- Ер-тоқымын салған соң,
Ат үстіне мінген соң,
Шын кетерін білген соң,
Талағы түскір қыз Қибат
Сонда тұрып толғайды.
Толғағанда, не дейді:
— Айналайын, Қареке,
460 Не қылғаның, ағаке?!
Өгей аға сен бе едің,
Қарындасың өгей мен бе едім?
Мен сенің бүйтеріңді білмедім!
Бүйтеріңді білгенде,
Кешегі кеткен әкеммен
Бастасып неге өлмедім?!
Кешегі әкем кеткен соң,
Кемшілік басқа жеткен соң,

- Жалғыз тайға саттың ба?!
470 Атым әйел демесең,
Мен екеуіңнен кем бе едім?
Әкелі қыз азар ма,
Күлтелі көйлек тозар ма?
Мен кешегі әкем барында
«Белім сұлу болсын», — деп,
Бешбетпенен қынағам,
«Шашым майда болсын», — деп
Сары маймен сылағам.
Ойбай, әке, тұрсайшы,
480 Қибатың мұнда жылаған!
Ішімде шемен көп жатыр,
Әкем салған жол жатыр.
Ойбай, әке, тұрсайшы,
Екі бөрің жеп жатыр!
Мініп алдым қараға,
Қарамен шаптым далаға.
Ойбай, әке, тұрсайшы,
Екі бөрің талады!
Жетім құлын емеген,
490 Құлық бие тебеген.
Оймауыттан ел көшсе,
Қос ордасы сол күнде
Алпыс нармен жөнелген.
Кешегі әкем өлерде,
Аманат жанын берерде,
Ұмыттың ба, ағаке,
Сонда саған не деген?!

Қарындасы бұлай деген соң, Қарасай аттан түседі де, атты тастай беріп, жауға қарай жаяу жүре береді. Сонда Қибат шыдай алмай, Қарасайдың артынан келіп, атты беріп, сөйлейді:

- Айналайын, Қареке,
Не қылғаның, ағаке!
500 Өгей аға сен бе едің,
Қарындасың өгей мен бе едім?!
Сен томсарып кетпе, күліп кет,

- Қалаған атың мініп кет.
 Мен қыз да болсам, ұлдаймын,
 Қадірімді біліп кет.
 Айналайын, Қареке!
 Мен бір бата берейін,
 Қолыңды жай, ағаке!
 Әуелі Құдай оңдасын,
 510 Табаның тастан таймасын,
 Маңдайың жаудан аумасын!!!
 Күндердің күні болғанда,
 Жалғыз тайға сатқаның
 Тек байлаулы басым болмасын!
 Қарадан боздар өтер ме,
 Қайрылмай дәурен кетер ме!
 Күндердің күні болғанда,
 Абысын-ажын бар болып,
 «Жалғыз тайға келдің!» деп,
 520 Бетіме салық етер ме!
 Бетіме салық еткен күн,
 Айтып, бір сөзім өтер ме,
 Есімнен менің кетер ме?!

Шешелерімен, туғандарымен амандасып, Көкбұйра атқа мініп, Қарасай кеткен қолды қуып, жауға қарай жөнеледі. Жолшыбай Қарасай Көкбұйра атқа бір сөз дейді:

- Айналайын, Көкбұйра ат,
 Сен де шықтың бұл жерге,
 Мен де шықтым бұл жерге.
 Елден шыққан екеуіміз
 Аман-есен Құдайым,
 Қосқай еді үйірге.
 530 Айналайын, қызыл ат,
 Жал — құйрығың ұзын ат,
 Қибатқа алып, мінген соң,
 Кісінікі емес, біздің ат.
 Айналайын, Көкбұйра ат,
 Шамаң келсе, жылдамдат!
 Көкбұйра ат сонда сөйлейді,

- Сөйлегенде, бұй дейді:
— Айналайын, Қарасай,
Мінген атың мен болсам,
540 Менің ием сен болсаң,
Мені Қибатқа алып не етесің,
Бір тұлпардан кем болсам?!
Бірінші күдер асады,
Аспанға тозаң шашады.
Екінші күдер асқанда,
Бұйраның бауыры сөгілді.
Үшінші күдер асқанда,
Қолтық еті бөлінді.
Төртінші күдер асқанда,
550 Аш қабыландай бүгілді.
Бесінші күдер асқанда,
Көрген адам түңілді.
Алтыншы күдер асқанда,
Теңгеліктің терең суының
Ортасына кез келді.
Екпініне шыдамай,
Су арнадан қашады,
Қарасай жаман сасады.
Жетінші күдер асқанда,
560 Көзі кетті қызарып,
Тілі кетті қызарып,
Аш қарсақтай бұлтарып,
Ор қояндай жалтарып,
Қырық күн бұрын кеткен әскердің
Соңынан қуып жетеді.
Алшы, Исмайыл, Тобаяқ,
Қарабатыр, Тілеке —
Бұларға сәлем етеді.
«Алшы Исмайыл, Тобаяқ,
570 Қарабатыр, Тілеке,
Қарамай кеттің сен, бәлем,
Артыңнан келдім мен — бала!
Оймауыттың ойында,
Қызылкөлдің бойында
Атам Орақ барында

- Атысып қалған тасы бар,
 Бәстесіп қалған бәсі бар,
 Сол тасқа барып,
 Атысалық, кел, бәлем!»
- 580 Алшы, Исмайыл Тобаяқ,
 Қарабатыр, Тілеке
 Қарасайға ереді,
 Құрсап жатқан көп қолды
 Ертіп тасқа келеді.
 Қарабатыр, Тілеке,
 Алшы, Исмайыл, Тобаяқ
 Тасты барып, атады,
 Шақыр-шұқыр етеді,
 Оғы қайта шығып кетеді.
- 590 Қарасай барып атқанда,
 Қаһарланып тартқанда,
 Үй орнындай қара тас
 Қақ жарылып кетеді.
 Алшы, Исмайыл, Тобаяқ,
 Қарабатыр, Тілеке
 Баланың көріп қайратын,
 Өзінен өзі қорынды,
 Қайратынан жерінді.
 Қарап тұрса, аттанған
- 600 Қалмақтың қолы көрінді.
 Қалмақтың қолын көрген соң,
 Көп екенін білген соң,
 Қайтуға беті берілді.

Жаудан қорқып, Алшы, Исмайыл, Тобаяқ, Қарабатыр, Тілеке еліне қайтпақшы болады. Өздерінің қайтқанымен тұрмай, Қарасайға да: «Қайт», — дейді.

«Ау, ағалар, ағалар!
 Мен сөйлейін, сөз тыңда,
 Зейінің қойып тез тыңда.
 Пұттаған үнем болмайды,
 Пұтқа қазан толмайды,
 Қаһары қайтса, хан оңбайды.

- 610 Қияқты күміс найзаны
Сілтеп жауға салалы,
Қаптап жауға баралы,
Алаштап ұран салалы,
Не қылар дейсің жау шіркін?!
Баса шауып алалы,
Қайтпаңыз, көп, қайтпаңыз,
Қалмаққа анау баралы,
Қайтпаңыз!» — деп көп қолға,
Қарасай тағы толғайды.
- 620 «Ау, ағалар, ағалар!
Мен сөйлейін, сөз тыңда,
Зейінің қойып, тез тыңда.
Астымдағы Көкбұйра ат
Қара асым менің болсын деп,
Қибаатқа алып, мінгенмін.
Үстімдегі ақ сауыт
Кебінім менің болсын деп,
Үстіме алып кигенмін.
Солқылдаған ақ найза
- 630 Басыма сайғақ болсын деп,
Оң қарыма ілгенмін.
Мен атамнан туған күн,
Алшайып атқа мінген соң,
Ер тілегін әрқайда
Бір Жасаған ондайды,
Қожа Бәуеден қолдайды,
Қайтпаңыз, көп, қайтпаңыз, —
Деп Қарасай толғайды. —
Өлерімді білгенмін.
- 640 Не қылғаным, қайтқаным,
Жанды құрбанға айтқанмын!
Қайтпаңыз көп, қайтпаңыз,
Атыңның басын тартпаңыз.
Төсегіме төрт кісі,
Жастығыма бес кісі,
Қылышыма қырық кісі,
Найзамның ұшы — жүз кісі,
Мылтығыма мың кісі,

- Садағыма сан кісі.
 650 Қарабатыр, Тілеке,
 Алшы, Исмайыл, Тобаяқ —
 Бесеуіңіз — бес қатын,
 Бесеу ара бір кісі,
 Енді қалған не кісі?
 Қайтпаңыз, көп, қайтпаңыз», —
 Деп Қарасай толғайды,
 Әрі де, бері де қозғайды.
 «Қайтпаңыз»! — деп айтса да,
 Оған әскер болмайды.
- 660 Аттанып келген көп әскер
 Алды-артыңа қарамайды,
 Қарасайдың сөзін тыңдамайды.

Алшы, Исмайыл, Тобаяқ, Қарабатыр, Тілеке көп қолмен қайтып кетеді. Қолдың ішінде Естерек ұлы ер Тарғын бар екен, қолдан бөлініп, Тарғын Қарасайдың қасында қалады. Сонда Қарасай Тарғынға сөйлейді:

- Әй, Тарғын-ау, әй, Тарғын,
 Сөзімді тыңда, сен Тарғын!
 Қырқадан қырқа көрінген
 Қарағай ма екен, тал ма екен?!
 Қарағай басын қырқа ұшқан
 Қаршыға ма екен, қаз ба екен?!
 Үйде туып, түзде өлген
- 670 Жігітте арман бар ма екен?!
 Қалмақтың қолын көрдің бе,
 Көп пе екен бізден, аз ба екен?
 Сонда Тарғын сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Қалмақтың қолын мен көрдім,
 Екі мың да жүз кісі.
 Бір жағыма қарасам,
 Тағы да сондай бір кісі.
 Қалмақтың қолы көп екен,
- 680 Көп те болса, шөп екен.
 Әруақты ердің баласы,

- Айнымай шапсаң, сендердің
Алуыңа дөп екен.
Айналайын, Қарасай,
Сенің қосшың мен болсам,
Қалмақты шауып аласың,
Табаныңа саласың.
Атыңды атқа сатамын,
«Қарасай»! — деп атыңды атаған
- 690 Кешегі кеткен Орақтың
Тап өзінен кем болсаң.
Асу да асу бел еді,
Аса бір соққан жел еді.
Қарасай сынды жас бала
Жауға жалғыз келеді
Соңынан Тарғын ереді.
Әрі-бері жүрген соң,
Артынан шықты бір қара,
Қарасай мұны көреді,
- 700 Көріп, көңлін бөледі.
Қарсы алдына қараса,
Үйіндегі қалған інісі,
Он бес жасар Қазі сол еді.
Ағасын қуған артынан
Қазі сынды жас бала
Жазыла алмай келеді.
Омырауын таныған,
Ақ қолтық ат шабылған,
Шабысы желдей еседі,
- 710 Тұлпардың о да иесі еді.
Ағасына келіп жетеді,
Келіп сәлем етеді.
«Арманым жоқ, өлсем»! — деп,
Ағасымен тізгіндесіп кетеді.
Қарасай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Айналайын, Қазижан,
Оймауыттан ел көшер,
Азаматы тең көшер,
- 720 Неге келдің, сен Қазі?!

- Жап-жас бала сен түгіл,
Алдалап өзер келем мен, Қази.
Қайт-сана, Қази, қайт-сана,
Атыңның басын тарт-сана!
Әулиеге ат айтып,
Құрбандыққа мені айт-сана.
Сонда Қази сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Айналайын, Қареке,
730 Не қылғаның, ағеке?!
«Қайт»! — десең де, қайтпаймын,
Атымның басын тартпаймын.
Тәуекелсіз іс болмас,
Қорқуды жолдас етпеймін.
Қарадан боз да өтер ме,
Қайрылмай дәурен кетер ме?!
Осыдан елге мен барып,
Тоғыз қатын алсам да,
Тоқсан бала сүйсем де,
740 Ұяласым, жалғызым,
Екеуміздің бірігіп
Бір күн жүруімізге жетер ме?!
Қарасай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Айналайын, Қазижан,
Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Артыңда енді кім қалды,
Айналайын, жалғызым?!
750 Жалғызым, сенен айрылсам,
Қуқыл тартар ақ жүзім.
Қайт-сана, Қази, қайт-сана!
Атыңның басын тарт-сана!
Құшақтатшы етіңнен,
Бір сүйдірші бетіңнен,
Әліде көріп өлемін,
Әліде көрмей өлемін,
Тәңрінің ісі тәуекел,
Мен тәуекелмен келемін!

Ағасы «Қайт!» деп қанша өтінсе де, Қази қайтпайды. Осылай сөйлеп келе жатқанда, бұлардың алдынан алты құлаш ала атпен қалмақтың қарауыл қараған Бөріхан деген әрі батыр, әрі ханы шығады. Бөріхан сөйлейді:

- 760 — Қарауыл келіп қарасам,
Қара айдарым тарасам,
Қарайып келіп күн батты,
Сарғайып келіп таң атты,
Қызара келіп күн шықты.
Күн астына қарасам,
Будуақ-будуақ шаң шықты.
Шаң астына қарасам,
Жасыл ала ту шықты,
Ат кейпіне қарасам,
- 770 Түсі қашып, түн қатқан.
Ер кейпіне қарасам,
Асық ойнап, доп атқан.
Ертеңменен шешесі
Ұйқыдан әзер оятқан,
«Дана» десем, баласың.
Екі бірдей жас бала
Не бұйымға жарарсың,
Қайда кетіп барарсың?!
Кеудем — темір, бөксем — тас,
- 780 Мені не қып аласың?!
Қайт-сана, батыр, қайт-сана!
Атақсыз өліп қаларсың,
Аты — жөніңді айт-сана.
«Қайт!» десем де, қайтпайды,
Атының басын тартпайды.
Кеудем — темір, бөксем — тас,
Атсаң, оғың өтпейді,
Маған әлің жетпейді.
Қарасай сонда сөйлейді,
- 790 Сөйлегенде бұй дейді:
— Атаңа нәлет, айдын хан,
Мен сендей, жапанда тұрып, даурықпан.
Алда Тағала демесе,

- Біздерді Алда жебесе,
Сыртыңнан тіліп аларға
Тұрмын бір киімге баулық, хан.
Қара өгіздей даусың зор,
Кеудең — темір, бөксең — тас,
Тас болса да, маған бор.
- 800 Қызығымды бүгін көр,
Көрген жерден кері шалып,
Түртті ме сені, бөлем, сор?!
Әй, көуір-ай, әй, көуір,
Сөзімді тыңда, сен көуір,
Мен хас асылдан боламын,
Күркіресем, күндей борадым,
Күлсем, жаймашуақ болармын.
Мен бурылша аттан мықтымын,
Бұғалық салсаң, үзермін.
- 810 Мен буыршыннан мықтымын,
Мұзға салсаң, мұңайман.
Мен толарсақтан қисықпын,
Тезге салсаң, түзелмен.
Мен — ашылмас қара тұманмын,
Көлденең жатқан қара шұбар жыланмын.
Атым — Қара туыппын,
Сабындап жусаң, ағарман.
Мен — қонаға шыққан бұлтпын,
Келе бір жаумай, ашылман.
- 820 Мың болмақ түгіл, сан бол,
Бір соғыспай, басылман.
Асылымды сұрасаң,
Мен қан жұқпайтын
Қара алмастан асылмын.
Мен беліме садақ асынған,
Біріндеп жауды қашырған,
Қарсыласқан дұшпанға
Найзағайдай жасылмын.
Кеудеден кетер жан үшін,
- 830 Жерге тамар қан үшін,
Атамның атын жасырман.
Мен, мен-дүрмін, мен-дүрмін,

- Мен де өзіңдей кен — дүрмін,
Мен өзіңнен де ер-дүрмін,
Атыссаң да, жеңдірмен.
Хан Мұсадан жүлде алған,
Ағасы — би Мамайдан үлгі алған,
Түрікпеннен, барып, мал тапқан,
Қапелімде сөз тапқан,
840 Аждаһаның тынысын
Қолын салып барлаған,
Тұлпар мініп, ту алған,
Туын қанға суарған,
Туғаннан туға таласқан,
Дулығалы басты көп кескен,
Мен — айдынды ер Орақтың ұлымын,
Жаратқан бір Тәңрінің құлымын.
Мен тура қарап тұрармын,
Бір оғыңды салып ал,
850 Етімнің болат жасығын,
Сынап та, қалмақ, танып ал.
Асу да, асу бел еді,
Аса бір соққан жел еді.
«Жасы үлкен ағам, деп,
Ақ сақалды бабам», деп,
Әлгі келген қалмаққа
Қарасай кезек береді.
Атаңа нәлет ит қалмақ
Қорамсаққа қол салды,
860 Бір салғанда, мол салды.
Суырып оғын алады,
«Көкбұйра аттың басы, — деп,
Алтынды ердің қасы, — деп,
Қақ жүректің тұсы, — деп,
Өлер жерің — осы», деп,
Кірісінен өткізіп,
Масағына жеткізіп,
Толықсып тұрған Қарасайды
Толғап бір қалмақ ұрады.
870 Зырқырап оғы кетеді,
Қарасайға жетеді,

- Шақыр да шұқыр етеді,
Қайта шығып кетеді.
Қарасай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Атаңа нәлет, Бөріхан,
Атыссаң, келші бері, хан
Атар да жерің білмедің,
Көкбұйра аттың басына ат,
880 Қақ жүректің тұсына ат!
Сақалыңның ағы бар,
Ағалығың тағы бар,
Бір оғыңды тағы да ал.
Бір оғыңды тасқа жанып ал,
Қапыда қалсаң, ит шіркін,
Оғыңды тағы салып ал.
Бір атпады, екі атты,
Табанға қойып, ширатты.
Зырқырап оғы кетеді,
890 Қарасайға жетеді,
Шақыр да шұқыр етеді,
Қайта шығып кетеді.
Қарасай сынды жас бала:
«Алда!» — деді, ақырды,
Аруағын шақырды.
«Уылжыған етімді
Ит әуре оғың етеді.
Атаңа нәлет, ит қалмақ,
Қатты бір тартсаң, не етеді?!
900 Етімді бір кеттің сыздырмай,
Аруағымды кеттің қоздырмай!
Алты атқа алған адырна,
Ата алмасам, маған серт!
Атқанымда ұсынып,
Өте алмасаң, саған серт!
Шым жібектен ескен кірісі,
Үзіліп кетсең, саған серт!
Кебеже қарын, кең құрсақ,
Қой мойынды, қоян жақ,
910 Ұмтыла басқан Көкбұйра ат,

- Шіренгенде, шыдамай,
Жығылып кетсең, саған серт!
Тигізбесем, маған серт»!
Атайын деп Қарасай,
Көтеріп оғын алғанда,
Сонда Қази сөйлейді:
— Айналайын, Қареке,
Не қылғаның, ағеке?!
«Қал»! — десең де, қалмадым,
920 Бағана-ақ тіліңді алмадым,
Артыңда тұрып, бармадым,
Жау қызық екен, аңдадым.
Менен батыр сен емес,
Сенен де кем мен емес.
Тоқтатпайды сұм жүрек,
Артыңда жүрер ер емес.
Артыңнан келген Қазифа
Кезегіңді бермеген —
Сенің де мұның жол емес.
930 Қарасай сонда сөйлейді:
— Айналайын, Қазижан,
Жас түлеген көрінесің
Менің-дағы көзіме-ай.
Өлмесең, сен де жетерсің
Осындай жаудың кезіне-ай.
Осы жауды шабайын,
Берсейші менің өзіме-ай!
Сонда Қази сөйлейді:
— Айналайын, Қареке,
940 Не қылғаның, ағеке?!
«Қал»! — десең де, қалмадым,
Бағана-ақ тіліңді алмадым.
Өгей аға сен бе едің,
Інің де өгей мен бе едім?
Мен сенің бүйтеріңді білмедім!
Бүйтеріңді білгенде,
Үйде жатып, неге өлмедім?!
Алдымды барлап, ұрысып,
Қызығымды көрмедің.

- 950 Айналайын, Қареке,
 Не қылғаның, ағаке?!
 Бір тілеген тілегін
 Ініңнің де бермедің.
 — Жемісін таудың терейін,
 Ат құйрығын өрейін.
 Олай болса, қарағым,
 Кезегімді берейін.
 Айналайын, ат, — деді,
 Айнымай тұрып, — тарт, — деді.
- 960 Қази сонда қозғалды,
 Қозы жауырын қолға алды,
 Атайын деп оңдалды.
 Сыбанады білегін,
 Тоқтатады жүрегін,
 Суырып келіп алады
 Атасының бір оғын.
 «Алаша аттың басы, — деп,
 Қалмақ ердің қасы, — деп,
 Қақ жүректің тұсы, — деп,
 970 Өлер жерің — осы», деп,
 Толықсып тұрған қалмақты
 Толғап Қази ұрады.
 Екі атпады, бір атты,
 Табанға салып, ширатты,
 Бөріхандай ханыңды
 Алты құлаш ала аттан
 Он бес жасар Қази құлатты.

Осылай сөйлесіп тұрған уақытта қалмақтың көп қолы келіп қалған екен. Бөріханның жығылғанын көрген соң, көп қалмақ бұларға жабыла қоя берді.

- Толып жатқан көп қалмақ,
 Атына үбішін жабады,
 980 Әрі де бері кеңесіп,
 Ақыл-айла табады.
 Қарасай, Қази, Ер Тарғын
 Жерінде тұрған қамады.

- Қамағанын көрген соң,
Қарасай мінген Көкбұйра ат
Шап айылын босатты,
Құйысқанын қысқартты,
Қаһарланып, қамшыменен үш тартты.
Келді қалмақ, қаптады,
- 990 Қаптады да, батпады.
Аруақты ердің баласын
Бір Құдайым сақтады.
Жау таянып келген соң,
Үшеуі жауға шабады.
Ай бетінен кіреді,
Күн бетінен шығады.
Екі-үш күн айқай салады,
Қарасай, Қазі — жас бала
Ұйқыдан шаршап құлады.
- 1000 Беті-қолын жуады,
Белін қынай буады,
Аюдай ақырған Орақтың,
Күндей күркіреген шырақтың
Көріне жетіп келеді.
«Аюдай ақырған Орағым,
Күндей күркіреген шырағым,
Аруағың болса, тұр, — деді,
Балаңа туған бар, — деді,
Аман-есен балаңды
- 1010 Өз қолыңа ал, — деді.
Екі бірдей жас қарғаң
Ауру-сауын біл», — деді.
Аюдай ақырған Орақтың,
Күндей күркіреген шырақтың
Аруағы көрден шығады,
«Атаңа нәлет ит қатын,
Екеуі неге кетті? — деп,
Екеуінің біреуін
Жібермесең не етті?» деп.
- 1020 Асу да асу бел еді,
Аса бір соққан жел еді.
«Ө» дегенше болмады,

- Жауға жетіп келеді.
Балаға екі «Тұр! — деді,
Аттарыңа мін!» — деді.
Ұйқыдан түсіп қалғанын
Сонадан соқыр біледі,
Біледі де, жылады,
«Не қылғаның жауда жатқаның?»
1030 Мен біліп келдім сендердің
Сілелерің қатқанын,
Жауға қарай шапқаның».
Шабумен келіп кіреді,
Ай бетінен кіреді,
Күн бетінен шығады,
Екі — үш күн айқай салады,
Қарасай, Қазі, Ер Тарғын
Қалмақты жаулап алады,
Табанына салады.
Өңгімесін айтады,
1041 Еліне аман қайтады.

Қарасай, Қазі

(Қашаған Күржіманұлы нұсқасы)

Өткен заманда Ноғайлы дәуірінде Құрманбай деген бай болған екен. Өмірінің бойында ол кісіде ұл да, қыз да болмапты. Күндердің күнінде әйелі жүкті болып, ұл бала туыпты. Баланың қуанышына үлкен той жасайды. Тойға Қазақ, Ноғайлы халқын түгел шақырады. Тойға тігілген үй мен келген адамның саны көп болады. Адам көп болғандықтан, көптің ішінде тентек пен теліден қауіптеніп, тойды басқару үшін Қырымның қырық батырын іздестіреді. Сұрастырғанда, олар әлі тойға келмеген екен. Орақ батырдың өлгеніне бір жыл толып, оның қарасына Орақ батырдың Қабан құлақ қара атын сойып, олар сонда жатыр екен. Екінші рет шақыртқанда, олар тойға келеді. Тойдың басқару міндетін батырларға тапсырады. Қызық той бірнеше күнге созылады.

Бір күні түс қайта құбыла жақтан жұлдыздай бұрқыраған шаң көрінеді. Ол бір атты кісі екен. Ол Қазақ, Ноғай халқын түгелдей басқаратын Қондыкер деген патшаның шабарманы болады. Шабарман осы көпшілікке патшадан хат әкелген екен. Хатты беріп, өзі кейін шауып кетеді. Хатты азар дегенде шала сауатты бір шалға оқытып көрсе, он екі баулы Қазақ, Ноғайды басқаратын Қондыкер ханның хаты болады.

Ханның хат жазу себебі мынадай екен: Мұсылманның Қондыкер деген ханына Қалмақтың Күзбан деген ханы: «Бүкіл еліңмен, соғыс жасамай, бағын, болмаса, қызыңды қатын, үйіңді отын етіп шауып аламын, ұрысатын болсаң, қапы қалма!» — деп хабар салған екен. Содан Қондыкердің қалмаққа бағынғысы келмей, Қырымның қырық батырына (бұның ішінде атақтыларына) мына төмендегі мазмұнда жазылған хат екен (және «Жауды қаласынан шығармай, барып жойың», — деген екен):

- Әуелі, дұғай сәлем айт!
Мекен еткен Еділ сағасын,
Аузы түкті көпірдің
Бітірмеген жарасын,
Аузы түкті көпірдің
Еңіреткен қатын-баласын,
Ат үстіне мінгесін,
Қазақ пенен қалмақтың
Ашқан екен арасын,
10 Қысас болған қалмақтың
Талай жыртқан жағасын,
Көк Еділ мен Самардың
Кестірмеген ағашын,
Дұшпанға намыс бермеген,
Дұшпанның көңлін көрмеген,
Мылтық пенен зеңбірек
Оғы тисе де, өлмеген,
Мұсылмандардың бәрін «ес» деген,
Ерлердің бәрін «дос» деген,
20 Көпірдің бәрін «өш» деген,
Жазыммен тиген жалын от
Терісіне қажаяу салып, теспеген.
Қызыл шұбар ту алған,
Алмасын қанға суарған,
Дұшпанын көрсе, қуанған.
Елдің ішін толтырған
Қалмақтың қызы мен жуаннан.
Мұнартып жатқан дария,
Қатуланып, арыса,
30 Қара жер болды суалған.
Сүйініштің ұлы батыр Қазтуған,
Сізге арнаған хат екен,
Ежелден қапа болмаған.

Және дұғай сәлем айт!
Астына мінген Ақтабан,
Ақтабаннан басқа жақпаған,
Дұшпанға қарсы шапқанда,
Ерлердің бәрі мақтаған.

- Қорамсақ толы көп оғын
40 Алтынменен қаптаған.
Он жасына келгесін,
Төсекке түзу жатпаған.
Бір өзінің дәл басын
Мың кісіге шақтаған.
Аламанын қырмен өргізісін,
Әскерін қырмен жүргізісін.
Менің жазған бұл хатым,
Іркілмесін, барғасын,
Қалмақтың қара қошқыл қанына
50 Суарсын, келіп, алмасын,
Көгістің ұлы ер Тама —
Бұ да келсін, жаудан қалмасын.
- Және дұғай сәлем айт!
Мүниям байтақ шөрінен,
Дию, көпір — бәрімен
Жалғыз өзі жау болған.
Қырылған әскер сүйегі
Асқаралы тау болған.
Бұлағай салып, бу етсе,
60 Бұдан да аман-сау болған.
Барпардың қара тасын атып, сындырған,
Халықтың көңлін тындырған,
Ханның да көңлін тындырған,
Ханның қызы — Ақжүніс
Ат саурына мінгізген.
Шағаннан қалмақ сайлаған,
Қалмақты қойдай айдаған,
Балқашқа малды кіргіздің,
Ноғайға дәурен сүргіздің,
70 Алты мыңдай келген қалмақтың
Бәрін қоймай, бір жойдың.
Не қыларыңды өзің біл,
Мөр басылды қағазға,
Қарсының ұлы ер Тарғын,
Атыңды жазып, қол қойдым.

- Және дұғай сәлем айт!
Анасы өткен ақ Меңді,
Ол бойына біткенде,
Толғатып тұрған қырық күн,
80 Қайғы жеп еді күн мен түн.
Қорамсақ толған көп оқты
Ор аузына төккен ер,
Мұсылмандардың қамы үшін
Қиындық, жапа шеккен ер,
Атқан оғын сұрасаң,
Алты қырдан әрмен зулатқан,
Астына мінген тұлпарды
Шабуылмен қунатқан.
Байласын белге алмасын,
90 Арып — ашып талмасын.
Атақты ердің баласы —
Нәріктің ұлы ер Шора
Бұ да келсін, жаудан қалмасын.

- Және дұғай сәлем айт!
Аламанды бастап, меңгерген,
Ерлердің бәрін тең көрген,
Дұшпанның бәрін кем көрген,
Көк сүңгісін алға өңгерген,
Талай жерден жол көрген,
100 Садағын сала байлаған,
Астана жұртын айналған,
Қылжуырдай қисайған,
Қалмақты қырса, тыншайған,
Ар алған талай қамалдан,
Мұсылманның батпай жатқан жауынан
Оза шауып, талай жол алған.
«Аттанды», — деп есітіп,
Қорыққаннан, ерлерім,
Кетпей тұр аузым тобамнан,
110 Кетпей тұр қолым жағамнан,
Сәлем хат осы жеткен соң,
«Аламанды бастап келер», деп,

Дәмелі болып мен тұрмын
Қарт Нәрік сынды ағамнан.

- Және дұғай сәлем айт!
Қалмақтың алған елдерін,
Елін жаман бүлдіріп,
Тартып алған жерлерін,
Тартып алып, меңгерген
- 120 Дария, шалқар көлдерін,
Біздің елге қарай бағыттап,
Менің келді жансызым.
«Аттанды», — деп айтып тұр, —
Есіктегі күң менен,
Құл болмаса қойдағы,
Қалмақтардан бұл күнде
Бізге қарай бағыттап,
Аттанды, — деп айтып тұр, —
Қыбырлап жатқан аймағы».
- 130 Мына сөзді естіп,
Есіме түсті қайдағы.
Бұ да келсін, батырым —
Қыдырбайдың ұлы ер Қобылан
Туа бастан ер болған.
Ерлігінің белгісі —
Қолына талай ел қонған,
Оза шауып, олжа алған,
Жасанған жауға қол салған.
Айдарлысын құл еткен,
- 140 Тұлымдысын күң еткен,
Алдына айдап мал салған,
«Қайратың қандай хансың», деп,
Иә, бір қыбырлаған жансың», деп,
Сәтемір хан мен Сәтті хан —
Екі бірдей ақ сұлтан,
Екеуіне де хабар, жар салған.
Алмасын шапса, кеседі,
Жау көрсе, көңлі өседі .
Қайратын көзім көрген жоқ,
- 150 Қыдырбайдың ұлы Ер Қобылан,

Атын айтып әркімдер,
Мұны да «Қобылан, Қобылан» деседі .

- Және дұғай сәлем айт!
Алтын сарай ішіне
Ерлердің бәрін жидырған,
Садақтың оғын құйдырған,
Мылтық пенен зеңбірек,
Мұның да оғын жидырған.
Атасы өткен Бүркіт хан,
160 Билеген елі бес мың сан.
Қаумасынан кетпеген
Бас көтерген мұсылман.
Дұшпанға қарсы шыққанда,
Оқ дәрісін арттырған,
Арбаға пұттап тарттырған.
Жөнелер кезде той етіп,
Ат бөйгісін шаптырған.
Бір параға нар беріп,
Бір параға ат беріп,
170 Бір параға сарпай жаптырған.
Байтақ малды сойдырған,
Астана жұртын тойдырған,
Аламанның сыртына
Күзетші, сақшы қойдырған.
Қара көңіл жаманды
Сағатқа қоймай, жойдырған.
Шариғаттан басқаны
Құлағына алмаған.
Өз көзімен көрмесе,
180 Айтқан сөзге нанбаған.
Руза мен бес намаз
Біреуін қаза салмаған.
Уәде, қаулы етіссін,
Уәделерін бекітсін,
Сәлем хат осы жеткен соң,
Бүркіттің ұлы ер Әділ —
Бұ да қалмай жаудан, жетіссін.

- Және дұғай сәлем айт!
 Күндік жерден оқ атқан,
 190 Атқан оғын алты қырдан асырып,
 Ерте тұрып, кеш жатқан,
 Күндіз жүріп, түн қатқан,
 Қабағына қарыс сүйемге
 Жақын мұз қатқан,
 Айдаһармен, аюмен
 Қойындаса келіп бір жатқан.
 Айдаһардың ішкен су
 Қордасынан келіп дәм татқан.
 Астында мінген тұлпары —
 200 Қабан құлақ қараша ат
 Дұшпанға қарсы шапқанда
 Қаршыға құстай парлаған.
 Айдаһардың жүрегіне
 Қолдарын салып барлаған,
 Дулығалы бастарды көп кескен,
 Дұшпанды көрсе, өштескен,
 «Менің жебедей жауһар қияғым —
 Өлді, — деп тұр ғой, — Орағым».
 Орағымнан қалған қарағым —
 210 Айналайын, Қарасай,
 Аламаннан, қалқам, қалмай кел,
 Қабыл болсын талабың!

Осы хатты оқығасын, атағы шыққан батырлар баруға даярланып, қару-жарақтарын, әскерлерін дайындай бастады. Қарасайдың мінуге аты, тағынуға қару-құралы болмайды. Қарасайдың ат алуға және пұлы да болмайды. Қарасай: «Бұл патша менің атымды тумай жатып қайдан білді екен? Бүйтіп, жұрт қатарынан қалғанша, өлгенім артық қой», — деп, жұрттан жасырынып қашып, екі ауылдың ортасындағы бір апанға келіп, жылап жатады. Қарасай жылап жата тұрсын. Ендігі сөзді Қарасайдың шешесінен естіңіз.

Орақ батыр тірісінде Алауса—Масал деген қалмақтың қаласын шауып, көп әскермен келе жатып, бір ауылдың деніне келгенде, ол ауылдан бір қыз сияқты ақсақ әйел адам дәретке отырған екен. Дәретін болып, жүре бергенде, дәрет

еткен жерінен аспанға қарай қара түгін көтеріледі. Сонда батыр: «Апыр-ай, мынау тегін түгін емес!» — деп, атын бауырға салып жіберіп келсе, жаңағы қыздың дәреті жерді күйдіріп, түтіні аспанға шығып жатыр екен. Соны көреді де, батыр әскерін сол араға түсіреді. Өзі қасына Қосай деген батырды ертіп, ауылға түсіп, сұрастырып қараса, ауыл Шөлгез деген батырдың ауылы екен. Қыздың оң қолы жазылмайтын бүкір екен, бір көзі соқыр екен. «Батырдың қызы бар» дегенді естіп, байдың ұлы — мырза, бидің ұлы — шора, әнші-домбырашылар айттыруға келіп, көреді екен. Көрсен, әлгідей жеті мүшесінің үшеуі жарымжан болғасын, алмай кететін көрінеді. Ауыл иесі дана, қатыны өлген қырқар, тоқал құмар шалдар: «Бала көтерсе болады», деп айттырса, оған қыз бармайды екен. Сөйтіп жүргенде, қыздың жасы қырықтың біреуіне келген екен. Сонда Орақ батыр сол ауылда отырып қызбен бетпе-бет сөйлесіп, оны әйелдікке сұраған. Сұраса, әкесі: «Берем», — деген, қыз да: «Осы кісіге барам», — деген. Орақ батырдың ол уақыттағы ойы «Осы әйелден бала туса, өзімнің әруағымды ұстайтын бала туар», деп ойлап алған екен. Бұл кісіден үш бала туады. Олар — Қарасай, Қибат, Қазі. Шешесі, үлкен баласы — Қарасай апанда жылап жатыр, деген соң, өзі баласына келген екен. Сондағы айтқаны:

«Пәруардігер Жасаған,
 Өзектің жолын өртеттің,
 Жүректі қайғы, дерт еттің.
 Қарасайдай қарағым,
 Ішкі сырыңды айтпастай
 Мұнша неге серт еттің?!
 Атаға тартпас жаман боқ,
 220 Сенің жау жаулаумен ісің жоқ,
 Саған тисейші жалғыз оқ.
 Қарғаған қарғыс жетті ме,
 Біреудің сөзі өтті ме.
 Иә, болмаса, шырағым,
 «Жасы кіші бала», — деп,
 Біреу зорлық етті ме?
 Не қылайын, Жасаған,

- Бұл күндері болғанда,
Ақ сұңқар құстың баласы
230 Құладың болып кетті ме?!
Сенің атаң сұлу таңдаған,
Асылың жұрттың аңдаған.
Сонда менің аяғым ақсақ,
Көзім көр еді-ау,
Мені айттырып, соңымнан қалмаған.
«Асыл бала болар, деп,
Ажалым жетіп, мен өлсем,
Әруағым сонда қалар», деп,
Сөйтіп алған мен едім.
- 240 Бір жеріңнен дөмем бар,
Сен бойыма біткенде,
Айдаһардың мен жедім
Жауырыны мен төс етін.
Және алдырып бір жедім
Көзі менен ернін,
Бұдан да жерік қанбаған.
Қанбағасын, қарағым,
Аюдың жедім қол етін,
Жолбарыстың жедім сан етін,
- 250 Пілдің жедім сан етін.
Атаға тартпас жаман боқ,
Төсекте жатып жылаумен
Өлер болдың ба, сен жетім?!
Отын алып, от жақсаң,
Таяқ алып, мал бақсаң,
Өз-өзіңе пышақ сал,
Қазаңнан бұрын өле қал,
Көре көрме тіпті ел бетін.
Мен өз-өзімнен еліктім,
- 260 Сен бойыма біткенде
Жеті айдаһар жыланның,
Тірідей қосып, басын бір шайнап,
Сонда қандырған
Бейбақ едім-ау жерікті».

Сонда Қарасай апаннан шығып, шешесіне сөйлейді:

- Келіп тұрған қарт ана,
Ақылың асқан сен дана,
Айтпасам, нені білесіз?!
Мен бүгін тойға барғанда,
Қатар-қатар ат келді.
- 270 Ат үстінде бір азамат —
Хабаршы бір адамзат келді.
Ұзындығы — үш құлаш,
Көлденеңі — бір құлаш,
Бойға таза сақтаулы,
Алтын сырмен қаптаулы,
Алақандай мөр басқан,
Оқыған адам адасқан,
Бір қызыл печатты хат келді.
Оқытып, тыңдап қарасақ,
- 280 Қондыкердей Ноғайлы
Патшаның жазған хаты екен.
Еліме қалмақ келді, деп,
Аңсырап жүрген ерлердің
Тілеуін Алла берді, деп.
Күзбан деген — күшті жау,
Мұны келіп көрсін, деп.
Тәңірім берсе тілекті,
Қозы жауырын қол оқпен
Сыбағасын берсін! — деп,
- 290 Ерлердің бәріне де сәлем жазыпты.
Аруақты батыр баласы —
Қарасай да қалмай келсін, деп,
Атаға тартпас ұл болса,
Мал бағу үшін туған құл болса,
Үйінде жатып өлсін, — деп,
Мен сорлының атымды
Қағазға патша іліпті,
Патша қайдан біліпті?!
Көрмесін патша жорықты,
- 300 Патша қайдан білді екен
Мендей жетім ғаріпті?

- Барайын десем бұл жауға,
 Атсыз қайда барамын?
 Егерде атсыз жөнелсем,
 Маңдайымды күн тесіп,
 Табанымды жер тесіп,
 Бір майданда қалармын.
 Атамнан қалған тұлпарым —
 Қабан құлақ қара ат жоқ,
 310 Атасы көпір дұшпанға
 Жаяу бармақ санат жоқ,
 Ұшайын десем, қанат жоқ.
 Өзім барып, алмадым
 Қалмақтың соққан қаланы.
 Етіме қажаяу салдырып,
 Түсірмедім жараны.
 Мен қалмаққа бармасам,
 Атаның орнын алмасам,
 Жұрт келемеж етеді.
 320 Жұрттың еткен күлкі сөз
 Сүйегіме жетеді.
 Мұндай қорлық көргенше,
 Жасымнан өлсем, не етеді!
 Тәңірім, тілек бермедің,
 Көздің жасын көрмедің.
 Астымда атым бар болса,
 Айналайын, қарт ана,
 Жауға бармайтын
 Жаман туған сенен мен бе едім?!

Сонда кемпір баласының сөзіне қуанып: «Атың жоқ болса, атың табылады, Азды-көпті малыңды бер, оған түспейтін болса, қарындасың — Қибат сұлу бар, бір-жар қараның жетпесіне алса, мені де бер, қалай да ат тауып, жауға аттан, қатарыңнан қалма», — дейді. Бірақ бұл сапарға тек тұлпар жарайтын болады. Сондықтан төрт жігітке ат қаратып жіберді. Және: «Тұлпарды сендер танымассыңдар, тұлпар деген жусаған сағатта басын сауырына салып, құс құсап жусайды. Егер осындай ат табылса, арығына қарамай, саудалаңдар, — дейді. — Басқа ат саудаламай-ақ қойың», — дейді. Ат іздеген жігіттер бір жерде бір көрі

тарланның басын сауырына салып жусап тұрғанын көреді. Атты елдің ортасына қарай айдап келіп, сұраса, бұл аттың иесі Көкшенің ұлы ер Қосай деген кісі екен. Қосай сол кезде тоқсанға келіп, алжып жатыр екен. Қосайға келіп атты сұрап қараса: «Әлі жаудан ойым бар», — деп, атын бермейді. Келген жігіттер ұзақ саудаласып, атты алатын болады. Сонда Қосай Қарасайға мынадай сәлем айтады: «Менің атыма 9 құл, 9 күн, 9 сусар тон және Ноғайлыдағы сұлу қарындасы — Қибатты маған тоқалдыққа берсін», — деп сәлем айтады. Қарасай осыған келісіп, атты алған екен. Келген атты таң асырып байлап қояды. Таң ата Шолпан жұлдыз белгі бере бес қаруды белге байлап, ат мінейін деп келсе, қарындасы — Қибат аттың шылбырын беліне орап алып, мына сөзді айтады:

- 330 «Ардақты ағам Қарасай!
 Менен үлкен сен едің,
 Сенен кіші мен едім.
 Атам Орақ өлгелі
 Қайғы мен уайым жеп едім.
 Атам тірі тұрғанда,
 Қай қазақтан кем едім?
 Жамандарға көп едім,
 Жақсыларға еп едім.
 Атқа тұрман саласың,
 340 Жалғыз тайға саудалап,
 Мені сатып, барасың.
 Мен қарғасам, тай өлер,
 Ит пен құсқа жем болып,
 Бір жапан түзде қаласың.
 Жүретін едім сағынып,
 Жалғыз тайға сатқандай
 Күнәлі болдым, не қылып?
 Күнәсіз болсам, Қареке,
 Сенің өлгенің жақсы, қағынып.
 350 Мырзаға көңілімді бермеген
 Сұмырай басым, қайтейін,
 Бір алжыған қақбасқа
 Қаламын ба бағынып?
 Алманың мойным сабындай,

- Менен ару бар ма еді
 Мүниям жатқан табыңда-ай,
 Ашпаған екен бағымды-ай?!
 Бір жаратқан Аллаға
 Мендей жетім не қылды-ай?!
 360 Маңдайым күндей балқыған,
 Ажарым нұрдай шалқыған,
 Қастарым қама құндыздай,
 Көздерім Шолпан жұлдыздай.
 Қасиетіме қарасам,
 Атқа таққан андыздай.
 Жылатып шалға берер ме
 Мендей сұлу жалғызды - ай?
 Шал аузына қор қылма
 Жауқазындай етімді,
 370 Күн көрмеген бетімді.
 Менің ағам сен болсаң,
 Жаман көрдім ниетіңді.
 Көп өтініш етемін,
 Тілімді алсаң, ағажан,
 Жылатпа мендей жетімді.

Сонда Қарасай қарындасынан жеңіліп, тумаластық еске түсіп: «Қарағым, сені жылатып кеткенше, жаяу кетейін», — деп, аттан секіріп түсіп, бес қаруы белінде, жаяу жүгіріп кетеді. Ел тоқтатуға қорқады. Шешесі мүгедек, үлкен кісі ғой, қоштасып, үйде қалған екен, соған халық хабар берді. «Бір себеп болып, балаң жаяу кетті, ол жауға да, ауылға да жете алмайды, далада қалады», — деп хабарлайды. Сонда кемпір тұра жүгіргенде, ұйықтап жатқан баласы Қазидың басына сүрініп жылады.

Сонда Қазидың басын ұстап отырып айтқаны:

- «Басыңды көтер бермен, Қазижан,
 Атады бізге, не қып, таң?!
 Жаңа келіп отырмын,
 Аузымнан кетіп қара қан.
 380 Жаяу кетті жалғызым,
 Болмады айла етерге,
 Алған атын бермеді.

- Айтсам, сөзім өтер ме,
 Соңынан қуып жетерге?!
 Есіктің алды қос терек,
 Біреуі бар да, бірі жоқ.
 Бір желіде — қос тұлпар,
 Біреуі бар да, бірі жоқ.
 Бір ұяда отырған
 390 Бір лашын, бір сұңқар,
 Біреуі бар да, бірі жоқ.
 Бір айдаһар, бір жылан,
 Оның да біреуі бар да, бірі жоқ.
 Ойлап-ойлап, қарасам,
 Айым жатыр, күнім жоқ.
 Көкірегім толған шер,
 Енді болдым қара жер.
 Жаңағы кеткен қарғама
 Бабай түкті шашты Әзиз,
 400 Сыртынан қолдап, көмек бер».

Сонда ұйқыдан оянып, Қазиді ағасын сұрап, кетіп қалғанын естіп, тұра жүгіріп келе жатып айтқаны:

- Мына сөзді естіп,
 Ұйқыдан Қазиді тұрады.
 «Қарекем қайда кеткен?», — деп
 Анасынан сұрады.
 Сұрады да, жылады,
 Жылады да, жүгірді.
 Жүгіре-жүгіре келеді,
 Бұ да жаннан түңілді.
 Сөйтіп жүріп, сөйлейді:
 410 «Қолымнан кетті көмегім,
 Белімнен кеттің демеуім,
 Алланың берген медеуім.
 Жалаң аяқ, жалаң бас
 Жүгіре-жүгіре келемін,
 Өлдеқашан көремін?
 Көре алмай қалсам осыдан,
 Қайғы менен қан жұтып ,

- Қайғырып мен де өлемін.
 Ішіп-жеуге нәрім жоқ,
 420 Бір Жаратқан Алладан
 Болмаса менің қорегім.
 Айрылып қалдым мен жалғыз,
 Алла қылды, амал жоқ.
 Енді байқап қарасам,
 Қарасай — ағам маған жоқ.
 Еңіреп қалған Қази саған жоқ.
 Айбары едің елімнің,
 Елімде сендей адам жоқ.
 Халқымның кетті қаласы,
 430 Айдаһардың кетті баласы.
 Бастыратұғын болмады
 Табандарымның жарасы.
 Жасаған Жаббар Құдай-ай,
 Бұл күндері болғанда,
 Аңдып жүрген дұшпанның
 Қанатын болды табасы».

Қази жылап келе жатқанда алдыңғы кеткен Қарасай шаршап-шалдығып, енді жүруге әлі келмей, табаны тесіліп, маңдайы кесіліп, бар киімін шешініп, екі аяғын көсіліп, майдан далада, тау шатқалды салада есі кетіп еңіреп, аузын ашып отыр екен. Үстіне Қази келіп, екеуі жарлылықты, жоқтықты айтып отыра береді.

Сонда қарындасы — Қибат ауылда отырып, әр түрлі ойға кетеді. Қосайдың Тарланын алып келген күні түс көріп, бұл кеткенде, Қарасайдың жауды жеңе алмайтынын біледі. Қази да жаңа түс көріп жатқанда, шешесі оятып жіберген екен. Қибат ойлап-ойлап: «Атты апарып берейін, көнсе, екеуін, көнбесе біреуін алып қайтайын», — деп Тарланға мініп, арттарынан қуып жетіп, Қарасайға сөйлеуге қорқып, Қазига айтқаны екен:

- Кел, Қазижан, елге қайтайық,
 Ағамен қош-қош айтайық.
 Қареке, кетіп барасың,
 440 Көрерміз бе енді біз жарық?
 Біздер шулап жылаймыз

- Құс ұшпастың құба шөлінде.
 Орақ, Мамай хан болған
 Он сан Ноғай елінде.
 Жолдасыңды жауға тастасаң,
 Халыққа қайта көрінбе.
 Ұйқыда жатып түс көріп,
 Бір ғаламат іс көріп,
 Ат бермей қалдым сынарға.
 450 Атам — Орақ, Мамайдың
 Сүйегі тұтам асылды-ай.
 Келген жері бар ма еді,
 Барса, жауын қашырмай?!
 Сол атаның орнын алдырма,
 Етіңе қажая салдырма.
 Буыршын мен бесті атан,
 Құладың құсқа да шалдырма!
 Айналайын Қазижан,
 Еділ қайда, ел қайда?!
 460 Болып тұр ма, қарағым,
 Сенің де көкірегіңе жел пайда?
 Қайсыбірің мінерсің
 Айналырған бір тайға?!
 Ойлап-ойлап қарашы,
 Орынсыз қалып, шұнайма!

Сонда Қазидың айтқаны:

- Апырмау, қалай сөйлейсің?
 Мен артыма, апа, қараман,
 Семірген атам жарадан.
 Көкемді жалғыз жіберіп,
 470 Мұнда не қып қаламын?!
 Ауырып өлсе бір жерде,
 Сүйегі қалмай ма далада?!
 Атадан жетім қалдырды
 Құдіреті күшті Жасаған.
 Жер тебіrentкен Орақты
 Сұм қара жер асаған.
 Көкемді жалғыз жіберіп,

- Мені қара баса ма?!
Мұнда қалып, мен енді
480 Не бұйымға асамын?!
Шыққанмын жаяу елімнен,
Қоштасқанмын шығарда
Асу асқар беліммен,
Мамыр үйрек, қаз бен қу,
Шағалалы шалқар көліммен.
Мен, саулық баста тұрғанда
Қорқа алмаспын қалмақ ерінен.
Ажал нәубет келген күн
Қай пенде қашып құтылған
490 Алланың қазған көрінен?!
Апеке-ау, қалай сөйлейсің,
Мен де бір белгілі туған перімін,
Мен көкемнен тіпті қала алман?!
Мен бойына біткенде
Жеріген Анам арамнан.
Көкемді жалғыз жіберіп,
Мен кең қонысқа қарай
Тіпті бара алман.
Және мен құладың құсқа көз салып,
500 Қанжығама қаранғам.
Не қылып шыдап тұрармын,
Жіберіп тұлпар қарамнан?!
Ноғайлының ерлері
Түсімде торға оралған,
Торға қалды оралып.
Келер жылы болғанда,
Екі құс барды соңынан,
Шалқұйрықтарын таранып.
Торға қарай құстар түйілді,
510 Қанаттарын қомдап, шүйілді.
«Неге жаздым торды?» — деп,
Тордың иесі күйінді.
Осы сапар қайт, аға,
Сұраймын сізден бұйымды.
Тыңдамасаң айтқанды,
Шығарарсың жаудан шиінді.

Сонда Қарасайдың берген жауабы:

- Азып тұрған кілең боқ шіркін,
Мұндай сөзді сөйлемей,
Апаңменен елге қайт.
- 520 Қазижан мен Қибатым,
Жер тепкілеп ырғиды
Байлаулы тұрған Ғиратым.
Алла берсе тілекті,
Шығарармын жаудың биратын.
Қазам жетсе, өлермін,
Қазасыз болсам, келермін,
Бітпеген болса ажал ширатым.
Және айтамын сіздерге:
Ажал жетсе, өлермін.
- 530 Атам — Орақ, ер Мамай
Бүлдірмеген жаудың нелерін?!
Бөрі тиген қойдайын
Ортасынан бөлермін.
Мен — бір қайнаған қара бұлтпын,
Желге қарап өрлеген.
Жаудан қорқып тұрар ма,
Асыл болса ер деген?!
Атам — Орақ, ер Мамай
Қасарған жауға: «Кел!», — деген.
- 540 Мен — бір жез бұйдалы нар тайлақ,
Сүйретіп жез бұйдасын,
Желге қарай өрлеген.
Және мен — жез шынжырлы құнан піл,
Сүйкенермін барып қалаға,
Тәңірім берсе тілекті
Сонда біздей жетім балаға!
Сен апакеңмен елге қайт,
Алды-артыңа қарамай.
Мұнша жерге келгенсін,
- 550 Кеткенімді халық білген соң,
Енді елге қайта жүгіріп,
Мен бір доп ойнауға шыққан бала ма?!
Айналайын інім-ай,

Қызғалдақтай қызыл гүлім-ай,
 Енді ауылға мен қайтсам,
 Ұят болмай ма мұным-ай?!
 Алып келермін Қосайдың
 Тоғыз сусар қара тоны мен
 Тоғыз күң мен тоғыз құлын-ай.
 560 Ұйтқыған жүрек басылмас,
 Бір тайпа елге ұрынбай.
 Сендер айтқан түстерді
 Мен де көргем бұрында-ай.
 Бірақ атам — Орақ, ер Мамай
 Талай түскен тіркеуге,
 Мұнан да келген аман-сау,
 Мұрындығы жырылмай.
 Сен апаңмен елге қайт,
 Мен кетейін енді бұрылмай.

Осы сөзді айтып, Қибат пен Қазиді елге қайтарып, өзі көк
 Тарланмен тартып кеткен екен. Көк Тарлан әрі арық, әрі кәрі,
 әрі бапталмаған. Соған қарамай, әуелгі екпінімен шаңды-
 шаңға ілестірмей, Қибат пен Қазидың көзінен ғайып болады.
 Әрі-бері шапқаннан кейін тұлпардың екпіні қайтып, тек желе
 шоқырақтап отырады. Содан батыр тұлпардан күдерін үзеді.
 Тұлпар екпінімен елден он екі күндік жерге ұзап кеткен екен.
 Қарасай: «Бұл мені енді елге де, жауға да апармайтын болды,
 мені далаға қалдыратын болған екен», — деп қылышты суырып
 алып, бір жерді белгілеп алып, «Соған дейін шапсаң, шабасың,
 басыңды өзім-ақ алайын», — деп, тебініп жіберіп, шаба жө-
 неледі. Осылай шауып келе жатқанда бірте-бірте тұлпардың
 шабысы үдей бастайды. Қарасай байқап қараса, екі құлақтың
 түбі, сауыры терлей бастаған екен. Сөйтіп шауып келе жатып,
 тұлпар үш рет үш қаптай ішіндегі тезегін тастап, ішін тазар-
 тады. Батыр мойнын бұрып, аттың сауырына қараса, сауыр-
 дан ақ көбік жаңа шығып келе жатыр екен. Ақ көбікті көрді
 де, батыр тақымын қысып, тұлпардың басын қоя береді. Сон-
 да тұлпар бүктеледі, жазылады, шапқанда, артында ошақтай
 ізін қалдырады. Шаңды-шаңға қосқандай, ұшқан құстың ал-
 дын тосқандай, құйрық-жалы аспанға көтеріліп, шуылдай бе-
 реді. Тұлпар шауып, жерде келе жатыр ма, ұшып, көкте шау-

ып келе жатыр ма, — бұл батырға белгісіз болады. Сонда батыр аттың шабысынан қауіп етіп, тұлпардың басын тартайын десе, әл бермейді. «Апырай, бұл қалай болды? Алдымнан асқар тау шығып, соғар ма екен немесе дария болып, соған салып кетер ме екен?» — деп, аттың шабысынан сескенеді. Сөйтіп келе жатқанда алдынан бір төбе кездесіп, соның өріне қарай шауып, үстіне шыққанда, басына әлі келіп, атты тоқтатып, секіріп түсіп, жетелеп жүріп қараса, баяғы өзінің жас күніне қайта түскендей екен. Бұрынғы жамандықтың біреуі жоқ, шекесінен қарайды, аяғын кербез басады, баяғы тердің бірі жоқ, шауып келе жатқанда кеуіп кеткен екен. Міне, көк Тарланның ащы тері кетіп, тұлпар қалпына түсіп, батырдың тұлпарға риза болған жері екен. Батыр шаршап тұрып алдына көз салса, көп қара көрінген екен. Бірақ Қарасай оның жау екенін немесе ел екенін, немесе алдыңғы кеткен қол екенін біле алмайды. Батыр сонда өзінен-өзі қапа болады. «Не де болса, бара көрейін», — деп, атқа мініп, тұлпарды қараға қарай қоя беріп келе жатып айтқаны екен:

- 570 Ал көзіме көріндің,
Көтергейсің, Алла, белімді.
«Көп екен» деп, мен тайсам,
Бергенің жақсы өлімді.
«Бұл жорықтан қалма! — деп,
Қалсаң, перзент болма!» — деп,
Түн ұйқыда жатқанда
Атам Орақ келіп көрінді.
Қалмақтың келдім жеріне,
Көрінген қара еліне,
- 580 Жау көрінді көзіме.
Тебіренер ме екен сөзіме,
Атам Орақ, қайдасың,
Медет бергейсің өзіме?!
Атаға тартқан ұл болса,
Көптен көмек сұрар ма,
Келген соң жауға кезіне?!
Кел, төуекел қылайын!
Әулие мен Әнбие,
Жар бола гөр жұбайым!

- 590 Мерт қылмағай дұшпанға,
Жаратқан Жаббар Құдайым!
Бабаларым, Шашты Өзиз,
Ер қайратын сынайын.
Тәуекел еттім қыларға,
Батырлар жауға құмар ма?
Көкіректің шерлері,
Соғыссам жаумен, шығар ма?!
Мен — бидайық, қырғимын,
Шабытым келсе, шүйілемін
- 600 Қалмақ шіркін — қаз, торғай,
Құстарды келдім қуарға.
Мен — көкжал бөрімін,
Сан мың көпек алдымда
Қарсы шыдап тұрар ма?!

Қарасай қараның ортасынан қақ жарып өте шығып, қылышын суырып, қайтып келсе, бұл ел де емес, жау да емес, бұрынғы кеткен Қырымның қырық батырларының әскері екен. Олар өздерінің қайсысын хан сайлауға білмей, біреуі: «Мен!» — деп, екіншісі: «Мен!» — деп, соған өзара таласып жатыр екен. Қарасай келіп көріп: «Мыналарың дұрыс емес. «Жау көрмей, жаман бүлінеді», деген нақыл сөз бар, жау бізге әлі алыс болу керек. Біздің атамыз — Орақ пен Мамайдың менің жас күнімде айтқан әңгімесіне қарағанда, мына жерлердің белгі-белгісі соған келеді», — деп айтқан екен:

- Құлақ салсаң, ерлерім,
Атамнан қалған есімде,
Көріп тұрмыз бүгін бесінде.
«Бұл бағытқа жүргенде,
Кездесер, — деп еді, — Бұлдыртау.
- 610 Ар жағында бар, — дейтін еді, — бір Құрғыртау!»
Көрінген сонау екі жол
Екі аттыға тар болар,
Қиыншылығы да үлкен бар болар.
Әскері екі бөлініп,
Бірін-бірі көргенше
Бір жетіге шейін зар болар.

Құрғырдың тауынан өткенде,
 Қиғаш тауға жеткенде,
 Біз іздеген дұшпаннан
 620 Бейне белгі, сірә, бар болар.
 Тәуекел етіп жүрелік,
 Ғайып ерен, Қырық шілтен,
 Алланың өзі жар болар.

Қарасайдың мына сөзін естігеннен кейін батырлар ойға қалды. «Мына Қарасай Орақ батырдың баласы еді, осыны ортамыздан хан сайлайық. Орақ батырдың аруағына тап болармыз», — деп ойлайды. Сөйтп, орталарынан Қарасайды хан сайлайды. Сонда бір батырдың тағы бір айтатыны болды. Ол: «Қарасайдың айтуы бойынша, мына жолдан өткенде әскер екіге бөлінетін болып тұр, сондықтан екінші әскерге хан етіп Бүркіт ханның ұлы — Әділді сайлайық», — деді. Бұны батырлардың бәрі қуаттады. Әскерді екеуі тең бөліп алып, жүріп кетеді. Қарасайдың айтқанындай, бір жетіден кейін бірін-бірі көріп, қуанысып, сол жерге түсіп, дем алысады. Қарап жатқанша, алдын болжау үшін барлаушылар жібереді. Бұлар: Қарасайдың әскерінен Тама, Әділдің әскерінен Қарсының ұлы Ер Тарғын болды. Екі батыр Қиғаштың басына шығып, арғы жағына қараса, көз жетпейтін дария екен. Қарап тұрса, дарияның еңсіздеу жерінің жағасынан бір қара көрінеді. Келіп қараса, тастан қалаған бір оба тас екен. Тасты қарап жүрсе, бір қақпақ таста мұсылманша ойып жазылған жазуды көреді. Жазуды оқып қараса: «Менің атым — Орақ. Мен дарияның осы еңсіздеу жерінен жер асты арқылы арғы бетке өтетін жол салдым, жолдың аузы — осы оба. Егер Ноғайлы батырлары Күзбанның шаһарын іздеп келе қойса немесе ат тұяғын салып келсе, менің соларға тастап кеткен белгім. Қолдарына шамшырақ алып, аттарына мініп, арғы бетке өтсе, қалмақтың берік соққан қамалы бар. Бұл жолды салған мен қайта айналып келем бе, болмаса, ажал жетіп, өліп қалам ба? Сондықтан ескерткіш ретінде салған белгім еді. Мұсаұлы Орақ», — деп қол қойған екен.

Сонда батырлар обаны құлатып жіберіп, қарап жүрсе, ұзыны да 100 қадам, ені де 100 қадам болатын тас бар екен, екеуі күш қосып, аударса, астынан үңгір көрінеді. Аттарын белдеріне байлап, қолдарына шамшырақ алып түсіп, арғы бетке шықса, бе-

рік соққан қалмақтың қамалы көрінеді. Әбден ойларына тоқып, қайта келіп, әскерге берген жауаптары екен.

- Бірінші Тама сөйлейді:
— Ал, барып келді Таманыз,
Көп жиналған ағамыз,
Адам көрмеген қиын жолы бар,
Келер ме, ерлер, бұған шамаңыз?!
Алладан жәрдем болмаса,
630 Қайтер екен бала-шағаңыз.
Осындай қиын жолы бар,
Сескеніп келді Тамаңыз.
Орақтан да қалған қала екен,
Бұған қайтіп барамыз,
Бұны қайтіп аламыз?
Асты — тас та, үсті — жол,
Қараңғы жерде жолы бар.
Жүре алмайтынға
Ұқсайды ауыр қол.
640 Жолының барған төрінде
Беріктік соққан тас қала,
Айнала қазған оры бар.
Қаласының басында
Асылы гауһар болаттан
Құрулы жебе торы бар.
Енділігі — қырық аршын,
Ел жағалай қонғандай.
Сол қамалдың басына
Шабуыл шапсаң да болғандай.
650 Сырты темірмен қаптаулы
Мұнараның басында,
«Мұсылмандардан жаулар келер», деп,
Күзетшілер тұр сақтаулы.
Қорғанның басында
Қырық мыңдай мергені тұр сақтаулы.
Бұл қалаға барған жан
Бір пәлеге анық жолығар, —

деп, Тама сөзін аяқтайды.

Сонда батырлар не қыларын білмей, бір-біріне қарасқан екен. Топ ішінде тұрған Тарғын: «Мен де сол кісінің жолдасымын ғой, мен де көрген-білгенімді айтайын», — деп мына сөзді сөйлеген екен:

- Батыр Тама, ер аға,
Ойпырмау, қалай сөйлейсің?!
- 660 Мен де көрдім қалмақтың қаласын,
Жұрттың көрдім қаласын.
Аруағыңды қарасам,
Қаптаған қара борасын.
Сенен де батыр болар ма,
Жұрттың жүрегін жарасың,
Жұртқа уайым саласың.
Қазулы жатқан орлары
Ат зарпынан жол болар.
Беріктік соққан тас қала
- 670 Ерлерімнің зарпынан,
Ақырса, кесек, күл болар.
Қалмақтың қызы күң болар,
Солқылдаған мырзасы
Табанға түсіп, құл болар.
Ат жарағы, аламан
Біздерге қара, пұл болар.
Жұрттың зейінін құлатпа,
Жұртты босқа жылатпа,
Қаларсың, қайтсаң, ұятқа.
- 680 Қалаға қарсы біз барып,
Өлгендерін өлтіріп,
Қалғандарын бір қосып,
Кәлимаға тілін келтірсек,
Жетпейміз бе мұратқа?!
- Сіз айтқан сөз де ып-рас:
Қаласының басында
Жаюлы тұрған торы бар,
Айнала қазған оры бар.
Айтпай кеттің сен жаңа,
- 690 Айдын шалқар соры бар.
Қалаға қарсы барғанда,

Қатындар қалар, ер барар.
Соған барған аламан
Қарық олжаға мол болар.

Батыр екеуі екі түрлі хабар айтқаннан кейін жұрт: «Қалаға апаратын жол болса, қаланы қалай да аламыз», — дейді. Батырлар Тама мен Тарғынның бастауымен, қолдарына шамшырақтарын алып, Орақтың жолымен қала жаққа шығады. Батырларбайқап қараса, Тама батырдың айтқанының бәрі рас болды. Бұл уақыттарда қалмақтар жауды көріп, соғыс дабылын қағып, дайын тұрған мергендер ата бастайды. Қамалға кіруге ешқандай мүмкіншілік болмайды. Сондықтан атақты батырлар аттарын жеңілдеп, қалаға штурм жасайды. Сонда қаланың ішіне бару үшін тұлпарларын әуелі сорға, сосын орға, сосын торға, сосын қалаға секірту арқылы жететін болады. Сөйтіп, қалаға бір кіріп, бір шығып жүргенде, ту алып жүрген Әділ жоқ болып шығады. Және әскер көп қырғынға ұшырайды. Сонда Қарасай қалаға тоғыз кіріп, Әділден еш дерек таба алмай (екеуі өмірлік бірін-бірі жауға тастамасқа серт етіп, дос болған екен), жауға ұстатпай жүрген Әділдің Ақтабан тұлпарын алып шығады. Бұл сапарда батырлар қаланы ала алмайды. Бірақ батырлардың елге тигізген пайдасы: егер бір-екі күн кешіккенде, Күзбан хан жорыққа жүріп кетеді екен. Батырлар жорыққа дайындағандарының үстінен шығады. Сонда Күзбан: «Біз Ноғайлы елін нашар ел ғой» деп жүрсек, олардың да мынадай батырлары бар екен», — деп, батырлардан қорқып, енді шабуға шықпай қалады. «Бұл батырлар тағы да қайтып келер», — деп, дайындығын күшейте береді. Қарасай қалған әскерімен елге қайтады. Қарасайдың еш затпен ісі болмай, өзінен-өзі қамығып, Әділдің Ақтабанын жетегіне алып, әскердің ел шетін ала отырып жүре береді. Әскерлер бірнеше күннен кейін елге жақындайды, бірақ мұны Қарасай байқамайды.

Елде Әділдің шешесі төбеге шығып күнде баласын қарайды екен. Бір күні қарап тұрса, төбеден құлап келе жатқан көп әскерді, әскердің ел жақ бетінде Әділдің Ақтабанын жетелеп келе жатқан Қарасайды көріп, әскердің санының бұрынғыдан азайып қалғанын біліп, баласына бір сойқанның болғанын біледі. Сонда кемпір: «Көрініп барып сұрасам, айтпас. Не де болса,

тосын сұрап, састырып, айттырайын», — деп әскердің жолына жасырынып, Қарасай тұсына келе берген мезгілде атының тізгінін ұстап, баласын сұрағаны екен:

- Уа, шырағым, Қарасай,
Аман-есен келдің бе,
Қалмақтың жауын көрдің бе?!
Менің Әділ сұлтанжанымды
Жауға тастап келдің бе?!
700 Иә болмаса, шырағым,
Өз қолыңнан көмдің бе?!
Қарасай достым сен едің,
Әуре бейбақ мен едім.
Екі көзім еңіреуде,
Қайғымен уайым жеп едім.
Сен қасында бар болсаң,
Кешегі Әділ сұлтан — қарағым
Жауда қалмас па екен», — деп едім.
Сол бойыма біткенде,
710 Балалы пілді асырап,
Пілдің сүтін ішкен де мен едім.
Қарасай, айтшы шыныңды,
Мен алайын тынымды,
Қорқып тұрмын, қарағым,
Көрген соң сенің түріңді.
Әуре қылмай, шыныңды айт,
Қай жаққа тастап келесің
Менің Әділ сынды ұлымды? —

деп айтқанда Қарасай жалт қараса, Әділдің шешесі екен. Сонда: — Балаң жауда қалған жоқ, — деп, үйіне қарай кете берген. Өзінің үйіне келгенде, алдынан шешесі шығып, мына сөзді айтқан еді:

- Әуре болдым сенделіп,
720 Талай кездім желденіп,
Жағасы жақұт кіреуке
Жыртыла жазды енденіп.
Кете жаздым, шырағым,

- Көрінген жұртқа жем болып.
Айым мен күнің — екеуің
Қосылдың ба жаңа тең болып?
Алғаным кетіп, арланып,
Алғаным қолдан кеткен соң,
730 Айдаһардың екі баласы,
Іздендің талап қарманып.
Тәңірім тілек бермеді,
Көздің жасын көрмеді.
Аян беріп түсінде
Бабаңыз жәрдем бермеді.
Қарасай, аман келдің бе,
Қалмақтың жауын көрдің бе?
Қасыңдағы әскерің
Бәрі де сау-саламат келді ме?

Мына сөзді естігеннен кейін Қарасайдың шешесіне берген жауабы:

- Аруақты қарт ана,
740 Ақылға кәміл сен дана.
Мен өзім теңімнен кем болып,
Жамандармен тең болып,
Дұшпанға қылған қайратым
Сонда қалды шен болып.
Әділімнен айрылып,
Жез қанатым қайрылып,
Жасыған жездей майрылып,
Осы күнде келемін
Қас масқара мен болып.
750 Өртенді бауыр-үйегім,
Қайғыменен күйемін.
Тоғыз қайтара ат салдым,
Сонда да көре алмадым оның сүйегін.
Қамалға қанша кірсем де,
Әділімді көрмедім,
Қайратымнан не пайда?
Соның жатқан жерінде
Мен де жатып өлмедім!
Енді қашан көрермін,

- 760 Бір көрмесем, өлермін?!
Таңда мақшар күнінде,
Тар көшенің жүзінде,
Бір көрсем, сонда көрермін.

Сонда соқыр кемпір ойлайды: «Бұлар Әділді «өлді» деп, күдерін үзіп келген екен. Әділ менің көрген түсім бойынша, өлген жоқ сияқты еді. Шешесі жылап жатырған шығар, көңілін көтерейін», — деп, бір адамға жетелетіп келсе, Әділдің шешесі абысынын көріп, мына сөзді айтқан көрінеді:

- Айналайын, ене-еке,
Мен өз теңімнен кем болып,
Пақырлармен тең болып,
Дұшпанға қалдым жем болып.
Әділімнен айрылып,
Жез қанатым қайрылып,
- 770 Осы күні отырмын
Қас масқара мен болып.
Жүруші едім сағынып,
Болармын адам не қылып?!
Кешегі менің жалғызым
Жатыр ма екен жерді бағынып?!
Қалды ма екен жалғызым
Ақ кіреуке жамылып?
Қолдан жуып қоярға
Үйде де өлмеді қағынып.
- 780 Кезіп қайда барайын,
Қайдан ақыл табайын?
Маңдайсыз болған арлы қаз,
Сені қайтіп бағайын?!
Бір үйдегі бір-екі жан,
Қайткенде бабың табайын?
Әділ менен Қарасай
Жүретін еді тең болып,
Қалғаны рас-тағы айрылып.
Бір көрінсең көзіме,
- 790 Өкпемді алып қағайын.
Қара тамақ қамы үшін

- Қай есікте жүрермін?
Дорба салып мойныма,
Қайдан тамақ тілермін?
Таяқ алып қолыма,
Неғып жаяу жүрермін?
Жетім қызды құшақтап,
Не қылып дәурен сүрермін?
Қарағым келіп қасқайып,
800 Құдай-ай, қашан күлермін?!
Енді қайтып баруға
Жүрегі де қайтты бұл елдің.
Айналайын қарағым,
Артыңда қалған ағаң жоқ,
Жалғыздықтан жаман жоқ.
Иә болмаса, Құдай-ай,
Артыңда балаң жоқ,
Көкіректе алаң жоқ,
Тым болмаса, қарағым,
810 Артыңда қалған інің жоқ,
Мен сорлыда тыным жоқ.
Халқым қалды қаласыз,
Мен сорлы қалдым баласыз.
Бишара болған сорлы қыз,
Сен де қалдың ағасыз.
Адыра қалған ақ орда,
Әділім саған кірер ме?!
Арқасы құтсыз Ақтабан,
Әділім саған мінер ме?!
820 Аулымның үстіне
Билер кеңес құрар ма?!
Билер басы құралып,
Көңілімді сұрар ма?!
Отырсам, не қып тұрармын,
Қарағым еді-ау тұрағым?!
Қарағың аман келеді, деп,
Естір ме екен құлағым?
Алладан үміт үзбейін,
Саламат жаны бар болса,
830 Бір күні келеді-дағы, шырағым!

Сонда соқыр кемпір абысынына мынадай сөзді айтқан екен:

- Жылама, байғұс, жылама,
Жылағаннан пайда жоқ,
Көзіңнің жасын босқа бұлама.
Қаза мен бейнет әуелден
Әр пендеге сыбаға.
Жалына бер, шырағым,
Жаратқан Жаббар Құдайға.
Тұлпарың кетті желіңнен,
Айбарың кетті еліңнен,
840 Қуатың кетті беліңнен.
Кімнің көзі жетіпті,
Көрген түсім шын болса,
Әділің аман еді-ау өлімнен.
Сен Әділден кетпе түңіліп,
Екі көзің көр болар,
«Жолына қараймын», деп үңіліп.
Қауыл қарап кеткенде,
Жолға талап еткенде,
«Енді өлмей, не еткен?!» — деп,
850 Мына кілең боқ жаман
Келіп тұр ғой одан түңіліп.
Жолда жатқан асқар тау,
Жоғалды белден қылыш бау,
Жаулаған талай қалмақ жау,
Тоғыз жыл жатып зынданда,
Орақ пенен Ер Мамай —
Олар да келген бір күн аман-сау.
«Қалды, — деп, — балаң», — налыма.
Көзі ұйқыда жатқанда,
860 Үңіліп едім жолына,
Ұшып барып, тап болды
Қамалдың құрған торына.
Алыстан тұрып, шақырдым,
Кешігіп қонды қолыма.
Әділ аман өлімнен,
Тағы да бір зат, сор маңдай,
Тап болмаса сенің сорыңа.

- Төрт түлік қалды жиған мал,
Бұл сөзге айтқан құлақ сал.
870 Болмаса да Әділдей,
Бас-көз болар малыңа,
Қарасай мен Қазидың
Екеуінің, қалап, бірін ал.

Бұл айтқан сөзді естіп, Әділдің шешесі: «Олай болса, баламның досы еді, Қарасайды алам-дағы», — деп, Қарасайды алып, отыра береді. Бұған да бір жыл толады. Атақты батырлар жау жаулап тарап кетеді. Бұл күндердің ішінде Әділден ешқандай хабар болмады. Бір күні Әділдің қарындасы Илия түс көріп, түсінен қуанып оянып, ұйықтап жатқан шешесін оятып, мына сөзді айтады. Бұл кезде шешесі де түс көріп жатыр екен:

- Түрегел, ана, түрегел!
Жаңа менің жан көкем
Қасыма менің келіп жүр,
Қолынан тағам беріп жүр,
Көтеріп, алдына алып жүр,
Мойныма қолын салып жүр.
880 «Қарасайдай досым жоқ,
Көңілімде хошым жоқ», —
Деп, өртеніп, жанып-күйіп жүр.
«Торға түсіп қалдым», — деп,
Өзінен-өзі налып тұр.

Кемпірдің сөзі:

- Ұйықтап едім мен жатып,
Келіп жүр еді қарағым
Қасыма менің, сөз қатып.
Және жүр еді қарағым
Емшегімнен дәм татып,
890 Қойныма келіп бір жатып.
Сөйтіп жүріп, айтып еді:
«Жатырмын қалмақ жерінде,
Жеті қабат темір үй,

- Темір үйдің төрінде,
Шынжыр арқандармен байлаулы,
Арқандар менің белімде.
Қарасайдай досым жоқ,
Көңілімде хошым жоқ,
Кәдірсіз дос мен бе едім?!
- 900 Мал ішінен жоғалған
Бір жандықтай көрмеді.
Мен қиында жатқанда
Мойнын тартар ер ме еді?
Глия мен қарт анам
Жылатқаны оның жән бе еді?!»

Түсті көріп, Әділдің тірі екенін біледі. «Батырларды тағы аттандырып көрейік», — деп, елге сауал салады. Елдегі атақты батырлар тарап кеткен, елде тек Қарасай, Қазі қалады. Атағы шамалы батырлар бұрын жүректері шайылып қалған, баруға батпайды. Сонда Қарасай, Қазі тәуекел етіп, жолға аттанады. Қазі Әділдің Ақтабан тұлпарын мінеді. Бұрынғы көрген жолы бойынша барып, қалаға тимей, сахарада жүріп, қалмақтың еліне күн көрсетпейді. Содан ел запы болып, Күзбанға хабар береді. Күзбан бұлардың «Екі бала», — дегеніне сенбей: «Бұлар тек екеу болмас, бұлардың артында қолы бар болар. Мыналар соның шолғыншылары болар, — деп, — ұстап алып, қызыққа батайық», — деп, барлық есікті ашып, әскерді сырнай, кернеймен, иттерімен шығарады. Күзбанның өзі тамашалауға еріп шығады. Сонда қалмақтың Әшке деген батыры: «Балдарды өзім ұстап аламын», — деп, бірінші кезекке шығады. Сонда Әшке батырдың өзінің сөзіне қарағанда, түр-сипаты мынадай екен:

- Күндік жерден әрмен ақырған,
Айбатына қарасаң,
Дүнианың жүзі қапылған.
Қырық қашыр екен көлігі,
- 910 Дәулер екен серігі.
Ашуланып балаларға
Батырдың келді желігі.
Келе бере сөйледі:
— Танимысың бабаңды,

- Тарттырармын жазаңды?!
 Соны іздеп келіп жүрмісің,
 Біздегі жатқан ағаңды?
 Ноғайлы, Қалмақ болдым қас,
 Менің кеудем — темір, басым — тас.
- 920 Барасың қайда, екі жас?!
 Жерге түседі ғой домалап
 Сендердің анау келдең бас.
 Мен, мен едім, мен едім,
 Мен қалмақтан шыққан ер едім.
 Ноғайлының батырын
 Қырып жүрген де мен едім.
 Кеудем — темір, басым — тас,
 Мен не қылған күнде тең едім?!
 Сендер ат-жөндеріңді айтып білдірші,
- 930 Бүгін қайдан шыға қалған неме едің?!

Сонда балалар сөйлейді:

- Ол айтқаның ып-рас,
 Сенің кеудең — темір, басың — тас.
 Тәңірім берсе тілекті,
 Өзіңнің жерге түсер келдең бас.
 Сөйлейін сөзді, жараса,
 Қылармын саған тамаша.
 Менің атымды сұрасаң,
 Айдынды Орақ, айлы Орақ,
 Айбалтасы қанды Орақ,
- 940 Атса, мылтық өтпеген,
 Салса, найза теспеген,
 Қылышпен шапса, кеспеген,
 Өзір болған жарандар
 Түк қасынан кетпеген.
 Мен аты-жөнімді айтайын:
 Қазі менен Қарасай,
 Мен — сол ер Орақтың баласы!
 Көп айтып, алма мазамды,
 Жеткізермін қазаңды,
- 950 Тартқызармын сазаңды.

- Келбетіңе қарасам,
Жасың үлкенге ұқсайды.
Кезегінді берейін,
Қалдырмай етші маған жазанды!
Мына сөзді естіп,
Сонда қалмақ бұрқанды.
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанды.
Садағын қолға алады,
960 Толқып тұрған баланы
Толғай тартып қалады.
Қалмақтың атқан қол оғы
Темірге тиген кемедей
Қайтарып қайтып қалады.
Сонда Қарасай тұрып сөйлейді,
Сөйлегенде, не дейді?
«Мен де саржамды тартып көрейін,
Тәңірім берсе тілекті,
Қозы жауырын қол оқпен
970 Сыбағаңды берейін!».

- Садағын қолға алады,
Толықсып тұрған қалмақты
Толғай тартып қалады.
Баланың атқан қол оғы
Аспаннан түскен жасылдай
Саулап өтіп барады,
Сол жерде қалмағың құлап қалады.
Енді келіп қос батыр
Ойранды жауға салады.
980 Сөйтіп жүріп сөйлейді:
«Әділ сұлтан хан үшін
Қылайын құрбан жанымды.
Әділімнің жолына
Садақа еттім бүкіл малымды.
Алла берсе тілекті,
Жоқ қылайын өңшең залымды.
Атам — Орақ аруағы,
Бүгін пана болыңыз,

- 990 Бүгін басқа қоныңыз»,
Деп айқайлап дауыстар
Аспанға соза береді.
Сол уақыттар болғанда,
Көк те Аллалап келеді,
Шөп те Аллалап келеді,
Тас та Аллалап келеді,
Тау да аллалап келеді,
Аспандағы ұшқан құс —
Бұ да Аллалап келеді.
Бір бөленің келгенін,
- 1000 Бір сойқанның болғанын
Сонда қалмақ біледі.
Алтыншы күн қырады,
Қызыл қанға бояды
Көлденең сай мен жыраны.
Жетінші күн болғанда,
Батырлар сыртқа шығып қараса,
Әлі үштің бірі болмапты.
Батырлар Хаққа жылады,
Сөйтіп жүріп және сөйлейді:
- 1010 «Астымда мінген тұлпарым,
Аузыңа мың кісі,
Сыпыра жалың — мың кісі,
Әр құйрығыңның талына да.
Біз — өзіміз қос жетім,
Қалмақ деген — көп кісі.
Көп кісіге жолықтырған
Мінеки, Алла-Тәңірісі!»
Деп айқайлаған дауыстар
Аспанға соза береді.
- 1020 Сол уақыттар болғанда,
Алладан болған пәрменмен,
Көк шекпенді, көк атты,
«Менің атым — Орақ!» — деп,
Саулап кірді қалмаққа,
Аламаны қойдай дуылдап.
Көп әскері артынан
Маңыраған қойдай шуылдап.

- Аламандар кетті соңынан,
Аш бөрідей зуылдап,
1030 Тартты жаудың қоңынан.
Сол мезгілдер болғанда,
Айналдырған екеуі
Шаһарды кетті аралап,
Аш бөрідей жаралап.
Қалмақ шіркін сап болды,
Байқап тұрса шамалап.
Көк семсердің астында
Талай қалмақ құлады,
Талай қалмақ жылады,
1040 Талай қалмақ сұлады.
Қалмақ шіркін сап болды,
Батырлардың көңлі тынады.
Сол мезгілдер болғанда,
Қылыш астында бір әйел
Баса жаздап қалып жүр.
Басы мен кеудесін
Ат астына салып жүр.
Батырлар байқап қараса,
Асылы нашар бір әйел
1050 Тізгіндеріне оралып,
Шаужайдан келіп алып жүр.
Сөйтіп жүріп сөйлейді:
«Ноғайлық еді жақыным,
Азап берді мына көпірің.
Мен де — бір Ноғайлы баласы,
Мен — бір жүрген пақырың.
Қарақтарым, мені алып кет,
Иә, өз қолдарыңнан өлтіріп,
Дарияға салып кет.
1060 Ноғайлыдан мен де бір
Қалмаққа түскен жан едім.
Ноғайлыны көрмекке
Көптен бері зар едім,
Әділің аман, сүйінші!
Жеті қабат темір үй,
Темір үйдің төрінде

- Әділің аман бар еді.
 Қысас болған қалмақтың
 Білдірмей берген дәрісі.
 1070 Сол дәрінің уыты,
 Әлі келсе, азғантай,
 Қарақтарым, менде бар еді.
 Бұдан артық не дейін,
 Әділіңді тауып берейін?!
 Мұсылманға жаяу ертсең,
 Ат бергендей көрейін.
 Өлсем, шейіт болармын,
 Мұсылманның жолына
 Талап мен де етіп көрейін».

Арпалыс соғыс үстінде мұсылман әйелдің сөзін естіп, «Әділге көмегі тиетін дәрі», — деген соң, Қарасай қолын соза береді, қолына бірдеңе ілінеді. Соғыс бітіп, Қарасай қаланы аралап, қауіпті жерлерді қарап жүрсе, айтқандай, жеті қабат темір үйді көреді. Ішіне кіріп келсе, темір үйдің төрінде, аяқ-қолында кісен, жатқан Әділді көреді. Қарасай кісенді үзіп, екеуі көріскенде, екеуінің де көңілдері босап, көздерінен жас шығып кетеді. Сонда Әділ Қарасайға мынадай өкпе-назын айтады:

- 1080 — Қияметтік досым — Қарасай,
 Мұнша жаттың, не қылып?!
 Өлер болдым сені сағынып.
 Әділ сұлтан — досыңды
 İzдемей жаттың, не қылып?!
 Көптен бері келмедің,
 Келіп, сәлем бермедің,
 Тауға басқан көкірегім
 Қайғы басты да, шерледің.
 Мен қиында жатқанда
 1090 Бас тартатын ер ме едің?!
 Мал ішінен жоғалған
 Бір жандықтай көрмедің.
 Ілия мен қарт ана
 Жылатқаның жөн бе еді?!
 Қарасай, қайтіп жасармын,

Елге қайтіп асармын?!
 Қол-аяқта дәрмен жоқ,
 Не қылып, аяқ басармын?! —

деп жатқанда, Қазиді кіріп келеді. Екеуінің көзіндегі жасты көріп: «Бұларың не, жаудың көңлін өсіріп? Ер емес, қатын екенсіңдер ғой! Сонда сендердің бастарыңды өзім-ақ алайын», — деп қылышқа қол қояды. Екі батыр қорықпағанмен, сескеніп: «Еті қызып жүрген батыр неме бір жерімізді жазым қылар!» — деп, көздерінің жасын сүрте бастаған екен. Әділді сол қаланың бір тәуір үйіне кіргізіп, тамақтың тәуірін, табылған дәрілерін беріп, баяғы қалпына келтіреді. Өздері қолдарынан халыққа жағымды деген адамдарын хан сайлап, елге қайтуға дайындала бастайды. Сонда Қарасай: «Адамнан Қосайға және Құдайға берген уәдем бар еді, соны осы жерден орындаймын», — деп, Қосайға беретін тоғыз құл, тоғыз күңін, тоғыз қара сусар тонын бөлек алады. Сөйтіп, Қарасай мен Қазиді көңілдері тасып, елге қайтып келе жатады. Елге жақындаған соң Қарасай сүйінші сұрауға Қазиді оздырып жібереді. Олардан ұзағасын Қазиді ой келеді: «Осы біздің анамыз бізге әрнемені айта береді, сол біліп айта ма екен немесе аналығын бұлдап айта ма екен, сынап көрейін», — деп атын тоғайға тастап келіп, жабықтан сығаласа, үйде тек Қибат пен анасы бар екен. Қазиді кіріп келіп сөйлегені:

- Ассалаумағалейкүм,
 1100 Қибат пен қарт ана,
 Ақылың асқан сен дана.
 Айналайын Қибатжан,
 Неге бардым қасыңа,
 Болмадым қамқа басыңа!
 Ойлап-ойлап қарасам,
 Қарағым, сенің көзіңнің
 Қалып келіп тұрмын жасына.
 Тәңірім тілек бермеді,
 Көздің жасын көрмеді.
 1110 Қарекем қолда барында
 Дұшпанға теңдік бермедім.
 Бұл күндері болғанда
 Қарекемнен айрылып,

- Жез қанатым қайрылып,
 Жасыған жездей майрылып,
 Қарекемнен келгенім.
 Дұшпандар кетті зор болып,
 Біз сорлы қалдық қор болып.
 Шаба алмады қайта қамалға,
 1120 Келмеді тілі аманға.
 Қарекемнен айрылып,
 Бишара болып, Қибатжан,
 Тап болып тұрмын мұндай заманға.

Мына сөзді естіп Қибат шошып кетіп, Қазига қарай жүгіргенде, кемпірдің басы жерге түсіп кетеді. Сонда кемпір басын көтеріп, байқаса, келіп тұрған өзінің баласы екен. Кемпір сонда Қибатқа қарап: «Сен бұлардан хабар сұрама, хабарды менен сұра», — деп сөйлей жөнеледі. Бұлардың біреуі емес, екеуінің де менімен іш бәсекелері бар», — деп хабарды өзі айта бастайды:

- Иншалла, теріс емес еді тілегім,
 Келеді аман, білемін.
 Тәк, жайыңа қарап тұр,
 Албырт туған боқ шіркін,
 Баланың жарма жүрегін!
 Менің қарағым жауда қалған жоқ,
 1130 Көкіректе арман жоқ,
 Налып жатып көргенмін.
 Сенің атаң — Орақ пен Мамай да
 Мұндай жауды алған жоқ.
 Халыққа мұндай олжаны
 Тіпті салған жоқ.
 Ризамын Құдайға,
 Бүгін өлсе де, арман жоқ.
 Қарасай, Қази сен едің,
 Сендер менен туған неме едің.
 1140 Талай жерде тарықтың,
 Сонда сендерге жәрдемші
 Болып жүрген де мен едім.
 Кешегі қалмақтың

- Өшке батырын өлтіріп,
 Сәтіне істі келтіріп,
 Өлгендерін өлтіріп,
 Қалғандарын бір қосып,
 Кәлимаға тілін келтіріп,
 Ө, сонда жағалай таудың басында
 1150 Екі емшегім салынып,
 Көзімнен аққан қанды жас
 Өңірім судай малынып,
 Еңіреп жүрген мен едім.
 Сонда мұсылманнан әйел табылып,
 Абыройларың жабылып,
 Жеті қабат темір үй,
 Темір үйдің ішінде
 Әділ менен Қарасай
 Көрісіп еді сағынып.
 1160 «Өлтірейін, — деп, — сендерді!»
 Қарағым маған ұрыспа.
 Өзің ойлап қарашы,
 Қолыңды қоймадың ба қылышқа,
 Осы айтқан сөзім менің дұрыс па?

Сонда Қазиды шешесінің алдына құлай кеткен екен. Қибап пен Қазиды үйге қалдырып, өзі бір кісіге жетектетіп, налып жатқан Әділдің шешесіне келіп, сүйінші сұрайды:

- Шешесіне Әділдің
 Соқыр жетіп келеді.
 Келе сөйлей береді:
 «Сүйінші, байғұс, сүйінші,
 Көңліңнен кетсін күйінішің.
 1170 Бармысың үйде, қарымыз,
 Тірілді өшкен жанымыз.
 Қайта жанды жарқырап
 Өшіп қалған шамыңыз.
 Келіп қалды Әділ хан,
 Бұл сөзге айтқан наныңыз.
 Әділден кеттің түңіліп,
 Екі көзің көр болды,

- Жолына қараймын, деп үңіліп.
Талай қатты зарладың
1180 Аш күзендей бүгіліп». Мына сөзді естіп,
Қарындасы — Илия
Жөнеле берді жүгіріп.
О да шықты анасы,
Көруге шықты қаланың
Үлкені мен бала-шағасы.
Менің айтқан бұл сөзім —
Өтірік емес, жігіттер,
Шежіренің санасы.
- 1190 Анасы келіп сөйлейді:
«Құшақтап сүйген құмарым,
Айдан ару шынарым,
Молдалар жазған тұмарым,
Түк болмай кетті хабарың.
Мүз басқандай сырғанап,
Тайғақ болды табаным.
Алла басқа салған күн
Болмады тіпті амалым.
Жасаған ием жар болып,
Оңғарылған екен заманым.
Не қылайын, көп айтып,
Аллаға шүкір қылайын.
Иесі келген екен ғой
- 1204 Біздің де мал мен қораның!»

Ел батырларына қосылып, қуанышына той жасап, ат шаптырып, думан жасайды. Тойға қос атпен Қосайды алдырады. Той аяқтала бастағанда, Қарасай халыққа сөз сөйлейді. Сөзінде Қосайдың тұлпарын тоғыз құл, тоғыз күң, тоғыз қара сусар тон, бұның үстіне қарындасы — Қибатты беретін болып алғанын, сол айтқанын қазір орындайтыны білдіреді. Молдаға Құран беріп: «Қибаттың некесін қи», — дейді. Молда Құранды оқи бергенде, Қосай орнынан тұрып, молдадан Құранды алып», — сөйлейді:

«Орақ батыр қалмақтың Алауса-Марал деген қаласын жаулап келе жатып, мына балалардың шешесінен дәметіп: «Осыдан бала туса, менің аруағым соларда болады», — деп алып

еді. Құманбайдың тойының үстінде келген хат маған тойдан тоғыз күн бұрын белгілі болып еді. Онда кім батырлардың аты аталғанын және Қарасайдың аты жоғын, атасына тартқан бала болса, бұл жаудан қалмайтынын, ол үшін ат іздейтінін, ат іздесе, менің атыма келетінін білдім. Сонда мен: «Сынай түсейін», — деп, аттың сатылмайтын бағасын айттым. Сонда Қарасай бұдан да қорықпай, атымды алып еді. Бұрынғы кезде «Атадан бала ширек кем туады» деген мақал бар еді, бұл бірде рас, бірде бұрыс болады екен. Кейде бала атадан пұт артық та туады екен. Мына Қарасай мен Қази атадан пұт артық туды. Себебі: атасы, Күзбанды, Орақ, жолын салып, ала алмап еді, Қарасай мен Қази мұны алды. Мен басқа әкелген заттарына ризамын, мен тек Қибатты сынау үшін айтып едім, сондықтан бұл той Әділ мен Қибаттың қосылу тойы болсын», — деп, өз қолынан молдаға некелетеді. Басқа заттарының алғанын алып, алмағанын өз қолынан жұртқа береді.

Қарасай, Қази

(*Нұрпейіс Байғанин нұсқасы*)

Қалмақтың ханы Қабартиын мен Нұрадынның әкесі бөле болды екен. Нұрадыннан хан Мұса туады. Мұсаның бәйбішесінен Мамай, Орақ туады, тоқалынан 30 ұл туады, Мамайдан бала болмайды, Орақтан Қарасай мен Қази туады.

Қабартиынның балалары Палуан сұлтан, Батыр хан дегендер болады. Палуан сұлтан мен Батыр хан Орақ пен Мамайдың тұсындағы хандар еді.

Бір күні Мамай ауырады, ауырып жатып ел қайғысын ойлады. Көп ұзамай осы ауруынан жазылады.

Жазылған соң, елінің биі мен бегін, уәзірін шақырып алып, Мамай өсиет айтады.

— Жиылып келген елдерім,
Ел ішінде ерлерім,
Билер менен бектерім,
Палуан сұлтан, Батыр хан
Ішінде жүрген кек еді,
Ойлағаны көп еді.
Бір күні көзім жұмылса,
Сендерге қысым береді.
«Еділ, Шаған суларды,
10 Қалың жыныс, нуларды
Қоныс қып алсам», дер еді.
Көзім тірі шағында
Сендерге ақыл салайын,
Мақұл көрсең барлығың,
Хан қалмақты алдайын.
Кезі келсе, дұшпанның
Қанын ұрттап, жалмайын.

- Еділ, Сақмар суларым,
 Жыныс ағаш, нуларым,
 20 Елек пен Қобда, Ойылым
 Қалмаққа кетіп қалмасын.
 Мұным қалай, Сыпыра,
 Сізге ақыл салайын?

Сыпыра:

- Халықтың қамын ойламай,
 Ғаділ сұлтан бола ма,
 Пайдасын айтпай халықтың,
 Хан адамдар оңа ма.
 Ханым, айтқан бұл сөзің
 Келеді тура жобаға.
- 30 Ғаділ ханым — Мамай — сен
 Халықтың қамын ойлаған.
 Сөйледі сонда Мамай хан:
 — Алты жолдас ал, — деді,
 Палуан сұлтан, Батыр хан
 Падишаға бар, — деді.
 Іште болсын кек деген,
 «Дос болам», деп, амалмен
 Өзіңе тартып ал, — деді.
- 40 Арғы жағым бөле еді,
 Өмірлік тату болуға.
 Ал жеті елші барыңдар,
 Менің айтқан сөзімді
 Ойыңа тоқып алыңдар.
 Алыс емес, қалмақтың
 Жақын екен арасы.
 Бес күн сапар жол шегіп,
 Сыпыра келді қалмаққа.
 Екі ханды дос қылып
 Сыпыра дана ақылгөй,
- 50 Абыройды өзі алмаққа.
 Сыпыра қартың жырлайды,
 Жырламай қарт, тұрмайды,
 Көңлі дана қарт еді,
 Айтса, жырға ыңғайлы.

- Халықта дана хан едің,
Қайыспас қара нар едің,
Асырмас биік тау едің,
Сыртқа зәрді шығармай,
Бізбенен іштен жау едің.
- 60 Мамайменен екеуің
Халықты тату бағуға.
Ішке пікір сақтамай,
Адал досты болыңдар.
Жамандықтан, хандарым,
Бір-біріңді қорыңдар.
Палуан сұлтан, Батыр хан —
Ақыл, ойлы артық жан,
Ел бастығы, ер еді,
Әрі батыр, әрі паң.
- 70 — Ей, Сыпыра, Сыпыра!
Сөзіңді байқап, аңдаймын.
Айлалы Мамай сөзіне
Өлгенімше нанбаймын.
Мамайдың менен кем емес
Жиған әскер, құралы.
«Дос болам», деп ханыңыз
Қандай шартқа тұрады?
Шын дос болса менімен,
Байлау болсын ортада
- 80 Мұсылманның Құраны.
Осы сертке тұралық
Әскермен келсін хан Мамай.
Әскерменен, сәнменен
Біз де алдынан шығалық.
Адал ниет көңілмен
Шын достықта тұралық.
Екі патша сап түзеп,
Әңгіме дүкен құралық
Палуан сұлтан ханменен
- 90 Қатты уәде байлады.
Уәде етіп ханменен,
Елге қайтып Сыпыра,
Берік сөзін сайлайды.

- Хан Мамайға келеді,
Көргенінің баршасын
Баяндап айтып береді.
— Е, хан Мамай, хан Мамай!
Палуан сұлтан батырдың
Бір сөзінің мерті бар.
- 100 Ханның айтқан сөзінде
Жанған оттай өрті бар.
«Құран алып, құшақтасып,
Анттасу», деген серті бар.
Сол сертке көнесің,
Құранмен ант бересің.
Сонда Мамай ойлайды,
Ойламасқа болмайды.
— Қараға ант берген жан
Әуелден де оңбайды.
- 110 Ақылгөйім, жолдастар,
Ой ойлайтын жер болды,
Халқым, ойға салайық.
Құранмен ант бермесек,
Палуан сұлтан сенбейді.
Палуан сұлтан залымға
Дәлелмен ант берейін.
Бір болат біз аламын,
Жеңіме тығып барамын
Анттасар уақытта
- 120 Жең ішіне біз тығып,
«Біз алдасақ, бізді ұрсын!
Сіз алдасаң, сізді ұрсын!»
Құранмен бізді қағамын.
«Бізді ұрсын!» деп, Құранмен
Көкірекке ұрайын.
Бүктеме семсер, ақ алмас
Жең ішіне тығайын.
Құшақтасқан шағында
Жүрегінен жарайын.
- 130 Бір қатары сөйлейді
— Не десең де, хан Мамай,
Сөзіңді қабыл аламыз.

- Халық бастаған хан едің,
Білімге артық данамыз.
Билік Мамай өзінде,
Ақылмен ойлап қараңыз!
— Өлтіруге сол ханды
Көкірегім ынтызар.
Бұрын өлсем залымнан,
140 Ноғай, Қазақ халқымнан
Қарсы оған кім шығар?!
Қаста жолдас, нөкермен
Салтанатпен келеді.
Уәдесі ханменен
Ортадағы көл еді.
Қалың ағаш-жыныс
Бір жағы құба бел еді,
Уәде еткен жеріне
Екі жасақ келеді.
- 150 Палуан сұлтан, Батыр хан
Көрнекті оба басына
Еш нәрседен қаперсіз
Қарусыз барып шығады.
«Досым Мамай, қайдасың?
Кел, бері», — деп тұрады.
Дулыға, бөрік басында,
Хан Мамай шығады.
Көрген адам таң қалып,
Қызыққа қарап тұрады.
- 160 Бірін-бірі «досым» деп,
Екеуі құшақ жаяды.
Жең ішінде ақ алмас,
Көк сауытын көтеріп,
Қалмақты Мамай жарады.
Құлаған соң Батыр хан,
Соғысқа бастар басшы жоқ,
Жылап-сықтап қалмақтар,
Шарасыз қайтып барады.
- 170 Мамайдың көңлі өсіпті,
Жең ішінде болат біз

- Жадынан шығып кетіпті.
 Ордасына келеді,
 Жиылған халық көп еді.
 Жең ішінде болат біз
 Жеңін шешкен шағында
 Шынтағына кіреді.
 Аққан қанды сорғалап
 Елемеді хан Мамай.
- 180 Ақырыңда сол бізден
 Ажалдың болған себебі.

Аурудың беті жаман болған соң өлеріне көзі жеткен Мамай елімен арыздасып былай дейді:

- «Қайран жұртым сен едің,
 Халыққа басшы мен едім.
 Қанаттыға қақтырмай,
 Тұмсықтыға шұқытпай,
 Қорғап бақсам деп едім.
 Қараға ант бергенім —
 Сенің қамың жеп едім.
 Ат жалын тартып мінген соң
- 190 Халқымның ары үшін,
 Бермеске жауға намысын
 Тұлпар мініп, ту алдым,
 Тас кесетін ақ алмас
 Талай қанға суардым,
 Арқарлықтың алты жау,
 Айқай салып, мұны алдым.
 Қазақ, Ноғай елі үшін
 Қысқарттым жаудың өрісін.
 Шапса қолы жетпеген,
- 200 Басына қонған бағы артық.
 Қайрат, күші тағы артық,
 Құрал-сайман, сөні артық
 Қалмақтың басы Қараман,
 Қан жаудырып, мұны алдым.
 Туып-өскен жер үшін,
 Қазақ, Ноғай елі үшін.

- Жауды көрсе, қайтпаған,
Үш қырлы найза саптаған.
Ертістің ханы — ер Шабан
210 Еңіретіп мұны алдым.
Құралмен іздеп барғанмын,
Он төрт күн ойран салғанмын,
Он бес күнде алғанмын.
Жау табылса, қуандым.
Үрімнің басы — Ертіс хан,
Үн салдырып мұны алдым.
Сансыз халық елі бар,
Жан бармайтын жері бар,
Мұсылманмен қашаннан
220 Атасының кегі бар,
Біздің байтақ халықты,
«Шабамын», дейтін сөзі бар.
Хабарына қанған соң,
Бұйырдым би мен бегіме,
Есепсіз ауыр қол болып,
Есебі жоқ мол болып,
Аттандым Қытай еліне.
Алдырмайтын жау екен,
Жері де биік тау екен,
230 Қытайдың ханын қан етіп,
Қырғын салып, мұны алдым.
Қыс болмайтын жері бар,
Берік жатқан елі бар,
Алдырмайтын, алысса,
Талай мықты ері бар,
Еліне жау келмеген,
Жауласқан жауы жеңбеген,
Екі талай жер болса,
Қайтпай, қылыш сермеген,
240 Бұрын-соңды еш жаудан
Қорлық-зорлық көрмеген,
Қызылбаста Қырым хан,
Қырғын салып, мұны алдым.
Шүршіттің басы — Шүмен хан,
Түн жаудырып, мұны алдым.

- Сен ырза болсаң, мен ырза,
Жауға айдасам, тіл алдың,
Қырқарлықтың қырық жұрты,
Қырғын салып мұны алдым.
- 250 Халқымыз айтқан өсиет:
Ынтымақпенен жүріңдер,
Азаматым, қорған бол
Байтақ халық еліңе.
Ынтымақты болсаңдар,
Кіре алмас дұшпан шегіңе.
Мен өлген соң, бұл дұшпан
Ескі кекті еске алар.
Палуан сұлтан батырдың
Төгілген қаны жоқталар.
- 260 Орақтан қалған қос жетім
Жетіспеген жас еді,
Қабартиын тұқымы
Жеті атадан қас еді», —
Деп қоштасып халқымен,
Дүниеден Мамай өтеді.
- Орақ, Мамай өткен соң,
«Хансыз халық оңбас», — деп.
Сыпырадай кәрі бар,
Кешегі өткен Мамайдың
- 270 Есіз қалған тағы бар,
Нұрадын ердің нәсілі —
Қарасай менен Қазидың
Атасының даңы бар.
Алған жауы көп еді,
Ауызға толы сөз еді,
Қарасай мен Қазижан
Кешегі Орақ, Мамайдың
Артында қалған көзі еді.
Кешегі өткен хан Мамай,
- 280 Қазі атты баланы
«Менің балам» дер еді.
«Өскен соң Қазі бар болып,
Мен мінген таққа мінсін», — деп

- Талай айтқан сөзі еді.
Қараулек сонда сөйлейді:
— Жиылған халқым — сен, — дейді,
Өтінем сізге мен, — дейді.
Қара ағаштай қайран жұрт,
Бір тілегім бер, — дейді.
- 290 Жеті мен тоғыз жасында
Қарасай менен Қазимым
Жетіспеген жас, — дейді.
Хан болып, елді баға алмас,
Ел шетіне жау келсе,
Қасқайып қарсы бара алмас.
Халықтың Сыпыра қорғаны,
Жібекпен жағын торлады,
Халық алдыңда толғады,
Толғамасқа болмады,
- 300 Елінің қамын ойлады.
— Алтын Орда, Сарайдан
Елге басшы қарт едім,
Сөз бастаған талайдан.
Қарасай, Қазим — қос жетім,
Аталыдан хан болса,
Халық жетер мақсатқа,
Жиылып келген мақсатқа,
Жиылып келген көп халқым,
Қараулек тілін алсаңыз,
- 310 Қарасай менен Қазижан
Кәміл жасқа келгенше,
Шаруа еді мал баққан,
Мінезі елге бек жаққан,
Қапияда сөз тапқан,
«Бұзаубақтың баласы —
Шынтемірдей мырзаның
Ойлаймын бар деп санасы».
Хандықты соған берейік,
Қара боп, соңына ерейік!
- 320 Сыпыраның бұл сөзін
Халқы мақұл көреді.
Есіз тұрған алтын тақ

Шынтемірге береді.
Халыққа басшы ғаділ хан,
Екі кісі айтысса,
Береді тура төрені.

Палуан сұлтан өлген соң, қалмақтың ханы Палуан сұлтанның баласы — Жаседіл бір күні азаматтарын жияды да, солармен ақылдасады. «Мамай атамды алдап, өлтіргенін білесіңдер. Атаның кегін алуды мақұл көрсеңдер, Қарасай, Қазидан атадан жас, ақылдан бос қалды. Бұзаубақтың Шынтемірі қазақ халқына хан болған секілді. Оның бізге қарсы келуге ерлік, серілігі жоқ. Оның халқын шауып, Еділ, Шаған, Сақмар жерін алып, атамыздың кегін алалық», — деді. Халқы бұл мәслихатты мақұл көрді. Сөйтіп, араға елші жібереді. Елшілер Шынтемір ханға келіп мәнісін айтады. Шынтемір хан: «Бір айдың ішінде көнсек те, көнбесек те, жауабын береміз», — деп, уәде байласады. Бұлар кеткен соң Шынтемір хан халқын жиып, былай дейді:

- «Атаңа нәлет Жаседіл —
Айтулы мықты ер, — дейді.
Палуан сұлтан батырдың
330 Қанын жоқтап жүр, — дейді.
Мақұл көрсен, халқым,
Жол шығар деп, — ойлаймын,
Күшті жаудың алдына
Қарсыласып бармаған.
Бұл қоныстан көшелік,
Шалғысы жетпес қалмақтың
Кең қонысқа жетелік».
Хан айтқан соң, халық көнеді,
Билікті ханға береді.
340 Есебі жоқ көп халық
Қоныстан көшкен жер еді.

Қараулек: «Жаудан тайған жоқ еді, жеті атадан дұшпан көзін салған жоқ еді, қалмақ кегін алған жоқ еді. Қарасай, Қазидан жас уақтында Орақ, Мамайдан қалған орда қалмаққа мирас болатын болса, жау мені шапсын», — деп, көшпей қалады. Мамай өзінің тірі шағында Қарасай мен Қазиданға күміс пен алтыннан

сақа құйдырып беріп еді. Екі бала асық ойнап жүріп босқын елді көреді. Қази төсектің үстінде ұйықтап қалады. Сонда Қарасай анасы Қараүлекке толғайды:

- Қараүлек анам — сен дейді.
Қарасай жетім — мен, — дейді.
Сөгіле көшті ел, — дейді,
Неге көшті көп халық,
Хабарын айтып бер, — дейді.
Сонда Қараүлек сөйлейді.
— Орақ, Мамай барында
Халқымның ары кетпеген,
350 Ел намысын кетпеген,
Дұшпанның қолы жетпеген,
Екеуінің барында
Жау халқымнан шеттеген.
Қалмақтың ханы — Жаседіл
Атасының төгілген
Қара қанын кектеген.
«Орақ пенен Мамайдың
Қос жетімін өлтіріп,
Қанын ұрттап, қанам», — деп,
360 Ханыңа хабар салыпты.
Хан болып тұрған Шынтемір,
Бойында жоқ ерлігі,
Жасқанып жаудан қалыпты.
Орақтан туған Қарасай,
Енді болды тамаша-ай.
Алтын Орда — бұл шаһар —
Мамай, Орақ қаласы-ай.
Тоғызға келдің, жетімім.
Жастық қылар болар ма
370 Текті атаның баласы-ай!
Атадан бала туса, игі,
Атаның жолын қуса, игі.
Атаның жолын қумаса,
Атаға тартып тумаса,
Жасық туған жаманның
Барынан да жоғы игі.

- Атаға тартсаң, Қарасай,
Алтын сарай ішінде
380 Қабан құлақ қара ат бар.
Мамайдан қалған көк сауыт,
Тас кесетін ақ алмас,
Орақтан қалған садақ бар.
Жетесіз, жаман болмасаң,
Қабан құлақ қара атқа,
Қарасай жетім, мін, — деді.
Бадана көзді көк сауыт
Мамайдан қалған ки, — деді.
Сан жетпейтін қол болсын,
390 Есепсіз қалмақ мол болсын,
Қайтпай, шіркін, ти, — деді.
Жалаңаштан да, жауға шап,
Ажалдан бұрын өлмейсің.
Ал, немерем — Қарасай,
Кім шыдайды, шырағым,
Сен долдансаң, ашуға?!
Жалғызбын деп, жаспын деп,
Дұшпаныңа бас ұрма.
Келбетіңе қарасам,
400 Атаға тартқан секілді.
Сонда Қарасай сөйлейді:
— Қараүлектей анайым,
Жұмсадың, тіліңді алайын.
Батаңды бер, қарт шеше,
Қасыма жолдас ертпей,
Жападан жалғыз көп жауға
Өзім-ақ қимыл салайын.
Қашып кеткен халқыма,
Ана, хабар бермейін.
410 Атамнан қалған көк болат
Сансыз жауға сермейін.
Батыр батыр бола ма,
«Жалғызбын» деп, торықса,
Жауды санап, қорықса.
Жауды көрсе, қайтпайтын
Тұқым едім қарыспа.

- Құралды халық ағайын
Қорыққаннан қалмақтан
Кетті босып алысқа.
- 420 Байтақ халық елімнің
Өзім-ақ арын арлайын.
Қайырлы болса сапарым,
Қалмақтың ханы — Жаседіл
Қара қанын төгемін.
Аттанар жауға болды жер,
Қарасайдай балаңды
Осы жолда сынап көр.
Қараүлектей қарт анам,
Ықыласпен батаң бер.
- 430 Сонда қолын жаяды,
Батасын беріп қарады:
«Ерендер болсын жолдасың!
Әулиелер қолдасын!
Ескі аруақ торласын!
Мамай ханның бағы кеп,
Басыңа, балам, орнасын!»
Шешесі бата берген жер, —
Қарыспа туған Қарасай
Атадан қалған сауытты
- 440 «Кебінім» деп киген жер.
Тас кесетін алмасты
«Сайғағым» деп ілген жер.
Атадан қалған қара атты
Жауға тұңғыш мінген жер.
Көк садағын асынып,
Жауға жалғыз жүрген жер.
Қарасай жауға аттанды,
Көтеріліп көңлі,
Көкірегі желденіп,
- 450 Қарасай батыр шаттанды.
Қаруларын басқарып,
Жаседілдің жауына
Жападан жалғыз қасқарды.
Ұйықтап жатқан ер Қази
Ұйқыдан шошып тұрады.

- Орақтан қалған жас жетім —
Қараүлектің шырағы
«Қарасай қайда кетті?» — деп
Шешесінен сұрады.
- 460 Сонда Қараүлек сөйлейді:
— Шынтемірдей ханыңның
Айла-ақылы кем екен.
«Қалмақ келді», — деген сөз
Босқа айтылған кеп екен.
Бейбітшілік болған соң,
Босып кеткен халқыңа
Хабар бере кетіпті.
Сонда Қази сөйлейді:
— Алдама, анам, сен, — дейді,
- 470 Жаседіл берген қысымнан
Босқан халық-ел, — дейді.
Өп-өтірік алдайсын,
Жаселді сынды жауыңды
Қарасайға арнайсың.
«Екі жасы кіші», — деп,
Мені неге қорлайсын?
Қарасайға не жаздым,
Қатарына алмастай.
Серік қылып қасына,
- 480 Екеу болып жауға бармастай?!
Ерлерді жауға шаптырған
Намыс пенен ар шығар.
Қысқа ма, өмір ұзақ па,
Болжалды күнім бар шығар.
Жеті жасар күнімде
Жетімдікпен зарлатқан
Өмірден болған кәр шығар.
Қарасай — қорғау, мен — сүйеу,
Жалғыз кеткен батырға
- 490 Барып, жәрдем беремін.
Сонда Қараүлек сөйлейді:
— Қазиым, тыңда сырымды,
Тек екеуің болмаса,
Сүйеу болар балам жоқ.

- Қабыртқан, балам, қатпаған,
Омыртқан, балам, өспеген,
Былырап тұрған қауынсың.
Сонда Қази сөйлейді:
— Қараүлек елдің анайым,
500 Сізге тілек салайын,
Қарасай жауға кеткен соң,
Үйде не қып қалайын?!
Қарасай — қанат, мен — құйрық,
Жәрдем бере барайын.
Қару-қапшық жетімге,
Тауып бер, ана, тұлпар ат.
Қараүлек сонда сөйлейді:
— Пірлерден бөтен панаң жоқ.
Қолыңа құрық ал, — деді,
510 Беліңе жүген шал, — деді,
Елсізде жатыр көп жылқың,
Көп жылқыңа бар, — деді.
Сыншы болсаң, білерсің,
Қарағанын бетіңе,
Тай да болса, мінерсің.
Белге жүген шалады,
Жылқы аралап қарады.
Үсті қотыр лықыған
Қызыл шолақ көк құнан
520 Оқыранып, Қазифа
Ұсынып мойнын барады.
Борбайында қоңы жоқ,
Мойнында жалы жоқ,
Жал-құйрығы тағы жоқ,
Қызылды жаяу қуады,
Аттан сағы сынады.
Шешесіне келді де:
— Ат тауып бер, — деп жылады.
— Сансыз жылқы мол, — дейді,
530 Сапарың болсын оң, — дейді,
Тағы да бар сен, — дейді,
Қайта келсе алдыңнан,
Тәуекел ет те, міне бер,

- Бұйырған атың — сол, — дейді.
 Жылқыға тағы келеді,
 Қызыл құнан Қазиды
 Келген бойда көреді,
 Оқыранып, желеді,
 Ұсынып мойнын береді,
 540 Басына жүген салғанда,
 Басының кірді ажары.
 «Құл-құтан мазамды алар, деп,
 Жылқышы мініп шабар», деп,
 Қотыр болып жүр екен,
 «Қази іздеп табар», деп.
 Сән-сайманды салған соң,
 Тұлпардың көңілі шат болды,
 Сағынып жүрген жануар,
 Мінер иесі тап болды.
 550 Айыл-тұрман салған соң,
 Таутекедей ат болды.
 «Сен — шарыққа шыққан бүркітсің,
 Қанатың қайтпас сұңқарсың,
 Жем тастаса, қайрылма.
 Сен — қарағайға қарсы біткен бұтақсың,
 Балталаса да айрылма.
 Сен — қайсар қара болатсың,
 Тасқа шапса, жасып, майрылма».
 Белестен белес, бел асып,
 560 Емен садақ, сай кез оқ,
 Беліне алмас жарасып,
 Қырқа-қырқа жерлерден
 Қарауыл Қази қарасып,
 Қарауыл салған ағаның
 Артынан жетті жанасып.

Бес жүз шатырмен, есепсіз қолмен тау жарған көк бұлақта
 жатқан қалмақты көріп, Қарасайдың Қазиға айтқаны:

— Бауырым Қази — сен, — дейді,
 Алдыңда қорған мен, — дейді,
 Есіз тастап қалаңды,

- Еңіретіп анаңды,
570 Артымнан келген нең? — дейді.
Сонда Қази сөйлейді:
— Қарасай, сөзіңді алмаймын,
Сөзіңе құлақ салмаймын.
Жеделмен атқа мінген соң,
Талабымнан танбаймын.
Қорлық бердің, Қарасай,
Зәбіріңді арлаймын.
Жауға қарсы бармастай
Қази сенен кем бе еді?!
- 580 Берсең де, батыр, бер, — деді,
Бермесең де, бер, — деді.
Жақсы атыңды қимасаң,
Қай мықтымыз барайық.
Сынасайық, кел, — деді,
— Бауырым едің, қарағым.
Қайтпасын сенің талабың
Қарағым, етпе балалық,
Екеуіміз бірге баралық,
Жаседілдің ханына
- 590 Тізе қосып шабалық.
Ей, ерке туған Қазииым,
Енді болмас амалым,
Қарашоқының басында
Қарауылда қаламын.
Қиындық саған іс болса,
Мен де артыңнан барамын.
Қызыл атты жаратып,
Аспанға басын қаратып.
Қамшыға бұтын таратып,
- 600 Тұяқтан шыққан тозаңын
Жауға қардай боратып,
Белестен белес, бел асты,
Мінген аты, сән-сайман
Бір-біріне жарасты.
Қарауылшы қалмақтар
Қазиды көріп алыстан,
Ақылынан адасты.

- Азаматын шақырып,
Хан әңгіме құрады,
610 Сыншыларын жияды.
Олар келіп, алдынан
Қазиды сынап тұрады.
Мінген аты терлеген,
Алдында тұрған ерлерді
Бір кісідей көрмеген.
Сыншылары сынады,
Сынап, көңлі тынады.
Бұл — атаның баласы,
Қази екен шамасы.
- 620 Қарасай мен Қазифа
Кімнің болар шарасы?!
Қайтпас ердің өзі екен,
Баба түкті нәсілі,
Шын батырдың тегі екен.
Егер айла қылмасақ,
Көрсетер бізге көрімді,
Әлек етер елімді.
Сыншылардың бастығы
Отаман деген ер еді,
- 630 Асқан сыншы, айлакер,
Амалға озған кен еді.
Жаседілге келеді,
Келе жылай береді.
Көзінен аққан ыстық жас
Қойныңа төгеді.
— Ей, Жаседіл — ханымсың,
Халықтағы барымсың,
Арымас, биік тауымсың,
Құламас биік жарымсың.
Келбеті асқан ер көрдім,
Жау сағынған шер көрдім,
Айла-ақылын кең көрдім,
Қабағынан қар жауған,
- 640 Мұртынан мұз тамған,
Қанды Орақтың баласы —
Қази атты ер көрдім.

- Айла, ақыл табалық,
Алдап, арбап қаралық.
Ақылы көп ер екен,
Қазиде артық даналық,
Шамамыз келсе, жағалық.
Алдамасақ егер де,
Құртатын шығар шараны.
- 650 Айла-амал қылыңдар,
Болаттан жебе құрыңдар
«Қази ер, саған сенем, — деп.
Не айтсаң да, көнем», — деп,
Қол қусырып тұрыңдар.
Болат жебе үстіне
Жібек кілем салыңдар,
Үстіне мақпал жайыңдар.
Есікте тұрсын қос батыр,
Алмас семсер қолға алып,
- 660 Төрде тұрсын төрт батыр,
Сыртынан басқын шатырдың.
Даярланып барша жау,
Қамсыз болып тұрады.
Қази ердің алдынан
Отаман сыншы шығады.
— Аталы Қази сен едің,
Жеті атадан ер едің,
Ернің қанды бөрі едің.
Орақ пенен Мамайдың
- 670 Артында қалған көзі едің.
Жаудан қайтпас ер болсаң,
Сескенбес Қази сен болсаң,
Алтын шатыр ішінде
Жаседілдей ханым бар.
Кілең батыр сайланған
Бағып тұрған бағы бар.
Батыр болсаң сен, — деді,
Жаседілдей патшаның
Дидар жүзін көр, — деді.
- 680 Қол қусырып сәлем бер.
Егер ханға бармасаң,

- Ер емессің, сасқаның,
Шатырына кірмесең,
Қорыққаннан қашқаның.
Мұнан Қази саспады,
Қази халық бастады
Астындағы тұлпарын
Берік қаңтарып тастады.
Қарыспа туған Қази ер
- 690 Жалаң қылыш қолға алды,
Ашуланып, долданды.
Қабағын түйіп, сұрланып,
Жаседілдің шатырына
Шапшаң басып жолданды.
Самсап тұрған көп жауға
Қайрылмай кетіп барады.
Есіктен еніп, өрледі,
Ханға сәлем бермеді,
Құрып қойған жебені
- 700 Қу қамыстай көрмеді.
Жолға құрған көк болат,
Басқаныңда, қырады.
Отыра қалған шағында,
Жебе тіреп қолтықтан,
Өтірік емес, шын, рас
Жебелердің сынғаны.
Даярланған батырлар
Қалтырасып, дірілдеп,
Тырп етуге әлі жоқ,
- 710 Бәрі жылап, шулады.
Жаседіл хан сөйледі:
— Қазимысын сен? — деді,
Жаседілмін — мен, — деді.
Ханға сәлем бермеген,
Төрге қарап өрлеген,
Қази, сенің нең? — деді.
Сонда Қази ақырды,
Ақырып сөйлеп, жапырды,
— Қалмақтың басы — Жаседіл,
- 720 Кесе келдім басыңды,

- Шаба келдім еліңді,
Сындыра келдім беліңді,
Көрсете келдім көріңді.
Бейпіл жатқан халқыма
Саласың неге көзіңді?!
Тақта отырған қалмаққа
Сыбанып жетіп барады
Сескенген ерден Жаседіл:
— Сынау үшін қол жидым
- 730 Ашу тұтпа, сабыр ет,
Орақ пен Мамай шырағы.
Түп несептен бөле едің,
Орақтан туған сен едің,
Палуан сұлтан баласы —
Жаседіл хан мен едім.
«Орақтың екі баласын,
Жүздесіп, көрсем», — деп едім.
Қази ер, саған сенемін,
Не десең де, көнемін,
- 740 «Досың болсам», — деп едім.
Айыбыма, ер Қази,
Тұлпарымды таңдап мін, — деді.
Ақ кіреуке қамқадан
Киімді таңдап ки, — деді.
Оң қолының басы алтын,
Қиғаш қара қасы — алтын,
Сары алтынмен қаптаған,
Сұлуымның шашы алтын,
Аруымды сүй, — деді.
- 750 Қазижан, ақыл саламын,
Халқыңның көңлін табамын.
Шын достыққа той етіп,
Қызмет етіп, жағамын.
— Осы айтқаның шын болса,
Мұныңды бөтен демейін.
Қарасай ағам — туысым,
Ақылдасып көрейін.
«Мақұл», — десе Қарасай,
Бұл тілегің берейін.

- 760 Өтірік айтсаң егер де,
 Көңліме кір болар.
 Сан қалың қалмағың
 Кеңшілікке мұң болар.
 Кейін қалған ағасы —
 Қарасайға келіпті,
 Уәдесін, көргенін
 Түгел айтып беріпті.
 Қалмақпенен Қазиді ер
 Уәдеге сеніпті.
- 770 Қайырмады Қарасай,
 Қазидың айтқан сөзіне
 Қуанышпен көніпті.

Екеуі Жаседіл ханға қонаққа барады. Жаседіл қонақ етіп, құшақтасып, дос болады.

- Қарасай, Қазиді, Жаседіл
 Бір біріне сеністі,
 «Ақыреттік доспыз», — деп,
 Дос шартына көністі.
 Жаседіл хан жадырап,
 Жар салды жалпы халқына.
 «Ту көтеріп, той етем
- 780 Шын достықтың шартына.
 Жасыңыз бен кәріңіз,
 Әйел, еркек — бәріңіз,
 Салтанатпен келіңіз.
 Қызығымды көріңіз!»
 Қарасай менен Қазиді ер
 Дос болып қайтты еліне.
 Хабар берді: «Келсін», — деп,
 Еліндегі еріне,
 Шынтемірдей ханы мен
- 790 Халықтың би мен бегіне.
 Қуанышқа халық толады,
 Ел қуанбай, не қылсын,
 Ойлаған мақсат болады.
 Босып кеткен көп халық
 Қонысына қайта қонады.

Сол кезде Жаседіл ханнан мынадай хабар келеді.

- Қарасай, Қази — жан досым,
Шын достыққа нан, досым!
Даярландым мен тойға,
Халқыңа хабар сал, досым.
- 800 Құрметін, сыйын көп қалмақ
Алдыңыздан сайласын.
Кемпір, шалдар және де
Көпті көрген дана да
Келмей тойға қалмасын!
Хабарды естіп Шынтемір,
Елін жиып алады,
Халыққа ақыл салады.
«Алпысқа жасым келгенше
Бір балаға кем едім.
- 810 Осы тойға барған соң,
Ұлдыны да көремін,
Қыздыны да көремін,
Іштегі шерім қозғалып,
Қорланып, топта шөгемін.
«Соның үшін жиынға,
Мақұл көрсең, Қарасай,
Бармай-ақ қойсам», — деп едім
Хан бармайды, қалады.
Халықты бастап Қарасай
- 820 Қалмаққа кетіп барады.
Жаседіл патша халқын
Қасына жиып алады.
— Қонақты келген бағындар,
Көптің бабын табындар.
Біреуің кейін тұрмай-ақ,
Етіңдер қызмет құлдай-ақ.
Қарасай менен Қазидың
Халқыменен жау болдық,
Боларын мұндай білмей-ақ.
- 830 Алтын жамбы аттырып,
Ат бөйгісін шаптырып,
Теңселтіп балуан тұрғызып,

Назарын көптің бұрғызып,
Сапырып беріп шарабын,
Тік тұрып қалмақ, бас иді.

Келген қонақтар жеті күн жатып, еліне қайтпақ болады. Жаседіл хан тарту-таралғы сыйлық беріп, разы етеді. Аттанар алдында Қарасай тұрып: «Ұлсызға, қызсызға қызық жоқ», — деп, елімнің ханы — Шынтемір бұл жиынға келмей қалып еді. Шын көңілізбен сол кісіге батаңызды беріңіз, ала барайын», — деді. Жаседіл хан қолын жайып: «Бір ұлды, бір қызды болсын!» — деп бата берді. Жаседіл бастаған қалмақтың құрметіне ырза болып, екі батыр еліне келеді. Шынтемірдің тоқалы Ақханым сол кезде 42 жаста екен. Ұзамай, Ақханым жерік болады:

Күндердің күні өткенде
Ақханым жерік болады.
Ақханымның жерігі
Қара тастан қанады.
840 Тоғыз ай, он күн көтеріп,
Егіз бала табады.

«Жаседіл ғаділ патша еді, осы перзент соның батасынан болып еді, бұ да ер жеткенде, сондай ғаділ болар», — деп, ұлының атын Еділ қойған екен. Еділ жеті жасқа келгенше халық тыныш, ел бейбіт болды. Қарасай, Қазиді біреуі 16-ға, біреуі 14-ке келді. Қалмақ пен Қазақ, Ноғайдың арасы жіксіз, жақсы тату болды. Еділ жеті жасқа келген соң, Шынтемір ауырды. Қарасай мен Қазидің аулы Шынтемірдің аулына сәске түстік жер еді. Ауру меңдетіп, жеңе бастады. Ауырып жатып Шынтемір былай деп толғады:

«Жалғыз еді балам, — деп,
Жетімнің күні қараң, — деп,
Қалай болар заман? — деп,
Әуелден жазу осылай,
Нешік болар шарам?!» — деп,
Ауырып жатып толғайды,
Толғамасқа болмайды.
«Өлерде көрген Еділді

- 850 Қарасай мен Қазига
Тапсырам», деп ойлайды.
Қайғысын ойлап жалғыздың,
Ажары кетіп, түнерді,
Жанынан үзді күдерді.
Қос тұлпармен хабаршы
Қарасай ерге жіберді
Шынтемір жатқан ордаға
Сәске түсте келіпті.
Қол қусырып, есіктен
- 860 Иіліп сәлем беріпті.
Бұларды көрген Шынтемір
Көтеріп басын сөйлейді:
— Қарасай, Қазиге — сен — деді,
Шынтемір ханың — мен, — деді,
«Көңілге келген бір сөзді
Айтып кетсем», — деп едім.
Ой-өрісі кеңеймей,
Артымда жас қалып Еділім
Мойын ұсынып қарсы алам
- 870 Жаратқан Алла әмірін.
«Санаулы күнің бітед», — деп,
Қағып тұр ажал дабылын.
Ерлер киген көк сауыт
Берік болмас жағасыз,
Астыңа мінген шын тұлпар
Тасқа шаппас тағасыз.
Орақтан туған ұл болсаң,
Жетім қалған Еділді
Қапталыңа аласыз.
- 880 Жалғыз қалған Еділжан
Сүйеусіз де панасыз.
Сонда Қарасай сөйлейді:
— Қамқорым, ханым сен едің,
Қарасай, Қазиге мен едім,
Тірі болса, Еділді
Қазимен қатар көрермін.
Өлсек, шұқыр бір болар,
Шықсақ, басы төбенің.

- Қарасай, Қазі, Еділ боп,
890 Тізе қосып, жабармыз
Ашылған жерін көбенің.
Ел шетіне жау келсе,
Ер басына дау келсе,
Сағасын қанға малармыз
Сегіз қырлы жебенің,
Деп, Қарасай көтеріп
Ақ алмасын, ант берді.
Тізе бүккен Қазі мен
Еділді жатқан хан көрді.
- 900 Батасын беріп балаларға,
Шынтемір хан жан берді.
Шынтемір хан өткен соң,
Шын дүниеге кеткен соң,
Сыпыра — дана көріңіз
Елге көңіл бұрады.
Би менен бекті жияды,
Елге басшы хан іздеп,
Өңгіме дүкен құрады.
«Халыққа қорған батыр да
- 910 Елдің қамын ойлаған.
Баба түкті шашты Өзіз,
Ер Нұрадын нәсілі,
Ежелден жаумен ойнаған.
Қарсы келер жан болса,
Қасарған беті таймаған.
Халықтың халық болғаны —
Бұл тұқымның себебі
Орақ, Мамай өлерде
Қарасай, Қазі жас қалды.
- 920 Жас болса да, жалындап,
Самсаған қолды басқарды.
Өлерінде хан Мамай:
«Қазі мінсін тағыма,
Әділ болар, — деп еді,
Қалың елдің бағына».
Соны естіген Сыпыра
Алыстан сөзбен орады.

- Атадан қалған алтын тақ,
930 Мақұл көрсең әлеумет,
Қазиға мирас болады.
Жиылған көп мақұлдап,
Сыпыра қартты қостады.
Халықты ертіп дана қарт,
Ордаға қарай бастады,
Тобын жазбай келеді.
Игі жақсы, бектердің
Келгенін Қараүлек көреді.
Мамайдан қалған орданы
- 940 Көк майсаға тігеді.
Жиылып келген халқына
Ту биені сояды,
Жал-жаяны кертіп,
Астаумен тартып, қояды.
Сабаны пісіп жігіттер,
Сапырып қымыз, құяды.
Қараүлек сынды дана ана
Жиылып келген халқына
Тік тұрып қызмет қылады.
- 950 Сөздің реті келгенде,
«Бұйымтайың бар ма?» — деп
Қараүлек ана сұрады.
Сыпыра сонда толғады,
Тереңнен сөзді қозғады.
Кәріліктен түскен қос жағын
Жібекпен таңып торлады.
Сөзге шешен сұр таңдай
Сүрінер сірә болмады.
— Әйел де болсаң, Қараүлек,
- 960 Ер атанған сен едің.
Ақылменен ана боп,
Он сан елге тел едің.
Тегіңе ерлік орнаған,
Қарауыл таумен тең едің.
Ежелден сұлтан Нұрадың
Халықтың көздеп мұрадың,
Орақ, Мамай батырлар

- Шеккенде сапар, жыладың.
 Көз нұрың, қолда ермегің —
 970 Қарасай, Қази шырағың.
 Көп тілегін, қалауын
 Сізге баян қыламын.
 Қази сынды ұланың
 Ханға лайық тұлғасы,
 «Хан болар», — деп сынадым.
 Өлерінде Мамай хан
 Тапсырған сөзі көп еді
 «Тірі болса Қазийым,
 Таққа отырар», — деп еді.
- 980 Сол Қази толды 14-ке
 Дүние салды Шынтемір.
 Билік берсең халыққа,
 «Хан қойсақ», — деген бар көңіл.
 Айбынды ана — Қараүлек
 Қарасайды шақырады,
 Жан еді туған ақылды.
 — Қарасай, Қази — шырағым,
 Бір хабар шалды құлағым.
 Ізгі жанды ерлердің
- 990 Өсірер Алла мұрадын.
 Хан болып өткен өлгенше
 Мамай, Сұлтан, Нұрадын
 Хан қоймақ сен, Қазижан,
 Елдің қалпын сынадым.
 Қарасай, Қази — бөбегім,
 Қос қыраным, түлегім,
 Қызығыңды сендердің
 Көріп өлсем», — деп едім.
 Көрдім, шүкір Құдайға
- 1000 Балаға ана шыдай ма?
 Екі сөйлеу ерлерге,
 Ойлаңдаршы, ұнай ма?!
 Кешегі өлген Шынтемір
 Тапсырған еді Еділді.
 Дос болып ең, анттасып,
 Бұзбаңдар, жаным, өмірді.

- Қызықпаңдар хандыққа,
Бермеңдер жасқа зәбірді.
Атасынан қалған алтын тақ —
- 1010 Мирас жетім Еділге.
Жоғары көтер достықты
Болғандай үлгі өмірге.
Екі сөйлеу — ерге өлім,
Алыңдар тоқып көңілге.
Ерлікпен өткен жеті атаң,
Айрылмаңдар сол жолдан.
Ел қорғау ерге жеңіл ме?
Хан болсын Еділ достарың
Ойлаңдар, жаным, дос қамын.
- 1020 Көпті көрген көне едім,
Сендерге ақыл қосқаным.
Билер мен бекті, Қарасай,
Хан ордасына бастағын
Ағаңның тілін қайырмай,
Қазижан, сен қостағын, —
Деп, қарт ана тоқтады,
Қостады мұны топ тағы.
Шынтемір ханның ордасына
Топ та келіп, тоқтады.
- 1030 Халықты ханым қарсы алды,
Хан ордасын күн шалды.
Еділді таққа мінгізіп,
Басына төж кигізіп,
«Хан! — деп елге жар салды.
Жеті жасар Еділ хан
Жұртты аузына қаратты.
Жасы жастық қылмайды,
Туса бала талапты.
Он сан елді тең ұстап,
- 1040 Алдынан бөрін таратты.
Қарасай, Қази — қол басы,
Сайлады әскер жарақты.
Ерлеріне сайма-сай
Сансыз тұлпар жаратты.
Қарасай, Қази, Еділ хан —

- Үшеуі қатар ер жетті.
Жау шыдамас бетіне,
Арыстандай келбетті.
Әділдік, ерлік жолында
- 1050 Тасын қырға өрлетті.
Он сан елі орнығып
Тыныштықта гүлдепті.
Ең байлықта еркін ел
Дауды, жауды білмепті.
Күндерден күн өткенде,
Көтерілер күн жеткенде
Қарасай сынды ағасына
Еділ хан келіп сөйледі:
— Бізден бұрын өткен хан,
- 1060 Ерлігі артық өктем хан,
Жау жағасын сөккен хан,
Дұшпанның қанын төккен хан,
Мұрадына жеткен хан.
«Жау!» дегенде, аттанған,
Жау табылса, шаттанған,
«Қалмақ», — десе, қасарған,
Мінген аты бапталған.
Үш қырлы жебе, көк найза
Қарағайға сапталған,
- 1070 Астана халқын басқарған.
Талай жауды жылатқан,
Жігер менен қайратын
Есіткен жан ұнатқан.
Ерлігіме сын болар,
Хандығыма мін болар,
Көңліме кір болар,
Атаның жолын құмасам.
Тас кесетін ақ алмас
Беліме құрсап бумасам.
- 1080 Ала көбең жаулар көп,
Бастап барып халқымды,
Дұшпанымды қырмасам.
Кектескен жаудың кегі үшін,
Керегесін отын қып,

- Қызын қатын қылмасам.
 Көншір емес көңлім,
 Соғысар маған жау тап, — деп,
 Қасарып Еділ болмады.
 Қарасай сонда толғады:
- 1090 — Әміріңді екі қылмайын,
 Сөзіңді жақсы тыңдайын.
 Осы айтқаның шын болса,
 Қарайын жаудың ыңғайын.
 Ағада болар ағалық,
 Жастықта болар шалалық.
 Жай жатқанда жау іздеп,
 Шырағым, етпе балалық
 Алда-жалда болмасаң,
 Тілімді айтқан алмасаң,
- 1100 Қараүлекке баралық.
 Қараүлек анам жау табар,
 Содан сұрап қаралық,
 Қарттан ақыл алалық.
 Халыққа басшы ханымсың,
 Не айтсаң да, көнеміз,
 Айтқаныңа сенеміз,
 Сізге тізгін береміз.
 Қараүлек тұрған ордаға
 Екі батыр жүреді.
- 1110 Талма-тал түс кезінде
 Ақылды ана біледі,
 «Жолдарың болсын жаным», — деп,
 Миығынан күледі,
 Ордаға келіп кіреді,
 Желіккенін ерлердің.
 Сонда Еділ сөйледі:
 — Жас күнімде хан қойдың,
 Соңымнан ерді ел, — деді.
 Ойыма түсті бір қиял,
- 1120 Өзіңіз ақыл бер, — деді.
 Ой мәнісін айтайын,
 Жақсы тыңдап көр, — деді.
 Жан жолдасым — Қарасай,

- Көпті көрген көнеге
Бұйымымды айтып бер, — деді.
Сонда Қарасай сөйледі:
— Жеті жаста Еділің
Халыққа ғаділ хан болды,
Ойлағаны ар болды,
1130 Сескенер емес батыл ер.
«Бұрынғы өткен хандардың
Мен де жолын қуам, — деп,
Беліме алмас буам, — деп,
Ел көңлінен шығам, — деп,
Жау табылса, қырам», — деп,
Еділің тыным бермеді,
Айтқаным көнбеді.
«Жауласуға жас жетті,
Жау іздеуім жөн», — деді,
1140 Тегі Сұлтан Нұра хан,
Орақ, Мамай заманнан
Кекті дұшпан бар ма еді?
Қараүлек сонда сөйледі:
— Еділ ханым — шырағым,
Келген бойда-ақ сынадым.
Орақ, Мамай барында
Көздеген елдің мұрадын.
Балалықпен шешеңе:
«Жау тауып бер», — деп сұрадың.
1150 Ауыр тиді анаңа
Күтпеген жерден сұрағың.
Қазақ қазақ болғалы,
Талай хандар орнады,
Қызылбас, қалмақ жауласып,
Тыныштық елге болмады.
Шауып, шаншып қазақты,
Талай дұшпан қорлады.
Сенен бұрын бәрі өтті,
Талай батыр, хан өтті.
1160 Атандың елге «Әділ хан»,
Төреңді кім кемітті?
Жау іздеп, жаным, жауықпа,

- Дүрліктіріп ел-жұртты.
Жауың келсе өзі іздеп,
Көрінер сонда кім мықты.
Тілімді алсаң, Еділжан,
Ел ұйтқысын бұзбай-ақ,
Сақтайтын тыныш күн жетті.
Сонда Еділ сөйледі:
- 1170 — Болғаным жабы ұнай ма,
Ел намысын жоқтамай,
Жатуға ер ұл шыдай ма?
Соқтықпай жауға, тынбаймын,
Тапсырып ақырын Құдайға.
Өткен хандар жауласқан
Менен артық Құдай ма?!
Қарасай, Қази — екі ағам
Ақырып кірсе майданға,
Қашпай жауы, шыдай ма.
- 1180 Қауырсыны қатқан соң,
Бүркіт құс жатпас ұяда.
Белгілі берен ер жігіт
Көк сауытқа сыя ма.
Қас жаманның белгісі:
Ел үшін жанын қия ма.
Халықтың намыс-ары үшін
Елден жаным садаға.
Қараүлек сонда сөйледі:
— Олай болса, шырағым,
- 1190 Осы айтқаның шын болса,
Құлыным, өссін мұрадың.
Ұзақ өмір, ұзын жас,
Қарағым, саған сұрадым.
Іздесеңдер ел кегін,
Құтты болсын талабың!
Шын жау болса керегің
Алдырмайтын ауыр қол —
Ата жауды табамын.
«Қайта оралып келер!» — деп,
- 1200 Қуанып, көңлім күтеді
Орақ, Мамай заманын.

- Жау сағынсаң, Еділжан,
Қуандырдың өзімді.
Құлағың салып, тыңдай бер
Ауыздан шыққан сөзімді.
Кешегі Мамай барында
Қара қыпшақ Қобланды
Осы ордаға келгенде,
Маған сәлем бергенде,
1210 Мамайменен екеуі
Билік айтып, кеңесті,
Ерлік айтып, егесті.
Сонда Қобылан не десті:
— Он екіге келгенде,
Туырлықтай ту алдым
«Жау!» — деп айтса, қуандым.
Мен қалмақтың елінен
Таңдап Құртқа қыз алдым,
Барсакелмес шөлді алдым,
1220 Алдырмайтын ханды алдым.
Кеңдік күнге зар қылып,
Тарылттым сонда заманды.
Көбікті деген көп қалмақ,
Есепсіз саны жоқ қалмақ,
Тағы шаптым Қазанды.
Өзім Қобылан болғалы
Талайға бердім ажалды».
Қара қыпшақ ер Қобылан
Осылайша деп еді.
1230 Алты айшылық жері бар,
Үш айшылық шөлі бар.
Сондай асу кезеңде
Қызылбастың елі бар.
Іздегенің жау болса,
Керегің менен табылар,
Сол жауға барсаң, не қылар.
Жау іздеуің шын болса,
Халыққа хабар салыңдар.
Жеделді туған ерлердің
1240 Бәрін жиып алыңдар.

- Пайдасы тиер әр жерде,
Ақыл табар тар жерде
Сыпырадай көріні
Қалдырмай, барыңдар.
Қалмасын елде бихабар.
Жай бұлтындай жайнаған,
Сансыз жаудан таймаған.
Жауды көзі көргенде,
Жігері оттай қайнаған,
- 1250 Қолындағы ақ қылыш
Қанға, жасып, тоймаған,
Ата тегі — алып күш,
Ежелден ерлік орнаған,
Талай жерді шарлаған,
Соғысар жауын таңдаған,
Айдаһардың лебіне
Қолын салып, барлаған.
Барған жауын тындырған,
Шойыннан шоқпар құйдырған,
- 1260 Қанша дұшпан келсе де,
Бір қауызға сыйдырған.
Ахмет сынды батырды
Қасыңа ал, Еділжан.
Қарасай, соған жылдам жет,
Сол ағанда қайрат көп,
Ерлігі мықты, құдірет.
Алшынның ұлы — Алау бар,
Оған да, ерлер, хабар сал.
Көн садақты Көрбет бар,
- 1270 Жау сескенең келбет бар
Оны да шақыр, Еділжан,
Осы күннен қасыңа ал.
Мінген аты қасқа азбан,
Ертеңнен шапса, кешке озған,
Ылдидан шапса, төске озған,
Қоңыраулы найза қолында,
Қоңыр салқын төске алған
Қарулы батыр Қартқожақ,
Сол батырды-ай қоссаңыз,

- 1280 Жауға жетер шамаңыз,
Қиғаштың қызыл тауында,
Қызылбастың жауында
Жыртыла қалмас жағаңыз.
Жаңбыршының баласы —
Ағыс батыр және бар.
Алдынан жау қайтпайтын
Жолдастыққа Ағысты ал, —
Деп Қараүлек анаңыз,
Ерлерге кісі шаптырды.
- 1290 Ерлердің естіп хабарын,
Сыпыра қартың сап құрды.
Іріктеп алып жүз кісі,
Жолды бастап тартты өзі.
Айтулы батыр Ахмет —
Алдырмас жауға асыл тек,
Нөкер алып жүз кісі,
Киініп сауыт, ол келед.
Арлы туған Алау ер,
Ақылы терең, балуан ер,
- 1300 Хан хабарын алған оң,
Бойынан күш, ақты сел.
Нөкері бар жүз кісі,
Батырмен туған бәрі тел,
Сайланып, самсап келеді
Қайысқандай қара жер.
Алысқан жауы маталған,
Соғысқан жауы оталған,
Ызғары күшті ер еді,
Көрбетті содан атанған.
- 1310 Ізденіп келіп талай ер,
Көрбетіден бата алған.
Хабарды естіп Көрбетті,
Жадырап жаны, желікті,
Көптен бері жау көрмей,
Үйде отырып ерікті,
Қарына қару іледі.
Бесін уақыты болғанда,
Қараүлектің үйіне

- Бұлар да жетіп келеді.
1320 Қатулы батыр Қартқожақ
Жүз кісіден қол алып,
О да келді бір жақтан.
Күйіне түскен бедеулер
Ор текедей орғытқан.
Жау құмар батыр ежелден
Сарқып ойын, қорытқан.
Баратын жаудың жері алыс,
Көрмеген жанға жол шалыс,
Сексен кісі серімен
- 1330 Келіп жетті ер Ағыс.
Көрікті ерлер жиылды,
Көруге бірге қиынды.
Дабысын естіп ерлердің,
Жан-жақтан әскер құйылды.
Жиналып халық болған соң,
Сыпыра қартың сөйледі:
— Қараүлек атты ана едің,
Көпті көрген дана едің.
Болашақты болжап көр,
- 1340 Айтқаныңыз келетін
Әдетіңіз бар еді.
Қараүлек сонда толғады.
Сөйлер сөзге жорға-ды:
— Егеліп тұрған ерлерім,
Сыртынан қоршап аласың,
Іздеген жауды табасың,
Қойға тиген бөрідей
Ойран-топыр саласың.
Жанталасқан жауыңның
- 1350 Құртасыңдар шарасын.
Анық жете білмедім,
Аяулы ердің біреуі
Жау қолында қаласың.
Батырлар киіп сауытын,
Садақтарын асынды.
Қоржындарын бөктеріп,
Айбалта ерге асылды.

- Қараулекпен қоштасып
Аттанғанда батырлар,
1360 Іздемеді еш адам
Қази сынды жас ұлды.
Қазиды көріп Қараулек,
«Қалдың, — деп, — неге?» — сұрады.
— Батаңды жеке алам, — деп,
Қасқайып Қази тұрады.
Қазиын сүйіп Қараулек,
Батасын сонда береді:
— Ал, қолымды жаяйын,
Сенен немді аяйын!
- 1370 Қырық шілтен, Ғайып Ерен,
Қолдасын сені Құдайым!
Қайрылмай кетті Қарасай,
Сол болар маған уайым.
Жараланар майданда,
Жәрдем ет соған, сұраймын.
Жолың болсын, құлыным,
Сендер аман келгенше,
Не көрсем де, шыдайын, —
Деп, Қараулек түйюлі
- 1380 Бір зат ерге ұсынды.
Не екеніне түсінбей,
Қази сонда қысылды.
Қамқор болған қарт ана
Қайыра тағы сөйледі:
— Қырық болаттың қылауымен
Уыттаған дәрі еді,
Ала кет, жаным, майданға.
Жөнелді Еділ ту ұстап,
Реттеп қолды, дұрыстап.
- 1390 Жаз күнінде, күн ыстық,
Күндіз-түні дамылсыз,
Қонбай жүрді, тыныстап.
Алты айшылық жер еді,
Арада үш ай шөл еді,
Ерігіп ерлер жарысты.
Күйіндегі кіл бедеу

- Ауыздықпен қарысты,
Басыменен алысты.
Астындағы тұлпардың
1400 Табанынан жер соқты,
Маңдайынан күн соқты.
Енді шөлейт жер келді,
Адам да, ат та шөлдейді,
Шөлдеуменен меңдейді.
Жалды аттардан жал кетті,
Батырлардан өл кетті.
Әуе айналған аңызға
Кептіріп аңға, шөлдетті.
Еділ хан сонда сасады,
1410 Бетінен өңі қашады.
Батыр мен бегін жиып,
Ақылға ақыл қосады,
Қолдың жайын баяндап,
Көптен көмек тосады.
Ахмет батыр тіл қатпай,
Қамшы басып тұлпарға,
Қарауыл жаққа жөнелді,
Атына жедел мінеді.
Қарауыл шоқы басынан
1420 Қияға көзді салады.
Жарқырап жатқан бір көлді
Алыстан көзі шалады,
Көлге қарап шабады.
Қақтығып батыр барады,
Ат суарып алады,
Өзі суға қанады.
«Тәтті көл» деген көл екен,
Қуанып, көңлі тынады.
Аспанға атып шапшыған
1430 Таудан аққан бұлағы.
Басы — бұлақ, аяғы —
Айдын көл, жасыл құрағы,
Бір жағына көз салса,
Адыр биік тау екен,
Қалың орман арасы,

- Белден шабын, бау екен.
Бір жағына көз салса,
Жоңышқалы көк шалғын,
Кілең тілкем сай екен,
1440 Ат отына жай екен.
Күннің көзі көрінбес
Таласа шыққан ағаштан.
Шортаны қара бақандай,
Бақасы шөккен атандай,
Жапырақтың жалпағы
Ерлер киген шапандай.
Айналасы сол көлдің,
Ат шаптырса, жеткісіз.
Суы төтті шекерден,
1450 Ішкен жан қиып кеткісіз.
Қалмақтың ханы — қожасы
Алма бағын ектірген.
«Ел қонбаған нулы көл,
Ақ сары бас қулы көл,
Елсіздегі еркін көл,
Шалқып жатқан шалқар көл
Ахмет батыр көрдім», — деп,
Хан алдына барады.
Аңсаған қол шілдеде
1460 Көлге қарай шабады.
Шырадай ашылып көздері,
Шөлдеген ерлер қанады.
Бойы ширап, ес жиып,
Қияға көзді салады.
Жеңсік болған жемістен
Жеп, мейірі қанады.
Жеті күн жатып батырлар,
Жиды тегіс бойларын.
Аттанар жауға күн жақын,
1470 Ортаға салды ойларын.
Ұшынып кетіп сөзден сөз,
Өз ара сонда керісті.
Бірімен-бірі егесіп,
Басылар, сірә, болмады,

- Найзаларын тіресіп,
«Қой!» дегенге қоймады.
Сонда Ағыс сөйледі:
— Осыларың жөн бе еді,
Бұздыңдар бүгін бірлікті,
1480 Бет алған ісің өнбеді?!
Ер ынтасы бытырап,
Біріне бірі көнбеді.
«Атым — Қазақ» — дегенде
Ерлер неге кірледі,
Бұл — масқара, не сұмдық?!
Хан әмірімен жүрмеді.
Сонда Еділ хан бұйырды,
Самсаған қол жиылды.
— Соғысыңдар жекпе-жек,
1490 Сынаңдар, күшті, қиынды.
Біріңді-бірің аяма,
Аясаң, соғыс бола ма?!
Күш сынасып бағыңдар,
Алысқа тентек тоя ма?!
Мұны естіген Сыпыра қарт
Орнынан ұшып тұрады,
Көптен тілек сұрады:
— Татулықпен сына күшіңді, —
Деп жалынып, жылады.
1500 Тау басында қара тас
Жатыр, өне, қарашы.
Жауласпаңдар өзді-өзің,
Болайын мен арашы.
Ашуды тастап, батырлар,
Соны атып қарашы.
Онша да мұнша қамал жоқ
Алмаған адам баласы.
Кезекпен бөрің атыңдар,
Қалмасын тасқа жаласы.
1510 Содан анық көрінер
Батыр мен батыр арасы...
Батырлардың баршасы
Қарт сөзіне көнеді.

- Садақтарын асынып,
Тауға қарай жөнеді.
Қазандай қара тас жатыр
Тау басында, көреді.
Батырлардың ішінде
Ахмет үлкен, — дер еді,
1520 Үлкенге кезек береді.
Садағын Ақаң кезеді,
Көздеп тартып қалады,
Өтпеді тасқа садағы.
Алау алды кезекті,
Үші өткір жебесін
Сарыжаға керіпті,
Толғап тартып қалады.
Зуылдап оғы барады,
Қара тасқа қадалып,
1530 Төрт елідей жарады.
Көн садақты батыр Көрбетті
Алаңғасар ер еді,
Кезек соған келеді.
Садағын қолға алады,
Толғап тартып қалады.
Қара тасты бұл-дағы
Қарыс сүйем жарады.
Қартқожақ батыр желденді,
Желігіп, жетіп келді енді,
1540 Қара тасты көрді енді.
«Талқандайын тасты», — деп,
Толғап тартып қалады,
Атқан оғы оның да
Төрт қарыстай барады.
Бармағын тістеп Қартқожақ,
Жан-жағына қарады.
Ақырып Ағыс келеді,
Құлаштан садақ кереді,
Жебесі зырлап кетеді,
1550 Қара тасқа жетеді,
Бес қарыстай барады,
Майрылып оғы қалады.

- Қатуланып Қазбан сұр,
Асығып кезек сұрап тұр,
Кезегін енді алады,
Садағын тартып қалады,
Қара тасты шатынатып
Жеті қарыс барады,
Майрылып оғы қалады.
- 1560 Орақтан туған Қарасай
Енді кезек алады.
Қасқайып жетіп барады,
Садағын тартып қалады,
Зуылдаған сұр жебе
Қара тасты жарады.
Тастан өтіп болат оқ,
Қара жерді қабады.
Қайратына батырдың
Хан Еділ таң қалады.
- 1570 Білдірмейд бірақ Еділ хан,
Білдіруге арланды.
«Өзімнен артып кетер», — деп,
Қызғанып сонда, шамданды:
— Байқадың ба, батырлар,
Аталы ердің атысын?!
Қара тасты қақ жарып,
Қарасай тапты қапысын.
Қатардан қалғым келмейді,
Келіп тұр менің қатысқым?
- 1580 «Қарасай сынды ерменен
Күш сынассам», — деп едім.
Садағын Еділ қолға алды,
Өлденеге долданды.
Талабын жастың бір Алла
Сағатында оңғарды.
Атқан оғы Еділдің
Қара тастан өтіпті,
Таудың талай шоқысын
Төңкеріп-ақ кетіпті.
- 1590 Атқан оғын оздырып,
Еділдің көңлі өседі.

- Қайратына мастанып,
Хан Еділ желдей еседі:
«Арық аттар жалданды.
Жүдеген ерлер әлденді.
Рақатта жан, хош кеуіл,
Баршаңа да әл берді.
Ерлік сынап, егесіп,
Көл басында шаттандық.
- 1600 Қол бастаған Ахмет,
Атақты басшым сен едің.
Қиғаштың биік тауынан
Қарауыл, батыр, қарап кел.
Жау шамасын болжап көр,
Аумағы қанша ел екен?»
Хан өмірін қайтармай,
Мойнаққа тоқым салыпты,
Ерді ерттеп алыпты.
Бес қаруын асынып,
- 1610 Мінгені атқа анық-ты.
Шарықтады, шалқыды,
Астындағы боз мойнақ
Соққан желдей аңқыды.
Қара терге боялып,
Аттың бойы балқыды.
Ор қояндай ырғытып,
Сайлау жерден қарғытып,
Көбелеп тау желеді.
Өтуіне жол қиын
- 1620 Көлденеңнен кез келді.
Тауды төмен ағады,
Жағалап кетіп барады.
Өтетұғын бір кезең
Ақаң батыр табады.
Сол кезеңнен асады,
Атқа қамшы басады,
Жігер қайнап, тасады.
Өтейін десе, өте алмай,
Төтеден өтіп кете алмай,
- 1630 Ақыл-ойға батады.

- Қалың қолдан Қарасай
Ахметке ереді.
Асудың талай қиынын
Қияда ерлер көреді.
Асырмайтын бұл тауды
Қиялап басып, өрлейді.
Қара атқа да күш түсіп,
Жануар содан терлейді
Жан ұшырып жайсаңдар,
1640 Өрмелеп тауға шығады.
Тауға шығу қиын-ды
Қос өкпені сығады.
Ақырды кенет айдаһар,
Сескеніп бұлар, бұғады.
Жата қалып тұлпарлар
Елендеді құлағы.
Қарасы таудай айдаһар
Леппен тартып барады.
Қатулы батыр Қарасай —
1650 Халықтың сенген қарағы.
— Кесірткеден қорыққан,
Ойласам, маған сын екен,
Ерлігіме мін екен.
Маңдайыма тап болған
Айдаһардың күні екен.
Мұны мен «жау» демейін,
Кесірткеге теңейін.
Тас кесетін алмаспен
Ортасынан бөлейін.
1660 Сыпырып алып қабығын,
Құс таңдай қылып өрейін.
Құйрығымен тау соғып,
Лебімен тартып барады.
Ат аяғы тоқтамай,
Жақындап батыр қалады.
Әулиеге ат айтып,
Буынын бекем қатайтып,
Орақтан қалған семсермен
Оралта келіп салады.

- 1670 Айбат шеккен айдаһар
Бүктетіліп қалады,
Аға батыр Ахмет
Қарасай сынды балаға
Қадала сонда қарады.
Жаусыраған батырлар
Қараобаның басынан
Қарауыл қарап тұрады,
Қаланы болжап қарады.
Он екі қатар қақпалы,
- 1680 Бекінген бекем ел екен.
Бұрын-соңды жаулардың
Еш бармаған жері екен.
Шаһардың сырты айнала
Он жеті қатар ор екен.
Айналасы болаттан
Жағалай құрған тор екен.
Мұны көріп Қарасай,
Дулығысы көк болат,
Басына киді бөрікті.
- 1690 Жауға жалғыз шабуға
Өзіне батыр сеніпті.
Гүрзіні қолға алады,
Қорғанға жақын барады,
Гүрзіменен салады,
Айбалтамен шабады,
Талқан қылад қаланы,
Мұны көрген қалмақтар,
Барабанын қағады.
Сан жетпейтін қалың қол
- 1700 Батырды қамап алады.
Қас жауымен қасқарып
Қарсыласып барады.
Қабан құлақ қарамен
Қашқан жауын орады,
Құрыды қалмақ амалы,
Еркін шауып, еліріп,
Еріңнің жүрді талабы.
Қу томардай құлатып,

- Талайдың басын қағады.
1710 Қарсы келген жауларды
Қарсысынан шабады.
Жылға-жылға жерлерден
Жылжып қан да ағады.
Төбінгіден тесе атты,
Үзенгіден кесе атты.
Қабаттасып келгенін
Қабатынан қоса атты.
Талайларын құлатты,
Батырларын сұлатты,
1720 Алмасы өткір қияқты,
Арыстандай сияқты,
Жалғыз жүріп Қарасай
Осындай салды бүлікті.
Қарауыл хан еңіреп
Қарасайдың алдында
Қол қусырып тұрышты,
Аяғына бас ұрышты.
Қаһарлы туған Қарасай
1730 Мойнына арқан салады,
Жетектеп ханды алады.
Екі көзі қызарып,
Ұшқын атып жанады.
Хан Еділдің алдына
Сүйретіп алып барады.
— Елдің басы — ер Еділ,
Өміріңмен барғанмын.
Мекені берік жау екен,
Көрген шақта таңдандым.
1740 Айтқан сөзі анамның
Өтірік емес, жөн екен,
Қауіп-қатер көп екен,
Беріктегі ел екен.
Бұрын-соңды бұл елге
Жау бармаған жер екен.
Сол қалаға бардым мен,
Ойран-бүлік салдым мен.
Қарауыл ханның қол астын

- Түгел шауып алдым мен.
1750 Қалмақтың ханы мінекей,
Қолыңа әкеп бердім мен.
Сонда Еділ сөйледі:
«Ханын айдап келдім», деп,
Өтірік айтпа сен маған.
Қолыңа оңай түспейді
Қалмақтың ханы ол, — деді.
Бұл сөзіңе нанбаймын,
Сөзіңе құлақ салмаймын!».
Қарасайға сөз бермей
- 1760 Қази атып тұрады:
«Садаға кет, ант ұрған,
Баба түкті бабамнан!
Хан қойған соң, құтырып,
Алдың ба енді жағамнан.
Ала алмай жүрген бар ма өшің
Жауыңды жеңген ағамнан?!
Боққа шыққан сүйрік ең,
Жаңылдың ба тобаңнан?!
Шақырды ашу хан Еділ,
- 1770 Болды сонда көп дабыр.
Ерлердің сезіп арасын,
Сөйледі Сыпыра — қарт бұлбұл:
— Жеті ханды өткергем
Сендерден бұрын, балалар!
Данышпан хандар қашан да
Ер ерлігін бағалар,
Ер де елді сағалар.
Өзді-өздерің керіссең,
Дұшпаның білген табалар.
- 1780 Ала ауыз болсаң, Еділ хан,
Аузыңдағы жоғалар.
Жанжалды қойып, жауға шап,
Дұшпаның білген табалар.
Қарт сөзі екі болмады.
Мақұлдап, көп те қолдады.
Суыт жүріп батырлар,
Қызылбасты шаппаққа
Тәуекелдеп бет алды.

- Жау тұсына келеді,
1790 Шамалап ерлер көреді,
Өр батырды бас қылып,
Жүз кісіден бөледі.
Тұс-тұстан жауға тимекке
Бекініп ерлер жөнөді.
Алшынның ұлы — Алауы
Тастады іліп жалауын,
Жүз батырын жүздіріп,
Бұзды жаудың қамалын.
Айсаның ұлы Ахмет,
1800 Айбыны, күшті құдірет,
Бір бүйірден ол тиді
Жауар күндей күркіреп,
Қамалды бұзып, кетті өтіп,
Сілкініп дүние, дүрілдеп.
Тигеннен жауды еңіретті
Көн садақты Көрбетті,
Тас қорғанды талқандап,
Тар кезеңнен ол да өтті.
Қатулы батыр Қартқожақ
1810 Азу тісін қайрады,
Ақ көбік шашып тұлпары,
Ор қояндай ойнады,
Жүрген жері жосадай,
Көпіршіп қан, қайнады,
Найзаға тізіп өлігін,
Тірісін қойдай айдады.
Қызылбасты қыруға
Құмартты сондай, тоймады.
Жаңбыршының ұлы Ағыс-ты,
1820 Бір тұстан салды соғысты,
Тасыған дария сеңіндей
Өлік пен қан тоғысты.
Тоғыз жасар Қазбансұр,
Жау еді жастың тілегі,
Жау ішінде жайнаңдап,
Сыбанулы білегі.
Қанша қалмақ қамасын,
Айнымады жүрегі.

- Жаудың күнін салдырды.
1830 Қарасай мен ер Қазі:
«Бабам!» деп ұран салып жүр,
Тізгін қосып екеуі,
Семсерін қанға малып жүр,
Талайдың басын қағып жүр.
Қаланы алып болғанда,
Қарауытқан түн болды.
Батырлар бәрі бас қосып,
Сапарлары оң болды.
Тыныс ала бергенде,
1840 Тыңнан келді бір хабар:
«Жау алды, — деп, — бар жолды».
Қарасай естіп, ақырды,
Аруағын шақырды,
Қараға басты тақымды.
«Қайдасың?» — деп, Қазиды
Қатулана шақырды.
Қарасай мен Қазі ер
Ақырып жауға тиеді.
Қаннан бұлақ ағызып,
1850 Өліктен оба үйеді.
Қара жүрек Қызылбас
Жерден кебін киеді.
Ердің ерлік істерін
Жырлауды жаным сүйеді.
Жау қырылып болады,
Жол да еркін қалады.
Әскерлерін түгендеп
Батырдың бәрі санады.
Жүз нөкер мен Еділ хан
1860 Жоқ болып топта шығады.
«Аламыз, — деп, — ер құнын»,
Ерлер қайта аттанды.
Кектенсе, көрмес ер тыным,
Егеліп, тегіс саптанды.
«Қара да емес, хан құны», —
Деп, батырлар оқтанды.
Ашу, намыс кек кернеп,

- Көздерінен от жанды.
 Жанталас майдан басталды.
 1870 Домалап доптай бас қалды.
 Қарасай Қази — екі өрен
 Батырларды басқарды.
 Жердің көгі жабысып,
 Боялып қанға тас қалды.
 Тұманнан күнді көрмеді,
 Семсерін кезек сермеді.
 Құлаштап салып найзаны,
 Бұқтырып жауды, өрледі.
 Осылай тасып жүргенде,
 1880 Жараланды Қарасай,
 Қызумен өзі білмеді.
 Сорғалап аққан ыстық қан
 Құртып барад сүлдені,
 Аққан қаннан әлсіреп,
 Қарасай аттан құлады.
 Қабан құлақ қарасы
 Қасынан кетпей тұрады.
 Тұрпарды көріп Қази ер,
 Атының басын бұрады.
 1890 «Қарасай жазым болды-ау!» — деп,
 Жүрегі ердің ұрады.
 Екпіндеп Қази келеді,
 Ағасын жатқан көреді.
 Жатқанына арланып,
 Түйдектеп сөйлей береді:
 — Ініден төмен болар ма
 Алдында өскен ағасы?!
 Ер жігітке бата ма
 Жаудың салған жарасы?!
 1900 Қарасай саған не болды,
 Қанды-ау Қызылбас табасы?!
 Ашуланып Қарасай,
 Қайраты тасып қызады,
 Қанын тартып ішіне,
 Суытып түсін, бұзады,
 Не болды бүгін маған? деп.
 Тілі тиді Қазидың,

- Өңменен өтті жаман, деп.
Бірге туған Қазидан
1910 Қалайша кейін қалам? деп,
Шамырқанып, шамданып,
Қарасай батыр арланып,
Пірлерден жәрдем сұрады.
Сауытының сыртына
Түгі тұтам шығады,
Есін жинап алады.
Енді ұмытты батырың
Денедегі жараны.
Айбаттанып ақырып,
1920 Жан-жағына қарады.
Қанталаған қара көз
Қазиды шолып қарады.
Темір тікен секілді
Бетінің түгін көреді.
Түйіліпті қабағы,
Кейігенін біледі.
Жараны таңып жалма-жан,
Қабан құлаққа мінеді.
Айбаттанып ақырып,
1930 Қайта жауға кіреді.
Бұрынғыдан артықша
Бойына қуат барады,
Кеуде ашуға толады.
Келген жерден талайын
Қарасай ерің жояды.
Еш нәрсені білмеді,
Үш қырлы өткір жебемен
Кез келгенін түйреді.
Бір кезде майдан басылды,
1940 Қара түнек ашылды,
Самсаған қол, сарбаздар
Біріне-бірі қосылды.
Қызылбас жерін шарлады,
Жабыла іздеп жамырады
Еділ сынды жас ұлды.
Қайтпайтын беті, қасқарған

- Қази сондай ер еді.
Тастан салған зынданның
Есігін бұзып кіреді.
- 1950 Қапаста жатқан қаріптің
Босатып бәрін жіберді.
Көзіне түспей Еділ хан,
Түтігіп батыр, жүдеді.
Алыстан талып зарлы үн
Құлағыңа келеді.
«Елім-жұртым, ерлерім
Хабарсыз қалды алыста.
Ен жауда қалып, ерлерім,
Кім салар құлақ дабысқа.
- 1960 Қарасай, Қази — қаһарман,
Кеттіңдер ме шынымен
Бір бұрылмай намысқа?!».
Сонда Қази тыңдады,
Зарлы үн ерді шыңдады.
Үн шыққан жаққа жөнелді,
Дәт тұтып батыр тұрмады.
Жапырып жауын келеді,
Самсаған қолды көреді,
Арбада Еділ жегулі,
- 1970 Мойнында қамыт тұр еді.
Арбаны тізіп, тіркеген,
Құрыммен бетін бүркеген.
Денеден кеткен торы еті,
Тірі адамның суреті,
Еділді Қази біледі.
Сонда батыр долданды,
Тас шоқпарын қолға алды.
Құлдарды ұрып, жапырды,
Жүрегін жара ақырды.
- 1980 Еділ ханды босатып,
Қызылбас көзін батырды.
Ханын ертіп Қази ер,
Ерлерге келіп қосылды.
Елдің жоғын тауып кеп,
Қуандырып қосынды.

- Қызылбас елін талқандап,
Төптектерін тұтқынға ап,
Алдына салып жылқысын,
Тыйды жауды күлкісін.
- 1990 Қызылбас сынды дұшпанның
Сындырды азу бар тісін.
Кекті жаудан кек алып,
Батырлар елге жол шекті
Қазиналы көп олжа
Ер көңілін желдентті.
Жырлаған еркін шаттық үн
Ен даланы күңіrentті.
Ежелгі жауын жаншып,
Еліне бәрі бет алды.
- 2000 Естеріне ел түсіп,
Ер жүрегі от жанды.
Тау мен тасты тербетіп
Қосылып бәрі ән салды.
Қашаннан сақ Қарасай
Тоқтай қалды кенеттен.
Алыстан сонда естілді
Қоңырау даусы күңіrentкен.
Дыбысқа қарай бой ұрып,
Ізімен Қази шабады.
- 2010 Көзді ашып-жұмғанша
Қасына жетіп барады.
Қоршаған әскер төрт жағын
Көк күймені көзі шалады.
Ағып өтіп жанынан,
Алдынан қарсы орады
— Кім болад?» — деп, бұрылып,
Күймені Қази сұрады.
Сонда тұрып бас уәзір
Батырға жауап береді:
- 2020 — Ханымыздың еркесі,
Екі анаға тел еді.
Күлсе, күміс төгілген,
«Күнсұлу» атын дер еді.
Тең құрбыға сөйлесе,
Бикештің сөзі өр еді.

- Екі көзі шамшырақ,
Қараған жігіт қадала
Көзінен жүзін көреді.
Тізілген тісі ақ маржан,
2030 Ақ патса басқан мөр еді.
Білгің келсе, ей, мырза,
Ерке бикеш зерігіп,
Серуендеп келеді.
Сонда Қази сөйлейді:
— Көрсем, — деймін, — хан қызын,
Күннен сұлу ақ жүзін.
Ұнатсам, өзім аламын.
Ұнатпасам, бикешті
Ат көтіне саламын,
2040 Еліме алып барамын.
Менің атым — ер Қази,
Орақтан туған баламын.
Ұрпағымын
Қаһарман қазақ боламын.
Қыз нөкері қызарып,
Серпіле берді күймеден.
Күймеге келіп ер Қази,
Ашулы үнмен сөйлеген:
— Басыңды көтер, керік қыз,
2050 Көруге сені келдік біз.
Тербетіп тұрар уақыт жоқ,
Мініңіз атқа, келіп сіз!
Дегеніме көнбесең,
Көнгеніңді білесің.
Сыйлағанды білмесең,
Жер басып, тірі жүрмессің!
Күймеден түсіп хан қызы,
Батырға басын иеді.
Шыдай алмай қорлыққа,
2060 Жалындап іші, күйеді.
Батырдың айтқан әр сөзі
Жанына оқ боп тиеді.
Бикеш қолын қусырып,
Сонда сөйлей жөнелді:

- Қазақтың батыр ұлы да
Мұндай долы болар ма?!
Заманы бірге құрбыға
Сөзбен жара салар ма?!
Төреле өзің, батырым,
2070 Мұны да «мін» деп ойласаң,
Сөзіңе көңлім толар ма?!
Қарсы тұрар халім жоқ,
Дегеніңе көнемін.
Қорғап алар жарым жоқ,
Жетегіңе еремін.
Болғанда мен хан қызы,
Сен — батыры қазақтың.
Лайықта да, алып жүр,
Ерікті саған беремін.
2080 Қази ер сөзден жеңіліп,
Не дерін сонда білмеді.
— Күймеңе мін, Күнсұлу!
Қосынға қарай жүр, — деді.
«Хан қызына мін болар
Жайдақ атқа салғаным.
Ерлігіме мін болар
Күнсұлуды алғаным»,
Деп ойлаған Қази ер
Қосынға алып келеді.
2090 Қосындағы көп қолы
Тұтқын қызды көреді.
Тарту қылып олжасын,
Еділ ханға береді.
Салтанатын өзгертпей,
Күнсұлу сынды сұлуды
Елге алып жөнеді.
Алысқан жауын адақтап,
Қарасай, Қази — ерлердің
Еліне қайтқан жері еді.
Ел айтқан ертектің
Бір саласын жыр етіп
2102 Қарт жырауың береді.

Қарасай, Қази

(Құдайберген Шоқаев нұсқасы)

- Сөзді бастап көрейін,
Қайырман көптің мерейін.
Құлақ салып тыңдасаң,
Қанды Орақтай батырдың
Олжа әкеліп, бөлгенін,
Әркімдерге бергенін
Сендерге айтып берейін.
Бөтенге ақыл шашпайын,
Осы арадан бастайын.
- 10 Қанды Орақтай батырдың
Олжа әкеліп, бөлгенін,
Әркімдерге бергенін
Сендерге айтып тастайын.
Орақ елге келіпті,
Олжаларын бөліпті.
Ақтүйме деген сұлуды
Ағасы — хан Мамайға беріпті.
Көктегей деген тұлпарды
Телағысқа беріпті.
- 20 Көкшәулі деген сұңқарды
Қарабекке беріпті.
Қанды қанжар, екі алмас
Қарасай, Қази — баласы
Мирас қылып, іліпті.
Орақ елге келгенде,
Олжаларын бөлгенде,
Жиырма сегіз інісі —
Бұлар елде жоқ еді,
Мал жайыңда жүр еді.

- 30 Орақтың елге келгенін,
Олжаларын бөлгенін
Бұлар анық біледі.
Жиырма сегіз інісі
Сонда тұрып кеңесті,
Кеңескенде, не десті?
Ең үлкені бұлардың
Алу Сары деп еді,
Алу Сары сөйледі:
— Орақ елге келіпті,
40 Олжаларын бөліпті.
Ақтүйме деген сұлу қыз
Ағасы — хан Мамайға беріпті.

- Көктегей деген тұлпарды
Атасы басқа бір Ноғай —
Телағысқа беріпті.
Көкшәулі деген сұңқарды
Қарабекке беріпті.
Қанды қанжар, екі алмас
Қарасай, Қазі — баласы,
50 Соған арнап іліпті.
Босқа тастап біздерді,
Не себепті желікті?
Арқамызбен біздердің
Батыр болып, жау жаулап,
Атқа мініп жүріпті.
Орақ туған Мұсадан
Біз де туған жоқ па едік?
Бұл қорлыққа көнбелік,
Қанды Орақты өлтіріп,
60 Қолымыздан жерлелік.
Бір екеуміз би болып,
Бір екеуміз ер болып,
Арғы шеті Қырымды,
Бергі шеті Сарайды,
Түсіріп тақтан Мамайды,
Өздеріміз сұралық.

- Ер Сыйдақ деген біреуі
Сонда тұрып сөйледі.
— Мен айтамын, түр! — деді,
- 70 Батырлығы Орақтың
Бізден гөрі зор, — деді.
Хан таңбалы ат мініп,
Қарағай найза қарға іліп,
Он сегіз мың адамға
Жалғыз шауып жүр, — деді.
Орақ бізге алдырмас,
Бұл бір жүрген сұңқар ғой,
Жалғыз да болса, шалдырмас.
Біз бір малды соялық,
- 80 Қанды Орақты шақырып,
Ортамызға алалық,
Алдына тамақ қоялық.
Тамаққа қолды салғанда,
Қауіпсіз батыр тұрғанда,
Есіктен келіп екеуіміз,
Төрде тұрып төртеуіміз,
Жабықтан келіп жетеуіміз,
Тұс-тұстан найза салайық.
Қорқыратып, Орақтың
- 90 Қанын ішіп, тоялық.
Мәжілісті, жігіттер,
Осы араға қоялық.

Әлқисса, сонда Тобаяқтың айтқаны: «Орақ өлмейді. Орақтың өлетін амалы мынау: Орақта аруақ бар. Әйелінің қасына жатқан уақытта үстіне оған құсыл суын құймаса, аруағы қонбайды. Мен Ораққа барамын. Еншілес боламын. Әкем бір, шешем басқа, «Мен жамандық қылар», — деп ойламайды. Мен сол жатқан уақытында алмасты ұрлап аламын. Жүзін төрге қаратып, есікке кесе керіп байлап кетемін. Атқа мінімінде, жылқыны дүркіретіп қуа беремін. Сол уақытта Орақ орнынан ұшып тұрады. Қараңғы үйде су құюды білмей, сасып, есікке қарай жүгіргенде, керулі алмасқа ұрынып, ортасынан бөлініп, өледі. Осы айламен аламын», — деді Тобаяқ. Сөйтті де, атқа мініп, жүріп кетті.

- Бұл сөзді айтып Тобаяқ,
Енді атына мінеді,
Қарына найза іледі.
Туысы жаман ант ұрған
Бірге туған ағасын
Өлтірмек болып келеді.
Сол күні жүріп күнімен,
100 Тағы да жүріп түнімен,
Қанды Ораққа келеді.
Орақтың көзі көреді,
Көріп, сәлем береді.
«Ассалаумаәлейкөм,
Айдынды туған Орағым!
Жауда ойнаған жарағың.
Орағым аман келгей, — деп,
Кешегі кеткен сапардан,
Қарағым, сені сұрадым.
110 Құлақ салып, тыңдасаң,
Сенен бар менің сұрағым.
Мен қолыңа кірейін,
Еншілес болып жүрейін,
Тілегімді бер, — деді.
Мұсадан туған көп жаман,
Көрмеймін оны мен, — деді,
Бұл сөзіме сен», — деді.
Батыр аңқау, ер көдек,
Бұл сөзіне сенеді,
120 Бұл тілегін береді.
Қанды Орақтың қолында
Еншілес болып жүреді.
Бір уақыттар болғанда,
Орақ ұйықтай қалғанда,
Тобаяқ үйге кіреді.
Қанды Орақтай батырдың
Ұйықтағанын біледі.
Ілулі тұрған алмасты
Білдірмей ұрлап алады.
130 Есікке жақын келеді,
Алмасты келіп кереді.

- Атына мініп Тобаяқ,
Толып жатқан көп жылқы
Қуып алып жөнелді,
Мұны Орақ білмеді.
Қайтып келіп тұсына,
Тобаяқ тағы сөйледі,
Сөйлегенде, бүй деді:
«Ассалаумаәлейкөм,
140 Айдынды туған Орағым!
Жауда ойнаған жарағың.
Үстіңе дұшпан келгенде,
Түнде келіп төнгенде,
Жатырсың не қып, қарағым?
Қапыл жатып ұйқыда,
Енді болдың шерменде.
Аттаншы, Орақ! Аттан!» — деп,
Тобаяқ айқай салады.
Айқайлаған дауысы
150 Ұйықтап жатқан Орақтың
Құлағына сол кезде
Сар-сар дауыс барады.
Төсектен тұра жүгірді,
Екі қолды сермеді.
Таба алмады алмасты,
Қараңғы үйдің ішінде
Қайда екенін білмеді.
Қасындағы қатыны
Етегіне жабысты.
160 «Батыр, ғұсыл суын құй, — деді,
Киіміңді ки, — деді.
Ер қаруы — бес қару
Беліңе дұрыс іл, — деді.
Тобаяқтай залымға
Сенбеймін тіпті мен, — деді.
Кеткенің арам — нең? — деді.
Тазаланып алуың,
Батыр, саған жөн, — деді.
Екі әйелдің баласы,
170 Жақсы болса, бір, — деді.

- Жаман болса, айтайын,
Екі рулы ел, — деді.
Тобаяқтай залымға
Сенемісің сен? — деді,
Жібермеймін мен», — деді.
Етектен әйел жабысып,
Әйелдің тілін алуға
Ойлап тұр Орақ намысты.
Жұлып алып етекті,
180 Есіктен шыға бергенде
Керулі тұрған алмасқа
Ұйқылы көзбен ұрынды,
Ортасынан бөлінді.
Сыртқа ұшып кеудесі,
Іште қалып бөксесі.
Ашумен батыр ақырды,
Ақырған қатты даусы
Жер түгіл, көкті жапырды.
«Қайда кеттің, ана?» — деп,
190 Қараүлектей кемпірді
Қанды Орақ батыр шақырды.
Қараүлек жетіп келеді,
Қанды Орақты көреді.
Жаманның еткен залалын,
Кереметтей кемпір ғой,
Айтпаса да, біледі.
Сол уақытта Орақтың
Сөйлейтін әлі бар еді.
Сонда Орақ сөйлейді:
200 «Қараүлек ана — сен, — дейді,
Бермен жақын кел, — деді.
Байқадың ба балаңды?
Қапыда кеттім мен, — деді.
Құлықтан туған құлынның
Ат боларын білмедім.
Жаман туған жақынның
Жат боларын білмедім.
Бірге туған адамнан
Мұндай істің басыма

- 210 Тап боларын білмедім.
Қараулек ана — сен, — деді,
Бермен жақын кел, — деді.
Ішімде бар еді үш арман,
Бітірмей кеттім мен, — деді.
Қарасай болса ер, — деді,
Құлағына сал, — деді.
Үш арманым бар, — деді,
Тобаяққа тимесін
Төрт аяқты мал, — деді.
- 220 Бір арманымды айтайын:
Орал, Орал, Орал тау,
Орал таудай тау болмас.
Орал таудың баурында
Шұбырып жүрген бес тұлпар.
Бес тұлпардай мал болмас,
Бес тұлпардың ішінде
Ешкі тұяқ қызыл ат,
Қызыл аттай мал болмас.
Иесі мұның Көкше қарт,
- 230 Сол Көкшеден қызылды
Тартып алып ерлікпен,
Міне алмай, кетіп барамын.
Бір арманым — сол, — деді.
«Қарасай, Қази қос жетім
Адам болып Ер жетсе,
Ер Көкшені өкіртіп,
Қызыл атты секіртіп,
Тартып мінсін», — дегенім.
Екінші менің арманым
- 240 Тағы да, ана, бар, — дейді,
Ер жеткен күні жетімнің
Құлағына сал, — деді.
Бұл арманды айтайын:
Бірге туған Мамайым,
Бермеді бала Құдайым.
Сол секілді Мамайдың
Бір күлгенін көрмедім,
Бір күлдіріп, өлмедім.

- «Күлер ме екен Мамай?» — деп,
250 Бере ме екен Құдай?» — деп,
Теңселтіп жорға мінгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Қамадай қанды қасты бет
Сұлуды таңдай сүйгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Жазығы жоқ, кінә жоқ,
Өгізтаудың басында
Балуан сұлтан ханды өлтіріп,
Тағын тартып, мінгіздім,
260 Мұнда да Мамай күлмеді.
Күлмегенінің себебі:
Етегін тартып бір бала,
Артынан оның ермеді.
Күлмегеннің себебі
Мамайымның сол, — деді.
«Қарасай болса ер, — деді,
Қайғылы Мамай атасын
Бір күлдірсін», — деп едім,
Бір арманым — сол, — деді.
270 Адам болып, ер жетсе,
Айтарсың, ана, сен деді.
Үшінші менің арманым
Тағы да, ана, бар, — деді.
Алты айшылық жолы бар,
Үш айшылық шөлі бар,
Қиғаш деген тауы бар,
Қызылбас деген жауы бар,
Бір жағында оры бар,
Бір жағында соры бар,
280 Сондай қиын жолы бар,
Бұрғымен тескен тесік бар.
Адам тартса, ашылмас
Тастан құйған есік бар.
Сол Қиғаштың тауынан
Аса алмай кетіп барамын.
Кеулімдегі арманды
Баса алмай кетіп барамын.

- Тастан құйған есігін,
Қайратымды бір сынап,
290 Аша алмай кетіп барамын.
Он екі қақпа ханы бар,
Ала алмай кетіп барамын.
Мұсылманды хақ жолға
Сала алмай кетіп барамын.
«Қарасай болса ер, — деді,
Сол Қиғаштың тауына
Бір киліксе», — деп едім,
Бір арманым — сол, — деді.
Адам болып, ер жетсе,
300 Айтасың, ана, сен», — деді.
Арманын айтып Қанды Орақ,
Дүниеден қайтып жөнелді.
Орақ батыр өлгесін,
Арада неше ай өтеді,
Неше дүркін күн өтті,
Қарасай, Қазиді — қос жетім
Адам болып, ер жетті.

Әлқисса, бұл кезде Шынтемір хан өліп, баласы — Әділ он бір жасында әкесінің орнына хан болып сайланған еді. Әділ Қарасай мен Қазидың жан қиярлық досы екен. Бір күні Әділ ой ойлапты: «Осы менің достарымның атасы батыр болған. Солардың ала алмаған жаулары бар ма екен?» — деп, ойға келіп, және «Қарасай, Қазиді — достарымның батырлығы солардай ма екен?» — деп, достарын шақырып алып, сұраған жері екен.

Сонда Әділдің Қарасай, Қазиді айтқаны:

- Ай, Қарасай, Қарасай!
Қанды Орақтың баласы-ай!
310 Саған кімнің шарасы-ай!?
Арғы атаңды айтайын:
Баба түкті шашты Әзіз,
Одан туған Нұрадды
Араласқан әскерін
Құтқармаған бір адым,

- Жасынан берген мұрадын.
Бұдан туған хан Мұса.
Айға қолын сермеген,
Дұшпанға теңдік бермеген
- 320 Отыз ұлдың бабасы,
Мұсаға кімнің шарасы?!
Бұдан туған кешегі
Орақ пенен Мамай-ды.
Бұл өзіме белгілі,
Қалай десем, солай-ды.
Орақтан туған — сен, — деді,
Сенің досың — мен, — деді,
Ноғай Ноғай болғанда,
Оралға Ноғай қонғанда,
- 330 Орақтың барған ол жауын
Әркімдер де алып жүр.
Сол секілді атаңның
Алмаған жауы бар ма еді?
Бармаған жауы бар ма еді?
Білесін бе сен? — деді.
Білетін болсаң сен, — деді,
Әскер жинап қырық мың,
Болайын басшы мен, — деді.
Қарасай сонда сөйледі:
- 340 — Алдымдағы Әділ хан,
Менің досым — сен, — деді,
Сенің досың — мен, — деді,
Сұрағаның жөн, — деді.
Ноғай Ноғай болғанда,
Оралға Ноғай қонғанда,
Орақтың барған ол жауын
Екінің бірі алып жүр,
Барып, ойран салып жүр.
Ол күнде мен атадан жас қалдым,
- 350 Мен ақылдан бос қалдым,
Білмей қалдым мен, — деді.
Бұл ақылын танбаса,
Ол азуын шалмаса,
Бұрынғы жанның арты еді,

- Бүгінгінің қарты еді,
Әулие туған жан еді,
Кереметі бар еді,
Орақ пенен Мамайдың —
Қараүлек кемпір — анасы,
360 Білетін шығар сол, — деді,
Сұрайық содан, кел, — деді.
Атыңа, Әділ, мін, — деді,
Қасыма менің ер, — деді.
Қарасай, Қази — қос батыр,
Әділменен үш батыр
Алдырып атын, мінеді.
«Сұрайық», — деп үшеуі,
Қараүлекке келеді.
Осындай жақын келгенде,
370 Қараүлектей кемпірге
Қарасай сәлем береді.
— Ассалаумаәлейкөм,
Алдияр сұлтан — ханымсың!
Ақылды туған данамсың,
Менің әкемді тапқан — сен, — деді,
Сенің балаңнан туған — мен, — деді.
Ноғай Ноғай болғанда,
Оралға Ноғай қонғанда,
Орақтың барған ол жауын
380 Екінің бірі алып жүр,
Барып, ойран салып жүр.
Сол секілді атамның
Алмаған жауы бар ма еді?
Бармаған жауы бар ма еді?
Білесің бе сен? — деді.
Білесің бе балаңды,
Мен де — соның тұқымы,
Аңсырап жүрмін мен?! — деді.
Қараүлектей кемпірің,
390 Көтеріп алып ол басын,
Көзінің төгіп бұл жасын:
— Қарасай, Қази, — қарағым,
Асылдан қалған шырағым,

- Әкең Орақ батырдың
Үш арманы бар еді:
«Бігірем», — десең, шырағым,
Ал тыңдасын құлағың.
Бір арманын айтайын:
«Орал, Орал, Орал тау,
400 Орал таудай тау болмас.
Орал таудың баурыңда
Шұбырып ішкен бес тұлпар,
Бес тұлпардай мал болмас.
Бес тұлпардың ішінде
Ешкі тұяқ қызыл ат,
Иесі мұның — Көкше қарт.
Сол Көкшеден қызылды
Міне алмай кеттім», — деп еді,
Бір арманы сол еді.
- 410 «Адам болып, ер жетсе,
Айтарсың, ана», — деп еді.
Екінші айтқан арманы:
«Бірге туған Мамайым.
Бермеді бала Құдайым.
Сол секілді Мамайдың
Бір күлгенін көрмедім,
Бір күлдіріп, өлмедім.
Күлер ме екен Мамай деп,
Теңселтіп жорға мінгіздім.
- 420 Мұнда да Мамай күлмеді.
Қамадай қасы, қанды бет
Сұлуды таңдап сүйгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Өгізді таудың басында
Сұлтан ханды өлтіріп,
Тағын тартып мінгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Күлмегеннің себебі:
Етегін тартып бір бала
- 430 Артынан мұның ермеді.
Күлмегеннің себебі
Мамайымның сол, — деді.

- Қарасай болса ер, — деді.
Қайғылы Мамай атасын
Бір күлдірсін», — деп еді,
Бір арманы сол еді.
«Адам болып, ер жетсе,
Айтарсың, ана», — деп еді.
Қартайсам да, жадымда,
440 Ұмыт болмай менен жүр еді.
Кемпірің айтып береді,
Саған болса керегі.
Үшінші айтқан арманы
Тағы да, балам, бар, — деді.
Атаңа тарт, қарағым,
Ар жағың болған нар, — деді.
Үшінші айтқан арманы:
«Алты айшылық жолы бар,
Үш айшылық шөлі бар,
450 Қиғаш деген тауы бар,
Қызылбас деген жауы бар,
Бұрғымен тескен тесік бар,
Тастан сементтей құйған есік бар.
Соның арғы жағында
Он екі ханның елі бар.
Сол Қиғаштың тауынан
Аса алмай кетіп барамын,
Тастан құйған есігін
Аша алмай кетіп барамын.
460 Кеулімдегі арманды
Баса алмай кетіп барамын.
Қарасай болса ер, — деді. —
Соған бір киліксін», — деп еді.
Сол Қиғаштың тауына
Бір килігіп көресің.
Ажалың жетсе, өлесің.
Батыр болсаң, барасың,
Қорқақ болсаң, қаласың.
Дұрыс тартсаң Ораққа,
470 Қайратты туған баласың.
Сені жаман бие тапты ма,

Жаман айғыр тапты ма?
 Жатыры құрғыр күйді ме?
 Әкең құмға сиді ме?
 Асылдан қалған нәсілім,
 Біреудің тілі тиді ме?
 Егізде екі болмағыр,
 Жар басына қонбағыр,
 Босқа жүрдің ауылда,
 480 Жаман тудың, оңбағыр!

Үш арманды естіп, Қараүлектен Қарасай тұлпардың жүрген жерін сұрап, қолына жүгенін алып, беліне арқанын шалып, тұлпарға жалғыз өзі жүріп кетті.

Мұны естіп Қарасай —
 Қанды Орақтың баласы-ай,
 Қолына жүген алады,
 Беліне арқан шалады.
 Бес тұлпардың сілтеуін
 Қараүлектен алған соң,
 Неше күндей жер жүріп,
 Орал тауға барады.
 Тұлпардың ізін қарады,
 490 Ізін тауып алады.
 Шөлдегенде ішетін
 Сол секілді тұлпардың
 Бар екен балды бұлағы.
 «Сол бұлаққа келеді, — деп,
 Келгенсін, көзім көреді», — деп,
 Сол бұлақтың басына
 Қарасай жатып алады.
 Сәске мезгіл болғанда
 Шұбырып тұлпар құлады.
 500 Шөлдеп келген тұлпарлар
 Бұлаққа басын қояды.
 Қызыл атты Қарасай
 Тамаша етіп тұрады.
 Қызыл аттың, қараса,
 Артық екен сияғы.

- От орнындай көрінді
Құйған алтын тұяғы.
Төбесінде көрінді
Қайшыланған құлағы.
- 510 Қолтығында көрінді
Құс қанаттың қияғы.
Маңдайында көрінді
Алтынменен қаптаған
Кеседей алтын тұмары.
Қызыл атты көрген соң,
Баланың болды құмары.
Аңдып барып Қарасай,
Бұғалықты салады.
Бас білмеген тұлпар еді,
- 520 Қарасайдай баланы
Тоқтатпай кетіп барады.
«Иә, Алла!» — деп Қарасай,
Өкшесін жерге тіреді.
Үзілмеді, тартса да,
Шыңғырып, көкке атса да,
Бұқардың күлте жібегі
Жіберсін бе бір атты?!
Қанды Орақтың баласы
Құлақтан басып, шыңғыртып,
- 530 Жібермей ұстап тұр еді.
Иесі мұның — Көкше қарт
Сыртынан бағып жүр еді.
Қызыл атты біреудің
Ұстағанын көреді,
Қасына жетіп келеді.
Осындай жақын келгенде,
Қанды Орақтың баласы —
Қарасай жетім екенін
Аруағынан біледі.
- 540 Оның білген себебі:
Қанды Орақтың аруағы
«Бір ақ бұлт», — деп еді.
Сол уақытта ақ бұлт
Қарасайдың үстіне

- Көлеңке салып тұр еді.
«Орақтан туған қос жетім —
Қарасай, Қазы бар», — деген
Құлаққа бұрын келеді.
Сол екенін білгесін,
550 «Сынайын деп баланы»,
Көкше сөйлей береді.
— Ай, қу жетім, қу жетім!
Ақылы жоқ, кем жетім!
Менің қызыл атымды
Мінгенің ұстап — нең, жетім?!
Берем бе саған мен, жетім?!
Ай, Қарасай, Қарасай —
Қанды Орақтың баласы-ай!
Атымды неге мінесін,
560 Көргенсіз иттің баласы-ай?!
Атымды қазір бер, — деді,
Сен сықылды жетімге
Ат берем бе мен?! — деді.
Сенің әкең — қанды Орақ
Қатар өсті менімен.
Мінбек түгіл атымды,
Маңайыма келмеді.
Қарасай сонда сөйледі:
— Не сөйлейсің, Көкше қарт?!
570 Тілің ащы сен — бір сарт.
Көргенсіз иттің баласы
Мен емеспін, сен, — деді,
Енді, қартым, тілің тарт.
Бұрын болса сенікі,
Бүгін болды менікі,
Ізіңмен, бабам, кейін қайт.
Айтқан сөзің жөн емес,
Сен секілді дұшпанға
Ат беретін мен емес.
580 Қанды Орақтың баласы
Әкесінен кем емес.
Сонда Көкше сөйлейді:
— Көкше қартың мен едім,

- Өкеңді көрген ер едім.
Қызыл атты сен түгіл,
Өкең — Қанды Ораққа бермедім.
Өкең ұстап мінбеген,
Балам саған кейідім.
Ашумен айтқан бір сөзім
- 590 Келген шығар кеуліңе.
Сақалымның ағы бар,
Тағы бір атым тағы бар,
Не қылсаң да, өзің біл,
Салдым, балам, өзіңе.
Өкең Орақ батырдың
Тартыпсың, балам, өзіне.
Аты құрсын, не етейін?
Атсыз-ақ болып, өтейін,
Ұлықсат берсең өзіме.
- 600 Қарасай сонда сөйледі:
— Алдымдағы қартым-ай!
Ашуыңнан қайттың-ай!
Шығып едім ауылдан
Мінуге атты тартып-ай,
Маған шамаң келмейтін
Түсіндім сөздің парқын-ай
Атыңның майын мінейін,
Атыңның майын төлейін.
Төлеуге малым жетпесе,
- 610 Қарындасым — қыз Қибат,
Үлкенсінбей мен сені,
Құшағыңа берейін.
Сонда қартың не деді?
Ес-ақылы келеді,
Атқа салды шідерді,
Атынан үзді күдерді.
Қыз Қибатты айтқанда,
Қыз деген құрғыр қиын ғой,
Көкше күліп жіберді.
- 620 Сонда Көкше сөйлейді:
— Қибатқа алған қызыл ат —
Жал құйрығы ұзын ат.

- Кете бер, бала, кете бер,
Біздің ат емес, сіздің ат.
Қызыл атты Қарасай
Сол себепті мінеді.
Әкесінің тапсырған
Бір арманы сол еді.
Қызыл атты ойнатып
630 Елге қарай желеді.
Былай шығып алғасын,
Қыз түгіл, оған дым да жоқ,
Үлкендігін еске алып,
Дәлелдей айтқан сөзі еді.
Сол заманның шағында
Әлеуке деген ауыр қол
Ел шетіне келіпті,
«Қанды Орақ өлді», — деген соң,
Хан Мамай жалғыз қалған соң,
640 «Хан Мамайдың басына
Салайын, — деп, — бүлікті».
Алдынан шығып әскердің,
Хан Мамайдай қартыңыз
Ала алмай жатқан жері еді.
Мұсадан туған көп жаман
Өлтіретін Орақты —
Қасына ерген көмегі.
Туысқанды өлтірген
Мұсадан туған көп жаман
650 Кімге опа береді?
Тоқсан бес жерден ту алып,
Мамайды көріп, қуанып,
Әскер қоршап келгенде,
Жалғыз тастап Мамайды,
Қасына ерген көп жаман
Қашып кетті», — деп еді.
Қашайын десе, арланып,
Сүйегі асыл — шар болат,
Иә, іні жоқ, бала жоқ,
660 Қасында әскер және жоқ,
Тарығып Мамай тұр еді.

- Тарығып тұрған Мамайға,
Қарасайдың жолы еді,
Қызыл атты ойнатып
Қарасай жетіп келеді,
Атасын Мамай көреді.
Жаңа шыққан жас қыран
Әскерге келіп тиеді.
Садақпен саржа оқ атқан,
670 Алды-артына тең атқан,
Орақтап алып ұранды-ай,
Ұмтылды бала қырандай.
Шыдатсың ба Қарасай,
Тоз-тоз қылды бұларды-ай,
Жауға шапты Орақтай,
Жарқылдатып жарақты-ай.
Тозғындатып қырып жүр,
Төңірі оңғарып талапты-ай.
Құтқармайды қашқанын,
680 Қызыл ат сондай қанатты-ай.
Сыртында тұрып хан Мамай,
Қарасайдай баланың
Қайратын көріп, ұнатты-ай.
Ер екенін біліпті,
«Орақ інім келді, — деп,
Қарасай менен Қазимым
Орағымдай болды, — деп,
Кемімеспін енді», — деп,
Баланы сынап көріпті.
690 Хан Мамайдың қасына
Қарасай жетіп келіпті,
Келіп, сәлем беріпті.
Осындай жақын келгенде,
Хан Мамайдай қартыңыз
Риза болып балаға,
Езуін тартып күліпті,
Күлгенін бала көріпті.
«Күлдірдім, — деп, — атамды»,
Ішінен бала жорыпты.
700 Бір шыққанда Қарасай,

Қызыл атты тартып бұл мініп,
Атасын Мамай күлдіріп,
Сонымен елге келіпті.

Әлқисса, сонда Әділ қырық мың әскер жинап, Қарасай, Қазидостарын қасына ертіп, Орақтың үшінші арман-мақсұтын орындауға аттанған жері. Қалың қол жауға аттанып бара жатқанда Қазидостан қайтып, анасы — Қараүлектен «Бірінші аттануым еді», — деп, бата сұрап тұрған жері.

— Қырық мың болып құралды-ай,
Көк темірге оранды-ай.
Жас Әділді хан қылып,
Қырымнан айдап шығарды-ай.
Батасын алып кетуге,
Артынан қуып жетуге,
Қараүлектей кемпірге
710 Қазидостан келеді,
Көп ішінде тұра алмай.
— Ассалаумаәлейкөм!
Алдияр сұлтан — анамсың,
Ақылды туған данамсың.
«Менің әкемді тапқан — сен, — деді,
Келді балаң — мен, — деді.
Ноғай Ноғай болғанда,
Оралға Ноғай қонғанда,
Орақтың барған ол жауын
720 Екінің бірі алып жүр,
Барып, ойран салып жүр.
Сол секілді атамның
Аттанбаған жауына
Аттанып кетіп барамын.
Әкемді тапқан кемпірсің,
Батаңды сенің аламын.
Бұрын жауды көрмеген
Жаңа өспірім баламын.
Екі талай жолым бар,
730 Әлде қандай боламын.
Қараүлектей кемпірің,

- Көтеріп алып ол басын,
Көзінің төгіп бұл жасын,
Қараулек кемпір сөйледі.
— Нұрадындай бабаңыз
Енді болсын жолдасың!
Мұса сұлтан — бұл бабаң
Сапарыңды оңдасын!
Орақ пен Мамай — бұл бабаң
- 740 Қысылған жерде тап болып,
Қолтығыңнан қолдасын!
Қарасай шіркін келмеді,
Кемпірге сәлем бермеді,
Сол шіркіннің білдім ғой
Бұл сапарда оңбасын.
Әуелі шайтан болмаса,
Осы шыққан сапарда
Қысылмас па екен Қарасай?
Батамды алмай бара жатыр.
- 750 Әулиесі әркімнің —
Ата менен анасы-ай.
Көзіңнің қырын салып жүр,
Жаныңа, Қази, алып жүр.
Қысылады бұл жолдан
Жалғыз ағаң Қарасай
Батасын Қази алады.
Қырық мың әскер қолына
Қайтадан шауып барады.

Әділанның шешесі — Бәйбіше ханым Әділ ханның артынан түс көріп, Әділ ханмен туысқан қарындасына жорытып жатқан жері еді.

- 760 Қырық мың болып құралды-ай,
Көк темірге оранды-ай,
Жас Әділді хан қылып,
Қырымнан айдап шығарды-ай.
Әділдің тапқан анасы,
Емшек берген мамасы
Сол күні жатып түс көріп,

- Түсінен шошып оянды-ай.
Қасындағы қызына
Бәйбіше ханым сөйледі:
— Басыңды көтер, Ілия!
- 770 Бүгін менің түсімде
Білдірді маған жан ие,
Әйелдің пірі — Мәрие.
Асқар биік Алатау,
Алтын Сарай қалама
Асқар тау келіп құлап жүр,
Бұл не болар, шырағым?
Борасындап жел соққан,
Соққан желді тоқтатқан
Тіреулі алтын сырығым
- 780 Ортасынан қырқылды,
Бұл не болар, шырағым?
Үшінші көрген түсімде
Асқар биік тау жақтан
Шыға қашқан асауды
Жібере тартып, тоқтатқан
Талдан кескен құрығым
Ортасынан үзілді,
Бұл не болар, шырағым?
Шошыдым ғой түсімнен,
- 790 Қорқайын дедім ішімнен
Шынтемір кеткен тұл үйден,
Әділ хан кеткен бұл үйден.
Сонда қызы сөйледі:
— Айналайын анам-ай!
Асқар тау келіп құласа
Алтын Сарай қалаңа-ай,
Асқар таудай бақ қонып,
Әділге ықпал тап болып,
Кеткен Әділ — балаң-ай
- 800 Саламат келіп Қырымға,
Хан болады екен ағам-ай!
«Жоры», — десең маған-ай,
Көрінген екен соған-ай.
Екінші көрген түсіңді

- Және, ана, жориын,
Түсінде көрген ісінді.
Арқадан борай қар жауып,
Борасындай жел соққан,
Соққан желді тоқтатқан
- 810 Тіреулі алтын сырығың
Ортасынан қырқылса,
Осы арасын білмедім.
Аман келсе, жақсы еді,
Менің жалғыз ағам-ай.
Үшінші көрген түсінді,
Және, ана, жориын,
Түсінде көрген ісінді.
Асқар биік тау жақтан
Борасындап жел соққан,
- 820 Шыға қашқан асауды
Жібере тартып, тоқтатқан
Талдан кескен құрығың
Ортасынан үзілсе,
Табылмаса қиюы,
Не қылып келсін қиюы.
Енді атқа мінелік,
Жауға кеткен көкемнің
Артынан қуып жүрелік.
- 830 Тілімді алса, көкемді
Ауылға алып келелік.
Тілімді көкем алмаса,
Жанымыз содан артық па,
Қасында жүріп өлелік, —
Деді дағы Илия,
Жылқыда жүрген екі боз —
Екеуін ұстап алады,
Үстіне тоқым салады.
Анасыменен екеуі
Ағасын қуып барады.
- 840 Сол күні қуып күнімен,
Ертең қуып түнімен,
Ертең тал түс болғанда
Артынан қуып жетеді.

- Белес-белес бел жатыр,
Соған қарап келе жатыр.
Қатар тіккен көк шатыр,
Алтын шатыр ішінде
Жалғыз Әділ хан жатыр.
Ханды көзі көргенде,
850 Шатырға жақын келгенде,
Қасындағы анасы
Қызына тағы сөйледі:
— Айналайын, қызым-ай,
Туған егіз қозым-ай!
Сенің жалғыз ағанды
Асырадым, өсірдім,
Емшектен сүтті ішірдім.
Қауырсыны қатпаған
Балапан еді қарағым,
860 Ұядан баулып ұшырдым.
Балапаным ұшқан соң,
Қайғыға басым түсірдім.
Кемеліне келтірдім,
Беліне садақ ілдірдім,
Таңдап бедеу міндірдім.
Еш жамандық көрген жоқ,
Жалғыздығын білген жоқ.
Көрмеген соң, біле алмас,
Сапарын маған бере алмас,
870 Көзімнің жасын көре алмас.
Бауыры едің, қарағым,
Алдына бар да, жылай көр,
«Сапарың бер», — деп сұрай көр.
Бірге туған бауырсың,
Сені көріп, шыдамас.
Мұны естіп Ілия,
Аттан түсе қалады,
Шатырға жетіп барады.
«Бауырың келді», — дегенде,
880 Жүгіре шығып шатырдан,
Әділ хан тұрып жылады.
«Қарағым, не қып жүрсің?» — деп,

- Келген жолын сұрады.
Сонда Ілия сөйледі:
— Құтты болсын, жан көке,
Алтын таққа мінгенің,
Қырық сан Қырым, Ноғайға
Басшы болып жүргенің.
Алды-артыңда таяу жоқ,
890 Жан көке, кімге сенгенің?!
«Сапарыңды берсеңіз,
Көзімнің жасын көрсеңіз,
Сапарыңды бер», — дедім.
Сапарыңды бермесең,
Жақсы емес пе, жан көке,
Қасыңда жүріп өлгенім?!
Сол еді менің келгенім.
Әділ хан сонда сөйледі:
— Қарындасым, бауырым,
900 Қайғының салдың ауырын.
Сен жыласаң, басылады
Менің хандық дәуірім.
Бірге туған нашарым,
Бір ұядан жасарым,
Сен жыласаң, білемін
Буынымның босарын.
Қарағым, неге жылайсың,
Көзіңнің жасын бұлайсың?
«Осы жолға барма», — деп,
910 Сапарымды сұрайсың.
Жалғыз жауда жүрмей ме?
«Жары — Алла», — демей ме?
Айсадан туды бес батыр,
Бесеуі кетіп барады,
Мұны көзің көрмей ме?!
Қарындасы — Ақсүңгі,
Бұл жыласа, көрмей ме?!
Қарасай, Қази — қос батыр
Екеуі кетіп бара жатыр.
920 Мұны көзің көрмей ме?!
Қарындасы — қыз Қибат,

- Бұл жыласа, көрмей ме?!
Жалғызды Құдай сақтаса,
Жаудан аман келмей ме?!
Бір Алланың ісіне,
Құдіреттің күшіне,
Салса, пенде көнбей ме?!
Өзі үшін туып азамат,
Халық үшін жауда өлмей ме?!
930 Қарағым, неге жылайсын,
Көзіңнің жасын бұлайсын?!
Осыларды еске алмай,
Балалықпенен сұрайсың.
Ілия сонда сөйледі:
— Туысқаным, туғаным,
Ағеке, не деп тұрғаның?
Еркек болып мен тусам,
Қасыңда жүріп, бір тұрсам,
Болмас па едім құрбаның?!
940 Айсадан туған бес батыр —
Бесеуі кетіп бара жатса,
Ақсүңгі неге жыласын,
Ағасы бесеу болғасын?!
Бір-бірін жауға тастай ма,
Атадан бірге туғасын?!
Мен жыламай, кім жылар,
Жалғыз ағам — жан көкем
Енеден жалғыз болғасын,
Жалғыз кетіп қалғасын?!
950 Жауда басың қалғанда,
Сен секілді жалғызға
Кімдер қолын жалғасын?!
Білмей қалдым мен және
Бірге туған көкемнің
Күндердің күні болғанда
Сөзіме құлақ салмасын.
Тілімді алсаң, қайт, көке,
Бірге туған бауырмын,
Кеуілім менің қалмасын!
960 Қарасай, Қазі — қос батыр,

- Екеуі кетіп бара жатыр.
Екеуі кетіп бара жатса,
Қыз Қибат неге жыласын,
Ағасы екеу болғасын?!
Қарасай жауда қалғанда,
Қази барып, алмай ма?!
Қази жауда қалғанда,
Қарасай барып, алмай ма?!
Өзінде туған жоқ болса,
970 Жалғыз шіркін шырқырап,
Басы жауда қалмай ма?!
Осы сөзді, жан көке,
Жадыңа алсаң, болмай ма?!
Қарындасын қия алмай,
Көзінің жасын тыя алмай,
Әділ хан жылап тұрады.
Сол уақыттар болғанда,
Әділ хан жылап тұрғанда,
Қарасай, Қази — қос батыр
980 Бір қиялды ойлады.
«Қала ма?» — деп қауіп етіп,
Аламанды жүргізіп,
Шын достығын білгізіп,
Орақтап айқай салады-ай.
Орақтаған дауыспен,
Айқайлаған дабыспен
Сүйегі қызып Әділдің,
Кете берді, қарамай.
Қол жөнеліп кеткенін,
990 Қыздан да арман өткенін
Анасы тұрып көреді,
Көріп, кеулін бөледі.
Алдын алып кеселей
Анасы жетіп келеді.
Келіп, сөйлей береді:
— Қарағым Әділ, хан Әділ,
Артық туған жан Әділ,
Аманбысың, саумысың?!
Саламат-сау, бармысың?!

- 1000 Артыңнан келіп тұр
Ана деген байқұсың.
Менен туған ұлмысың?
Ұл екенін шын білсін,
Сен кеткесін, қарағым,
Болды ғой күнім бір қысым.
Бір қысым болмай, не қылсын
Қорқытты көрген бұл түсім?!
Көзімнің жасы — көл дария,
Мұны қалай етесің?
- 1010 Емшек сүтім — ен дария,
Оны қалай етесің?
Алты айшылық жолы бар,
Үш айшылық шөлі бар,
Қиғаш деген тауы бар,
Қызылбас деген жауы бар,
Бұрғымен тескен тесік бар,
Таспен мықтап бекітіп,
Сементтеп құйған есік бар,
Мұнан қалай өтесің?
- 1020 Алтын сарай қалаң бар,
Мендей жасы жеткен анаң бар,
Кімге тастап кетесің?
Сонда Әділ сөйледі:
— Айналайын, анам-ай!
Өзімнің қорғар панам-ай!
Тапшы қылды балаңды
Іні менен ағаға-ай.
Бірге туған бауырым —
Ілиядай нашарға
- 1030 Кеттім ғой жаңа қарамай.
Бірге туған бауырым,
Қиын соқты маған-ай,
Кеткен соң оған қарамай,
Тіліңді, ана, алмаймын.
Сен — ана да, мен — бала,
Еркелеймін саған-ай.
Онан дағы, анам-ай,
Батаңды берсейші балаңа-ай!

- 1040 Сонда анасы зарлайды,
Көзінен жасы парлайды.
Батасын беріп Әділге,
Көтеріп, хаққа қол жайды.
Он сегіз мың әлемді,
Арсы-күрсі ғаламды
Жаратқан Алла, өзіңе
Тапсырдым Әділ баламды.
Қысылған жерде сала көр,
Жаратушы, панаңды.
Төрт мағури періште,
- 1050 Аспаннан түсір саяңды.
Ақ шалмалы пірадар,
Баламнан болғын хабардар.
Қысылған күні, қарағым,
Осы пірді жадыға ал.
Жадыға алып, сыйынсаң,
Жар болар, балам, өзіңе.
Ұмытып қалма, Әділ-ау,
Құлақ ас айтқан сөзіме.
Шын қысылсаң, қарағым,
- 1060 Адам болып, жақындап,
Көрінер сенің көзіңе.
Батасын Әділ алады,
Қырық мың әскер қолына
Бұ да жетіп барады.
Қырық мың болып құралды-ай,
Көк темірге оранды-ай.
Жас Әділді хан қылып,
Қырымнан айдап шығарды-ай.
Домбыраны тартады,
- 1070 Сындырған алпыс балтаны
Бұл батырдың ішінде
Кімдер бар да, кімдер жоқ?!
Белгілі ерді айталық:
Белге жарақ байлаған,
Жүрегі жаудан таймаған.
Ерлігіне мас болып,
Ұйықтап жатқан айдаһар

- Қолтығына, қорықпай,
Қолын салып, барлаған
1080 Айсадан туған Ахмет бар.
«Және кім бар?» — десеңіз
Ұзын Айдар Қоңырат,
Ер Сүлеймен, Әмет бар.
«Және кім бар?» — десеңіз,
Таққа мініп, хан болған,
Қараңғы жерде шам болған,
Жеті жаста желденіп,
«Не бол», — десең, сол болған
Он бір жасар Әділ бар.
- 1090 «Тағы кім бар?» — десеңіз,
Қырық мың әскер жинаған,
Аруағы оттай қаулаған
Қарасай, Қазі — ер де бар.
«Және кім бар?» — десеңіз,
Көпті көрген көне еді,
Көрмеген заты жоқ еді,
Көрмеген жерді бұрыннан
Көрген жердей білетін
Көңлі зерек ер еді,
- 1100 Қоянақ қартың — бұ да бар.
Көпті көрген Қоянақ
Көпті көрген көне еді.
Адастырмай әскерді,
Туралап алып келеді.
Алты айшылық жол жүрді,
Үш айшылық шөл жүрді,
Есебі жоқ мол жүрді.
Жүруге әскер жарады,
Бедеудің жалын тарады.
- 1110 Қамысты көл, құрақ көл,
Айналасы қырық көл
Әскер келіп құлады.
Шөлдеп келген тұлпарлар
Суға мықтап қанады,
Жатып, демін алады.
Ақылы артық Әділ хан

- Қырдың шығып басына,
Жан-жағына қарады.
Жан-жағына қараса,
1120 Қиғаш биік қара тау
Бұлдыр-бұлдыр көрініп,
Мұнарланып тұр екен,
Әділдің көзі шалады.
Тауды көзі көрген соң,
Жалғыздық деген жаман-ай,
«Тұра алмады, — дейді, — табаны-ай».
Қарасай, Қази — досына
Сөйлеп тұр Әділ және де-ай.
— Қарасай, Қази, ер едің,
1130 Екі достым сен едің.
Екі досым болмаса,
Жоқ еді менің сенерім.
Көрініп тұр қара тау.
Астында бар ғой қиын жау.
Ақылдастым мен, — деді,
Не дейсін маған сен? — деді.
Қарасай сонда сөйледі:
— Алдымдағы Әділ хан,
Менің досым — сен, — деді,
1140 Сенің досың — мен, — деді,
Ойласқаның жөн, — деді.
Есебін тауып, жұмсасаң,
Қол билігі сенде, — деп,
Барған жерді бітірмек,
Жол билігі менде, — деп,
Қарасай жауап берген соң,
Сонда Әділ хан сөйледі:
— Көп жасаған, қайдасың,
Қоянақ қартым, кел, — деді,
1150 Боз тұлпарға мін, — деді.
Көрініп тұр қара тау,
Астында бар қалың жау.
Таудың қиын жолдарын,
Жаудың біліп бағдарын,
Көзбенен көріп, хабарын,

- Анығын жылдам бер, — деді,
Жылдам барып, кел, — деді.
Айсадан туған Серігім,
Сен едің жауда ерегім.
- 1160 «Қырық мың шығын әскерге
Серік ерді», — дегенде,
«Қиғаш — биік қара тау,
Қызылбастың қиын жау
Талқан қылар», — деп едім.
Қоянаққа: «Ер, — деді,
Қандай екен жол? — деді,
Қандай екен ел? — деді.
Екі бірдей қос батыр,
Жұмсап тұрмын мен», — деді.
- 1170 Мұны естіп Қоянақ,
Іркіліп тұрар ер ме еді,
Боз тұлпарға мінеді,
Ер Серікті ертіп,
Қара тауға жүреді.
Қарқындап шапқан бойымен
Тауға жетіп барады,
Асты-үстіне қарады.
Айтылған сөздің бәрі рас,
Биіктігі тағы рас.
- 1180 Тіпті биік тау екен
Қалықтап ұшқан қара құс
Басына шығып қона алмас.
Бұрғымен тескен тесік бар.
Адам тартса, ашылмас
Тастан құйған есік бар.
Жолдың түрін байқады.
Шошынып жаудан, айтады:
«Ашылмайды осы-ау!» — деп,
Басын, тұрып, шайқады.
- 1190 Тұтқадан ұстап есікті,
Екі бірдей қос батыр
Табандап келіп тартады.
Аша алмады есікті,
Армансыз күшін байқады.

- Аша алмады есікті,
Тау басынан қайтады.
Ер Әділге келеді,
Келіп, сөйлей береді:
— Алдымдағы ер Әділ,
1200 Досым едің, сен Әділ.
«Жалғыз аяқ тар жолды
Барлап кел!» — деп, жібердің.
Әміріңді қайта етпей,
Қара тауға жөнелдім.
Қара тауға барған соң,
Толып жатыр көргенім,
«Кірейін», — десем, сенбедім.
Мұндай қиын тар жолды
Жер жүзінде көрмедім.
1210 Асты — тас та, үсті — тас,
Шақырлаған қара тас,
Ат қиялап шаба алмас.
Бұрғымен тескен тесік бар,
Торғайдан бөтен кіре алмас.
Тастан құйған есік бар,
«Ашылмады осы-ау!» — деп,
Басымды, тұрып, шайқадым.
Тұтқадан ұстап есікті,
Тартып едім табандап,
1220 Қозғалатын түрі жоқ.
Армансыз күшті байқадым,
Өтірік емес айтқаным.
«Қандай мықты?» — десең де,
Аша алмай, балаға айтқаным.
Сонда Әділ хан сөйледі:
— Қоянақ қартым, не дейсің?
Неге өтірік сөйлейсің?
Тауды көзің көргесін,
Тастан құйған бір есік
1230 Ашып, неге кірмейсің?
Қырық жыл қырғын болса да,
Ажалдан бұрын өлмейсің.
Тау басынан қайтыпсың,

- Өтірік сөзді айтыпсың,
Анығын жолдың білмейсің.
Айсадан туған Серігім,
Сен едің жауда керегім
«Қырық мың шығын әскерге
Серік ерді», — дегенде,
1240 «Қиғаш биік қара тау
Талқан қылар», — деп едім.
Жаудан қорқып, сескеніп,
Жолдан қайтып келгенің,
Жоқ екен сенің жүрегің,
Өтірік сөзді айтасыз,
Болмайды қабыл тілегің, —
Деді дағы — Әділ хан,
Және тұрып сөйледі:
— Айтқанымды мақұл ет.
- 1250 Алысымды жақын ет.
Қайда кеттің? Мұнда кел,
Айсадан туған Ахмет,
Белге жарақ байлаған,
Жүрегің жаудан таймаған,
Ерлігіңе мас болып,
Ұйықтап жатқан айдаһар
Қолтығына, қорықпай,
Қолын салып, барлаған.
Алабас атқа мін, — деді,
- 1260 Қандай екен жол? — деді,
Қандай екен ел? — деді,
Соны біліп кел, — деді.
Айдаһарды ұстаған
Батыр болсаң сен — деді,
Жұмсап тұрмын мен, — деді.
Мұны естіп Ахмет,
Іркіліп тұрар ер ме еді.
Ала бас атқа мінеді,
Қарыңа найза іледі,
- 1270 Бадана көзді ақ сауыт
Үстіне баса киеді,
Қорамсаққа толтырып,

- Толтырып салып жебені,
Алабас атты қамшылап,
Алтын туы жарқырап,
Қиғаштың қара тауына
Ахмет батыр жөнеді.
Қарқындап шапқан бойымен
Тауға жетіп барады,
1280 Асты-үстіне қарады.
Айтылған сөздің бәрі рас,
Биіктігі тағы рас.
Қалықтап ұшқан қара құс
Басына шығып, қона алмас.
Бұрғымен тескен тесік бар,
Тастан құйған есік бар.
Жолдың түрін байқады,
Бұ да басын шайқады.
Тұтқадан ұстап есікті,
1290 Табандап келіп тартады.
Аша алмады есікті,
Армансыз күшін байқады.
Тау басынан қайтады,
Ер Әділге келеді.
Қара таудың хабарын
Ахмет батыр береді:
— Алдымдағы ер Әділ,
Досым едің, сен Әділ.
«Қара таудың баурында
1300 Жалғыз аяқ тар жолды
Барлап кел!» — деп жібердің.
Өміріңді қайта етпей,
Қара тауға жөнелдім.
Қара тауға барған соң
Толып жатыр көргенім.
«Кірейін» десем сенбедім,
Мұндай қиын тар жолды
Мен де, Әділ, көрмедім.
Асты — тас та, үсті — тас,
1310 Шақырлаған қара тас,
Ат бауырлап, шаба алмас.

- Бұрғымен тескен тесік бар,
 Тастан құйған есік бар.
 «Ашылмайды мынау», — деп,
 Басымды, тұрып, шайқадым.
 Тұтқадан ұстап есікті,
 Тартып едім мен оны,
 Аша алатын түрім жоқ,
 Армансыз күшті байқадым,
 1320 Өтірік емес айтқаным.
 «Қандай мықты?» — десең де,
 Тастан құйған бір есік
 Аша алмай, бала, қайтқаным.
 Сонда Әділ сөйлейді:
 — Ай, Ахмет, оңбағыр,
 Жаман ба едің, құрымағыр?!
 «Айдаһар», — деп қол салып,
 Күшін барлап жүргенің
 Кесіртке ме еді, оңбағыр?!
 1330 Туғандығың осыма-ай,
 Қорқып, келдің қасыма-ай?!
 «Айдаһар», — деп жүргенің
 Өлген жылан екен ғой,
 Жүргенің айтып осыны-ай.
 Бір өзіңді жұмсадым,
 Қоспай жолдас қасыңа-ай.
 Жаудан қорқып, сескеніп,
 Сен де болдың жасық-ай.
 Кірер едің тар жолға,
 1340 Тусаң егер асыл-ай.
 Жаудан қорқып, сескеніп,
 Бәрің де болдың пасық-ай.
 Қайда кеттің, Қарасай —
 Қанды Орақтың баласы-ай?!
 Жақсы менен жаманның,
 Жаулы жерге келгенде,
 Аспан мен жердей арасы-ай,
 Қареке, өзің бармасаң,
 Ешкімнің келмес шамасы-ай!
 1350 Қибатқа алған қызыл ат

- Қиғаштап тоқым сал, — деді,
Мамайдан қалған жасыл ту
Жарқыратып ал, — деді,
Үлкен де болсаң, жұмсадым,
Қареке, өзің бар, — деді.
Мұны естіп Қарасай,
Қанды Орақтың баласы-ай,
Қибатқа алған қызылға
Қиғаштап тоқым салады,
1360 Мамайдан қалған жасыл ту
Жарқыратып алады,
Қарағай найза өңгеріп,
Басын мыңға теңгеріп,
Қиғаштың қара тауына
Қарасай кетіп барады.
Қарқындап шапқан бойымен
Тауға жетіп барады.
Асты-үстіне қарады,
Айтылған сөздің бәрі рас,
1370 Биіктігі тағы рас.
Қалықтап ұшқан қара құс
Басына шығып, қона алмас.
Бұрғымен тескен тесік бар,
Торғайдан басқа кіре алмас.
Тастан құйған есік бар,
Жолдың түрін байқады,
Шошынып жауап айтады:
— Қайратымды сынайын.
Есігін ашып, кірмесем,
1380 Ар жағын, барып, көрмесем,
Мен Орақтан тумайын,
Атаның жолын құмайын,
Атаға тартып, сөз айтып,
Көтеріп белді бумайын.
Менің әкем — қанды Орақ
Айқасқа мен Байқасқа,
Көкеманқасқа, Көкқасқа,
Ең үлкені — Жанқасқа —
Бес батырға парыпты.

- 1390 Бесеуін де қанды Орақ
Жалғыз өзі алыпты.
Атамыздың аруағы
Біздей жетім балаға
Мирас болып қалыпты.
Аша алмасам есікті,
Қорғаймын қалай халықты?! —
Деді дағы Қарасай,
Қызыл атқа сөйледі:
— Астымдағы қызыл ат,
- 1400 Тартып сені мінгенде,
«Қара асым», — деп мінгенмін.
Үстімдегі ақ сауыт
«Кебінім», — деп, кигенмін.
Солқылдаған көк найза,
«Басыма сайғақ болсын», — деп,
Оң қарыма ілгенмін.
Мен анамнан туған соң,
Өлерімді білгенмін.
Бұрын келген батырлар
- 1410 Таудан, сірә, аспады.
Қарасай қорқып, саспады,
Тастан қойған есікті
Тұтқадан ұстап Қарасай,
Лақтырып тастады.
Айнымайтын ер еді,
Ашып тастап есікті,
Жалғыз аяқ тар жолға
Қарасай батыр кіреді.
Түніменен Қарасай
- 1420 Аяқ жолды көрмейтін
Қараңғы жолмен жүреді.
Жолбарыс, аю, арыстан —
Әрбіреуі ұмтылып,
Қарасайға жабысқан.
Атып жығып барады,
Мерген туған Қарасай
Оқ жіберіп алыстан.
Айдаһар жылан алдында

- Бісқырады дейді ұмтылып.
1430 Астына мінген қызыл ат
Қан сиеді дейді, ышқынып.
Қылышпенен өтеді дейді
Ортасынан үш бөліп.
Ертең сәске болғанда
Таудың шықты бетіне,
Жолдың шықты шетіне.
Қарасай жетіп келе жатыр
Әділдің айтқан сертіне.
Ар жағын жолдың байқады,
1440 Бірталай жерін шайқады.
Бастан-аяқ тар жолдың
Бәрін де көріп, қайтады.
Көргенін енді Қарасай
Баян етіп айтады.
Көрген заты көп екен,
Көрмегені жоқ екен.
Ойлай келіп қараса,
Қиыны жолдың сол екен.
Ат бауырлап, шаба алмас
1450 Өрген-өрген құмы бар.
Құмның арғы жағына
Көз жіберіп қараса,
Кемесіз адам жүре алмас,
Іші балдыр, жүзе алмас,
Айдын шалқар көлі бар.
Көлдің арғы жағына
Көз жіберіп қараса,
Жығылған тұлпар тұра алмас,
Аяғын басып жүре алмас
1460 Терең батпақ соры бар.
Сордың арғы жағына
Көз жіберіп қараса,
Қарғыған тұлпар өте алмас,
Одан өтіп кете алмас
Алты қатар оры бар.
Ордың арғы жағына
Көз жіберіп қараса,

- Болаттан құрған тағы да
Тоғыз қабат торы бар.
- 1470 Тордың арғы жағына
Көз жіберіп қараса,
Арғы шеті айшылық,
Айналасы күншілік
Он екі ханның елі бар.
Сондай қиын жолдарға
Қарасай батыр жолығар.
Жалғыздық деген қиын ғой,
Есебін таппай, торығар.
Аң-таң болып қарады,
- 1480 Жолға көзін салады.
Кірейін десе, кіре алмай,
Жүрейін десе, жүре алмай,
Қарғытуға, тұлпарға
Астындағы сене алмай,
Қайта айналып Қарасай
Әділге қайтып барады.
Ер Әділге келеді,
Қара таудың хабарын
Қарасай батыр береді.
- 1490 — Алдымдағы ер Әділ,
Досым едің, сен Әділ.
«Қара таудың баурында
Жалғыз аяқ тар жолды
Барлап кел!» — деп жібердің.
Әмірінді қайта етпей,
Қара тауға жөнелдім.
Қаратауға барған соң
Толып жатыр көргенім,
Кірейін десем, сенбедім.
- 1500 Мұндай қиын тар жолды
Жер жүзінде көрмедім.
Асты — тас та, үсті — тас,
Шақылдаған қара тас,
Ат қиялап шаба алмас.
Бұрғымен тескен тесік бар,
Тастан құйған есік бар.

- Ешкімнен қорқып саспадым.
Тұтқадан ұстап есікті,
Лақтырып тастадым.
- 1510 Ар жағын жолдың байқадым,
Бірталай жерін шайқадым.
Айдаһар менен жолбарыс
Шығып еді алдымнан,
Қылышпенен жайқадым.
Қиыны жолдың сол екен,
Жан бармаған жер екен.
Ат бауырлап шаба алмас
Өрген-өрген құм екен.
Құмның арғы жағына
- 1520 Көз жіберіп қарасам,
Кемесіз адам жүре алмас,
Іші балдыр, жүзе алмас,
Жойқын терең көл екен.
Көлдің арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
Жығылған тұлпар тұра алмас,
Аяғын басып жүре алмас
Терең батпақ сор екен.
Сордың арғы жағына
- 1530 Көз жіберіп қарасам,
Қарғыған тұлпар өте алмас.
Қандай жүйрік болса да,
Одан өтіп кете алмас
Алты қатар ор екен.
Ордың арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
Тоғыз қабат тағы да
Болаттан құрған тор екен.
Тордың арғы жағына
- 1540 Көз жіберіп қарасам,
Арғы шеті айшылық,
Айналасы күншілік
Он екі ханның елі екен.
Қарғаса деген хан екен,
Жолы қиын тар екен.

- Қатынасып қалаға,
Баратын жері жоқ екен.
Қанша батыр болсам да,
Жалғыз жүріп, жол таппақ
- 1550 Бір кісіге зор екен.
Тілімді алсаң, Әділ хан,
Қайтқаның елге жөн екен,
Алдыртпайтын ел екен.
Әділ хан сонда сөйледі:
— Ай, Қарасай, Қарасай!
Қанды Орақтың баласы-ай!
Атаң Орақ болса да,
Туыпсың жаман, шамасы-ай!
- 1560 Бәрі өтірік — көргенің,
Бәрі өтірік — жүргенің.
Рас болса көргенің,
Босқа неге сен қайттың?
Бір белгіні қолыңа
Алып неге келмедің?
Қанша батыр болсаң да,
Қарасай, саған сенбедім.
Қой, Қарасай, алдама.
Алдайтын кісің мен бе едім?
Сол уақыттар болғанда
- 1570 Қарасайдай батырға
Құлағын салып ер Қазиді
Жатыр екен жамбастап.
Асылдығын бұдан біл:
Сөйлемейді екен бейбастақ.
Әділдің сөзін естіп,
Көтеріп алды басын-ай,
Жетіп келді қасына-ай.
Қатты келді ашуы-ай
Әділ хандай досына-ай,
- 1580 Айтты дейді сонда осыны-ай:
— Алдымдағы Әділім,
Білесің бе кіміңді?!
Мен білем ата тегіңді.
Қатты-қатты сөз айтып,

- Жасы үлкен ағаңа
Тигізе берме тіліңді.
Жасы үлкен ағаңа
Тигізе берсең тіліңді
Өзің төре, өзің хан,
1590 Ойланып қара, Әділім,
Кім дұрыс дейді мұныңды?!
«Бұ да менің досым ед,
Кеуліне келіп қалар», — деп,
Ағасы — Қарасайға сөйледі:
— Ай, Қарасай, Қарасай!
Қанды Орақтың баласы-ай!
Әкең Орақ болса да,
Туыпсың жаман, шамасы-ай.
- 1600 Әділ хандай досымның
Айтқаны саған рас-ай.
Қарасай аға, саған айтайын:
«Орақтан тудым» дегенше,
«Арамнан тудым» десейші.
«Ерден тудым» дегенше,
«Езден тудым» десейші.
«Батырдан тудым» дегенше,
«Қатыннан тудым» десейші.
Мен сияқты бөрімен
- 1610 «Бірге тудым» дегенше,
«Басқа тудым» десейші.
Уайым айтып келгенше,
Сол жақта жүріп, өлсейші.
Өлмегенің осы ма,
Күлкі болдың досыма?!
Шұбар атты алып кел,
Ер-тоқымын салып кел.
Жалғыз өзім жүрейін,
Жан ертпей қасыма, —
Деді дағы, ер Қази
- 1620 Шұбар атқа мінеді,
Ер қаруы — бес қару
Беліне орай іледі,
Қара бөркін киеді,

- Қабағын қатты түйеді,
Қиғаштың қара тауына
Қази батыр жүреді.
Қарқындап шапқан бойымен
Тауға жетіп барады.
Асты-үстіне қарады
- 1630 Айтылған сөздің бәрі рас,
Биіктігі тағы рас.
Тіпті биік тау екен,
Қалықтап ұшқан қара құс
Басына шығып, қона алмас.
Бұрғымен тескен тесігін,
Тағы Қази көреді,
Қарасай бұзған есігін.
Айнымайтын ер еді,
Жалғыз аяқ тар жолға
- 1640 Қази батыр кіреді.
Түніменен ер Қази
Аяқ жолды көрмейтін
Қараңғы жермен жүреді.
Ертең сәске болғанда
Таудың шықты бетіне,
Жолдың шықты шетіне
Бұ да жетіп келе жатыр
Әділдің айтқан сертіне.
Ар жағын жолдың байқады,
- 1650 Бірталай жерін жайқады.
Ағасынан артық па?!
Жолды көріп, шошынып,
Қази да жауап айтады:
— Апырмай!
Қарасай көкем ер екен!
Ер екені шын екен!
Мана қайтып барғанда
Көргенін айтып жүр екен.
Ағайыннан әл кетпей,
Әділ жаннан баз кешпей,
- 1660 Жан кірмейтін жер екен.
Кірейін десе, кіре алмай,

- Жүрейін десе, жүре алмай,
Қара тауға, тұлпарға
Астындағы сене алмай,
Не қыларын біле алмай,
Қапа болып тұр екен.
Қази сынды батырдың
Сондағы айтқан сөзі екен:
«Ай, Жаратқан, Пір, — деді,
1670 Тілекті бүгін бер, — деді.
Жалғыз атты жолаушы
Себеппен айдап кел», — деді.
Тілегі қабыл ер еді,
Тілегін Құдай береді.
Көмір артқан қырық адам
Қази сынды батырдың
Алдынан шыға келеді.
Мұны көріп ер Қази,
Қабағын ашып, күледі.
1680 Қасына жетіп барады,
Айнала шауып, қамады.
«Ұстаймын!» — деп, тақымдап,
Ақ алмасы жарқылдап.
Қазиды көріп, қорықты,
Қорықпай, не қып, шыдасын,
Бір ашуға жолықты.
Берін де ұстап алады,
Айдап жолға салады.
Қуып жүріп, сабады,
1690 Келе жатып бұлардан
Жолдың түрін сұрады,
Елдің түрін сұрады,
Қызыл жұрты қорқады.
Ер екенін байқады
Қорыққан соң, Қазиға
Жолдың түрін айтады:
«Бір жағында оры бар,
Бір жағында соры бар.
Қашап, салған таспенен,
1700 Адам білмес бір жерді,

- Жалғыз аяқ жолы бар.
 Жолдың арғы шетінде
 Баба түкті шашты Өзіз —
 Бұл келмеген жері бар,
 Бұдан туған Нұрадын —
 Бұл келмеген жері бар.
 Бұдан туған хан Мұса —
 Бұл келмеген жері бар,
 Батыр Мамай, Қанды Орақ —
 1710 Бұл келмеген жері бар.
 Қыдырбайдың баласы —
 Қобыландыдай шырағым —
 Ер келмеген жері бар.
 Адамзаттың ұлына
 Тергелмеген жері бар.
 «Бәрінен де солардың
 Қарасай, Қази — қос жетім,
 Өділменен үш жетім
 Озып туды», — деп еді.
- 1720 Үшеуінің дабысы
 Біздің елдің ханының
 Құлағына келеді.
 «Қарасай атқа мінген соң,
 Кемеліне келген соң
 Қанды Орақтың тұқымы
 Келмей қалмас», — деп еді.
 Үшеуінен қауіп етіп,
 Он екі ханның құралып,
 Қала салған жері еді.
- 1730 Қала толған көп әскер
 Қарғаса ханның қолы еді,
 Әскері тым-ақ мол еді.
 «Қарасай, Қази келеді», — деп,
 Мұнараның басында,
 Күндіз-түні түспестен,
 Қарауыл қарап тұр еді.
 Адам түгіл, алыстан
 Ұшқан құсты көреді.
 Өмір етсе Қарғаса,

- 1740 Көптігін саған айтайын,
Сайланып тұрған көп әскер
Құмырсқадай өреді». .
Сұрағанда, көмірші
Қази сынды батырға
Осындай жауап береді.
Хабарына қанады,
Айдап жолға салады.
Ер Әділдің алдына
Қырық адамды ер Қази
- 1750 Қуып алып барады.
Әділ хан көріп қуанды,
Ақ білегін сыбанды.
— «Жолы қандай екен?» — деп
Қазидан Әділ сұрады.
Сонда Қази сөйледі:
«Оңай» деп, Әділ, қуанба.
«Қиын» деп, жаудан тұрар ма?!
Тәуекел етпей әр іске,
Ер құмардан шығар ма?!
- 1760 Көргендер қайран қалады,
Жолды көзің көргенде,
Хан болсаң да, Әділ хан,
Өзіңнің есің ауады.
Қарасай көкем ер екен,
Ер екені шын екен.
Мана қайтып келгенде
Көргенін айтып жүр екен.
Ағайыннан әл кетпей
Әділ жаннан баз кешпей,
- 1770 Жан кірмейтін жер екен.
Қатты-қатты сөз айттым
Сол секілді ағама.
Айтқанымды көтерді,
Қос әулие бір екен.
Абайламай, асқақтап,
Тәкәшпарлық сөйлеген
Хас ақылсыз мен екем.
Көмір артқан қырық адам,

- Таудың бергі астында
1780 Бұл қаңғырып жүр екен.
Жаудың түрін сұрадым,
Он екі ханның елі екен.
«Қарасай, Қази — қос батыр,
Әділ ханмен — үшеуі
Келмей қалмас», — дер екен.
Хабарым білген — сол, — деді,
Көргенім — қиын жол, — деді,
Ендігісін, Әділ хан,
Өзің ойлап, біл, — деді.
- 1790 Сен сай болсаң, мен де сай,
«Барайық» десең, кел, — деді,
Не дейсің бұған сен? — деді.
Халық үшін туған ер болсаң,
Жаныңды жаудан сақтама,
Халық үшін жүр де, өл, — деді.
Сонда Әділ хан сөйледі:
— Қарасай, Қази, ер едің.
Жүргенде елде, мақтанып:
«Әкем Орақтан оздым», — деп едің.
- 1800 Осы бүгін білінді
Сендердің Қанды Орақтан төменің.
Көмір артқан қырық адам,
Ұялмай, «Олжа» деп, алып келгенің.
Баратын жерін білген соң,
Дұшпанның елін көрген соң,
Талқан қылып қаласын,
Шулатып қатын-баласын,
Мінгестіріп бір қызды
Әкеліп неге бермедің?!
- 1810 Қанша батыр болсаң да,
Қазийым, саған сенбедім.
Қой, Қазийым, алдама,
Алдайтын кісің мен бе едім?!
Босқа барып, бос келдің,
Қанды Орақтың баласы
Бөтенменен тең бе едің?
Сонда Қази сөйледі:

- Алдымдағы Әділім,
Білесің бе кіміңді?
- 1820 Мен білемін ата тегіңді.
Қатты-қатты сөз айтып,
Тигізе берме тіліңді,
Келтіре берме жынымды.
Сенің атаңды айтайын:
Хан баласы төре еді,
Сенде ерлік жоқ еді.
Перзент үшін зарлаған,
Перзент тілей Алладан,
Ата-бабаң кім еді?!
- 1830 Мен атамды айтайын:
Баба түкті шашты Өзіз
Баласызға ұл берген
Әулие туған пір еді.
Бұдан туған Нұрадын
Араласқан әскерін
Құтқармаған бір адым.
Қай жерімде кемдік бар,
Көзіме айтшы, шырағым?!
- 1840 Бұдан туған хан Мұса
Айға қолды сермеген,
Дұшпанға теңдік бермеген,
Отыз ұлдың бабасы.
Мұсаға кімнің шарасы?!
Осыным да бекер ме,
Өзің сынап қарашы?!
- 1850 Бұдан туған кешегі
Орақ пенен Мамай-ды.
Өзің де белгілі,
Қалай десең, солай-ды.
- 1850 Орақтан туған — мен, — деді,
Менің қай жерім сенен кем? — деді.
Сенің атаң — Шынтемір
Перзент үшін зарлаған,
Перзент тілеп Алладан.
Хан болып, жұртты алдаған,
Сенің атаң сол еді.

- Атаң болса батыр-ай,
Қашқан кісі қатын-ай,
Қайратыңды көрейін,
1860 Меніменен сынасып,
Жалғыз аяқ тар жолға,
Мініп, шықшы, атыңа-ай, —
Деді дағы ер Қази,
Ашуланып Әділге,
Әскерін бөліп алады.
Он төрт мыңдай әскерді
Қази бөліп алады.
Он үш мыңдай әскерді
Әділ бөліп алады.
1870 Он үш мыңдай әскерді
Айсадан туған бес батыр,
Ахмет бөліп алады.
Шайтан кіріп араға,
Қырық мыңдай әскерлер
Үш бөлініп барады.
Мұны көріп Әділ хан,
Жалғыздық деген жаман-ай,
Тұра алмады табаны-ай.
Қазидың келіп артынан,
1880 Сөйледі Әділ және де-ай.
— Қарасай, Қази, ер едің,
Екі досым сен едің.
Екі досым болмаса,
Жоқ еді менің сенерім.
«Олай-бұлай іс болып,
Басым жауда қалғанда,
Екі досым ат салып
Алып шығар», — деп едім.
Бұл жерлерге келгенде,
1890 Бөлек салдың қосыңды,
Тастадың мендей досыңды.
Осы арасын білдіріп,
Айтып кет маған себебін.
Сонда Қази сөйледі:
— Менің досым сен едің,

- Сенің досың мен едім.
Әуелі елден шығарда
Бұл қиялда жоқ едім.
«Жалғыз ағам — Қарасай
- 1900 Жауға түсіп қалғанда,
Алдыменен, Әділ хан,
Сені алармын», — деп едім.
Бұл жерлерге келгенде
Қылап салдың кеуліме.
Өз білігің өзіңе,
Кете бер, Әділ, жөніңе.
Орақтап айқай салармын,
Тар жолға айдап, шабармын.
Қатын-бала қамы үшін,
- 1910 Қарындастың ары үшін
Жауда қалсаң, алармын.
Сонда Әділ сөйледі:
— Олай болса, ер Қази,
Бұл дүниеге келген соң,
Өлерімді білгенмін
Жаяулық пен жалғыздық,
Не болса да, көнгенмін.
Кісіге бүйтіп сенгенше,
Бұл қорлықты көргенше,
- 1920 Жақсы екен менің өлгенім, —
Деді дағы Әділ хан,
Атының басын бұрады.
«Жалғыз аяқ тар жолға
Қазидан бұрын барам», — деп,
Әділ хан шауып барады.
Мұны көріп ер Қази:
— Шаппа! — деп айқай салады.
Ай, Әділім, баласың,
Бала да болсаң, шаласың.
- 1930 Бара жатқан жолың менікі,
Менен қалай аласың?!
Менен бұрын жол алмақ,
Қарсы шауып, ел алмақ,
Әділім, қандай адамсың?!

- Сонда Әділ сөйледі:
— Жалғыз аяқ тар жолға
Шапқан Әділ төре ме,
Қорлыққа асыл көне ме?!
Жолға шапқан ер жігіт,
1940 Өлмей, жолын бере ме?!
Сен жүрсің: «Атам бөлен болды», — деп,
Атаңның басын өңгеріп.
Мен жүрмін, өзім туып,
Атымның басын теңгеріп,
Сөйлейсің кімді кем көріп?!
Жолға шапқан ер жігіт
Ат басын жолдан бұра ма?
Өзі туған жігіт көп,
Ата тегін сұрама!
1950 Қорлыққа асыл көне ме?
Жауға шапқан ер жігіт,
Өлмей, жолын бере ме?!
Алдынан шықты кеселеп,
Сөз сөйледі еселеп.
Екеуі жолға таласты,
Достығынан адасты.
Сөз алысып, алжасып,
Салуға қару таясты.
Сол уақыттар болғанда,
1960 Қазі менен Әділ хан
Таласып жолға тұрғанда,
Көпті көрген Қоянақ
Көпті көрген көне еді,
Көрмеген заты жоқ еді,
Екі бірдей бөрінің
Алжасқанын біледі,
Қасына жетіп келеді.
«Ақылы көп төре еді,
Айтқаныма көнер», деп,
1970 Әділге сөйлей береді:
— Ай, Әділім, Әділім!
Жоқ еді сенің аға-інің.
Жалғыздығың болмаса,

- Кемі жоқ қой саған да
Құдайдың берген бағының.
Ақтайшаның ханынан бата алып,
Әділ хан болып атанып,
Қырық мыңдай әскердің
Бастығы болдың бәрінің.
- 1980 Ау, Қазижан, шырағым,
Арғы атаң — сенің пір, — деді,
Қанды Орақ пен хан Мамай —
Бергі атаң — сол, — деді,
Ата-бабаң — ер, — деді.
«Жол менікі», — дегенің
Сенікі де жөн, — деді.
Хан едің, Әділ, қой, — деді,
Қарасай, Қази — досыңа
Жол кезегін бер, — деді.
- 1990 «Хандық пенен ерлікті
Алам деме мен», — деді,
Адаспа, Әділ, сен, — деді.
Қол бастамақ — хандікі,
Жол бастамақ — ердікі.
Хан едің, Әділ, қой, — деді,
Хандығың да жетеді,
Қазифа жолды бер, — деді.
Бөтен десең бұл сөзім,
Ойланып өзің көр, — деді.
- 2000 Ақылы көп төре еді,
Ойланып Әділ көреді.
«Хандық пенен ерлікті
Жалғыз өзім алғаным
Менікі ұят екен», — деп,
Қарасай, Қази — досына
Жол кезегін береді,
Артынан өзі ереді.
Ақылы артық Қоянақ
Қазифа алып береді.
- 2010 Болмаса, Әділ бермейді,
Өзі жалғыз болса да,
Бақытты туған төре еді.

Бұрғымен тескен тесікке,
Тастан құйған есікке
Қази бастап кіреді.

Әлқисса, Қарасай, Қази он төрт мың әскерімен кіріп кетті. Оның артынан Әділ хан он үш мың әскерімен бұ да кетті. Енді Ахмет он үш мың әскерімен кірмей, сол қақпа аузында қалып, әскеріне айтқан ақылы.

Сонда Ахмет сөйлепті:
— Қарасай, Қази ер кетті,
Соңынан Әділ бұл кетті.
Екі жағы — батпақ сор,
2020 Ортасынан жол кетті.
Осы жолға түскен соң,
Көп көреміз бейнетті.
Біздің тілді алсаңыз,
Осы арада жаталық.
Бұл сөзіме нансаңыз,
Қарасай, Қази — қос батыр
Кескілеспей, басылмас.
Шар болаттың суы еді,
Тасқа тимей, қайта алмас.
2030 «Қанды Орақтың, — деп еді, —
Аламанын алдырмас»,
Қази жауын алар-ау.
Мына кеткен Әділ хан
Абайламай, асқақтап,
Тәкаппарлық сөйледі,
Орға түсіп қалады-ау!
Қарасай шапса қалаға-ай,
Қызылбастың көп жауы
Қаласына қарамай,
2040 Қашып шығар далаға-ай.
Осы таудың ішінде
Табан жол деген бар еді,
Табан жолға баралы.
Табан жолдың аузында
Табандап жатып қалалы.

- Осы айтқаным шын болса,
Қызылбас қашар күн болса,
Алдынан шығып, өткізбей,
Табан жолда тақасып,
2050 Жаумен қарсы шатасып,
Біздер де ұрыс салалы,
Ортаға қамап аламы.
— Ахмет сөзі мақұл, — деп,
Осы айтқаны — ақыл, — деп,
Ахметтің әскері
Сол жерде жатып қалады.
Ертең сәске болғанда
Қарасай, Қази — қос батыр
Тиген екен қалаға-ай.
- 2060 Қызылбастың көп жауы
Қаласына қарамай,
Қашып шықты далаға-ай,
Табан жолға барады.
Алдынан шығып Ахмет,
Сол жерде ұрыс салады.
Ахметтің, көрдің бе,
Айтқанындай болады.
Сонда Ахмет сөйледі:
— Ер Серік, ер Әмет,
- 2070 Төрт арыстан інім-ай!
Қайрат салың бүгін-ай!
Мына жаудың көбінен
Қорқайын деді көзім-ай!
Қолдың алдын қорғай көр,
Шамаң келсе, зорлай көр.
Мен арт жағын қорғайын,
Шамам келсе, зорлайын, —
Деп Ахмет толғады,
Аламанын қорғады.
- 2080 Қорғауына болмады,
Ахмет жағы оңбады.
«Оңды дейін, не қылып?»
Қара құрттай жабылып,
Жауатын бұлттай торлады.

- Сонда дағы Ахмет,
 Бір тарқатты құмарды-ай.
 Аз адамы болмаса,
 Көп адамын қалдырмай,
 Дұшпандарға шалдырмай,
 2090 Бағанағы тесіктен
 Әскерін айдап шығарды-ай.
 Қызылбастың көп жауы
 Тесік тауға барады,
 Ахметтей батырды
 Далаға қуып шығарды.
 Тесік тауды бекітіп,
 Биіктігі қырық аршын
 Тастан қала салады.
 Ахметтей батырды
 2100 Далаға қуып шығады.
 Сонда тұрып сөйлейді:
 — Қалаға кірген ауыр қол —
 Қарасай, Қазиды ер шығар.
 Ер болса да екеуі,
 Осы жолдан бір шығар.
 Келген жерден қамалы-ай,
 Мылтықпенен сабалы-ай,
 Әскерін қойдай қыралы-ай.
 Қарасай мен Қазиды
 2110 Тірідей ұстап аламыз-ай, —
 Деді дағы қызылбас,
 «Қарасай, Қазиды қайтады», — деп,
 Жолдың аузын қамады-ай.
 Тесік тауды бекітіп,
 Таспенен мықтап алады-ай.

Әлқисса, ендігі сөз Әділден. Ахмет батыр қайтып кеткесін, дұшпандар «Қарасай, Қазиды шығармай, ұстап аламыз», деп, тесік тауды бекітіп, жолдың аузын қамап жатыр. Енді Әділ ханның 13 мың әскерімен жаудың бір шетінен тиген жері.

Ахмет батыр кеткесін,
 Біраз күндер өткесін,

- Әділге келді бір кезек,
Қиын жолға жеткесін,
2120 Табан жолдың аузында
Қызылбас жауы күткесін,
Жауға мәлім жер еді,
Алты қатар ту алып,
Әділді көріп қуанып,
Жолдың аузын бөгеді.
Атқа мініп ұрысатын
Құрғақ жері жоқ еді.
Құрғақ жерін бұрыннан
Дұшпандар алды деп еді.
- 2130 Жеті жаста желденген,
Оқ атып үйренген,
Жүрегі тастан жаралған
Жаудан қайтпас ер еді.
Қасына ерген жолдасы —
Сүлеймен батыр деп еді.
Екі жерден оқ атып,
Мұқатып жауды тұр еді.
Сол уақытта оққа ұшып
Сүлеймен батыр өледі,
- 2140 Енді Әділ хан жүдеді.
Бір өзі ұрысып тұрғанда,
Ортасынан шарт етіп,
Сары жебесі сынады.
Қылышын белден суырып,
Заманасын қуырып,
Әскерін қорғап Әділ хан,
Әділ хан ұрыс салады.
Ақ шалмалы пірәдәр
Әділ ханның пірі еді.
- 2150 Шығар жерде кемпірдің
Тапсырған пірі сол еді.
Қысылған соң, Әділдің
Қасына жетіп келеді.
Пірінен көмек тілемей,
Қайратына сенеді.
«Кереметті әулие

- Әділ хандай төреңе
Ренжіп кетті», — деп еді.
Ескен желдей құбылып,
2160 Жан базары құрылып,
Әділдің шапқан жерінде
Қызылбас жатыр қырылып.
Жалғыз аяқ тар жолдан
Жүре алмайды бұрылып.
Тайып кетсе табаны,
Қалады тұлпар жығылып.
Терең сордың ішімен,
Тұлпардың қайрат-күшімен
Шығады зорға ұрынып.
- 2170 Шапқан сайын түседі,
Бауырлап сорды кешеді.
«Сол уақыттар болғанда,
Болдырды тұлпар», — деседі.
Бауырын жазып шаба алмай,
Бір құмардан шыға алмай,
Діңкесін ердің кеседі.
Күн батуға таянды-ай.
Шыбын жанын аянбай
Әділ хан ұрыс салады.
- 2180 Салғаны құрысын, Әділдің
Астында тұлпар болдырып,
Жүруге қалды жарамай.
Тұлпарын баса қамшылап,
Маңдайдан тері тамшылап,
Әділ хан жүріп қарады-ай.
Қараңғы түннің ішінде,
Жалғыздық түсіп басына,
Әділ хан тұрып жылады-ай.
«Атасына нәлет адамның,
- 2190 Асу-асу жол жүрсе,
Алты айшылық жер жүрсе,
Белгісіз тұлпар мінгеннің.
Атадан бірге тумаса,
«Жақын», — деп, жатқа сенгеннің.
Енеден екеу болмаса,

- Сапар шегіп жүргеннің,
Астымда тұлпар болдырды,
Атты қайдан мінермін?
Жалғыз туған мен сорлы
2200 Кімнен көмек тілермін?!
Іздеп алар ағам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ.
Төңірім жалғыз жаратты,
«Көшпін» дейтін шарам жоқ,
Астымда тұлпар болдырды,
Атты қайдан мінемін?!
Артыма таяу інім жоқ,
Жалғыздықтан бөтен мінім жоқ.
Не болса да, көнейін,
2210 Ажалдан бұрын өлім жоқ!
Ар-намысты тастайын,
Жалғыз туған қасқамын,
Қарасай, Қази — досыма,
Жетуге соған ұқсайын.
Сайлап бір тұлпар мінейін,
Қайтадан жауға тиейін, —
Деді дағы Әділ хан,
Тұлпарға қамшы басады,
Шабуға тұлпар шаршады.
2220 Ызаланып келе жатса,
Адасып кеткен ұқсады.
Адасқанын біледі,
Алты қатар қазған ор
Қарсы алдынан келеді.
Орды көзі көргенде,
Астындағы қызылды
Тартып-тартып жіберді,
Толғап басып санына.
Қызыл ат қарғып қалады,
2230 Батқансың қамшы жанына.
Қарғығаны құрысын,
Құлашын қысқа жазады.
Үшінші ордан өтеді,
Төртінші орға жетеді.

- Омақата сүрініп,
Өмілдірік үзіліп,
Үстіндегі Әділді
Орға тастап кетеді.
Қол бастап келген Әділ хан
2240 Шырқырап орда қалады,
Бұған не амал қылады.
Қарасай, Қази — қос батыр
Алты күндей ұрысып,
Қаланы бұйрат қылады.
Алты күнге толғанда
Қазбан деген қаланы
Сонда алып болады.
«Дербент деген қаланы,
Әділ ханға бірігіп,
2250 Аламыз ертең», — деп еді.
Қарасай Қази — қос батыр
Табан жолдың аузына
Әскерден бұрын келеді.
Әділге ерген әскердің
Өлімтігін көреді.
Өлімтікті көрген соң,
Сонда Қази сөйледі.
— Қарасай аға, туғаным,
Туғаннан жолдас болғаным,
2260 Білдің бе Құдай ұрғанын,
Досымның жауда қалғанын,
Хабар алмай біздерден,
Әділді қырсық шалғанын!
Досымды іздеп келейін,
Досымды тапсам, келермін.
Таба алмасам досымды,
Досым үшін өлермін.
Алдымнан шығып анасы,
Ішінен шыққан баласы,
2270 «Әділім қайда?» — дегенде
Не деп жауап беремін?
Кәне, менің жақсыларға ергенім,
Кәне, менің үлгі көргенім,

- Қасыма ерген жолдасты
Жау қолына бергенім,
Одан да жақсы өлгенім.
Қарасай сонда сөйледі:
— Қарағым Қази — туғаным,
Туғаннан жолдас болғаным,
2280 Білдім ғой Құдай ұрғанын,
Досыңның жауда қалғанын.
Алдыңда жатқан, қарағым,
Қиғаш деген тауы бар,
Қызылбас деген жауы бар,
Жау шамасын айтайын:
Қырылғанменен таусылмас,
Көрмеген жауың тағы бар.
Осы жерден біз қайтып,
Тесік тауға баралық.
- 2290 Әскерді таудан шығарып,
Ағайынды екеуіміз
Әділ хандай досымды,
Қайтадан кіріп, қаралық.
Әскерменен қарасақ,
Әділді қарап жүргенде,
Қасыңа ерген көп әскер
Болып қалар жаралы.
Таудың арғы сыртына
Шығарып тастай салалық.
- 2300 Осылай деп Қарасай,
Жібермей түр інісін.
Қара тауға барады,
Үш күншілік жер еді,
Қара тауға келеді.
Қара таудың баурында
Қамалып жатқан көп әскер
Қарасай көзі көреді,
Көріп, сөйлей береді.
— Қарағым Қази, келдің бе?
- 2310 Мына жауды көрдің бе?
Жау екен үлкен қауіпті.

- Жолдың аузын жауыпты,
«Қарасай, Қазі қайтар» деп
Болған екен қауіпті.
«Осы жолдан шығар» деп,
Ақылды қалай тауыпты?
Біз де ақыл табалық,
Ақылдасып қаралық.
Қас қарайып, күн батсын,
2320 Төсегіне жау жатсын.
Жеті түнде шабалық,
Орақтап айқай салалық.
Ұйықтап жатқан жерінде,
Таң алдында тәтті ұйқы,
Мезгілсіз уақытта алалық.
«Шабалық деп тал түсте»,
Қазіым, етпе балалық,
Баланың ісі — шалалық.
Айламен нашар тең,
2330 Айласыз батыр тез өлер,
Айламен жауды алалық.
Сонда Қазі сөйледі:
— Айналайын, жан көке-ай!
Қатардан артық, хан көке-ай!
Екі айрылар күн болды,
Енді бізге сын болды.
Сеніменен, Қареке,
Қош айтысар күн болды.
Бұрын жауды көрмеген,
2340 Жау айласын білмеген
Жаңа өспірім бала едім.
Екеуміз бірге жүргенде
Маған сүйеу сен едің,
Саған сүйеу мен едім.
Мен қалатын күн болса,
«Қарекем!» — деп, шақырсам,
Ағекем, маған келгейсің.
Не екенін білгейсін,
Тарығып жатқан жерімде
2350 Туғандықты білдіріп,

- Қолыңның ұшын бергейсің,
Сен қалатын күн болса,
Айқайлауға арланбай,
«Қазим!» — деп, шақырсаң,
Қиын да болса, шабармын.
Осылай деп, екеуі
Екі айрылып барады.
Орақтың ұлы Қарасай
Күншығыстан шабады,
2360 Орақтап айқай салады.
Күнбатыстан ер Қазим,
Бұ да айқай салады.
Орақтаған қос дауыс
Жер-дүниені жарады.
Не қыларын біле алмай,
Дұшпандар сасып қалады.
Қарасай, Қазим — қос батыр
Тигеннен соң қалаға-ай,
Қаласына қарамай,
2370 Қызылбас қашты далаға-ай.
Табан жолдың аузын,
Таласып, тартып алады-ай.
Тартып алған тар жолға
Аламанын салады-ай.
Алдын бастай ер Қазим,
Артын бастап Қарасай,
Көп әскерді екеуі
Ортасына алады-ай.
Қарсы келген дұшпанды
2380 Алмаспенен ер Қазим
Шалып тастап барады-ай.
Бекітіп қойған көк тасқа
Найза салып ер Қазим,
Алып тастап барады-ай.
Тіркеп қойған түйедей
Жалғыз аяқ тар жолмен
Шұбалып кетіп барады-ай.
Ертең сәске болғанда
Қызылбастың көп жауы

- 2390 Қайтадан қолға шабады-ай.
 Мұны көріп, Қазифа
 Қарасай тағы толғады-ай.
 — Қарағым, Қазифа, келдің бе,
 Мына бір жауды көрдің бе?
 Ағытқан қойдай шұбалған
 Мына жаудың көбін-ай!
 Мына жаудың көбінен
 Қорқайын деді көзім-ай!
 Жолға түсіп, жөн тартып,
- 2400 Жұр, бала, жөніңе-ай!
 Қолдың алдын қорғай көр,
 Шамаң келсе, зорлай көр.
 Мен арт жағын қорғайын, —
 Деді дағы Қарасай,
 Жаудың артын қорғады
 Қорғағаны болмады,
 Қарасай жағы оңбады.
 «Оңды дейін не қылып?»
 Қара құрттай жабылып,
- 2410 Жауатын бұлттай торлады.
 «Оңды дейін не қылып?»
 Қара құрттай жабылып,
 Алдындағы олжасын
 Алды дұшпан айырып.
 О да есен, бұ да есең,
 Олжасын жауға алдырып,
 Жаманның тиіп кесірі,
 Қарасай, Қазифа — қос батыр
 Шықты дейді таудан тарығып.

Әлқисса, таудан шығып алған соң, інісі — Қазифа Әділдің қайда екенін білуге, Әділді іздеп көруге кіріседі. «Қарасай аға, сен де мына әскермен осы арада қала бер», — деп, жауға кіру үшін, Әділдің қайда қалғанын білу үшін інісі — Қазифаның ағасына айтқан сөзі.

- 2420 Таудан шығып алады-ай.
 Сөйледі Қазифа және де-ай.

- Мен досымды іздеймін,
Қош аман, бол, ағам-ай!
Қош айтысып мен тұрмын,
Қарасай аға, сенімен,
Туысып едің менімен,
Бір іздемей Әділді,
Кетемін бе шынымен?!
Талаптанып мен тұрмын
- 2430 Тауға қайтып кіруге,
Жауда қалған Әділдің
Қайда екенің білуге.
Бір іздемей Әділді,
Осы арадан мен қайтсам,
Ұяламын досымның,
«Досым» деп, жүзін көруге.
Ұяламын мен және,
Алдымнан шығып анасы,
Ішінен шыққан баласы,
- 2440 «Әділім қайда?» — дегенде,
Соған жауап беруге.
Қорықсаң, аға, қайта бер,
Қасыма менің еруге.
Ойланып тұрмын мен және
Досым үшін кіруге.
Қарасай сонда сөйледі:
— Қарағым, Қази — туысқан,
Ата жолын қуысқан,
Әскерді аман шығардық
- 2450 Қараңғы тар жол, қуыстан.
Досың еді ер Әділ
Көкіректі таясқан.
Көкіректе шыбын жан
Бар ма еді одан аясқан.
Тірі болса, табармыз,
Жау қолынан алармыз,
Бұзылмаса жер-аспан.
Ау, Қазижан-қарағым,
Сенен не деп қаламын?!
- 2460 Сенен қалып, қарағым,

- Елге не деп барамын?
Қызыл атқа мінейін,
Мен де бірге жүрейін.
Тірі болсаң, қарағым,
Қызығыңды көрейін.
Өле қойсаң, мен сені
Өз қолымнан көмейін.
Не болмаса, қасыңда
Тілектес болып жүрейін.
- 2470 Сені жіберіп жау жаққа,
Өзім қайтып ел жаққа,
Елде кімді көрейін?
Қарасай айтып осыны-ай,
Жолдас болды қасына-ай.
Екі батыр жөнелді
Іздеп Әділ досын-ай.
Қарасай, Қазі — қос батыр
Аттанып ала салады-ай.
Қызыл, жасыл екі ту
- 2480 Қолдарына алады-ай.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қайтадан кіріп барады-ай.
Тауды тастап қызылбас,
Қайтқан екен қалаға-ай.
Аш бөрідей екеуі
Араласты далада-ай.
Қырғын салды екеуі
Қызылбасқа және де-ай,
Қызылбастың ішінен
- 2490 Әділ хан досын қарады-ай.
«Әділ хан досым қайда?» — деп,
Айқай-сүрең салады-ай.
Найзасы аумай қолынан,
Желі тұрып оңынан,
Екі батыр тиеді,
Кіріп-шығып жүреді
Оңы менен солынан.
Қызыл туы жарқылдап,
Қарулары сартылдап,

- 2500 Қырғын салып келеді,
Қызылбас жауын алқындап.
Басын салды балтаға
Қанын құйды қалтаға.
Шыбын жанын аямай,
Екеуі салды ортаға.
Ердің сойы болған соң,
Бұлар жаудан қорқа ма?
Әділ хан досын қарады.
Қараса да, таба алмай,
- 2510 Бес күн ұрыс салады.
Бес күн өтіп арада,
Алты күнге толады.
Сол күні ұрыс зор болып,
Көргендер қайран қалады.
Аспан жүзі шаң болды,
Жердің жүзі қан болды,
Алты күндей ұрысты,
Көргендерге таң болды.
Жауда Әділ хан қалды,
- 2520 Енді өлмеген нең қалды?!
Қарасай, Қази — қос батыр
Қызыл қанға былғанды.
Алты күнгі ұрыста
Аспан мен жер жанды.
Әділ хан досын таба алмай,
Қайда екенін біле алмай,
Бір қызылбасты танымай,
«Сен — Әділмісің, жаным-ай!
Әділ болсаң, кел! — деді,
- 2530 Кел, артыма мін!» — деді.
Қорыққан соң ол байғұс:
«Әділ хан деген — мен», — деді.
Мінгестіріп Қарасай,
Шаңның шығып сыртына,
Алып шығып, қараса-ай,
Бір мұрны орақтай құл дейді.
Мұрнын кесіп өлтіріп,
«Сенің теңің — бұл», — дейді.

- 2540 Әділ хан досын екеуі
Алты күндей іздейді.
«Табылар деп бір»,
Сонда да үміт үзбейді.
Қызыл атпен өрлейді,
Шапқан сайын өрлейді,
Сүйегі қызып, терлейді,
Екі тұлпар оянды-ай.
Суыннан туған жануар
Дұшпандардың үстінен
Секіріп жүр дейді қояндай.
- 2550 Алты күндей ұрысты
Екі батыр аянбай.
Таусылатын жау емес,
Жау жарыға жаңа таянды-ай.
Алты күнгі ұрыста
Ағасы Қарасай болды жаралы-ай.
Аяқ-аяқ қан құсып,
Аттың жалын ол құшып,
Шыбын жаннан баз кешіп,
Тұрған екен табандай.
- 2560 «Қази інім қайда?» — деп,
Жаудан жаман найза жеп,
Тұрған екен шақырып,
«Алып шық, — деп, — ағанды-ай»,
Жарасынан шаба алмай.
«Қайда қалды көкем?» — деп,
Жүр екен Қази таба алмай.
Қазидың көзі шалады-ай,
Бауыр деген қиын ғой,
Көкелеп ойбай салады-ай.
- 2570 Осында келді қасына-ай,
Ойлады батыр осыны-ай.
«Осыны қайрап көрейін.
Шығар ма екен асылы-ай.
Шар болаттың суы еді,
Қанды Орақтың ұлы еді,
Ашуын, қайрап, келтірсем,
Түзеліп кетер ме.

- Ондай-мұндай жараны
Ауырламай кетер ме.
2580 Ашуын, қайрап, келтірсем,
Қызып кетіп сүйегі,
Тау басына жетер ме!
Есіл менің ағекем
Жараға себеп етер ме!» —
Деді дағы ер Қази,
Қасына жетіп келеді,
Ағасын көзі көреді.
Көріп, сөйлей береді:
— Не қып тұрсың, Қарасай?!
- 2590 Жаныңа жаман батты ма
Жаудың салған жарасы-ай?!
Жауға сырды алдырмас,
Жетпесе ердің қазасы-ай,
Мұнша неге кем болдың?!
Екеуміз де, Қареке,
Бір кісінің баласы-ай.
Мылтық тисе, күрт етіп,
Найза тисе, морт етіп,
Жасық болып туыпсың,
- 2600 Сүйегің бос қой, шамасы-ай.
Біз ауылдан шығарда
Айтып еді анам-ай.
Ана сыншы балаға-ай,
Атадан бірге туғанмен,
Бөрі бірдей бола ма-ай?!
Атам — Орақ ер еді,
Ақылға анам кен еді,
«Қарасай адам болмас, — деп,
Қарасай шіркін оңбас», — деп,
- 2610 Кереметті әулие —
Қараүлек солай деп еді.
Күндердің күні болғанда,
Кереметтей кемпірдің
Айтқаны қалай келеді?!
Тағы да былай деп еді:
«Қарасайдың әуелде

- Кем болған мұның себебі:
Қарасайды туарда
Менің мынау келінім
2620 Ләшкердің қара тасына
Жерік еді, — деп еді.
Жегенде ләшкер тасын-ай,
Жерігі бұдан басылмай,
Жыланның жеді басын-ай.
Жыланнан қанып жерігі,
Жабылған жері ашылды-ай.
Үш ай тоқсан болғанда
Сол секілді баланың
Қызуына шыдамай,
2630 Белден қарға аунады,
Сонда да, сірә, тоңбады.
Туатұғын уақытта
Қызуы кетіп баланың,
Сүйегі босап, жасыды-ай.
Содан болды себебі,
Қарасайдың жасығы-ай».
Анамыз солай деп еді,
Айтқаны қалай келеді?!
Қызыл атқа мінгенше,
2640 Орақтап жауға тигенше,
Артық еді, Қареке,
Таяқ алып қолыңа,
Қойды бағып жүргенің.
Жаралы болып тұрғанша,
Жұртқа күлкі болғанша,
Жақсы еді, көке, өлгенің.
Өлмегенің осы ма?
Күлкі болдың досыма!
Сені «туған» дегенше,
2650 Сендей итті көргенше,
Сенімен бірге жүргенше,
Кескілеп сені кетейін,
«Туғаным» деп не етейін?!
Ендігі қалған жерімде,
Жалғыз-ақ болып өтейін.

- Қарасай сонда сөйледі:
— Ай, Қазижан, қарағым!
Жауда ойнаған жарағың.
Қатты-қатты сөз айтып,
2660 Мені қайрап қарадың.
Таба алмай тұрмын лажын
Ішіме түскен жараның.
Тұрып қалып мен тұрмын,
Болмаған соң амалым.
Ағып тұрған қаным бар,
Шықпай тұрған жаным бар.
Қарағым, сүйеп жүрмесең,
Жүре алмайтын халім бар.
Қабыртқамда қырық жара,
2670 Омыртқамда он жара,
Қос өкпемде бір жара,
Сол жараға не шара?
Алтын үйден жан тәтті,
Жан ауырса, тым тәтті.
Өкпедегі жараның
Осы күні аузына
Кесек-кесек қан қатты.
«Жақыным» десең, аларсың,
«Бауырым» десең, шабарсың.
2680 Алуға әлің келмесе,
Өркім де тастап кетеді
Қысылған күні жауына
Ата мен тапқан анасын,
Іні менен ағасын,
Әйел менен баласын.
Айналайын, Қази-ай!
Менімен ісің болмасын.
Жауда қалған ағанды,
Кез келтірсе бір Алла,
2690 Тәңір алдында табасың.
Қарасай артық ер еді,
Қазига солай деп еді.
Осыны естіп ер Қази,
Шыдасын ба бауырға,

- Көзінің жасын төгеді.
Жаңағы айтқан сөздері,
«Қызар ма екен көкем?» деп,
Қыздырып айтқан сөзі еді,
Әл кеткенін біледі.
- 2700 Қолтығынан сүйеді
Бір жағынан демейді.
Сол уақытта Қазидың
Қайғысы жаман көбейді.
Осындайда болмаса,
Туғанды не деп тілейді.
Туысқанның себебі,
Тарлықта тиер көмегі.
Қарасайды інісі
Сүйеп алып келеді.
- 2710 Жараға қолын салады,
Қанын сорып алады.
Осындайда болмаса,
Жалғыздық жаман болады.
Мынау Қазиді болмаса,
Артық па еді Әділден,
Қарасай да қалады.
Інісі мұның болған соң,
Қолтығынан сүйейді,
Бір жағынан демейді,
- 2720 Қалдырмай алып барады,
Құшақтап жүріп ағасын.
Таудан шығып алады,
Айдын көлге құлады.
Ағасының жарасын
Осы көлдің басында
Он күн жатып бағады.
Ақ аюдың дәрісін
Сол жараға салады.
Себеп болып сол дәрі,
- 2730 Сонымен жарып алады.
Енді қайтып бара алмай,
Әділ хан досын таба алмай,
Қайда екенін біле алмай,

- Бұлар да қайтып барады.
 Жалғыздық деген жаман ғой,
 Іздеп алар аға жоқ,
 Енді оған шара жоқ,
 Алладан басқа паңа жоқ,
 Терең ордың ішінде
 2740 Әділ хан жалғыз қалады.
 Жалғыздық деген қиын ғой,
 Іс түскен күн басына
 Әркім де сондай болады.

Әлқисса, Қарасай, Қази қайтып кеткен соң, қызылбастар: «Қайтадан халық боламыз», — деп, еліне қайтып бара жатып, Әділдің орға түскен жеріндегі он үш мың әскердің өлімтігінің үстінен шығып, олжасын алып жүргенде, қасындағы орда жатқан Әділді тауып алған.

- Қарасай, Қази кеткесін,
 Біраз күндер өткесін,
 Қызылбас қайтты қалаға-ай.
 Қырылғаны қырылып,
 Қалғаны болды жаралы-ай.
 Табан жолға келеді,
 2750 Қырылған қолды көреді,
 Олжасын теріп жүреді.
 Олжасын теріп жүргенде,
 Орда жатқан Әділді
 Жаулар көзі көреді.
 Баланы көріп, қызығып,
 Ор ішіне түседі.
 Бірінен-бірі қызығып,
 «Мен ұстаймын», — деседі.
 2760 Үстіне топырақ шашады
 Жолбарыстай басады.
 Ұстамақ түгіл қызылбас,
 Алды-алдына қашады.
 Оң келгенің оң ұрып,
 Сол келгенін сол ұрып,
 Терең ордың ішінде

- Әділ хан соғыс жасады.
Ұстатпайтын болған соң,
Қызылбас ордан шығады.
Ор ішінде баланы
- 2770 Айнала келіп қамады.
Жүгіріп жүріп Әділ хан,
Қолына бір тас алады.
Қамап тұрған адамға
Жіберіп келіп қалады.
Лақтырған бір тасы
Бірінің көзін шығарып,
Бірінің басын жарады.
Ұрыс салып, ұстатпай,
Терең ордың ішінде
- 2780 Әділ хан кетіп барады.
Ұстатпайтын болған соң,
Қызылбас ақыл табады.
Қолдарына көп адам
Бір-бір белді алады.
Топырақты құлатып,
Төбесінен құяды.
Емшегіне жеткенше
Топырақпен бастырып,
Шықпастай әбден тас қылып,
- 2790 Әділді ұстап алады.
Топырақтың астында
Әділ хан батып жатқанда,
Екі қолын баланың
Арт жағына қайырып,
Қаңылтырмен құрсаулап,
Болаттан құрсау салады.
Қолға түскен арыстан,
Екі қолы байлаулы,
Бұған не амал қылады?
- 2800 Қызылбасқа құл болып,
Көзі жайнап тұрады.
Ортаға алып дұшпандар,
Әділден жауап сұрады.

- Орға түскен сен бала,
Сенің өзің — кім, бала?
Ор ішінде ұстатпай,
Бізге салдың зор, бала.
Шыныңды айтсаң, босатып
Жіберейік, бейшара.
- 2810 Баба түкті шашты Әзіз —
Бұл келмеген жер еді.
Бұдан туған Нұрадын —
Бұл келмеген жер еді.
Бұдан туған хан Мұса —
Бұл келмеген жер еді.
Батыр Мамай, Қанды Орақ —
Бұл келмеген жер еді.
Қыдырбайдың баласы —
Қобыландыдай шырағым —
- 2820 Ер келмеген жер еді.
Адамзаттың ұлына
Тергелмеген жер еді.
Талқандаған қаламды,
Шулатқан қатын-баламды
Осы келген әскердің
Басшы ханы кім еді?
Ханын айтып бер, — деді,
Шыныңды айтсаң, бейшара,
Жіберейін мен, — деді.
- 2830 Сонда Әділ сөйледі:
— Шүлдірлеген қызылбас,
Астымда тұлпар болдырып,
Қолыңа түсті біздің бас.
«Жіберер» деп, жалынып,
Аяғыңа бас ұрмас.
Бүгін өліп кетсе де,
Әділ хан атын жасырмас.
Тәуекел еттім Аллаға-ай!
Жалған айтып болама-ай?
- 2840 Тапшы қылды Құдайым
Іні менен ағаға-ай.
Қырық мың қолға бас болып

- Келіп едім қалаңа-ай.
Қарасай, Қазі — қос батыр
Қалаңа салды лаң-ай.
Қол бастап келген солардың
Қолбасшы ханы мен едім.
Осы сөзім шын еді,
Бүлгін салған қалаңа
2850 Қарасай, Қазі ер еді.
Менің атым — хан Әділ,
Қызылбас, өзің біл, — деді,
Әділ хан деген ер едім.
«Қызылбасты қиратып,
Шауып алсам», — деп едім,
Ол айтқаным болмады.
Астымда тұлпар болдырып,
Орға түсіп, сорладым.
Пеңде болып бұл күнде
2860 Қолыңда сенің тұрғаным.
Өлсем, өліп кетермін,
Егер өліп кетпесем,
Айтқан сертке жетермін.
«Жібереді мені» деп,
Жағынып саған не етермін?!
Түбінде бар бір өлім,
Сол өліммен кетермін.
Сүйегім асыл төремін,
Аузымнан шыққан ләбізді
2870 Қалайша екеу етермін.
Басымды қазір алсаң да,
Бір сөзбенен кетермін.
Қызылбас сонда сөйледі:
— Қол бастап келген сен болсаң,
Әділ хан деген ер болсаң,
Мойныңа қамыт ілейін.
Өзің мықты піл болсаң,
Алты арбаға жегейін.
Алты арбаның үстіне
2880 Толтырып тасты үйейін.
Алдыңғы арба үстіне

- Бір адамды мінгізіп,
Шыбықтап айдап жүрейін.
Қалама алып барайын,
Арбаға жегіп қарайын.
Қарасай бұзған қаланы,
Сеніменен тас тасып,
Сонымен салып алайын, —
Деді дағы, қызылбас
- 2890 Қалаға алып келеді,
Мойнына қамыт іледі.
Алты арбаны қосақтап,
Әділ ханға жегеді.
Алты арбаның үстіне
Толтырып тасты үйеді.
Алты арбаның алдына
Бір адамы мінеді.
Арбаға жеккен өгіздей
Шыбықтап айдап жүреді.
- 2900 Қолыңа алды көк шыбық,
Әділге болды бір қызық,
Шыбықпенен тартады,
Арбаға тасты артады.
Аямай залым ұрғанда,
Жанына қатты батады.
Еркелейтін ел қайда?!
Еркіндейтін күн қайда?!
Алты арбамен Әділ хан
Өгіздей өрге тартады.
- 2910 Қарасай бұзған қаланы,
Арбаға жегіп баланы,
Құдай атқан қызылбас
Алты айда салып болады.
Қаласын салып болған соң,
Және бір қызық қылады.
Тісімен тезек тергізіп,
Тірілей қорлық көргізіп,
Тезекке салды баланы.
Тісімен тезек тереді,
- 2920 Әділ хан қорлық көреді,

- Алты арбаны сүйретіп
Кеш болғанда келеді.
Ол кеш пенен бұл кешке
Жарты алма болды жегені.
Басына Құдай салған соң,
Амалы бар ма, көнеді.
Оныменен қоймайды,
Және бір жерге айдайды.
Аяғына тас қағып,
2930 Сыналап, мықтап байлайды.
Күндіз-түні азапта
Әділдің сору қайнайды.
Қолынан келер амал жоқ,
Екі көзі жайнайды.
Бұ да қылған қастығы:
Қызылбастың баласы
Қозы-лақтай секіріп,
Басына шығып ойнайды.
Қуалап ұстар қолы жоқ,
2940 Жайымен жатып жамбастап,
Аузына түскен баланы
Балтырынан шайнайды.
Қызылбаста бар екен
Алма деген бір жеміс.
Ол кеш пенен бұл кешке
Жарты алма жейді-міс.
Қадір білер жақсылар:
«Қолға түсіп, қор болды.
Ардақтаған біреудің
2950 Шырағы ғой», — дейді-міс.
Қадір білмес жамандар:
«Жарты алмаға тоймаған
Жаман шығар оңбаған.
Бір жаман ғой», — дейді-міс.
Сөйтіп жүрген сорлыға,
Керек десе, келмепті
Қырым деген шөһерден
Ұшып жүрген қарақұс.

Әлқисса, батырлардың ауылға келгені. Ахмет бұрын кетіп еді, бұрын келді. Қарасай, Қази Әділді іздеп соң қалып еді, соң келді.

Ендігі Ахметтің әскерімен аман келе жатқан көріп, Әділдің қарындасы шешесіне сөйлеп тұрған жері еді. Және Ахметтен сұрағаны. Тағы да Әділдің Омар, Оспан деген екі құлы бар еді. «Батырлар жауда қалды деп, Әділдің қарындасын мен алам, мен алам», — деп жүретін еді. Илия: «Батырлардың келетін уақыты болды», — деп, мұнараның басына шығып қараса, Ахметті көреді. Көре сөйлей береді. Сонда анасына айтқаны:

- Айналайын, анам ай!
 2960 Мен қайтейін, жыламай.
 Жығылғанға ұқсайды
 Алтын сарай, қалаң-ай.
 Жауда қалған ұқсайды
 Жалғыз Әділ — балаң-ай.
 Алды-артында таяу жоқ,
 Жалғыздық иттің жаманы-ай.
 Қарасай, Қази мұнда жоқ,
 Бұл келе жатқан қолда жоқ.
 Қанды Орақтың баласы,
 2970 Досы жауда қалған соң,
 Асылдықты білдіріп,
 Қайрылған шығар соған-ай.
 Атадан бесеу туғанның
 Жоқ екен ғой арманы,
 Аламаны соңында,
 Төрт інісі қолында,
 Айсаның ұлы Ахмет
 Келе жатыр аман-ай.
 Ойлап келіп, қарасам,
 2980 Жалғыздық иттің жаманы-ай.
 Ахметтің алдынан
 Жалғызыңның хабарын,
 Оның аман-жаманын
 Білелік, ана, сұрап-ай, —
 Деді дағы Илия,
 Екі етегін түрінді,

- Аш күзендей бүгілді,
Ахметтің алдынан
Екі мұңды жүгірді.
- 2990 Ахмет көріп, тұра алмай,
Тұрайын десе, ұялды-ай.
Ахмет кетіп барады,
Атының басын бұра алмай.
Алдын орап Илия,
Көкесінің хабарын
Ахметтен сұрады:
— Ай, Ахмет, ағасың!
Басыма қайғы саласың.
Хабарын айтпай көкемнің,
- 3000 Қайда кетіп барасың?
Қарасай, Қазі — ер қайда?
Қырық мың әскер қол қайда?
Қол бастап кеткен ер Әділ —
Жалғыз көкем — бұл қайда?
Өздерің аман келесің.
Келгеніңнен не пайда?
Келеді аман туғаның,
Туғаның, жолдас болғаның.
«Көкем жалғыз, сен — бесеу.
- 3010 Болар ма екен деп едім,
Қысылған күні қорғаным?».
Ай, Ахмет, айтып кет
Көкемнің қайда қалғанын!
«Шын сөйлесем, жылар», — деп,
Сөйлеме сөздің жалғанын.
Сонда Ахмет сөйледі:
— Көкең аман, жылама.
Шынымды айтсам, бола ма?
Ағаңды аман көргенше,
- 3020 Бейшара, көңлің тына ма?
Қосыларсың аман-сау
Сағынған Әділ ағаңа.
Енді жылап, мұңайма.
Айналды ісің оңайға.
Ісің жаққан пендесің

- Бір Жаратқан Құдайға.
Қиғаш деген тауды алдық,
Қызылбас деген жауды алдық.
Хан болып Әділ келе жатыр
- 3030 Қырық сан Қырым, Ноғайға.
Қарасай, Қази қасында,
Бақыт қонған басына,
Жолы болып келе жатыр,
Алды толып асылға.
Асылды артып келе жатыр
Қырық шамалы қашырға.
Қызылбас елін бүлдірген,
Жүректен найза ілдірген
Хан болып Әділ келе жатыр,
- 3040 Хабарым осы білдірген.
Ілия сонда сөйледі:
— Ахмет, қалай айтасың?!
Білген адам байқасын.
Қиғаш деген тауды алсаң,
Қызылбас деген жауды алсаң,
Олжасыз неге қайтасың?
Көтеріп кеуіл, делбейсің.
Өтірік неге сөйлейсің?
Рас болса айтқаның,
- 3050 Озып неге келмейсің?
Сүйінші сұрап, мені алып,
Ахмет, неге сүймейсің?
Мен ойлаймын, Ахмет,
«Осы сөзің бекер, — деп,
Зарлаумен күнім өтер, — деп.
Жалғыз ағам келмесе,
Көрінгеннің қолында
Жесір болып өтем», — деп,
Ілия жылап-еңіреді,
- 3060 Ахметке сенбеді.
Сенбегенмен, байқұстың
Қолынан нәрсе келмеді,
Көтеріп аяқ тастады.
«Тастап кеткен білемін

- Жалғыз туған қасқаны», —
Деді дағы Илия,
Сөзін айтып болады,
Қарасай, Қазі — досының
Алдынан жылап шығады.
- 3070 Көкесін жоқтап сұрады:
— Қарасай, Қазі — қос батыр,
Келемісің аман-сау?!
Жіберді ме сендерді
Қиғаш деген қара тау?
Қалды ма алып көкемді
Қызылбас деген көпір жау?
«Құдай!» дескен досың-ай
Еріп еді сенің қасыңа-ай.
Досыңды жауға қалдырып,
- 3080 Дос болғаның осыма-ай.
«Жауға түссем, алар, — деп,
Іздеп, досың табар», — деп,
Еріп едік қасыңа-ай
Не болса да, себебін
Айта бер, досым, шошымай.
Екі досым сен едің,
Сендер еді менің сенерім.
Тек екеуің келгесін,
Сендерге де сенбедім.
- 3090 Қанды Орақтың баласы
Жолдасын жауға тастайтын
Сендер де сондай ер ме едің?!
Мен көкемді көре алмай,
Алдарыңда еңіредім.
Қайда қалды жан көкем?
«Хабарын анық бер» — дедім.
Қарасай сонда сөйледі:
— Жалғыз да болса, Әділді
Құдай артық жаратты-ай.
- 3100 Қырық мың қолға бас болып,
Жұртты аузына қаратты-ай.
Таққа мініп, хан болып,
Оңғарып Алла талапты-ай.

- Сапарымыз оң болып,
Тарыққанды қуантты-ай.
Таққа мініп, хан болып,
Жылағанды жұбантты-ай.
Хан болып Әділ келеді,
Жеткізіп Алла мұратқа-ай.
- 3110 Сонда Қази ақырды-ай,
Батыр еді ақылды-ай.
Ағасына Қазидың
Қатты келді ашуы-ай.
— Ай, Қарасай, не дейсің?!
Неге өтірік сөйлейсің?!
Іздеймін деп Әділді,
Болмап па едің жаралы-ай?!
Мұны неге білмейсің?
Келтірдің жаман жынымды,
- 3120 Ашуланттың ініңді.
Сұрағанда, қасқаға
Неге айтпайсың шыныңды?!
«Жауда қалды» дегенде,
«Жаныңды алар» дедің бе!
«Жалғызың қалды» дегенде,
«Қаныңды алар» дедің бе?!
Өтірік сөзді айтқанмен,
Бұларды нанар білдің бе?
Әділ хан жауда қалулы,
- 3130 Басымнан бағым таяулы.
Осы сапар Құдайым
Нарыңды менен алулы
Досымның белі сынулы,
Дұшпанның көңлі тынулы.
Жолдасын жауда қалдырып,
Қаршығасын алдырып,
Мені Құдай ұрулы.
Ақ үйге қара тіге бер,
«Өлді!» — деп күдер үзе бер.
- 3140 Бір Алланың ісіне,
Не қылса да, көне бер,
Қайғы суын іше бер,

- Қайғы тонын піше бер,
Әділ хан мінген жорғаның
Жал-құйрығын кесе бер,
Қайғыменен өте бер,
Күдер үзіп кете бер.
Әділ хан қалды, біз келдік,
Ететініңді ете бер.
- 3150 Ілиядай сұлу қыз
Мына сөзді естіп,
Жер бауырлап құлады-ай.
Құдайға: «Ал», — деп жылады-ай.
Оныменен өлсін бе,
Таусылмаса уағы-ай?
Алты күн жатты дым татпай,
Бар тапқаны: зар қақты-ай.
«Әділ хан жауда қалды», — деп,
Екеуін Қазі зарлатты-ай.
- 3160 Алты күннен өтеді,
Жеті күнге жетеді.
Жылап жатқан қызына
Анасы кеңес етеді.
«Түре кел, қызым! Түре кел!
Алла ісіне көне бер.
Кімге еркелеп жатырсың?
Сен — бір жетім пақырсың.
«Жылап жатыр мынау», — деп,
Кім есіркеп, шақырсын.
- 3170 Қасыңа келіп, қаймалап,
Тұрғызатын ағаң жоқ.
Тәрбиелеп емізген,
«Мынау — анам», дегізген,
Саған түгіл, ер Әділ
Ішімнен шыққан маған жоқ.
Түрегел, қызым! Түрегел!
Ағаң түгіл, інің жоқ,
Енді бізге тыным жоқ.
Хақ ісіне көнелі,
- 3180 Иесіз үйге кірелі.
Жатқанменен, келер ме?

- Тілекті Құдай берер ме?
Тұр, шырағым, жүрелі» .
Жылап жатқан қызына
Анасы солай деп еді,
Анасының дауысы құлағына келеді.
Көтеріп басын Ілия,
Анасына ереді.
Иесіз қалған ордаға
- 3190 Екі мұңды келеді.
Омар құл мен Оспанның
Тілеуін Құдай береді.
«Әділ хан жауда қалды!» — деп,
Екеуі ойнап-күледі.
Екеуінің ниетін
Екі мұңды біледі.
Басында ерік болмады,
Басынып бұлар, қорлады.
«Ардақтаған Ілия
- 3200 Аламыз», — деп ойлады.
Біріне-бірі екеуі
Ілияны қимады.
Екеуінің бір жерге
Енді басы сыймады.
Көзі жаман аларды,
Кеулі жаман қарайды.
Ілияға таласып,
Далада жүріп екеуі,
Төбелесті салады,
- 3210 Төбелесіп қалады.
Жалғыздық деген жаман ғой,
Іс түскен күні басына
Өркім де сондай болады.
Әділ хан бір күн зарланды:
«Бір Жаратқан Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Ақ шалмалы пірөдәр,
Сенен жәрдем сұрайын.
Жаңа түсті есіме
- 3220 Анамның айтқан бір сөзі,

- Ескеріп бүгін алайын.
Жаңа түсті есіме
Қарасай, Қазидосым-ай.
Пірімнен жәрдем болмаса,
Кетті қуат-күшім-ай.
Арба жегіп мойныма,
Жас сорғалап қойныма,
Тезек теріп, кетілді
Ақ меруерт тісім-ай.
- 3230 Көніп жүрмін, қайтейін,
Құдіреттің ісіне-ай!
Заманым жаман тарылды-ай.
Қызылбасқа құл болып,
Қолына түсіп, қор болып,
Басымнан бақыт арылды-ай.
Әділ хандай балаңыз,
Пірім, саған жалынды-ай.
Жер жүзінде бар болсаң,
Егер бізге жар болсаң,
- 3240 Есіте көр менің зарымды-ай».
Әділ хан жылап тіледі,
Қысылғанын Әділдің
Енді пірі біледі.
Ақ шалмалы пірәдәр
Әділ ханның пірі еді
«Адам болсам, білер», — деп,
Бір қарақұс болды да,
Пірі ұшып жөнелді.
Мысалы, болды қарақұс
- 3250 Қанаты — күміс, мойны — мыс.
Кереметтей пір болсаң,
Қарақұс бол да, болып ұш.
Бір Құдайдың пәрмәні:
Ұшқан сайын заулады,
Жер-дүниені қоймады.
Қарақұс емес, пір еді,
Ұшқан бойда келеді.
Сол күні тал түс болғанда,
Әділ хан жылап тұрғанда

- 3260 Қалықтап ұшып келе жатқан
Қарақұсты көреді,
Көріп, сөйлей береді:
«Адыра қалғыр, қара тау,
Болып тұрсың маған жау.
Бір қарақұс аспаннан
Қиялап ұшып келеді-ау!
Бір себебі бар шығар,
Шарапатты жан шығар.
Алладан өмір болсайшы,
3270 Қасыма келіп қонсайшы.
Қасыма қонар күн болса,
Төс қалтамнан, еңкейіп,
Қалам-дәуіт алайын.
Тіліммен тістеп қаламды,
Еліме сәлем жазайын.
Тілегімді бере көр,
Жаратушы Құдайым!»
Әділ хан жылап тіледі.
Етпесе де тілекті,
3280 Өзі іздеп келеді.
Қасына келіп қонады,
Тілегі қабыл болады.
Төс қалтадан, еңкейіп,
Қалам-дәуіт алады,
Тісіменен тістеді,
Ерніменен күштеді,
Сонымен сәлем жазады.
Сәлемхаттың басына
Әуелі жазды Алланы,
3290 Сұрап Алладан пананы.
Екіншіде жазады
Ақ сүт берген ананы.
Үшіншіде жазады
Қарындасы — Ілия —
Жарым көңіл баланы.
Төртіншіде жазады
Қарасай, Қазі — дананы.
Бара жатыр сызылып

- Тісімен жазған қаламы.
3300 Қары бойы хат болды
Әділ ханның сәлемі.
«Бісімілда!» — деп бастап тұр,
«Мұсылманның шарты», — деп
«Ғаріп көңлім бүгінде
Қайғыменен жарты, — деп,
Мен жатырмын тұтқында,
Екі досым іздемей,
Ауылға барып жатыр, — деп.
Қарасай, Қазі — батыр-ай,
- 3310 Досың аман жатыр-ай.
Жолдасыңды қалдырып,
Не деп бардың халқыңа-ай!
Бір қарамай кеткенің
Лайық па атыңа-ай?
Жылап шығып алдыңнан,
Сұрағанда, не дедің
Ақ сүт берген қартыма-ай?
Алты арбаны мойныма
Жегіп қойды қызылбас,
Өрге сүйреп өгіздей,
- 3320 Арбаны сүйреп тартып-ай.
Құтылармыз азаптан,
Қайыры болса ақыры-ай.
Және дұғай көп сәлем
Қырық сан Қырым еліме-ай.
Жететұғын ел қайда
Туып-өскен жеріме-ай?
Еш пәндеге бермесін
Менің көрген күнімді-ай.
- 3330 Қызылбастың қолында
Көріп жүрмін көрімді-ай.
Тісіммен хат жазып,
Тарқатайын шерімді-ай.
Дұшпан аузын бірлеулі,
Күнде мені тергеулі.
Босануға шарам жоқ,
Екі қолым сірілеулі.

- Бір адамы бағулы,
Мойныма арқан тағулы.
- 3340 Аяғыма, түн болса,
Сыналап тасты қағулы.
Осындайда келмеген,
Достың жайын білмеген
Екі досым, сендерден
Кеулім менің қалулы.
Қызылбастың қолында
Досың азап шегулі,
Күнде жасым кемулі.
Алты арбаны қосақтап
- 3350 Мойныма жегулі.
Арбалап тасты алдырды,
Ішімді оттай жандырды.
Қарасай бұзған қаланы,
Меніменен тас тасып,
Сонымен салдырды.
Қаласын салып болған соң,
Тісіммен тезек тергізді,
Тірілей қорлық көргізді.
Шыбықтап айдап жүретін
- 3360 Бір адамды мінгізді.
Ен далада жүремін,
Тісіммен тезек теремін,
Алты арбаны сүйретіп
Кеш болғанда келемін.
Ол кеш пенен бұл кешке
Жарты алма болды жегенім.
Оныменен қоймайды,
Және бір жерге айдайды.
Аяғыма тас қағып,
- 3370 Сыналап мықтап байлайды.
Күндіз-түні азапта,
Досыңның сору қайнайды.
Бұ да қылған қастығы:
Қызылбастың баласы
Қозы-лақтай секіріп,
Басыма шығып, ойнайды.

- Қуалап ұстар қолым жоқ,
Аузыма түскен баланы
Балтырынан шайнаймын.
- 3380 Осы сәлем барған соң,
Қолына дұрыс алған соң,
Қарасай, Қази — досымды
«Келер-ау», — деп ойлаймын.
Қарасай, Қази — жолдасым,
Сендер едің сырласым.
Өкпелейтін күн қайда,
Жан досым болған соң?!
«Досым» десе Әділді,
Бұл азапта қоймасын.
- 3390 Қызылбастың қолында
Тірі жүрмін, ойласын.
Ақтайша ханнан бата алып,
Қолыңа бұйрық хат алып,
Қырымнан әскер жинасын.
Қырымнан әскер ермесе,
Өздері атын баптасын.
Екіден тұлпар ат алсын.
Еменге саптап балтасын,
Азығына малта алсын,
- 3400 Азық салып алатын
Жібектен тігіп қалтасын.
Тұлпарға балдан жем алсын,
Шаршаған жерде дем алсын.
Екі досым болмаса,
Мені іздеп кім алсын?
Мені іздеп таппаса,
Дұшпандардан тіл алсын.
Және дұғай көп сәлем
Бәйбіше ханым — анама-ай
- 3410 Маңдайдағы Кабәма-ай.
Аман болса, көрерсің,
Сабыр ет, ана, жыламай.
Және дұғай көп сәлем,
Емшектесім, жұбайым,
Мен үшін жеген уайым

- Бауырым — жалғыз Ілия!
Айырды сенен Құдайым.
Құдіреттің ісіне —
Бұған не амал қылайын?
- 3420 Өзір аман, тіріміз.
Себеп болса піріміз,
Көкеңді аман көрерсің,
Бір күні туса күніміз.
Және дұғай көп сәлем
Омар құл мен Оспанға-ай,
Арамдық қылған дұшпанға-ай.
Сонда сені көрермін,
Шыға қойсам бостанға-ай.
Екі нашар мұңдыға
- 3430 Жылатып, зәбір бермесін.
Алтын сарай үйіме
Ықтиярсыз кірмесін.
Кім біледі өлерім?
Кім біледі келерім?
Келер күнім бар болса,
Сонда менен көп сәлем
Қырық сан үйлі Қырымға-ай,
Батыр шыққан орынға-ай.
Және дұғай көп сәлем
- 3440 Он екі баулы Өзбекке.
Аруақты ерлерім,
Шыққайсыңыз көмекке.
Және дұғай көп сәлем
Түрікпен, Татар, Қыпшаққа,
Ар жақтағы Қазаққа.
Аруақты ерлерім,
Мінгейсіңіз жақсы атқа,
Жеткейсіңіз мақсатқа!
Енді мені қақсатпа.
- 3450 Қақсатқаның жақсы ат па!?
Өзіңді-өзің қақсатып,
Өзіңді-өзің ақсатпа!
Және де дұғай көп сәлем
Қарасай, Қази — өзіңе!

- Осындайда бір келіп,
Достығыңды білдіріп,
Тарыққан ерді күлдіріп,
Көрінсейші менің көзіме.
Ай, қарақұс — жануар,
3460 Жазып болдым хатымды,
Рұқсат бердім өзіне».
Қарақұс емес, пір еді,
Сөзге қарап тұр еді.
Қары бойы ақ қағаз
Қанатына қыстырып,
Қырым деген шәһەرге
Қарақұс ұшып жөнелді.
Еліне сәлем жіберіп,
Әділдің кеулі тынады.
3470 Алты арбасын сүйретіп
Кеш болғанда барады.
Айдап жүрген қызылбас:
«Осындай қызық көрдім», — деп,
Ханына хабар салады.
«Хат кетті, — деп, — еліне»,
Өлтірмекке Әділді
Ханы бұйрық қылады.
Атса, мылтық өтпеді,
Қарғаса, қарғыс жетпеді,
3480 Отқа салса, күймеді,
Мылтығы атқан тимеді,
Суға салса, батпады,
Пірінен болып себебі,
Бәрінен Құдай сақтады.
Өлтіруге дұшпандар
Енді амал таппады.
Енді тапқан амалы,
Амалының жаманы:
Жеті қабат зынданға
3490 Алып барып салады.
Ақырында Әділ хан
Жеті қабат зынданның
Түбіне түсіп қалады.

- Қарасай, Қази келгенде
Қалайша тауып алады?
Сол жері қиын болады.
Қары бойы қағазды
Қанатына қыстырып
Қырым деген шәһерге
3500 Қарақұс алып келеді.
Екі мұңды тынбастан
Отырған жылап күні еді,
Бейшара не қып жатады?
Жалғызының қайғысы
Жанына қатты батады.
Бір уақыттар болғанда
Таң сарғайып атады.
Екі мұңды егіліп,
Көзінен жасы төгіліп,
3510 Отырған жылап күні еді
Аш күзендей бүгіліп.
Тілегі қабыл болады,
Кеулі нұрға толады.
Бір қарақұс келеді де,
Шаңыраққа қонады.
Қары бойы ақ қағаз
Тастап кетіп барады.
Тастап кеткен қарақұс
Көзінен ғайып болады.
3520 Тастап кеткен қағазды
Әділдің тапқан шешесі —
Ханым алып қарады.
Ханым алып қараса,
Жалғыз Әділ баланың —
Соның жазған қағазы.
Қайта жанды мұңдының
Сөніп қалған шырағы.
Жауда қалған баласын
Көргендей-ақ болады.
3530 Қағазды алып қолына,
Қасына қызын ертіп,
Қарасай, Қази — достына

- Сапарланып салады,
Қағазды алып барады.
Қарасай, Қазии ер еді,
Асып туған шер еді.
Әділдің сәлем қағазын
Алып келіп береді.
Әділдің жазған қағазын
- 3540 Қазии алып көреді,
Көріп, сөйлей береді:
«Бүгін өлсем, ризамын!
Аллаға риза болғанмын!
Бір шыбындай жанымды
Жолына құрбан қылғанмын.
Бүгіннен бастап досымды
Іздейін деп тұрғанмын.
Қырымға қайтып жүре бер,
Қызыңды, ханым, ертіп.
- 3550 Ордаңа бар да, кіре бер.
Құдайың тілек бергенсін,
Қабағыңды аш та, күле бер.
Өлсем, өліп кеткенім,
Қайғымен онда өткенім.
Тіріде бағың ашылмай,
Жылаумен сенің кеткенің.
Егер өліп кетпесем,
Бір күні, ханым, көрерсің,
Балаңды алып жеткенім.
- 3560 Тұрғанымда бұл бақта
Әділді қоймай азапқа,
Қызылбасқа жүрейік,
Қарасай аға, мін атқа.
Қасыңдағы қызыңды,
Қайғы беріп, жылатпа!
Кеуліңді хош етіп,
Қайта бер, ханым, үй жаққа!
Балаңды аман әкеліп,
Жеткізермін мұратқа.
- 3570 Екі сорлы мұңдының
Қуантып кеулін, жай етті

- Қарасай, Қази — қос батыр
Әділдің жатқан жеріне,
Қызылбастың еліне
Жүрейін деп қам етті.
Қарасай, Қази ер еді,
Артық туған шер еді.
Баратын жері — Қызылбас,
Алты айшылық жер еді.
- 3580 Ақтайша ханға келеді,
«Іздейміз, — деп, — Әділді»,
Ханнан әскер тіледі.
«Қызылбасқа аттан!» — деп
Ханнан әмір берілді.
Хан жарлығын қылмады,
Қарасай, Қази тынбады.
Бұрын барған ноғайлар:
«Қырылам!» — деп, бармады.
«Қиғаш деген — биік тау,
- 3590 Қызылбас деген — жаман жау.
Оған барсақ аттанып,
Келе алмаймыз аман-сау.
Бара алмаймыз біз, — деді,
Бізден үміт үз, — деді.
Қызылбастан өлгенше,
Осы жерде бізді қыр», — деді.
Сонда Қази толғанды-ай,
Ашуланды, долданды-ай.
Орақтың туын көтеріп
- 3600 Жарқыратып қолға алды-ай.
«Ай, Қарасай, оңбағыр!
Сен атадан тумағыр!
Жаман итке жалынып,
Не қып тұрсың, құрымағыр?!
Туғандығың осыма-ай,
Мен жетейін досыма-ай?!
Көп аламан не керек
Жолдас етіп қасыңа-ай?
Қысылғанда, көп жаман
- 3610 Болады еңбек басыңа-ай.

- Жалғыз аяқ тар жолда
Қамағаңда қызылбас,
Олжаны жауға алдырдық,
Жаманның тиіп кесірі-ай,
Ұмытып па едің осыны-ай?
Жалынғанша жаманға,
Қос тұлпарды бағалық,
Аттың бабын табалық.
Тасқа салса таймастай
- 3620 Алмастан таға қағалық.
Сауыры күнге күйместей
Мақпалдан жабу жабалық.
Ағайынды екеуіміз,
Еш адамды ертпелік,
Сапарланып баралық.
Бағындырып алайық
Дербент деген қаланы.
Бағындырып біз алсақ
Дербент деген қаланы,
- 3630 Сонда бітер атамның
Қараүлектей кемпірге
Тапсырып кеткен арманы.
Бітірмесек арманды,
Адамдар неге тілейді
Хақынан: «Бер деп баланы».
«Қазидың сөзі мақұл, — деп,
Осы айтқаны ақыл», — деп,
Елге қайтып барады,
Тұлпар атын бағады.
- 3640 Сауыры күнге күйместей
Мақпалдан жабу жабады.
Ат тұяғы азбастай
Алмастан таға қағады.
Қарасай, Қазиді ер еді,
Баратын жері — Қызылбас,
Алты айшылық жер еді.
«Алысқа аңсап шапсын», — деп,
Қанттың суын береді.
«Мейіздей болып қатар, — деп,

- 3650 Жолым — алыс сапар, — деп,
Кіндігің сұлу тартар», — деп,
Басына мейіз іледі.
Тұлпарын сөйтіп бағады,
Тұлпардың бабын табады.
Ағайынды екеуі,
Еш адамды ертпей,
Сапарланып барады.
Жүруге Ноғай қорықты,
Ноғайдың кеулі торықты.
- 3660 Қызылбасқа түзеп тұр
Қарасай, Қази жорықты.
Бара жатқан жолында
Әділдің тапқан шешесі —
Ханымға келіп жолықты
«Бәйбіше — ханым, қайдасың?
Садақа малын байласын.
Батырлар кетіп бара жатыр
Тұтқында жатқан досына
Тигізуге пайдасын.
- 3670 Сапарланып барады,
Жауға тігіп найзасын.
Қарындасы — Ілия
Қызыл гүлдей жайнасын,
Қызыл гүлдің ішінде
Бұлбұл құстай сайрасын.
Жиырма күннен қалдырмай
Алып келем ағасын.
Сол уақытта біздерге
Сұрағанда беретін
- 3680 Шүйіншісін сайласын.
Әділ хан досын босатар,
Құдай қалап, жасатар.
Қолыңды жай да, бата бер,
Дұғасы қабыл мүсәпір.
Сапар еттім бармақ-ай,
Әділ хан досты алмақ-ай.
Екі достың жата ма
Қызылбасты жауламай?!

- Ер тілегін бере ме,
3690 Шын қысылып, зарламай?!
Ер жігітке ар қайда,
Өлімге басты байламай?!
Талапты ерге мал қайда,
Шыбын жанды қинамай.
Арғымақтың баласы
Жүреді қамшы салдырмай.
Тауға біткен тас бұлақ
Суалмайды, қандырмай.
- 3700 Сөніп қалған шырақты
Қоямыз ба жандырмай?!
Атам — Орақ жар болса,
Әділді алып келермін
Жиырма күннен қалдырмай.
Жиырма күннен қалдырсам,
Алланың ісі болғаны,
Әділ хан досын ала алмай,
Досының өліп қалғаны.
Егер өліп қалмаса,
- 3710 Әділді жаудан алғаны.
Жиырма күннен қалдырмай,
Балаңды алып келермін,
Сөзімнің болмас жалғаны».
Осыны айтып Қарасай —
Қанды Орақтан баласы-ай,
Батасын сонда берді дейді
Әділдің тапқан анасы-ай.
«Аумиін!» — деп, қол жайып,
Батырлар бата алады-ай.
- 3720 Өзі көрген жолменен,
Белгілеп кеткен жерменен
Қарасай кетіп барады-ай.
Екі батыр жөнелді,
Рауан жолға кенелді,
Күн-түн қатып келеді.
«Тоғыз күн болды» дегенде,
Қатты жүрді деп еді,
Тау қарасын көреді.

- Екі тұлпар жарады-ай.
3730 Жал-құйрығын тарады-ай.
Таң сарғайып атқанда
Тауға жетіп барады-ай.
Жалғыз аяқ тар жолдан
Өте шықты, қарамай.
Сөске мезгіл болғанда
Тас өткелге барады,
Бұдан да өте шығады.
Талма-тал түс болғанда,
Сонда барып кіреді,
3740 Сонда көзі көреді
Өзі бұзған қаланы-ай.
Қаланы көріп Қарасай,
Қасындағы Қазига
Сонда тұрып толғады-ай:
— Қарағым — Қазиге, келдің бе?
Мына бір жауды көрдің бе?
Қызылбас ақыл тауыпты,
Қаласын қайта салыпты.
Дарбазасың жауыпты,
3750 Біздерді «қайтып келер» деп,
«Қалаға шауып кірер», деп,
Болған екен қауіпті.
Қас қарайып, күн батсын,
Төсегіне жау жатсын.
Жеті түнде шабалық.
Орақтап айқай салалық.
Таң алдында төтті ұйқы,
Мезгілсіз уақытта алалық.
«Шабамын, — деп, — тал түсте»,
3760 Қазиге, етпе балалық.
Сонда Қазиге сөйледі:
— Ау, Қарасай — ағамыз!
Қай сөзіңе нанамыз?!
Іздеп келген қаламыз
Алдымыздан шыққан соң,
Шаппай, қалай тұрамыз?!
Өнемейім сөй дейсің.

- Батыр болсаң, Қареке-ау,
Күндіз неге тимейсің?!
3770 Ол айтқаның жөн емес,
Жасырынған ер емес.
Жасырынып жау алған —
Ол — атамның жолы емес.
Қорықсаң, аға, жата бер,
Қорқатын кісің мен емес.
Жаудың көріп көбін-ай,
Қайғы салма кеуліме-ай.
Көп те болса, жауды
Қоя бер жалғыз өзіме-ай.
3780 Жаман туған сен жасық,
Көрінбей, жөнел, көзіме-ай!
Керек емес сөзің-ай,
Аламын жалғыз өзім-ай!
Айтқан тілін алмады,
Сөзіне құлақ салмады.
Желбіретіп ту байлап,
Қази салды Алланы.
Амалы бар ма, Қарасай
Далада жалғыз қалмады.
3790 Талма-тал түс болғанда
Екеуі шапты қалаға-ай.
Қаланың кіріп ішіне,
Салды дейді лаң-ай.
Екі жерден екеуі
Орақтап айқай салады-ай.
Қызыл жасыл екі ту,
Мысалы, оттай жанады-ай.
Ақ алмасын суырып,
Асқабақтай қуырып,
Қызылбастың ішінен
3800 Әділ досын қарады-ай.
Ақылы ойран, дал болды,
Әділ досын таба алмай.
Дербент деген қалаға
Қызылбас барып, қамалды-ай.
Алдырмасқа қызылбас

- Және тапты амалды-ай.
Сонда Қази сөйледі:
— Қареке, менің ойым бар.
Істейтұғын тойым бар.
- 3810 Табылмаса Әділ хан,
Салатұғын ойын бар.
Мақұл көрсең, Қареке,
Саған айтар сөзім бар.
Таққа мінген хан болсын,
Мырза болсын, бай болсын,
Жаны төтті, қадірлі,
Сондай қымбат жан болсын,
Таңдап ұстап алалық.
Ұстап алып, «Әділді
- 3820 Тауып бер!» деп сұралық.
«Өлтірем!» деп сұрасақ,
Шынын айтар Қызылбас.
Тұтқында қалған досымды
Осы айламенен табалық.
— Қази сөзі — мақұл, — деп,
Осы айтқаның — ақыл, — деп,
Елге қайтып барады.
Қызылбастың байларын
Таудан ұстап алады.
- 3830 «Тауып бер, — деп, — Әділді,
Өлтірем!» — деп сұрады,
Өлсе, шынын айтпады.
Дініне берік ел екен,
Айтқанынан қайтпады.
Айтпаған соң, ер Қази
Талайларының сол жерде
Басын қағып тастады.
«Табамыз, — деп, — Әділді»,
- 3840 Талай жерді ақтарды,
Әділ хан досын іздеді,
Бір хабарын сезбеді.
«Жердің асты болмаса,
Жердің үстін тауыстым,
Енді қайдан табайын?

- Біл сілтеуді бере көр,
Әкемді тапқан, көтеріп,
Кереметтей әулие —
Қараулектей анайым!»
Қази зарлап тұр еді
- 3850 Шыныменен тілесе,
Тілегі қабыл ер еді.
Тілегін оның береді,
Бергені емей, немене?
Айқайлаған бір дауыс
Зарлап тұрған Қазидың
Құлағына келеді.
«Қарасай, Қази — інім-ай!
Маған таман келің-ай!
Таба алмай тұрсаң досыңды,
- 3860 Ізіме түсіп, ерің-ай.
Менің інім сен едің,
Сенің апаң мен едім.
Қызылбастың еліне
Жас күнімде, шырағым,
Жесір болып кеп едім.
Екі інім, кел, — деді,
Болайын себеп мен, — деді.
Досыңды тауып берейін
Таба алмай тұрсаң сен», — деді.
- 3870 Деді дағы ол дауыс,
Жүріп кетіп барады-ай.
Айқайлаған бұл дауыс —
Өзі бір әйел сияқты,
Кете берді, қарамай.
«Жолығып кет!» — деп, батырлар
Артынан айқай салады-ай.
Жеткізетін болмады,
Барған сайын ұзады-ай.
Бір қаланың қасына
- 3880 Әйелдің өзі тұрады-ай.
Қарасай, Қази келген соң,
Сонда әйел толғады-ай.
«Қарасай, Қази — қозым-ай!

- Көп тарықтың бүгін-ай!
«Жетемін!» — деп екеуін,
Қатты түстің ізіме-ай.
Жете алмастай болған соң,
Сол уақытта бір нәрсе
Түспеді ме есіңе-ай?!
- 3890 Бастап келіп мен тұрмын
Әділдің жатқан жеріне-ай.
Әне бір қала түбінде
Жеті қабат зындан бар.
Салып қойды апарып
Сол зынданың түбіне-ай.
Тауып ал, барып, досыңды.
Жөн сілтедім, інім-ай.
Бастап келіп, көрсетті
Елде қалған баяғы
- 3900 Қараүлек кемпір — анасы-ай.
Келген екен ол байғұс,
Қысылғасын баласы-ай.
Анасы жебеп, желеді,
Тілегін Құдай береді.
Жеті қабат зынданға
Екі батыр келеді.
Қази түсті атынан,
Төбесіне мінеді.
Жоқ екен зындан есігі,
- 3910 Төбесінде бар екен
Бір кішкентай тесігі.
Сол тесіктен төнеді,
Қази батыр дауыстап:
— Әділ хан — досым, зынданда
Жатырмысың? — деп еді.
Әділ хан — досым, бармысың?
Өзің сондай саумысың?
Әділ хан болсаң, айқайла.
Келіп тұр іздеп жан досың,
- 3920 Қарасай, Қази — досыңыз
Іздеп келді сағынып.
Досың іздеп келгенде,

- Жатырсың, достым, не қылып?
Қараңғыда адасып,
Астыңда тұлпар болдырып,
Орға түстің, жаңылып.
Алты күн іздеп, таба алмай,
Жаралы болып Қарасай,
Келе алмадық қайрылып.
- 3930 Қатты ұятқа біз қалдық,
Әділ хан, сенен айрылып.
Жұрттың бетін көре алмай,
Елді аралап жүре алмай,
Жатыр едік майрылып.
Қарақұстан хат жазған,
«Әділмін», деген ат жазған
Хабарыңа қанығып,
Шығып едік аттанып.
Қаланы бұзып, қан төгіп,
- 3940 Досым сені таппадық.
«Енді қалай табалық,
Ауылға не деп барамыз?!»
Сөйтіп жылап тұрғанда,
Себеп болды біздерге
Кереметті өулие —
Қараулек кемпір — анамыз.
Әділ хан, шығар даусыңды,
Келсе сіздің шамаңыз.
Келіп тұрған ізденіп —
- 3950 Қанды Орақтың баласы —
Қарасай, Қазі — баламыз.
Сонда Әділ сөйледі:
— Қарасай, Қазі — ермісің?
Екі досым, сенбісің?
«Даусыңды шығар Әділ», деп,
Ұялмай келіп тұрмысың?
Қарасай, Қазі — ер болсаң,
Екі досым — сен болсаң,
Зынданымнан аулақ кет.
- 3960 Жатқанымды барлап кет,
Келме менің жаныма-ай!

- «Жан қимайтын дос еді», — деп,
Көермін сені не қып-ай?!
Сендерді «досым» демеймін,
«Дос екен», — деп білмеймін.
Ақыретте болмаса,
Тіріде сені көрмеймін.
Өздеріңдей көрмедің,
Жүргенде, бірге жүрмедің.
- 3970 Қысылған күні екеуің
Қолдың ұшын бермедің.
Мен үшін неге өлмедің?
Досым болсаң, қайда едің,
Алты қатар қандектің
Ішіне түсіп жатқанда?!
Мұнда неге келмедің?!
Алты арбаны сүйретіп,
Тісіммен тезек тергенде,
Өзімнен төмен бір жаман
- 3980 Шыбықтап айдап жүргенде,
Мұнда неге келмедің?!
Ор түбінде өлермін,
Өлмесем, шығып, келермін.
Доссыз-ақ болып жүрермін.
«Жан қимайтын досым», — деп,
Осылар еске түскенде,
Сендерді қалай көрермін?!
Бұл сөзді айтып Әділ хан:
«Аулақ кет!» — деп ақырды.
- 3990 Ақырғанда, дауысы,
Жер түгіл, көкті жапырды,
Өкпесін толғап айтады.
Сонда Қази сөйледі:
— Әділ хан, саған ризамын,
Сені тірі көрсеткен
Аллаға риза болғанмын.
Бір шыбындай жанымды
Жолыңа құрбан қылғанмын.
- 4000 Қызылбастың мырзасын,
«Тауып бер!» — деп, қырғанмын.

- «Өкпелеме, досым! — деп,
Досыңа аман қосыл!» — деп,
Келіп, жылап тұрғанмын.
Шықпайтының шын болса,
Көрмейтінің мен болса,
Жеті қабат зынданға
Өзімді-өзім ұрамын.
Сені көріп, жан досым,
4010 Ұрмай, не деп тұрамын?!
Сен үшін жанды қиямын,
Не болмаса, аламын.
Не болмаса, қасыңда
Бірге жатып қаламын.
Халық үшін туған батырмын,
Жауға тастап мен сені,
Ауылға не деп барамын?
Сонда Әділ сөйлейді:
— Қарасай, Қазиді, ер едің,
4020 Екі досым сен едің.
Жаныңды қиып мен үшін
Жұрттан безіп жүргенің.
Жаудың бұздың құралын
Мені таппақ — мұрадың.
Тізесінен қан кешті
Астыңа мінген шұбарың.
Жеті қабат зынданнан
Бір шығарып алмасаң,
Қанды Орақтың баласы
4030 Маған сырың белгілі,
Тарқай ма сенің құмарың?!
Достарым, сені көрмесем,
Дұрыстап жауап бермесем,
Біліп тұрмын Қазидың
Үстіме, ұшып, құларын.
Үстіме Қазиді құласа,
Қарасай сыртта жыласа,
Бұдан да жаман тарылып,
Кетер-ау менің ажарым.
4040 Достарым, сені көрейін,

- Жеті қабат зынданнан
Амалдап мені шығарың.
Екі қолым байлаулы,
Екі көзім жайнаулы,
Қалай етіп шығармын.
Арқан салып алмасаң,
Тісіммен тістеп, бармасам,
Шығуға жоқ-ты лажым.
Досының сөзін естіп,
4050 Жүректері қуанып,
Қолына арқан, жіп алып,
Шылбырын жалғап салады,
Салбырап арқан барады.
Досының салған арқанын
Әділ хан тістеп қарады.
Соныменен амалдап,
Қауғалап тартып алады.
Досын аман шығарып,
Батырлар кеулі тынады.
4060 Құрсауларын талқандап,
Бірін қоймай бұзады.
Қолыңдағы қолеткі,
Салған екен болаттан,
Бұл бұзылмай қалады.
«Бұзайын», десе, Әділдің
Екі қолы сынады,
Болмаса, Қазиге бұзады.
Қарасай, Қазиге — қос батыр
Лажын таппай тұрады.
4070 Әділ хандай төреңіз
Бағанағы піріне
Сыйынып, тағы жылады.
«Бір жаратқан Құдайым,
Бір өзіңе жылайын!
Ақ шалмалы пірөдар,
Сенен жәрдем сұрайын.
Кереметтей пір едің,
Жәрдем болып жүр едің.
Екі досым келгенде,

- 4080 Досымның жүзін көргенде,
Көрісе алмай мен тұрмын.
Қолеткені бұзуға
Таба алмай тұрмын себебін».
Әділ хан жылап зарланды,
Ашуланды, долданды.
Қолеткені бұзуға
Пірінен себеп болған-ды.
«Қарасай, Қази, — досыңа,
Көзден аққан жасына
- 4090 Берейін, — деп, — жәрдемді»,
Пірі келді қасына.
Қонайын деп бақыт тұр
Үшеуінің басына.
Тілегі қабыл ер еді,
Тілегін оның береді.
Бергені мынау емес пе:
Қырық жолбарыс қайраты
Әділ ханға енеді.
Оныменен қоймады,
- 4100 «Жұлқын, бала, жұлқын!» деп,
«Жұлқын!» деген бір дауыс
Құлағына келеді.
Мұны естіп, ер Әділ:
«Е, пірім!» — деп, жұлқынды,
Ашуланып, бұлқынды.
Болаттан соққан қолетке,
Мысалы, жіптей қырқылды.
Қолеткені бұзады,
Талқан болып, сынады.
- 4110 Қарасай, Қази — қос батыр,
Әділменен үш батыр
Құшақтасып, жылады.
Достықтың жайын айтайын:
Міне, осындай болады.
Ақылы бар ер жігіт
Бұлардан үлгі алады,
Өзі үшін туса ер жігіт,
Халық үшін жауға барады.

- Әділ хан мінген сары қызыл
4120 Хан жайында тұр екен,
Қази тартып алады,
Әділге алып келеді.
Өз атына мінгізді,
Кіреуке тонды кигізді.
Қарасай, Қази — қос батыр
Шын достығын білгізді.
Дербент деген қаланы,
Арты арбаға жегіліп,
Өзі салды Әділдің.
- 4130 Атына мініп алған соң,
Өзі бастап кіргізді.
Үш арыстан келе жатыр
Салайын деп бүлгінді.
Келіп, бүлгін салады,
Қаласын отқа жағады.
Үш арыстан үш жерден,
Оқ жіберіп көш жерден,
Қызылбасты қырады.
Дербент деген қаласын,
- 4140 Шулатып қатын-баласын,
Бірін қоймай, қырады.
Қарғаса ханды өлтіріп,
Тамағынан шалады.
Қарғаса хан ер еді,
Әскері тым-ақ көп еді.
Ұстап алып Әділді,
Арбаға жеккен сол еді.
«Жақсылық қылсаң біреуге,
Өзің үшін, деп еді,
- 4150 Жамандық қылсаң біреуге,
Өзің үшін», деп еді.
Жамандық қылған Қарғаса
Ақырында Әділдің
Өз қолынан өледі.
Қонаққа сойған қозыдай
Қолынан өлім береді.
Атаның айтқан нақылы,

- Алдына қалай келеді?!
Хандардан елді сақтаған,
4160 Хандардың басын таптаған,
Халықтың қамын жақтаған
Бұлар сондай ер еді.
Қарғаса ханы өлген соң,
Қалғандары бағынып,
Қарасайға жалынып,
Қол көтеріп тұрады.
Тоғыз күнде барады,
Тоғыз күнде алып болады.
Айтып кеткен жиырма күн
4170 Екі-ақ күні қалады.
Он екі қақпа ел еді,
Елі сондай көп еді.
Бұрынғы өткен ерлердің
Ала алмай жүрген жері еді.
Қарасай, Қазі — қос баттыр,
Әділменен үш батыр,
Асып кетіп қайраты,
Бағындырды деп еді.
4180 Он екі қақпа елді алды,
Жауға түскен ерді алды.
Тоғыз күндей ұрысып,
Қызылбасты зорға алды.
Бағындырып болған соң,
Сабақты жіп алмады.
Үшеу болып Әділмен,
Ауылға қарай қозғалды.
Сөйтіп, көңлі тынады,
Қайратын ерлер сынады.
4190 Әділ хан досын ертіп
Қырым деген шөһерге
Жақындап келіп қонады.
Жақындап келіп қонған күн
Әділдің тапқан анасы —
Емшек берген данасы
Сол күні жатып, түс көрді.
Шақырып алып қасына

- Илиядай сұлуды,
4200 Көрген түсін сөйледі:
— Айналайын Илия,
Бүгін менің түсімде,
Шын ұйқымның ішінде
Асқар биік қара тау,
Алтын сарай, қалама-ай,
Асқар тау келіп құлап жүр,
Бұл не болар, балам-ай?
Екінші көрген түсімде
Ақ үйімнің төрінен
- 4210 Аяғы жоқ, басы жоқ
Бір ақ дария ағып жүр.
Бөгесем де, болмады.
Ағыны бұзып, тұрмады,
Бұл не болар, шырағым?
Үшінші көрген түсімде
Ақ үйімнің төріне
Кілең жақсы келіп жүр,
Ақ батасын беріп жүр,
Соны көзім көріп жүр,
- 4220 Бұл не болар, шырағым?
Төртінші тағы түс көрдім,
Түсімде мұндай іс көрдім:
Томағасы алтыннан,
Аяқ бауы жібектен,
Бір қаршыға құс көрдім,
Өзін еркін бос көрдім.
Оң жағымнан күн туды,
Сол жағымнан ай туды,
Бұл не болар, шырағым?
- 4230 Жорып бер менің түсімді,
Естісе, қызым, құлағың!
Сонда қызы жорыды:
— Айналайын, анам-ай!
Асқар тау келіп құласа-ай
Алтын сарай қалаңа-ай,
Асқар таудай бақ қонып,
Әділге ықпал тап болып,

- Кеткен Әділ балаң-ай
Саламат келіп Қырымға,
4240 Хан болады екен ағам-ай,
Көрінген екен соған-ай.
Қарасай, Қазі — қос батыр,
Әділменен үш батыр,
Жаңылмасам, анам-ай,
«Жоры», — десең маған-ай,
Екінші көрген түсінде
Ақ үйіңнің төрінен
Ағып жүрсе бір дария,
Бөгесең де, болмаса,
4250 Ағыны бұзып, тұрмаса,
Мұның несін сұрайсың,
Менің көкем келгесін,
Озады екен халқынан,
Асады екен шарқынан.
Дұшпаны кешіп өте алмас
Алды менен артынан
Осындай суды шалқыған.
Үшінші көрген түсінде
Ақ үйіңнің төріне
4260 Кілең жақсы кіргені,
Ақ батасын бергені:
Менің көкем келгесін,
Халқын аман көргесін,
Жұртын жинап той қылар,
Жұрттан салтын оздырып.
Мен жорысам, осылай,
Озып келіп алдымен,
Қуантады екен, анам-ай,
Қарасай деген досың-ай,
4270 Көріпсің, кемпір, осыны-ай.
Төртінші тағы түс көрсең,
Түсінде мұндай іс көрсең,
Томағасы алтыннан,
Аяқ бауы жібектен,
Бір қаршыға құс көрсең
Әділ хан балаң болғаны.

- Өзің еркін бос көрсең,
Босатып жаудан алғаны.
Оң жағыңнан күн туса,
4280 Қарасай досың болғаны.
Сол жағыңнан ай туса,
Қази досың болғаны.
Әділ хан досын босатып,
Қанды Орақтың баласы
Ортасына алғаны.
Түсіңді, ана, жорыдым,
Жоқ екен түстің жалғаны.
Сонда анасы толғайды:
— Айналайын, қызым-ай!
4290 Туған егіз қозым-ай!
«Осылай», — деп, қарағым,
Шамалап едім өзім-ай.
Жорып бердің түсімді,
Келістіргей ісімді-ай.
Қарағым, талай жыладым:
«Көрген күнім бекер, деп,
Әділім аман келмесе,
Зарлаумен күнім өтер деп.
Әділім аман-сау келсе,
4300 Сүйінші сұрап келгенге
Қызымды берсем, не етер деп.
Ағасы үшін Ілия
Сүйіншіге өтер, деп.
Бере қойсам қызымды,
Кім айтады: «Бекер!» деп».
Осылай деп бөйбіше,
Сөзін айтып болады.
Қарасай мен Қазидың
Кеткен күнін санады.
4310 Кеткен күнін санаса,
Жиырма күнге толады.
Келетін күні болады,
«Қанды Орақтың баласы
Өтірік айтпайды енді», — деп,
Мұнараның басына

- Ілия шығып қарады.
Қарасай, Қазі — қос батыр
Ел шетіне таянды.
Ел шетіне келген соң
- 4320 Қарасай тұрып, сөйледі:
— Қазі мен Әділ — екеуің
Жайыңмен жүріп келерсің.
Ақ сүт берген анаңа
Келіп, сәлем берерсің.
Аман-есен қосылып,
Күліп-ойнап жүрерсің.
Бұрын озып барайын,
Мұндыларды қуантып,
Жүректерін жарайын, —
- 4330 Деді дағы Қарасай,
Бұрын озып барады.
Сол күні тал түс болады,
Қарай-қарай қыздың да
Екі көзі талады.
Қарап тұрса сарғайып,
Келе жатқан қараны
Қыздың көзі шалады.
Анасына Ілия
- 4340 Және толғап қарады:
«Айналайын, анам-ай!
Қарап тұрсам тау жаққа,
Көрінеді бір қара,
Біреу де болса, зор қара.
Мен танысам, анам-ай,
Қарасай білем сол қара-ай.
Әлі сенбей мен тұрмын,
Көзім қорқып қалған бейшара.
Бірде шауып, желеді.
Құбылып ойнап, жер басып,
- 4350 Астындағы қызыл ат
Дөңгеленіп келеді.
Қарулары сартылдап
Бәйбішедей ханымның
Қасына батыр келеді,

- Келіп, сәлем береді.
— Бәйбіше — ханым, саумысың?!
Саламат-сау, бармысың?!
Балаңды алып келемін,
Тілегі қабыл бәйбішем.
- 4360 Кер маралдай керілген,
Сары майдай езілген,
Тәңірі берген екі аяқ
Басарына ерінген,
Көргеннің көңлі бөлінген
Ілия, аман жүрмісің?!
Бақшада қызыл гүлмісің?!
Мұнараның басында
Ағаңды қарап тұрмысың?
- 4370 Әркім де жақсы көреді
Өзінің қатар-құрбысын.
Қысым кетіп, жаз болды,
Қолыма қонып жыл құсым.
«Жыл құсым», деген — ер Әділ,
Жанымды қияр жан досым.
Досым үшін аттанып,
Қызылбасқа ат салып,
Қиғаш деген тауды алдық,
Қызылбас деген жауды алдық.
Бағындырып болғасын,
- 4380 Сабақты жіп алмадық.
Үшеу болып Әділмен,
Ауылға қарай қозғалдық.
Әділ хан досын ертіп
Келеді Қази туғаным.
Қуантуға сендерді
Сол еді менің озғаным.
Озып келіп алдымен,
Бәйбішедей ханымнан
Сүйінші сұрап тұрғаным!
- 4390 Бәйбіше ханым толғайды,
Және бір кеңес қозғайды:
— Қарасай, Қази, ер едің,
«Әкем Орақтан оздым!» — деп едің.

- Осы бүгін білінді
Қанды Орақтан төменің.
Қызылбасқа барғанда,
Бағындырып дұшпанды,
Әділді қолға алғанда,
Бермен қарай жүргенде,
4400 Орта жолға келгенде,
Сол күні түсті көргенде,
Ырза болып сендерге,
Түспенен қызды көндіріп,
Сүйіншіге бергенмін,
Сен неге соны білмедің?
Сен неге түсті көрмедің?
Жалғыздығын білдірмей,
Әділ хандай досыңның
Қасында неге келмедің?
4410 Қасындағы ер Қазидан
Бәрін де біліп келеді.
Қазидан гөрі мен сенің
Аруағыңды кем дедім.
Бұрын досым болсаң да,
Енді болдың күйеуім.
Сүйіншіңе, Қарасай,
Қызымды саған бергенім.
Осылай деп бәйбіше
Сөзін айтып болады,
4420 Кеулі нұрға толады.
«Әділ хан қашан келеді?» — деп
Жолын тосып тұрады.
Бір уақыттар болғанда
Әділ де жетіп келеді.
Келгенін ханым көреді.
Құшақтап алып баласын,
Оң бетінен бір сүйіп
«Қанды Орақтың баласы,
Халық үшін туған ерсіңдер,
4430 Ризамын сізге!» — деп еді.
Ақтайша хан Әділге
Өкіл ата деп еді,

- Ұлы-қызы жоқ еді.
Әділ аман келгесін,
«Қартайдым, — деп, — қарағым»,
Тағын түсіп береді.
Тағына мініп Әділ хан,
Хандық дәурен сүреді.
Бағанағы Ілия:
- 4440 «Хан болады көкем», — деп
Жорып қойған бір түсі
Осы араға келеді.
Атасын «әйел» десек те,
Осы қыз білгір төре еді.
Отыз күндей той қылып,
Елі-жұртын жидырып,
Қарындасы — Ілияны
Қарасайға береді.
Омар менен Оспан құл
- 4450 Енді соған келеді.
«Әділ хан жауда жатқанда
Жамандық қылды», — деп еді.
«Тарттырайын!» дегенде,
Жазасы мұның көп еді.
Байлауынан шешеді,
Жамандығын кешеді.
Жамандыққа жақсылық
Ердің қылар ісі еді.
Осындай Әділ іс қылып,
- 4460 Шиелгенді шешеді.
Сол күндегі халықтар
Әділ ханның ақылын,
Ісінің сондай мақұлын,
«Ақылды кісі», — деседі.
Сөйлесем, сөзім жөнді, аға.
Домбыраның тетігі —
Он екі перне, екі ішек
Дұрыстап тартқан қолда, аға.
«Қарасай, Қазиді» жырымыз
- 4470 Осымен тамам болды, аға.

Қарасай, Қази

(*Мүстежеп Ахметұлы нұсқасы*)

- Батыр Мамай, Қанды Орақ
Ел қамдаған ер еді.
Қарасай, Қази — екеуі
Қанды Орақтың ұлы еді.
Арғы атасын сұрасаң,
Баба түкті шашты Әзиз —
Әулие, шайық пір еді,
Бұдан туған Едіге.
Және бірін сұрасаң,
10 Нұраддин, Мұса дер едім.
«Мұсаның ұлы кім?» десең,
Білдірейін, білмесең:
Орақ пенен Мамайдың
Бірі — батыр, бірі — хан,
Ақылдың асқан кені еді.
Жасынан-ақ хан болып,
Дүниені шарлап жүреді.
Батыр болсын, бай болсын,
Кедей болсын, хан болсын,
20 Бұл дүниеге келген соң,
Армансыз пенде болмайды.
Бітпей жүрген Орақтың
Үш арманы бар еді.
Қанша шалқып жүрсе де,
Бітіре алмай жүр еді.
Өлерінде хан Орақ
Үш арманын баяндап,
Әйеліне сөйледі:
«Некелескен жұбайым,

- 30 Сені қосқан Құдайым.
 Бұ дүниеде жүргенде
 Үш арманым бар еді,
 Бітіре алмай барамын.
 Сол арманды, алғаным,
 Саған баян қылайын.
 Бірінші менің арманым:
 Емшектесім, жұбайым —
 Бірге туған Мамайым
 Езуін тартып күлмеді,
- 40 Күлгенін көзім көрмеді.
 Теңселтіп жорға мінгіздім.
 Сонда да Мамай күлмеді.
 Палуан сұлтан, Батыр хан —
 Қалмақтың ханын өлтіріп,
 Алтын тағын мінгіздім.
 Ақ Бұрмаштай аруын
 Қойнына салып, сүйгіздім,
 Сонда да Мамай күлмеді,
 Күлгенін көзім көрмеді.
- 50 Күлмеуінің себебі:
 Өзіне перзент бермеді.
 Бір баланың жоғынан
 Бірге туған Мамайды
 Күлдіре алмай барамын.
 «Қарасай — менің шырағым
 Менен туған ұл болса,
 Ұл екені шын болса,
 Қайғылы ата — Мамайды
 Бір күлдірсін», деп едім.
- 60 Екінші менің арманым:
 Орал, Орал, Орал тау,
 Орал таудай тау болмас.
 Орал таудың баурында
 Шұбырып өскен бес тұлпар.
 Бес тұлпардың ішінде
 Ешкі тұяқ қызыл ат
 Ер Көкшенің аты еді,
 Міне алмай кетіп барамын,

- Бір арманым сол еді.
70 «Қарасай — менің шырағым
Кемеліне келген соң,
Қызыл атты Көкшеден
Алып мінсін», деп едім.
Үшінші менің арманым:
Арғы атам еді Едіге,
Ол бармаған жер еді.
Одан туған ер Мұса,
Ол бармаған жер еді.
Қара қыпшақ Қобыланды
80 Асып туған ер еді,
Бұл бармаған жер еді.
Әзіреті Әли пір еді,
Ол бармаған жер еді.
Бармаған жерін сұрасаң,
Қиғаштың биік тауы еді,
Қызылбас мықты жау еді,
Мен алмай кетіп барамын.
«Қарасай — менің шырағым,
Аттанып барып Қарасай,
90 Соны бір алсын», — деп едім.
Үшінші менің арманым:
Қызылбасты қаратып,
Өзім шауып алмадым,
Осы айтылған — үш арманым.
Баяндап анасы бір күн толғады:
— Қарасай — менің қарағым,
Ақылға түсін, бұлағым.
Атаң — Орақ батырдың
Үш арманы бар еді,
100 Есітіп қалды құлағым.
«Арманы не?» — деп сұрасаң,
Мен айтайын, шырағым.
Атаңның айтқан арманы:
«Қызыл атты міне алмай
Кетіп барам, — деп еді.
Қарасай — менің шырағым
Өзі адам болған соң,

- Соны ұстап мінсін», — деп еді.
Екінші атаң арманы:
- 110 «Бірге туған Мамайым
Күлдіре алмай барамын.
Қарасай — менің шырағым
Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Қайғылы Мамай — атасын
Бір күлдірсін», — деп еді.
Үшінші менің арманым:
Қиғаштың биік тауы еді,
Қызылбас мықты жау еді,
- 120 Ала алмай кетіп барамын.
«Қарасай менің — шырағым.
Аттанып барып Қарасай,
Соны бір алсын», — деп еді.
Атасы — Орақ батырдың
Үш арманын Қарасай
Анасынан естіп,
Орал тауға барады
Ешкі тұяқ қызыл ат
Қарасай ұстап алады.
- 130 «Қызыл атты Қарасай
Алып кетті», деген сөз
Үйде жатқан Көкшенің
Құлағына барады.
«Ат иесі шалғай, — деп,
Даладағы мал ғой», — деп,
Атымды алып кеткені».
Ыза болып Көкше қарт,
Барып, жанжал салады
Сонда Көкше сөйлейді:
- 140 — Атаң — Орақ ер еді.
Он екі баулы Ноғайға,
Ноғай түгіл, талайға
Залалы тиген жоқ еді.
Біз секілді қарыны
«Енді жауға бармас», — деп,
«Жасы жеткен шал ғой», — деп,

- «Атымды мінсін», дейтұғын
Бауырымнан шыққан балам жоқ,
«Иесіз жүрген мал ғой», — деп,
150 Көз салып маған жүргенің.
Тауда жүрген қызылды,
Еркінсіп, ұстап мінгенің.
Өзім тірі отырып,
Атымды саған бергенше,
Бұл қорлыққа көнгенше,
Жақсы емес пе, Қарасай,
Менің сенен өлгенім?!
Сексен жасқа келгенше,
Жас та болсаң, Қарасай,
160 Қорлығыңа көнбедім.
Сатып алсаң Қызылды
Жалғыз басты ақ Қибат[қа],
Орақтың ұлы болған соң,
Артығын саған қиғаным.
Қарасай сонда сөйледі:
— Жасы үлкен ағамыз,
Ақ сақалды бабамыз,
Бітір үшін арманын,
Қибатқа берсең Қызылды,
170 Қол қағысып, алғаным.
Қартайған әкем — хан Мамай
Әлеуке ханды ала алмай,
Дұшпанға ойран сала алмай,
Жапанда жалғыз жатқанда,
Тоғыз жасым толғанда,
Орақтан туған болған соң,
Ақылсыз туған жамандай
Мамайға көмек беруге,
Қалмақты жаулап алуға
180 Мінуге тұлпар таба алмай,
Сексенге келген Көкшеге
Соның үшін Қибатты
Қызыл атқа бергенім, —
Дейді дағы, Қарасай
Атты мініп алады.

- «Қарасайдың Қибатты
Сексенге келген Көкшеге
Сатты», дегенін Қибат естіп,
Еңіреп жылай бастады.
- 190 Мұны ағасы Қази естіп,
«Бұл рас болса,
Қарасайға барайын», деп,
Ашуланып Қарасайға,
«Тұра тұр!» — деп шақырып,
Қази айқай салады.
Мұны естіп Қарасай,
Атының басын бұрады,
Қарасай қайтып келеді.
— Не себепті, Қази-ау,
- 200 Ашуланып шақырдың? — деп сұрады.
Сонда Қази сөйледі.
Сөйлегенде бүй деді:
— Бір атқа сатып Қибатты,
Барасың қайда сен? — деді.
Ақ Қибатты жылатпа,
Жүзін төмен қаратпа.
Сол секілді Қибатты
Бір атқа сатып жүргенің,
Қареке-ау, саған жөн бе еді?!
- 210 Жылаған соң ақ Қибат,
Дәтім шыдап тұра алмай,
Шақырғаным сол еді.
Қарындасың — ақ Қибат
Атқа сатып жүргенше,
Жаяу барып, өл, — деді.
Сонда Қарасай сөйледі:
— Қазижан, неге шақырдың?
Маған неге ақырдың?
Мәнісін, інім, айтайын.
- 220 Өлген Орақ атамның
Үш арманы бар еді.
Бірінші арманы — қызыл ат.
Қызыл атты көргесін,
Сол еді ұстап мінгенім.

- Қибатты сатып бір атқа,
Жақсы емес пе өлгенім?!
«Қыз берем», деп Көкшеге,
Ақ Қибатты жылатып,
Жүзін төмен қаратып,
230 Жақсы емес пе бұдан да
Жаяулап жауда өлгенім?!
Қибатты неге берейін,
Қибатты кімге теңейін?!
Көкшеге қайтып бер атты,
Жыласа, «Жаяу қалам», демейін.
Ақ Қибатты жылатып,
Жүзін төмен қаратып,
Қибатты сатып мінгенше,
Жаяулап жорта берейін, —
240 Деді дағы, Қарасай
Атынан түсіп қалады.
Ыза болып, жылады,
Жаяу түсіп, жүгіріп,
Атын беріп Қазига,
Қарасай кетіп барады.
Ордадан шығып ақ Қибат,
Бұған көзін салады.
Қази жетіп келеді,
Қази жетіп келген соң,
250 Мұны Қибат біледі.
Бауырға шыдап тұра алмай,
Жаны ашып, жылай береді.
«Қази аға, сен, — деді,
Жыламаймын мен, — деді.
Қарекем жаяу кетпесін,
Қызыл атты апарып,
Беріп соған кел», — деді.
Қарасайдың қасына
Қази жетіп келеді.
260 «Жаяу кетпе, аға», — деп,
Түсіп атын береді.
Қарындасы — ақ Қибат:
«Көкшеден алған Қызыл ат

- Қарекем мінсін», — деп еді.
«Атыңды, аға, мін, — деді,
Жаяу жолға кеткенің
Болар бізге сын», — деді.
Деді дағы, ер Қази
Түсіп атын береді.
- 270 «Атам — Орақ батырдың
Арманы бітсін», — деп еді.
Қызыл атты Қарасай
Қайтадан мініп алады.
Сол күндері хан Мамай
Әділ ханның елімен
Атысып жатқан кезі еді.
Мұсадан туған отыз ұл
Хан Мамайдың елімен
Атысып жатқан жеріне
- 280 Қарасай жетіп келеді.
Бір жағынан, «Орақ!» — деп,
Қарасай жауға тиеді.
Жекпе-жекке келгенін
Ақ сүңгімен түйреді.
Түйреп, шауып келгенін,
Қылышпенен сермеді.
Сөйтіп жүріп Қарасай,
Жауын жеңіп бергенін —
Оны Мамай білмеді.
- 290 «Жаңбыршы ұлы Телағыс
Келген шығар», — деп еді.
Жауын жеңіп берген соң,
Мамайдың көңлі бітеді.
Намазын оқып тұр еді,
Шабайын деп келгенін
Қарасай сондай түсінді.
Мұны көріп баланың,
Үш сүрініп, жығылды.
Жығылып, тұрып жүргенде
- 300 Баласын Мамай көреді.
Өмірінде күлмеген,
Күлгенін адам көрмеген,

- Баласын көріп, қуанып,
Езуін тартып күледі.
Атасының күлгенін
Қарасай сонда көреді.
Атасы — Орақ батырдың
Үш арманының біреуі:
«Қайғылы Мамай атасын
310 Бір күлдірсін», — деп еді.
Күлгенін көріп Мамайдың,
Қарасайдың есіне
Сонда түсті деп еді.
Хан Мамайдың алдына
Қарасай жылап келеді.
Қол қусырып, «Ата», — деп,
Бірден сәлем береді.
Келіп, сәлем береді,
Еңкейіп қолын алады.
320 «Шырағым!» — деп хан Мамай,
Құшақтап алып баласын,
Бетінен сүйді», деп еді,
Құдайым соны қалады.
Қуанғанның белгісі —
Өлген Орақ — інісі
Тірілгендей болады.
Отыз ұлдың көнесін
Атасы сұрап салады,
Толысып, табысып барады.
330 Бөлініп кеткен Ноғайлы
Қонысына қонады.
Қызыл атты Көкше қарт
Қарасайдан алмады.
«Қияметтік балам», деп,
Атқа көзін салмады.
Разы болып балаға,
Көңлінде қайғы қалмады.
Пәни жалған дүниеден
Мамайлар кетіп барады.
340 Қарасай, Қазі ер жетіп,
Ежелгі жауын алады.

- Өкім ханда не болсын?
Өнім ханды өлтіріп,
Қаласын билеп тұр еді.
Қарасай, Қази ер жетіп,
Ұрысқан жауын мұқатып,
Атасының тапсырған
Үш арманының екеуін
Қарасай, Қази бітіріп,
350 Елдігі қалған біреуін
Бітіре алмай жүреді.
Құса болып, сарғайып,
Ауру болып жүр еді.
Қарт анасы біледі,
Біледі де анасы,
Қарасайға не деді?
— Әу, Қарасай — шырағым,
Асылдан қалған тұяғым,
Тұлпардан қалған қарағым!
360 Атаң — Орақ мінбеген
Ешкі тұяқ қызыл ат,
Атаңның жауын қайтарып,
Беліңе будың жарағын.
Ханның бұздың жебесін,
Жаудың бұздың қамалын.
Жауды жеңіп келгенде,
«Тіріледі ме екен, — деп едім, —
Өлген атаң — қанды Орақ?»
Ажарыңа қарасам
370 Осы күнде, қарағым,
Жүзің неден солып жүр,
Қайғыменен толып жүр?!
Сені көріп, шырағым,
Бар жасым менің кеміп жүр.
Жүдеп кеттің, сарғайып,
Бір күлмедің ыржиып.
Мұнша жүдеп, балам-ай,
Не жақпасың болып жүр?
Қарасай сонда сөйледі:
380 — Ақ сүт берген анам-ай,

- Маңда бір ақ үй Кебам-ай
Ауруымның себебін
Мен айтайын саған-ай:
Атам Орақ батырдың
Үш арманы бар еді
Тапсырып кеткен маған-ай,
Бітіріп едім, талмай-ай.
Үшінші арманы атамның —
Біреуі бітпей қалғаны-ай.
- 390 Бітіре алмай жүргенде,
Құса болып, сарғайдым,
Азып жүрмін, мұңайып.
Бітпей жүрген арманы
Қиғаштың биік тауы еді,
Қызылбастың елі еді,
Он екі ханның ханы еді,
Қарғасаның ханы еді.
Атам — Орақ батырдың
Бара алмай кеткен жері еді.
- 400 «Менен туған ұл болса,
Қызылбасты алсын, — деп,
Ат шауып барсын», — деп еді.
Тапсырып кеткен сөзі еді.
«Соған қалай барам? — деп,
Соны қалай алам?» — деп,
Сапары қиын жер екен,
Ауруының себебі
Қарасайдың сол екен.
Анасы сонда сөйледі:
- 410 — Айналайын, балам-ай,
Құлағың сал маған-ай.
Олай болса, шырағым,
Айтамын саған мынаны-ай.
Барсаң да соған, өлесің.
Бармасаң да, өлесің.
Мұнда жүріп өлгенше,
Қызылбасқа барып, өл.
Барып өлсең, шырағым,
Бітіре алмай, өлерсің,

- 420 Атаң — Орақ арманын.
Қызылбас деген жауының
Мен айтайын мәнісін:
Атаңның айтқан жауабы,
«Жолы қандай?» — деп едім,
«Алты айшылық», — деп еді.
«Тауы қандай?» — деп едім,
«Қалықтап ұшқан қарақұс
Тіке ұшып шыға алмас,
Сондай биік», — деп еді.
- 430 «Елі қандай?» — деп едім,
«Он екі ханнан», — деп еді,
«Қырық мыңға толса әскері,
Сонда барсын, — деп еді.
Қырық мыңға егер толмаса,
Бармасын оған», — деп еді.
«Қорқамын!» — деп айтпайды,
Бір көрінбей жатпайды.
Қызылбасқа бір шауып,
Талқан қылмай, қайтпассың,
- 440 Тұлпардың басын тартпассың.
Барған жауың түгеспей,
Иә, болмасса, шырағым,
Әскеріңді түгеспей,
Бекер, босқа қайтпассың.
Сол себепті, шырағым,
Саған әскер ермейді,
Өз еркімен жүрмейді.
Қызылбас деген — жаман жау,
«Өлемін», — деп, қорқады.
- 450 Қырымға, балам, бар, — деді,
Әділге баян қыл, — деді.
Қырық мың әскер Қырымнан
Жинап берер ол, — дейді.
Қиғаштың биік тауына,
Қызылбастың жауына
Сөйтіп, балам, бар, — дейді.

Әлқисса, Қарасай анасынан бұл сөзді естіп, жүрмек болады. Қырымның ханы он бір жасар Әділ бала болса, жалғыз өзі батыр еді. Қарасай, Қазидың «Құдай» дескен досы еді. «Қызылбасқа барамыз», — деп бұйрық сұрайды. Сол заманда Түріктің патшасы Қырымның бұдан бұрынғы ханы Махамбет деген кісі еді. Баласы жоқ еді. Кейін әйелі босанып бір ұл, бір қыз болады. Баланың атын Әділ, қызының атын Ілия қояды. Сонан соң Махамбет дүниеден өтпестен бұрын: «Балам жалғыз еді, сүйенері жоқ. Жалғыз баламды Қарасай, Қазифа дос қыламын. Атадан келе жатқан мықты ер еді. Басына қиын іс түссе, жәрдем берер», — деп еді. Қарасайға келіп, баласын дос қылады. Сөйтіп, өзі дүниеден өтіп кетеді. Әділ он бір жасқа жеткен еді. Атасының тағына мініп, хан болады. Бұл заманда Ноғай патшасы отыз ұлдың бастығы — Ысмайыл деген ер еді. Үстінен қарайтын Түріктің патшасына Әділді жамандап хат жазады. «Әділ деген Қырымның патшасы мықты болса, Қарғасаның Қызылбас деген жауын бағындырып алсын. Менің әлім келмейді», — деген патшасынан хат келеді. Міне, Әділдің Қызылбастың жауына қырық мың әскерімен аттанғанының себебі осыдан болады.

- Шамырқанып, шамданып
 Әскер шықты қаладан,
 Найза, қылыш, балталы,
 460 Айбалтасы қалтада.
 Бұл әскердің ішінде
 Белгілі ерді айталық:
 Мұсылман арын арлаған,
 Кәпір жауын жаулаған,
 Жаудан қорқып, таймаған,
 Ұйықтап жатқан жерінде
 Қолтығына қол салып,
 Айдаһарды барлаған
 Айсаның ұлы Ахметжан.
 470 Десеңіз: «Кімі бар?»
 Мұсылман арын арлаған,
 Мұсылман жауын жаулаған,
 Барған жерін тындырған,
 Соғыста базар қыздырған,
 Соғыс салған жерінде

- Алпыс жебе сындырған
Айсаның ұлы Серік бар.
Қырымнан шыққан аттанып
Қырық мың әскер көмек бар.
- 480 Ұзын Айдар Қоңырат,
Ер Сүлеймен, Әмет бар.
Айсадан туған бес батыр,
Берінде қайтпас жүрек бар.
Қалмай кетіп барады,
Бұзылмаған тілек бар.
«Және кім бар?» десеңіз,
Он бір жаста хан болған,
Қараңғыда шам болған,
Өмір тілеп Қырымнан,
- 490 Бес жасында белсенген,
Өскен сайын түрленген,
Алты жаста оқ атып,
Жасынан өзі үйреніп,
Дұшпанына оқ атып,
Қайраты асып, желденген,
«Не бол!» десең, сол болған,
Қияқты қылыш сермеген,
Сегіз жасқа келгенде,
Үстіне дұшпан келмеген,
- 500 Тоғыз жасқа келгенде,
Қырымның жұртын билеген,
Қырық мың әскер қамдаған
Он бір жасар Әділ бар.
«Және кім бар?» десеңіз,
Батыр туған Орақтан,
Жұртты аузына қаратқан,
Шын қаһары келгенде,
Қалмақ жауын көргенде,
Дариядай оғын боратқан
- 510 Қарасай, Қазі — қос батыр
Қол бастардың бірі еді.
Көпті көрген көне еді,
Көрген жері көп еді,
Көрмеген жерін білетін

- Көңлі сергек ер еді,
Көкшенің ұлы Қолнақ
Қырық мың әскер Жем басып,
Қырымнан көлбей шығады.
Көп жасаған Қолнақ
520 Қолды бастап келеді.
Қырымнан шыққан әскерге
Хан болып Әділ келеді,
Сонда үш күн толады.
Сол күні ханым түс көрген,
Түсінен шошып оянды.
Қасындағы қызына
Түсін айтып жылады.
— Басыңды көтер, Ілия!
Тарылды заман, дүние!
530 Заманың ешбір оңбады,
Тілеймін, қашан қонады,
Қолымнан ұшқан сұңқарым
Қайтып, қашан қонады?
Осы бүгін түс көрдім.
Түсімде жамас іс көрдім,
Асқар биік Алатау
Үстіме келіп құлап тұр,
Бұл не болар екен, шырағым?
Арқадан боран жел соқса,
540 Бораса да, қар жауып,
Соққан желді тоқтатқан,
Ортасынан сырт етіп,
Ашасынан морт етіп,
Ортасынан шырт етіп,
Сынып жүр алтын сырығым.
Жібектен есіп, бау таққан,
Байланбаған асауды-ай
Жібере тартып, тоқтатқан,
Ортасынан сынып жүр
550 Жібек баулы сырығым.
Құрасам да, тұрмады,
Құрайтындай болмады,
Ол не болар екен, шырағым?

- Алтын айдар басыңда,
Отыр еді қасыңда,
Басыңдағы тұлымын
Ортасынан түйіп жүр,
Бұл не болар, шырағым?
Сонда Ілия сөйлейді
560 — Айналайын анам-ай,
Ақ сүт берген Кебам-ай
Алланың салған ісіне
Көнбесең, айла болама-ай?!
Асқар биік Алатау
Тігіп қойған ордаңның
Үстіне келіп құласа,
Асқар таудай бақ орнар.
Кеткен Әділ балаңа-ай, —
Көрінген шығар соған-ай
570 Ортасынан морт етіп,
Ашасынан сырт етіп
Сынса алтын сырығың,
Осы жерін білмедім,
Аман келсе жақсы еді
Кеткен Әділ құлының.
Жібектен есіп, бау таққан,
Байланбаған асауды-ай
Жібере, тартып тоқтатқан,
Сынбай жүрсе жақсы еді
580 Жібек баулы сырығым.
Шақырсаң да, келмесе,
Не қылып келсін ықпалың,
Жалғыздықтың жаманы-ай,
Жауға кеткен жалғызың
Келгей дағы аман-ай.
Ортасынан мерт етіп
Үзіліп жүрсе айдарым,
Төлемім кеткен Әділ құлының
Жоқ шығар саған аман-ай.
590 Тосқан аға-іні жоқ,
Алладан басқа пана жоқ,
Жалғыздыққа сенім жоқ,

- Иесі кетпес, елім жоқ,
Алды-артында тіреу жоқ,
Жауға түссе, амал жоқ,
Жалғыздықтан жаман жоқ,
Бірге жүріп, өлмек жоқ.
Соңынан қуып бармасаң,
Сапарын тілеп алмасаң,
600 Жібермей алып қалмасаң, —
Дейді, — енді саған балаң жоқ.
Қуып барып соңынан,
Көздің жасын төгелік.
«Қызылбасқа барма», — деп
Сапарын сұрап көрелік.
Сапарын онда бермесе,
Соңында жүріп өлелік.
Сонда тілек бермесе,
Алтын орда тұл қалар,
610 Бізге әкім кім болар,
Жалғызым аман келмесе?
Екі мұңды бейшара
Жылай-жылай, қор болар.
Ойлай-ойлай келіп, қарасам,
Жауға кеткен көкемді
Күн ұзатпай жетемін, —
Деп, Ілия егілді,
Моншақтап жасы төгілді.
Өңшең бозға мінеді,
620 Жауға кеткен Әділді
Соңынан қуып келеді.
Екі мұңды бейшара
Келеді қуып шынымен.
Талма-тал түс кезінде,
Ер Әділге жете алмай,
Екі мұңды жылады
Алдында белес қыр жатыр,
Соған қарап келеді.
Ол белестің астында
630 Айдын шалқар көл жатыр.
Соған қарап келеді.

- Көл жағалай құрылған
Есебі жоқ көп шатыр.
Көп шатырдың ішінде
Жібектен құрған бір шатыр,
Баласы Әділ ер жатыр.
Байбикеш ханым көреді,
Көргеннен сөйлей береді.
— Әділ — менің құлыным,
- 640 Тәрбиелеп өсіріп,
Ақ сүтімді ішірдім,
Басыма қайғы түсірдің,
Қапияда ұшырдың.
Қауырсыны қатпаған
Балапанды ұшырдың.
Енді қайтып қолыма
Қондыра алмай, өкіндім.
«Ашылып өңі жүрсін», деп,
Жастан білім білгіздім
- 650 «Қалмақ жауға барсын», деп,
Сайлап тұлпар, мінгіздім,
Бойына садақ ілгіздім.
Атадан жастай қалса да,
Жетімдікті көрген жоқ.
Атадан жалғыз екенін
Әділ бала білген жоқ.
Алыстағы жауына
Сапар етіп жүрген жоқ.
Көп ішінде жалғыздық
- 660 Шекесіне тиген жоқ.
Тимеген соң, біле алмай,
«Барма», десе, тіл алмай,
Сапарын маған бере алмай,
Жүрейін деп тұр жалғызым.
Ал, қарағым — Ілия,
Алдына барып жыласаң,
«Сапарын бер», — деп сұрасаң,
Сені көріп, тұра алмас,
Болғасын бауыр, шыдамас.
- 670 Оны естіп Ілия,

- Есінен шықты дүние,
Атынан түсіп қалады,
Әділге жылап барады.
«Ағам менің қайда?» — деп,
Шатырға келіп, сұрады
Бауырдың естіп дауысын,
Жатқан Әділ шатырынан,
Жүгіріп Әділ шығады.
— Шырағым, не қып жүрсің?» — деп,
680 Келген жөнін сұрады.
Глия сонда сөйлейді:
— Айналайын, ағеке-ау!
Менің қуып келгенім,
Қызылбастың жауына
Сапар етіп жүргенім:
Алды-артыңда сүйеу жоқ,
Ағеке-ау, кімге сенгенің?!
Жарамсыз анам түс көріп,
Бұл түсінен сескеніп,
690 «Қызылбасқа жібермей,
Жолдан алып қалғайсың», — деді.
Саған келгенім:
Сапарыңды берсеңіз,
Көзімнің жасын көрсеңіз,
Қадірімді білсеңіз
Ізіңнен жылап тұрғаным.
Сонда Әділ сөйлейді:
— Емшектесім, бауырым!
Жаудан аман келермін,
700 Сақтаса Жаппар Құдайым.
Уайым етпе, бауырым,
Қайғының салма ауырын.
Сен жыласаң кетеді
Басымдағы дәуірім,
Баламысың, қарағым?
Ұяда бірге жасадым,
Артымнан жылап келгенің,
Еріген жездей бусадым.
Айналайын, шырағым,

- 710 Келермін қайтып, жылама,
Сапарымды сұрама.
Қырық мың әскер бір қолға
Басшы болып аттандым.
Шырағым, неге жылайсың,
Көзіңнің жасын бұлайсың?!
«Қызылбасқа барма», — деп,
Сапарымды сұрайсың,
Жалғыз көпке ермей ме?!
«Жалғыздың досы — бір Құдай!», —
- 720 Бұрынғылар демей ме?!
Ажал жетіп, ауырса,
Үйде жатып, өлмей ме!
Құдай аман сақтаса,
Жаудан қайтып келмей ме?!
Исадан туған бес батыр
Бөрі қалмай, бара жатыр.
Қарындасы — Ақсүңгі —
Бұл жыласа, көрмей ме?!
Қарасай, Қази — қос батыр,
- 730 Біздіңменен дос батыр,
Екеуі қалмай бара жатыр
Қарындасы — ақ Қибат —
Бұл жыласа, көрмей ме?!
Егер аман келмесе,
Құдіреттің салған ісіне
Пендесі — адам көнбей ме?!
Содан кейін, Ілия:
— Туысқаным, туғаным,
Болайын сенің құрбаның!
- 740 «Қызылбасқа барма», — деп,
Менің жылап тұрғаным,
Ағеке-ау, не деп тұрғаның?
Басыңа қиын іс түссе,
Жалғыз едің, ағеке-ау,
Сонда түсер есіңе
Атадан жалғыз туғаның.
Исадан туған бесеуі —
Мұны кеуліме медет қыласың.

- Бесеуі де бара жатса,
750 Ақсүңгі неге жыласын?!
Біреуін жауға тастамас
Қасындағы аға-інісі.
Кім қайрылар, қалғанда,
Атадан жалғыз туған соң?!
Басқа Құдай салып тұр,
Қайғыны ауыр салған соң,
Сапарыңды бермесең,
Көз жасымды көрмесең,
Саудаға түсер сау басың.
- 760 Бізге салған сауданы
Құдайым саған салмасын.
Қарасай, Қази бара жатса,
Қибат неге жыласын?!
Қарасай жауда қалғанда,
Қази барып, алмай ма?!
Қази жауда қалғанда,
Қарасай барып, алмай ма?!
Туысқаны жоқ болса,
Шыбын жаны шырқырап
- 770 Жалғыз жауда қалмай ма?!
Осы айтқанды, ағеке-ау,
Ойласаңыз, болмай ма?!
Аға қалса, іні алар,
Інісі қалса, аға алар.
Ағайынды екеудің
Бірі қалса, бірі алар.
Жазатайым іс болса,
Сен қасқаны кім алар?!
Осыны айтып Әділге,
- 780 Қарындасы жылайды.
«Жалғыз едің, кетпе!» — деп,
Сапарын сұрап, жылады.
Қарындасын қия аламай,
Көзінің жасын тыя алмай,
Әділ де жылап тұрады.
Сол уақыттары болғанда,
Күн ортаға толғанда,

- Қарындасын қия алмай,
Көзінің жасын тыя алмай,
790 Не дерін енді біле алмай,
Қайғыменен тұрғанда,
Қарасай, Қази тұрмады,
Бір қиялды ойлады.
Әділ досын қия алмай,
Қызылбас елі — екі тау,
Қызыл, жасыл екі ту
Екеуі қолға алады,
«Хан Мамай!» — деп, қуаттап
Досты Әділ баланы,
800 Аламанды өргізіп,
«Орақ!» — деп айғай салады.
Орақтаған даусынан
Аламан көпшілік,
Сүйегі қызып Әділдің,
Бұ да кетіп барады.
Екі көзі мөлдіреп,
Желке айдары желбіреп,
Мұңды болып бейшара,
Жылап-еңіреп қалады.
810 Қол жөнеліп жатқанда
Анасы қуып келеді.
Баласын көріп бейшара,
Көзінің жасын төгеді.
— Қорқып, жеттім, құлыным,
Ұйқыда көрген түсімнен.
Құлыным, едің, Әділім,
Барасың қайда, жалғызым?!
Сен кеткен соң, шырағым,
Болмайды менің сабырым,
820 Жоқ еді сенің аға-інің.
Жас та болсаң, әр жерде
Жайылып еді дабылың.
Қызылбас деген зор еді,
Барған адам келмейтін.
Бұрынғы өткен ерлердің
Келе алмаған жері еді.

- Жалғызым едің, шырағым,
Бұл сөзіме сен, — деді,
Көз жасымды көр, — деді,
830 Сұрап тұрмын алдыңда,
Мұңымды балам бер, — деді.
Қорқып келдім түсімнен,
Көзімнің жасын көр, — деді.
Сөйтіп тұрған анаңа
Сапарыңды бер, — деді.
Қызылбасқа кетерсің.
Емшек сүтім ақ дария
Болып шықса алдыңнан,
Сүттен қайтіп өтерсің?!
- 840 Көзімнің жасы көл дария
Болып шықса алдыңнан,
Мұнан қалай өтерсің?!
Бара жатқан жауыңның
Алты айшылық жолы бар,
Талай қиын жері бар,
Үш айшылық шөлі бар,
Шөлге не амал етерсің?!
Аспанменен тірескен,
Ақ бұлтпенен күрескен
- 850 Асқар биік тауы бар.
Қайтіп тесіп өтерсің?!
Астында қиын жауы бар,
Жауға не амал етерсің?!
Ақ сүт берген анаңды,
Салған сарай, қалаңды,
Қарындасың — Ілияң,
Толып жатқан дүниең
Не қып тастап кетерсің?!
- 860 Сонда Әділ сөйлейді:
«Тұр!» десе де, тұрмадым.
Жыламай, анам, сұрасаң,
Кеуліме жел енгесін,
Кетпей балаң тұра ма,
Бір төуекен етермін?!
Қызылбастың еліне —

- Бұрынғы өткен ерлердің
Бармай кеткен жеріне
Алты ай жүріп, жетермін.
Алдымнан шықса бір қиыр,
- 870 Баса-жанша өтермін.
Көзіңнің жасы көл дария
Болып шықса алдымнан,
Қырық мың әскер қолым бар,
Көпір салып өтермін.
Емшек сүтің ел дария
Болып шықса алдымнан,
Түсіп оған кетермін
Батырмаса Құдайым,
Бұдан да аман өтермін.
- 880 Алты айшылық жол болса,
Жауыныңды жаудырып,
Әскерімді қандырып,
Саулатып өтіп кетермін.
Аспанменен тірескен,
Тауы болса күрескен,
Жалғыз аяқ жол болса,
Әскерімді шұбыртып
Таудан құлап кетермін.
Қызылбас мықты жау болса,
- 890 Қырық мың әскер қолым бар,
Қол бастағын ерлер бар,
Барып сойқан етермін,
Бір тәуекен етермін.
Уайым етпе, анам-ай,
Маңдайымнан көрермін.
«Түс — түлкінің боғы», деп
Айтып кеткен бабам-ай,
Қорықпа түстен, анам-ай.
Тапшы қылды Құдайым
- 900 Іні менен ағаға-ай.
Күні бүгін болғанда
Аға менен ініні
Қайдан іздеп табайын?!
«Жалғызсың», деп, анам-ай,

- Сапарымды бере алман,
Лия жанды ізіңе ал.
Қырық мың үйлі Ноғайға,
Ноғай түгіл, талайға
Басшы болып аттанды,
910 Сізден жауап сұрамай.
Жазатайым іс болса,
Таңда мақшар күнінде —
Сонда іздеп табам-ай».
Осылай деп ер Әділ,
Анасына жылады.
Қайтпағасын анасы,
Амалы құрып тұрады.
«Жолың болсын балам, — деп,
Лажым жоқ, қалам», — деп,
920 Батасын беріп анасы,
Көтеріп, хаққа қол жайды.
— Он сегіз мың әлемді,
Абзал қылып жаратты
Барлық пенде — адамды.
Құдіреттің ісіне,
Жазып кеткен әлемге,
Жаратқан, ісің шартарап,
Көре жүр мені панаңда-ай.
Құдайыма тапсырдым
930 Әділ сынды баламды-ай.
Әулиелер, пайғамбар,
Жәрдем берің балама-ай,
Бергейсің өзің аян-ай.
Ерлердің пірі — ер Әли,
Жеті пірдің ішінде
Ақ шалмалы пірәдәр
Пірің еді, шырағым.
Қысылған жерде есіңе ал,
Пайдасы тиер басыңа-ай.
940 Ұмытпа, балам, сырыңды,
Кемітпе, балам, есіңді.
Кемітіп кетсең есіңді,
Көрерсің, балам, бейнетті-ай,

- Көрмейсің қайтып Қырымды-ай.
Айтып болып, тарқатам
Ішімдегі шерімді-ай.
Ердің пірі — ер Әли,
Тапсырдым, Құдай, саған-ай
Әділ жалғыз ұлымды.
- 950 Сал құлағың сөзіме,
Ұмытпа, балам, ұмытпа
Жеті қайып піріңді.
Жеті қайып ішінде
Ақ шалмалы пірәдәр —
Сенің пірің, шырағым.
Қысылған жерде есіңе ал,
Пайдасы тиер өзіңе.
Сөйлеме, балам, орынсыз,
Ұмытпа, балам, піріңді.
- 960 Кемітіп кетсең, шырағым,
Көрмейсің қайтып Қырымды.
Сені қайтып көргенше
Көре алмаймыз тынымды.
Бір Аллаға тапсырдым
Әділ жалғыз ұлымды.
Таңса Құдай, көнбей ме,
Туғызса Құдай күнімді.
Анасы хаққа қол жайып,
Батасын беріп, жылады.
- 970 Анасының батасын,
Әділ тұрып, алады.
Ақ сүт берген анасын,
Қарындасы — Ілияны
Әділ бала қия алмай,
Көзінің жасын тыя алмай,
Қолдан қалып тұрады.
Сол уақыттары болғанда
«Орақ!» — деп ұран шақырып,
Тасқан судай жапырып,
- 980 Қол жөнеліп барады.
Естіп, Әділ тұра алмай,
Сүйегі қызып Әділдің,

- Шешесіменен қоштасып,
Бұ да кетіп барады.
Екі мұңды амалсыз,
Бұрынғы кеткен ерлердің
Бара алмаған жеріне,
Екі мұңды жыласып,
Әділменен қоштасып,
990 Қайтып кетіп барады
Қырымдағы үйіне.
Әскер өріп жөнелді,
Күні-түні тынбастан
Әскер жүріп келеді.
Көп жасаған Қоянақ
Көпті көрген ер еді.
Көрмеген жерді білетін
Көңлі зерек көне еді,
Қолды бастап келеді.
1000 Бірнеше күн жол жүріп,
Азғантай емес, мол жүріп,
Бір күн тал түс болғанда,
Күн алты айға толғанда,
Қамысты көл, қияқ көл,
Айналасы құрақ көл,
Қоянақ қартқа сынақ көл —
Осы көлдің басына
Әскер келіп қонады.
Шаршап келген көп әскер
1010 Келіп, тыным алады.
Әскер тыным алғасын,
Жолын байқап қарады.
Қиғаш — биік қара тау,
Ақшыл бұлт пен барар тау
Мұнарланып тұрады,
Әділдің көзі шалады.
Сонда ойына түседі
Жалғыздықтың салдары.
Қанша мықты болса да,
1020 Табан тіреп, жалғыздық
Тұра алмады тапжылмай.

- Жалғыздық түсіп басына,
Сонда Әділ сөйлейді:
— Қарасай, Қази сен едің,
Екі достым, ер едің.
Сен — атадан екеусің,
Атадан туған жалғыз — мен.
Атадан жалғыз болғасын,
Қырымнан шығып жөнелдім.
- 1030 Алға бастап жүр еді,
Екі досым — сен едің.
Айтқан сөзің шын болса,
Және жауап бер, — деді.
Қарасай сонда сөйлейді:
— Әділ досым сен едің,
Саған жолдас мен едім.
«Осы Қырық мың әскердің
Билігі сенде», деп едім.
Айтқан сөзің шын болса,
- 1040 Жалған емес бірі де.
«Осы қырық мың әскердің
Билігі сенде», — деп едім
Айтқан сөзім шын еді,
Жалған емес, бірі де.
Осы қырық мың әскердің
Ханы және сен едің.
Қарғасаның биік тауына,
Қызылбастың жауына
Бастаған қолды сен едің.
- 1050 Сонда Әділ сөйлейді:
— Қол бастаған Қоянақ,
Саған жолды бергенім.
Қартайсаң да, қарт бабам,
Берерсің жауға тиянақ.
Қолнақ қартым, кел, — деді,
Бір тұлпарға мін, — деді,
Жолдас алып қасыңа,
Таудың жолын көр, — деді.
Жолдың қиын бағдарын,
- 1060 Жүре алмайтын жолдарын

- Көріп, байқап кел, — деді,
Хабарын жылдам бер, — дейді.
Исадан туған Серігім,
Қиын жолда керегім,
«Осындай қиын, тар жолда
Пайдасын қияр», — деп едім.
«Серігім ерді», — дегенде,
«Қызылбастың қаласын
Талқан қылар», — деп едім.
- 1070 Қоянақ қартым, — дейді,
Жүре алмайтын жолдарын,
Таудың қиын бағдарын
Анықтап барып кел, — дейді,
Жол хабарын бер, — дейді.
Көріп келіп жолдарын,
Қолды бастап жүр, — деді.
Бұйырғасын Әділ хан,
Бұрғымен тескен тар жолға
Батыр барып, кіреді.
- 1080 Тұлпарына мінеді,
Қаруларын іледі,
Қиғаштың қара тауына
Екі батыр жөнелді.
Қара таудың басына
Салып жетіп келеді.
Жалғыз аяқ тар жолға
Екі батыр енеді.
Қиын жолды көрген соң,
Қанша батыр болса да,
- 1090 Көңліне қайғы енеді.
Іші тастай қараңғы,
Кірейін десе, сенбеді.
Мұндай бұрын тар толды
Өмірінде көрмеген.
Көрмеген соң Қоянақ,
Жолдың түрін байқады.
Бұрғымен тескен тесік жол —
Ойлап келіп қарасам,
Ерлерге түскен кесір жол.

- 1100 1100 Жолды көріп Қоянақ,
Атының басын бұрады.
Екі батыр кеңесіп,
Қатты уайым қылады.
Кірмесе де, тар жолды,
Жолды көріп байқады.
«Бұған кіріп болмас, — деп,
Кірген кісі оңбас», — деп,
Қоянақ басын шайқады.
Жолдың түрін байқады,
- 1110 Тау басынан қайтады.
Қоянақ қайтып келеді,
Ер Әділді көреді.
«Қиғаштың биік тауына
Барып келдім, — деп еді,
Хабарын берем мен», — деді.
Сонда қарттың сөйледі:
— Бір жейтұғын жем үшін
Қаршыға құс торға түседі.
Шайтанның құрған торына
- 1120 Қонады екен адамдар,
Жеті мүше соңына.
Барып келдім, ай, Әділ,
Қызылбастың жауына,
Бара алмайтын жер екен,
Қарғасаның тауына.
Есіткеннің бәрі рас,
Қаратаудың, Қарасай,
Биіктігі тағы рас.
Биіктігін сұрасаң,
- 1130 Қалықтап ұшқан қарақұс
Тікелей ұшып шыға алмас.
Баруын байқап қарасам,
Биік, ұшпа қызыл құм
Ат қиялап шаба алмас.
Бұрғымен тескен тар жолға
Адам батып кіре алмас.
Жалғыз адам болмаса,
Екі адам қатар кіре алмас,

- Сондай қиын жол екен.
1140 «Тілімді алсаң, қайт», — деймін,
Алдырмайтын ел екен
Жолды барып, зерлеп ем,
Жалған айтар мен бе едім?
Жалғыз аяқ тар жолға
Батылым барып кірмедім,
Кірейін десем, сенбедім.
Мұндай қиын тар жолды
Өмірімде көрмедім.
Қол бастаған ер Әділ,
1150 Ендігісін өзің біл.
Сонда Әділ сөйледі:
— Қолнақ қартым — сен, — деді,
«Жолды көрмей, даладан
Елге қайтар кім?» — дейсің.
Жолды барып көргесін,
Ішіне неге кірмейсің?
Қырық жыл қырғын келсе де,
Ажал жетпей, өлмейсің.
Кірмегесін ішіне,
1160 Жол мәнісін білмейсің.
Жолдың арғы шетіне,
Қызылбастың кентіне
Барып, неге келмейсің?!
Тау басынан қайтыпсың,
Неге жалған сөйлейсің?!
Анықтап барып көзіңмен,
Сөйтіп, хабарын неге бермейсің?!
«Исаның ұлы Серігім», — деп,
Қолнақ қарттың қасына
1170 Қосып сені жібердім.
Тар жолға батып кіре алмай,
Уайым айтып келгенің.
«Ер» деп сені жүрсем де,
Жоқ құсайды керегің.
Осыны айтып болды да,
Ахметке қарап толғады:
— Исадан туған Ахмет,

- Алладан болып рақмет,
Жолды барлап келуге
1180 Жаманға қиын ақырет.
Бұйырамын тар жолға,
Айтқанымды мақұл ет.
Өлімге басын байлаған,
Айдаһарды барлаған
Сен қашанғы ер едің,
Артық туған шер едің.
«Осындай қиын тар жолға
Пайдасы тиер», — деп едім.
Қиын жолда болмаса,
1190 Пайдаңды қашан көремін?
«Алабас атқа мін, — деймін,
Қару-жарақ іл, — деймін.
Қоянақ пенен ер Серік —
Бұлар қорқып кірмеген,
Тау басынан қайтыпты.
Хабарын дұрыс бермеді,
Көрмеген соң тар жолды,
Сөзіне адам сенбеді.
Ай, Ахмет, сен! — деді,
1200 Бұйырамын мен, — деді.
Жалғыз аяқ тар жолды,
Таудан құлап, көр, — деді.
Жолдың кіріп шетіне,
Хабарын жылдам бер, — деді.
Бұйырғасын ер Әділ,
Ала бас атқа мінеді,
Беліне қару іледі,
Ала бас атты қамшылап,
Тауға қарап жөнөді.
1210 Қаратауға Ахмет
Салып жетіп келеді.
Тау жағалап шығады,
Оттай қаулап жанады.
Бұрғымен тескен тар жолды
Мұның да көзі шалады,
Тау басынан қарады.

- Жалғыз аяқ тесік жол,
Таң-тамаша қалады.
Төмен түсіп кіре алмай,
1220 Тау басынан қарады.
Атын кесе қаңтарып,
Жолдың түрін байқады.
Жалғыз аяқ тесік жол
Табады да, қайтады.
Ер де болса, кіре алмай,
Кірейін десе, сене алмай,
Бұ да уайым айтады.
«Қоянақ қарттың ер екен.
Көргенін айтып жүр екен.
1230 Жолдың жаман екені
Жалған емес, шын екен.
Жолды көріп Ахмет,
Батылы барып, кірмеді,
Жолдың түрін байқады.
Тар жолда шыдап тұра алмай,
Ахмет батыр қайтады,
Әділге жетіп келеді,
Келе жауап береді.
Алдына келіп Әділдің,
1240 Бұл хабарды береді:
— Жұмсаған, Әділ, сен едің,
Тауға барған мен едім.
«Жалғыз аяқ тар жолды
Көріп кел», — маған деп едің.
Жұмсағасын, бұйырып,
Тауға қарай жөнелдім.
Бұрғымен тескен тар жолды
Тау басынан зерледім,
Ішіне кіріп, көрмедім.
1250 Кірейін десем, сенбедім.
Қоянақ қарттың көргені
Жалған емес, шын екен.
Бұндай бұрын тар жолдың
Бұл жалғанда жоқ екен.
Тілімді алсаң, қайталық,

- Алдырмайтын жау екен.
Сонда Әділ сөйледі:
— Ай, Ахмет, оңбағыр!
Қорқақ па едің, құрымағыр?!
1260 «Айдаһар», — деп жүргенің
Кесіртке ме еді, құрымағыр?!
Қайта бер енді қосыңа-ай.
«Айдаһар», — деп көз салып,
Барлап жүрсең, батыр-ай,
Өлген жылан болғаны-ай.
Жүрген соң айтып осылай,
«Ер» деп сені жібердім,
Ертпей адам қасыңа-ай.
Жолға кірмей, қайтқаның,
1270 Болдың қапа басыңа-ай.
«Қиын жол!» деп, қорқытып,
Уайым салдың басыма-ай.
Кірер едің тар жолға-ай,
Болғанда егер асыл-ай.
«Жауынгер болады», дегенің
Болып шықты жасық-ай.
Тар жолға барып, кіре алмай,
Сенің етің қатым-ай.
Ей, Қарасай, Қарасай —
1280 Қанды Орақтың баласы-ай!
Қайда кеттің, Қарасай?
Жақсы менен жаманның
Айрылып тұр арасы-ай.
Қарасай өзің, бармасаң,
Батырсынып жүргендер
Белгілі болды шамасы-ай.
Барып келген батырлар
Уайым етіп келеді,
Ішіне кірмей тар жолдың.
1290 Өзің баршы, Қарасай.
Қарасай, Қазі болмаса,
Белгілі жұрттың шамасы-ай.
Тесік жолға кіре алмай,
Ар жағын барлап, біле алмай,

- Болып тұр жұрттың, таласы-ай.
Қаратауды көргенде
Таудай болған батырлар
Болып кетті аласа-ай.
Таудың жолы тар, — дейді,
1300 Қызылға тоқым сал, — дейді.
Орақтан қалған жасал ту
Желбіретіп ал, — дейді.
Жасың үлкен болса да,
Жұмсадым сені, Қарасай.
Сол уақытта Қарасай —
Асыл ердің баласы-ай,
Айтуы да мұң еді,
Тар жолдың барып ішіне
Кірмейтұғын себебі:
1310 Барса, келмес жер екен,
Қызылға тоқым салады,
Жасыл туын алады,
Жалғыз аяқ тар жолға
Қарасай кетіп барады.
Тар жолға жақын барған соң,
Жалғыз аяқ тар жолды
Мұның да көзі шалады.
Атын кесе қаңтарды,
Жолдың түрін қарады.
1320 Жол қиынын көрген соң,
Қарасай бір сөз айтады:
— Бір Жаратқан Құдайым,
Өзіңнен жәрдем сұрайын.
Жігітке пайда бермейді
Көп ойлаған уайым.
Тау үстінде тұрмайын,
Кірмей кетсем тар жолға,
Мен Орақтан тумайын.
Не болса да, кірейін,
1330 Маңдайымнан көрейін.
Айтып кеткен атамның
Бітірейін арманын.
Маған намыс ар болар,

- Тар жолға кірмей, қайтып барғаным.
Мынау қиын жол екен,
Көрмеген адам көп екен,
Қиын да болса, кірейін.
Сақтаса Құдай жігітті,
Еш бөлеге шатылмас.
- 1340 Жолды көріп бармасам,
Қарасай атым аталмас.
Кірмей кетсем бұл жолға,
Өлген атам — хан Орақ
Көрінде тыныш жата алмас, —
Деді дағы, Қарасай
Өзін-өзі қайрады,
Өлімге басын байлады,
Ол сайланып алады,
Екі көзін шарт жұмып,
- 1350 Астындағы Қызылды
Айдап, жолға салады.
Жалғыз аяқ тар жолменен
Қарасай кетіп барады.
Екі көзі Қызылдың
Шамшырақтай жанады.
Сол уақыттар болғанда,
Түн де болды қараңғы.
Түніменен жүреді,
Жол азабын көреді.
- 1360 Бір уақыттар болғанда,
Таң белгісін береді.
Таң атқан соң Қарасай,
Таудың шықты шетіне.
Жақындаған құсайды
Қызылбастың кентіне,
Дарбазалы темірмен
Бекітіп қойған бетіне.
Біраз ғана келеді
Әділдің айтқан сертіне.
- 1370 Атын кесе қаңтарды,
Жолдың түрін байқады.
«Көрмегенім көп екен,

- Жүрер жолы жоқ екен.
Байқап, келіп, қарасам,
Жолы қиын жол екен.
Ат бауырын жаза алмас
Орғу-орғу құм екен.
Мұның арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
1380 Терең батпақ сор екен.
Сордың арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
Шалқып жатқан көл екен.
Көлдің арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
Алты қабат ор екен.
Ордың арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
Айналасы айшылық,
1390 Көлденеңі көмейлік
Он екі қабат там ел екен.
Қарғасаның хандығы
Жолы қиын тар екен.
Ханның басы — Қарғаса
Алдырмайтын жау екен.
Асты аққан су екен,
Үсті биік тау екен.
Арасына салдырған
Дербент деген қала екен.
1400 Дарбазасы темірден,
Ол екі пар өгізбен
Қырық құл ашып-жабатын
Дарбазасы бар екен.
Күзеткен әскер көп екен,
Қаласы мықты жер екен.
Бұл қалаға тай салмай
Баратын жолы жоқ екен.
Жаудан белгі ала алмай,
Ойран-асыр сала алмай,
1410 Кейін қайтып барады.
Ертең тал түс болғанда

- Қарасай таудан шығады,
Әділге шауып келеді.
Келіп, жауап береді:
— Әділ, досым, — деп еді,
Көріп келдім жолыңды.
«Жалған», — деме мұнымды,
Таудың шықтым шетіне,
Көз жіберіп қарасам,
1420 Қызылбастың кентіне,
Асқар биік тау екен,
Қызылбас мықты жау екен.
Жалғыз аяқ тар жолы,
Бұрғымен тескен, тар екен.
Бұдан құлап қарасам,
Көріп қайтқан ерлердің
Айтқан сөзі шын екен.
Тесік жолдың ар жағы
Жалтаң жатқан құм екен,
1430 Терең батпақ сор екен.
Сорға салған тас өткел
Жалғыз аяқ жол екен.
Жолдан өтіп қарасам,
Сорға жалғыз қаздырған
Алты қабат ор екен.
Қазылған ордың ар жағы
Он екі қабат там екен,
Қарғаса деген хан екен.
Дербент деген қаласы
1440 Әр қаладан зор екен.
Жалғыз аяқ тар жолда
Қауіп-қатер көп екен.
Бұдан басқа жүретін
Ешбір жолы жоқ екен.
Мен қорқытып айтпайын,
Көз қорыққандай жер екен.
Әділ сонда сөйледі.
— Орақтан туған Қарасай —
Асыл ердің баласы-ай!
1450 Өз басыңа бермесе,

- Жақсы менен жаманның
Айрылып жүр арасы.
Не болады жігітке
Атаң менен бабаң-ай?!
Атаң Орақ болса да,
Туыпсың жаман, шала-ай!
Мұндай қиын тар жолда
Айрылады арасы-ай.
Қауіп жолды көргенің
1460 Рас болса, Қарасай,
Бір белгісін қолыңа
Ұстап неге келмейсің?
Қауіпті жерге бата алмай,
Сенің қорқып келгенің.
Досым болсаң, қайтейін?
Бұл сөзіңе сенбедім.
Қарасай досым сен едің,
Саған сеніп жүр едім.
Ахмет, Серік, Қоянақ —
1470 Солардан артық көрмедім.
Қарасайға ер Әділ
Осыны айтып тұрғанда,
Құлағын салып ер Қази,
Жатыр еді жамбастап,
Сөйлемейді бейбастап,
Көтеріп алды басын-ай,
Келді оның ашуы-ай.
Қатуланып, қаһарланып,
Әділдің келді қасына-ай,
1480 Сөйлей берді осылай:
— Алдымдағы жас Әділ —
Құдай дескен досым-ай!
Дос болғаның осыма-ай?
Қатты-қатты сөз айтып,
Қалдырып тұрсың көңілді-ай.
Ұрысқанда тиіссіз,
Тұрғаныңа өзіңе тиер қырсық-ай.
Кем көресің бе өзіңнен
Жасы үлкен ағаны-ай?

- 1490 Тигізе берме тіліңді!
Кімнің жақсы-жаманын,
Кімнің жүйрік-шабанын
Жаңа болып келеді
Сынайтұғын заман-ай.
Жолдың қиын-оңайын
Таудан құлап көрейін.
Жалғыз аяқ тар жолдан
Шұбырып, Әділ, жүрейін,
Кімнің еркек-қатынын
- 1500 Сол уақытта білейін, —
Деді дағы, ер Қази
Қарасайға келеді,
Келе сөйлей береді:
— Асыл ердің баласы-ай!
«Орақтан тудым», — дегенше,
«Орманнан тудым», — десейші.
«Ерден тудым», — дегенше,
«Жерден тудым», — десейші
«Енеден тудым», — дегенше,
- 1510 «Елден тудым», — десейші.
Қара басың келгенше,
Жауда жүріп, өлсейші!
Өлмегенің осы ма-ай,
Күлкі болдың досыңа,
Таба болып дұшпанға?!
Киім толды пұшманға.
Тар жолға өзім кірейін,
Тіл әкеліп берейін,
Ұлықсат берші басыма,
- 1520 Шұбалаңдап желейін.
Бергенін қайтып алмаса,
Ісімді Құдай оңдаса,
Қызылбастан бір белгі
Алып келіп берейін.
Сол жақта жүріп өлейін, —
Деді дағы, ер Қази
Шұбар атқа мінеді,
Шұбалаңдап желеді.

- 1530 Сары ала туын көтеріп,
Тауға қарай жөнеді.
Баруға жақын кеш болды,
Қас қарайып күн батты,
Әжептеуір іс болды.
Сонда да Қази іркілмей,
Тынбастан жүріп барады.
Жалғыз аяқ тар жолға
Түсіп алып, жол тартты.
Бір мезгілдер болғанда
1540 Жердің жүзі сарғайып,
Жарық болып, таң атып,
Жаудың шықты шетіне,
Жолдың шықты бетіне.
Келе жатыр жақындап
Қызылбастың кентіне.
Келіп тұрған секілді
Дарбазасын бекітіп
Байлап қойған бетіне.
Күркіреп тұр жанында
Жолбарыстай арыстан.
- 1550 Көрінеді қарасы
Қалың тоғай қамыстан.
Үстіне келіп қалғанда
Қазиға келіп жабысқан.
Шауып кетіп барады
Астындағы шұбары.
Қази жетіп барады,
Даусы жерді жарады.
«Қызылбаста осындай
Ел бар ма?» — деп сұрады.
- 1560 Қараса, адам жоқ екен,
Қауіп-қатер қылады.
Ойлап келіп қараса,
Адамзаттың баласы-ай
Бара алмайды жауына-ай.
Олай-бұлай жүрсе де,
Ерге болды уайым.
Қайғы түсті жүрекке,

- Аузы кетті тілекке.
Қази келіп тұрады
- 1570 Жан жүрмейтін түбекке.
Бара алмайды жол тауып
Қызылбастың еліне.
Тіл ұстауға Қызылбас
Көрінбейді көзіне
Келіп тұрған секілді
Қарасайдың ат қойып
Келіп кеткен жеріне.
Осы жерге келгенде,
Атынан түсіп ер Қази,
- 1580 Атты кесе қаңтарды,
Жолдың түрін байқады.
Құр алақан қайта алмай,
Сонда бір сөз айтады:
«Қарасай көкем ер екен,
Көргенін айтып жүр екен.
Қадірін білмей, сөйледім,
Айтқанымды көтерді-ай,
Қос әулие пір екен.
Шыдай алмай сөз айттым,
- 1590 Хас ақылсыз мен екем.
Қызылбастың еліне
Баратын жайымыз жоқ екен».
Қызылбастан тіл алмай,
Құр алақан қайта алмай,
Жалған сөзді айта алмай,
Тарылып Қази тұрғанда,
Жылап тұрып, Қазидың
Мынау айтқан сөзі екен:
«Әй, Жаратқан Құдайым,
- 1600 Өзіңнен жәрдем сұрайын,
Басыма түсті уайым.
Тіл ұстамай, құрдан құр
Өзіме не деп барамын,
Осы жерде өліп қалайын!
Көрінбейді еш адам,
Қалаға қалай шабайын?!

- Батыр Орақ ұлы едім
«Қызылбастан бір белгі
Келермін алып», — деп едім.
- 1610 Бұл тілегім болмады,
Басыма бақыт қонбады.
Талап етіп келсем де,
Бұл талабым оңбады.
Келіспеді талабым,
Өзің сапар бермесең,
Құрыды менің амалым.
Қызылбастан бір белгі
Әділге алып бармасам.
Алдына айдап барайын,
- 1620 Тілегімді берсеңші,
Көз жасымды көрсеңші,
Қызылбастан алдыма,
Тәңірі, айдап келсеңші».
Осыны айтып тұрғанда,
Күн ортадан ауғанда,
Тілегін Құдай береді,
Тілегі қабыл ер еді.
Көмір артқан түйеге
Қырық көмірші келеді.
- 1630 Тарығып тұрған ер Қазиді
Қабағын ашып, күледі.
Атын мініп алады,
Көк бүркіттей шаңқылдап
Көміршіге жетіп барады,
Қорқытып, ұстап алады.
Қызылбасты жаман қорқытып,
Қызылбастан тіл ұстап,
Хабарына молықты.
Төгіп тастап көмірін,
- 1640 Тар жолға салып, айдады.
Ер Әділдің алдына
Шұбыртып айдап барады.
Қызылбастан тіл алды,
Әділ көріп, қуанды.
«Жолы қандай екен?» — деп,

- Әділ жаудан сұрады.
— Қарасай, Қази сен едің,
Жандай досым сен едің.
«Қызылбастан бір белгі
1650 Келермін алып», — деп едің.
Алып келдің белгісін,
Қабыл екен тілегі,
Атаң — Орақ ер еді,
Менің дәмем сол еді.
Сенен басқа батырлар
Уайым айтып келген-ді.
Қызылбастан бір белгі
Алып келген сен едің,
Хабарын маған бер, — деді.
- 1660 Сонда Қази толғады,
Өз хабарын айтады.
Сұрап тұрған Әділге
Хабарын айтып тұрмады.
«Оңай», — деп, — жолды, қуанба,
Жол хабарын сұрама.
Өзің барып, көрерсің,
Көрмей, көңлің тына ма?!
Тәуекел етіп әр іске,
Ердің көңлі тына ма?!
- 1670 Барған адам тең екен,
Көргенін айтып жүр екен.
Таудың бардым бетіне,
Жолдың шықтым шетіне.
Жете алмаған ерлерге,
Уайым түспей, не қылсын,
Кенттің арғы бетіне,
Жолды көріп байқадым,
Жолы қиын жер екен.
Қиын да болса жолдары,
- 1680 Анықтап барып, көргенім,
Жалған айтар мен бе едім?
Бұл жерден кетіп, мен бардым
Қиғаштың биік тауына.
Қиғаш биік тау екен,

- Бұрғымен тескен
Табан жолы бар екен.
Барып келген ерлердің
Айтқандары шын екен.
Бұрғымен тескен тесік жол
1690 Қауіпті қиын жол екен.
Қиын да болса, қайтейін?!
Жолдан өтіп, қарасам,
Ат бауырын жаза алмас
Орғу-орғу құм екен.
Құмның арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
Көлденеңі күншілік,
Айналасы айшылық
Ол екі қабат ел екен,
1700 Қарғаса деген хан екен,
Алдырмайтын жау екен.
Мен қорқытып айтпайын,
Көз қорқатын жер екен.
Мен бара жатқан жолымда
Қырық көмірші тап келіп,
Қолыма белгі алғасын,
Одан әрі бармадым.
Не десең де, ер Әділ,
Ендігі жерін өзің біл.
1710 — Орақтың Қази баласы,
Асыл ердің данасы,
Өз басыңа бермесе,
Әуре болып жігітке,
Ата менен бабаның,
Атаң — Орақ болса да,
Туыпсың жаман, шамасы.
Сенің айдап келгенің —
Қаңғып жүрген көмірші,
Батыр болған сен бе едің?!
1720 Қызылбастың елінен
Бір қыз алып келмедің!
Қиын жолды көрген соң,
Сенің қайтып келгенің.

- Сонда Қази сөйледі:
— Қайдан білдің кемімді,
Білмейсің менің тегімді!
Қатты-қатты сөз айтып,
Қалдырып тұрсың көңілді.
Ата тегің кім еді,
- 1730 Түбінде ерлік жоқ еді?!
Қайдан таптың ерлікті?
Бересің кімге зорлықты?!
Менің атам — Едіге
Ата жауын жаулаған,
Әруақты басым пір еді.
«Ерегіскен хандардың
Басын кесті», деп еді.
Сенің атаң — Махамбет,
Түбінде ерлік жоқ еді.
- 1740 Біреудің арын арлаған
Сенің атаң сол еді.
Осы жерден мен қазір
Шұбар атқа мінейін,
Жолды бастап жүрейін,
Сенің атаң ер болса,
Өлмеуіңді көрейін!
Осыны айтып ер Қази,
Орақ туын алады,
Оттай қаулап жанады,
- 1750 Таласып тұрған Әділдің,
Тар жолға барып, әскерін
Айдап жолға салады.
Әскер кетіп барады,
Таудан құлап алған соң,
Әскерді санап алады.
Сол уақытта ер Әділ
Жолдың түрін байқады,
Жолды көріп налиды.
Жан ашыры болмаса,
- 1760 Жалғыздықтың жаманы.
Жалғыздық түсіп есіне,
Тұра алмады тіреп табан-ай.

- Қарасай, Қазі — досына
Сөйледі Әділ және де:
— Екі досым болмаса,
Жоқ еді менің сенерім.
Қиын жолды көрген соң,
Қайғыланды жүрегім,
Қайғыланбай, не қылсын?!
1770 Алды-артымда таяу жоқ,
Менде аға-іні жоқ,
Жан ашырым кім еді?!
«Басыма қиын іс түссе,
Екі досым ат салып,
Алып шығар», — деп едім.
Енді жауға тиерсің,
Ат құйрығын өрерсің.
Екі досым сен едің,
Көңлімді айтып жүр едім,
1780 Өздерің енді білерсің.
Сонда Қазі сөйлейді:
«Қарасай жауда қалса да,
Сені алармын», — деп едім.
Бұрынғы көңлім сен едің,
Бұл көңілді білмедің.
«Жамансың!» деп айттың сен,
Тигізіп қатты тіліңді.
Батырдың айтқан сөзінен
Қылау салдым көңліме.
1790 Талабыңнан көрерсің,
Өз билігің өзіңе,
Жүре бер, Әділ, жөніңе.
«Орақ!» деп айқай салармын
Мұсылманның ары үшін.
Жауда қалсаң, Әділім,
Сонда іздеп табармын.
Сонда Әділ сөйлейді:
— Бұл дүнияға келген соң,
Аяқ басып жүрген соң,
1800 Өлеріңді білген соң,
Белге қару ілген соң,

- Жалғыздыққа көнгенмін.
Жалғыз болып жүрсем де,
Қайратыма сенгенім.
Туысқаным — тәуекел,
Жолдас болып жүргенім.
Кісіге сеніп жүргенше,
Жақсы емес пе бұдан да
Жауға шауып, өлгенім, —
- 1810 Деді дағы, ер Әділ
Ызаланып, долданып,
Алтын туын қолға алып,
Тас өткелдің жолына,
Көп әскерге қарамай,
Жалғыз шауып жөнелді.
Досына көңлі қалады,
Тас өткелдің аузына
Жалғыз шауып барады.
- 1820 Қазі көріп шапқанын,
Атына мініп алады.
Бара жатқан жалғыз Әділге:
«Тұр!» — деп айқай салады.
Қуып келіп соңынан,
Сонда Қазі сөйлейді:
— Әділ, қайда барасың,
Жолға не деп шабасың?!
Жол менікі шабатын,
Менен қалай аласың?!
«Аламын», — деп жүргенде,
- 1830 Пенде болып қаласың.
Менен бұрын жол алмақ,
Елді шауып, қала алмақ,
Қаланы шауып, жауды алмақ
Келе ме, Әділ, қолыңнан?!
Жолымды беріп өзіме,
Ере бер, Әділ, ізіме.
Сонда Әділ сөйлейді:
— Шапқан Әділ тұра ма,
Атының басын бұра ма?!
- 1840 Өзі болған жігіттің

- Түп атасын сұрама!
Қазасы жетпей, өлмейді,
Қорлыққа Әділ көнбейді.
«Жол менікі», — дегенге,
Қорқып, жолды бермейді.
«Құдай дескен досым», деп,
Енді саған ермейді.
Жол сенікі болса да,
Ермегесін, бермедім.
- 1850 Сендер — екеу, мен — жалғыз,
Жалғыз да болса, тұра ма?!
Қорқып, берер мен емес,
Қорқып, саған жол беріп,
Болмаймын елге келемеж.
Сенен қорқар мен емес,
Ерлігім сенен кем емес.
Мықты болсаң, тартып ал,
Қази, саған бермедім.
Әбірейлі мар жолынан,
- 1860 Алтын туын көтеріп,
Тастамады қолынан.
Атайын деп бір жебе
Суырып алды оғынан.
Екеуі жолға таласып,
Алуға қару таласып,
Достықты осылай бұзады.
Таласып жолға тұрғанда,
Қарасай шауып келеді
Бір уақыт болғанда,
- 1870 «Өзім барсам, болмас», — деп,
Қоянақ қартқа келеді.
Келе сөйлей береді:
«Қол бастауға бола ма?
Көпті көрген көнесің,
Қази менен Әділдің
Таласып жолға тұрғанын
Тапсырамын саған-ай.
Екеуі де ер еді,
Екеуінің біреуі

- 1880 Болмаса еді жазым-ай.
Қойеке, жылдам бара гөр,
Ұрыстырмай екеуін,
Тату қылып ала гөр.
Екеуі де көрім-ай,
Бара қойсам қасына,
«Інісіне Қарасай
Болысуға келді», — дер,
Досымның келер көңліне.
Көпті көрген сен едің,
- 1890 Сен ақылға кен едің.
Ақылменен, Қойеке,
Тату қылып жібер деп
Тапсырып тұрмын өзіңе-ай».
Мұны естіп Қоянақ,
Боз тұлпарға мінеді.
Қази менен Әділің
Табан жолға таласып,
Ұрысайын деп тұр еді.
Қартың жетіп келеді,
- 1900 Алдындағы Әділге
Келе сөйлей берді:
«Қырық мың қолға бас Әділ,
Табан жолға таласып,
Досыңменен, алжасып,
Болып тұрсың қас, Әділ.
Асыл туған Әділім,
Өр жерге кетті дабылың.
Ешкім өлшеу қыла алмас
Алланың берген бағына.
- 1910 Қырық мың әскер қолда еді,
Жол бастаған сен едің.
«Жол менікі», — дегенің
Сенікі де жөн, — деді.
Жөн болса да, досыңа
Жолыңды, Әділ, бер, — деді.
Басыңа қиын іс түссе,
Пайдасы тиер ер», — деді.

- Әділді сөзбен тоқтатып,
Қазиға жетіп келеді.
- 1920 Келе сөйлей береді:
— Орақтың ұлы — ер Қази,
Жолды берді саған-ай.
Арғы атаңды сұрасам,
Баба түкті шашты Әзиз
Әулие шайық пірі еді.
Содан туған Едіге
Кереметті ер еді,
Қарауыл тұрған жол еді.
Сенің атаң — хан Орақ
- 1930 Едіге ердің соңы еді.
«Қарсы келген хандарды
Тай-құлындай шыңғыртып,
Басын кесті», — деп еді.
Атаң — Орақ өлген соң,
«Жол менікі», — дегенің,
Сенікі де жөн еді.
Жолыңды алдың, ер Қази,
Жолың болсын! — деп еді.
Ашуыңды тастап, ер Қази,
- 1940 Досыңмен тату бол, — деді.
Орақтың ұлы — ер Қази,
Сен де бер маған жолыңды,
Кел, соңымнан ер, — деді.
Қырық мың әскер қолыңды
Ертіп алып кейініңнен
Қызылбасқа жүр, — деді.
Тас өткелдің аузына
Қолыңды бастап кір», — деді.
Қази қатаң ер еді,
- 1950 Сөзін мақұл көреді,
«Ақылға түпсіз», — дер еді.
Досыменен көрісіп,
Өзінше кектемеді.
Татуласып досымен,
Қайта қолын береді.

Әлқисса, екі батырды ұрыспайтындай қылып қайтадан көрістіріп, дос қылды. Енді қырық мың әскерді үшке бөліп, он төрт мың қолға бас болып Қарасай, Қази кетеді. Он үш мың қолға бас болып ер Әділ жалғыз аяқ тар жолға түсіп кетеді. Он үш мың қолға бас болып Ахмет тас өткелге түсіп, жолда тұрып қалады. Жас Әділ жалғыз аяқ тар жолға түсіп, жүре тұрсын, енді жолдың ортасында тұрып қалған Ахметтен хабар берейін. Ахмет батыр айла етіп, тар жолға түспей, қайтады. Тар жолға түспей, әскерлеріне толғап тұрған құсайды. Қарасай, Қази тас өткелден өтеді. Қазбан деген қалаға бұлар барып жетеді. Қазбанды шауып алғасын, алты күн жатып, сонда болады, Қызылбаспен ұрысып, Ахмет шауып кетеді.

- Қамауда қалған ер Әділ,
 Бұған не амал етеді?
 Жолдан шығып бұрылса,
 Сорға түсіп кетеді.
- 1960 Қызылбас жауы көп еді,
 Өзіне жол мәлім-ді.
 Қара таспен бастырып,
 Қиын салған жер еді.
 Сегіз жерден ту алып,
 Әділді көріп қуанып,
 Шығар аузын бөгеді.
 Келе жатып ер Әділ,
 Аңдып тұрған алдында
 Көп дұшпанды көреді.
- 1970 «Жайсыз жерге келдім, — деп,
 Не болса да, көндім», — деп,
 Қарсы жүріп келеді.
 Бұрылса, түсіп кететін
 Екі жағы сор еді.
 Жүретін жолын жөндетіп,
 Ізіне амал етеді.
 Түсе қалып атынан,
 Табанын жауға тіреді.
 «Жеті қайып пірі» еді,
- 1980 Сол күндері Әділдің
 Пірі есінде жоқ еді.

- Жеті жаста жолданған,
Оқ атып өзі үйренген,
Жүрегі тастан жаралған,
Бір өзін мыңға балаған,
Жеке туған ер еді.
Ер Сүлеймен дейтұғын
Жан жолдасы сол еді.
Екі жерден оқ атып,
1990 Қиратып жауды жүреді.
Кіші бесін болғанда,
Атысып жаумен тұрғанда,
Ер Сүлеймен оққа ұшып,
Қайтыс болды дүниеден.
Досы оққа ұшқан соң,
Атыса берді бір өзі.
Қасындағы көп әскер
Енді өлерін біледі.
Жүрген жері батпақ сор,
2000 Әскері жаман жүдеді.
Күн кеш болып барады,
Қызылбас жауы қамады.
Ер Әділдің әскерін
Жолдан сыртқа шығармай,
Жолдың аузын алады.
Ер Әділдің басына
Ақыр заман салады.
Атысып тұрған Әділдің
Ортасынан сырт етіп
2010 Саржасы сынады,
Бармағын тістеп, жылады.
Атынан түсе, шаршау жоқ,
Енді не амал қылады?
Сондағы тапқан амалы:
Тұлпарына мінеді,
Қылышты Әділ сермеді,
Қызылбасқа шабады.
Көзі жауды көрмеді.
Жалғыз өзі ұрысып,
2020 Әскерін жауға бермеді.

- Таусылатын жау емес,
Толып жатыр өлгені.
Қабат-қабат әскерге
Әділ шауып кіреді.
Кейін қайтып шығуға
Терең батпақ сор еді,
Бір жағы терең көл еді.
Көлге жалғас жатырған
Алты қабат ор еді,
2030 Жолын алып тұр еді,
Әскерін көріп жүр еді.
Жалғыз өзі ұрысып,
Алдырмай жауға тұр еді.
Ақ шалмалы пірөдар
Ер Әділдің пірі еді.
Жеті пірінің ішінде
Кереметі зор еді.
Сол күндері Әділдің
Пірі есінде жоқ еді.
2040 Пірінен жәрдем сұрамай,
Күшіне сеніп жүр еді.
Ескен желдей гуледі,
Жан базары құрылды.
Әділдің жүрген жерінде
Көп Қызылбас қырылды.
Жалғыз аяқ тар жолда
Ұрысып жүріп, бұрылды.
Астындағы тұлпардың
Тайып кетіп табаны,
2050 Батпақ сорға жығылды.
Батпақ сордың ішінен
Боз тұлпардың күшімен
Шығайын деп, ұрынды.
Шыққан сайын түседі,
Бауырлап сорды кешеді.
Сонымен жүргенде,
Болдырмай тұлпар не қылсын?!
Жазылып сауаш сала алмай,
Діңкесі ердің кетеді.

- 2060 Күн батуға таянды,
Аты қалды жарамай.
Қас қарайып, түн болды,
Алды болды қараңғы.
Атқа басып қамшыны,
Маңдайдан тері ағады,
Тұлпарды шауып қарады,
Атынан көңлі қалады.
Әділ мінген қызыл ат
Әбден қайрат қылады,
- 2070 Шабысынан танады.
Келіспеді бұл сапар
Ер Әділдің талабы.
Жалғыздық түсіп басына,
Ер Әділ сонда жылады.
— Арманы күшті ерлердің
Бармағын тістеп өлгені,
Асудан асып, жол жүрсе,
Алты айшылық жол жүрсе,
Белгісіз тұлпар мінгенім.
- 2080 Жалғыз да болсам атадан,
Сапар шегіп жүргенім.
Атадан бірге тумаса,
Жақын деп жауға сенгені.
Болса да күшті ер Әділ,
Одан көресіні көреді.
Жазылысып шаба алмай,
Арманда болып кетеді,
Тұлпар атым болдырды,
Атты кімнен мінейін?!
- 2090 Жалғыздық түсіп басыма.
Кімнен көмек сұрайын?!
Туысқан, аға менде жоқ.
Аға түгіл, іні жоқ.
Ізі кімге сенейін?!
Жалғыздықтан мінім жоқ,
Құдай жалғыз жаратты,
Бұған қылар амал жоқ.
Ар-намысты тастайын,

- Енді аяққа баспайын.
2100 Екі досым болмаса,
Жалғыз туған қасқамын.
Аламанды алдырып,
Басымды алып қашпайын.
Тазадан тұлпар мінейін,
Халіме қайта келейін,
Қамаған жауды көрейін.
Қамалып тұрған әскердің
Жолын ашып берейін.
Бара алмасам, алдымен
2110 Ұрысып өзім өлейін», —
Деді дағы, ер Өділ
Атына қамшы басады.
Ат болдырып, шаба алмай,
Айналасын Өділдің
Қызылбас жауы қамады.
Адасқанын білген соң,
Ұстайын деп қамады.
Сол уақыттары болғанда,
Өділ жылап тұрғанда,
2120 «Сапарым менің оңбады,
Басыма бақыт қонбады.
Дәулетім тайып басымнан,
Жолдасымнан айрылып,
Болмаған соң туысқан,
Тастап жауға дос кетті.
«Өділ жауда қалды», — деп
Әрбір жаққа даңқ кетті.
Кетті демей не дейін?!
Тұлпарымнан әл кетті, —
2130 Деді дағы, ер Өділ
Астындағы Қызылға
Бес-алты ауыз сөз айтты.
Шауып келіп жолменен
Алты қатар қандекте
Астындағы Қызылға:
«Шүү, жануар, қарғы!» — деп,
Қамшысын ұрды сауырға.

- Жануар тұлпар қызыл ат,
Жал-құйрығы ұзын ат
2140 Алты қатар қандектен
Оқ жыландай қарғып өтіп барады.
Сонда Әділ сөйлейді:
Қыласың мені мат, тұлпарым,
Менің атым — сен, — деді,
Сенің ерің-мен, — деді.
Алты қатар қандектен,
Атым, сені қарғытсам,
Болар ма екен себебі? »
Деді дағы атына,
2150 Екі көзін ер Әділ
Шарта жұмып алады.
Қамшы ұрып қызылға,
Орға айдап салады.
Қамшы тиген жерінен
Қан сорғалап ағады.
Жауға барса, амал жоқ,
Қызыл ат қарғып барады.
Алты қатар қандектен
Пырылдап қарғып барады.
2160 Болдырып жүрген жануар
Адымын қысқа жазады.
Төрт қабат ордан кідірмей,
Бұдан да аман өтеді.
Бесінші орға жетеді,
Бұдан да қарғып өтеді.
Алтыншы орға келгенде,
Ордан қарғи бергенде,
Сүрініп кетіп тұяғы,
Тайып кетіп аяғы,
2170 Орға барып түседі.
Әділдің екі бөксесі
Орға түсіп кетеді.
Өмілдірік үзіліп,
Еріменен жығылып,
Әділ орға түскен соң,
Әділді тастап қызыл ат,

- Омақатып жығылды,
Ордан шығып барады.
Қол бастаған ер Әділ
- 2180 Жалғыз өзі, шырқырап
Орға түсіп қалады.
Түскенін ешкім көрмеді,
Қарасай, Қази білмеді.
Енді мұны қандектен
Кім шығарып алады?
Ер Әділдің қолын Қызылбас
Қамап ұстап алады.
Бір парасын бұлардың
Тірілей ұстап алады.
- 2190 Қарасай, Қази — қос батыр
Қазбан деген қаланы
Алты күнде алады.
Олжалап жесір-мал алып,
Алды малға толады.
Дербент деген — зор қала,
Бұл қаланы байқады.
Дербентте әскер көп еді,
Қаласы мықты зор еді.
«Әділге аман қосылсақ,
- 2200 Алармыз», — деп келеді.
Әділдің орға түскенін
Қарасай, Қази білмеді.
Тас өткелге келеді,
Әділге ерген әскердің
Қырылғанын көреді.
Жоқ болғанын Әділдің
Екі досы біледі.
Досын жоқтап ер Қази
Қарасайға сөйледі:
- 2210 — Қарасай аға, туғаным,
Білдің бе Құдай ұрғанын,
Дұшпанның көңлі тынғанын,
Достың белі сынғанын,
Хабар алмай досыңнан,
Қырымды құдай алғанын?!

- Шұбар атқа мінейін,
Жауда қалған досыңның
Өлі-тірісін білейін,
Өлмесе, тауып келейін.
- 2220 Досымды іздеп келмесем,
Өлі-тірісін білмесем,
Түнде мақшар күнде
Жүзін не қып көрейін!
Қырымға қайтып барғанда,
Шешесі сұрап тұрғанда,
Не деп жауап беремін?
«Өлді» деп, күдер үзбейін,
Аман болса, келермін,
Қазам жетсе, өлермін.
- 2230 Жазатайым іс болса,
Ақыретте көрермін.
Қарасай сонда сөйлейді:
— Ай, Қазижан, туғаным,
Сен едің менің қорғаным.
Сені жалғыз жіберіп,
Көңлім менің көншімес.
Алдында биік тауы бар,
Таудан биік жауы бар,
Қырғанмен, таусылмас,
- 2240 Көрмеген жауың тағы бар.
Қара тауға баралы,
Жау қамалын алалы.
Құдай берсе талапты,
Сонда жаудан алармыз —
Жалғыз аяқ тар жолды
Содан өрман шығатын.
Жауда қалған досыңды
Сонда іздеп табайық. —
Деді дағы, Қарасай
- 2250 Қазиды ұстап жібермей,
Жетегіне алады.
Қара таудың басына
Бұ да кетіп барады.
Үш күншілік жолды алды,

- Тынбастан жүріп келеді.
Намаздыгер кезінде
Жау қарасын көреді.
Қарасай сонда сөйлейді:
— Ау, Қазижан, қарағым!
- 2260 Табайық таудың бұлағын.
Суға қанып алған соң,
Бұзайық жаудың қамалын.
Жатқан жауды көрдің бе,
Табан жолға келдің бе,
«Осы жолдан өтер», — деп,
Жатқанын жаудың көрдің бе?!
Жау екен мықты, қауіпті,
Жолдың аузын алыпты.
Жалғыз аяқ тар жолды
Бізден бұрын алыпты.
- 2270 Ұясына қамалып,
Қас қарайып, күн батсын,
Қаласына жау жатсын.
Қызылбасқа тигенде,
Қызығына тау батсын.
Атаның туын алайық,
Екі жерден екеуіміз
«Орақ!» — деп ұран салайық.
«Орақ!» деген дауыспен
Қара тауды жарайық.
- 2280 Жолда жатқан әскердің
Құлағына барсын-ай.
«Қарасайдың қолы!» — деп,
Дұшпан қашсын, сасып-ай.
Қаланың ішін жусатып,
Қызылбас кетсін қашып-ай.
Жаудың құрып амалы,
Тайғанасын оның табаны.
Қашып бұлар түнімен,
Тайғанаса табаны,
- 2290 Таудан шыққан айғайға
Тастап қашар қаланы.
Таң атқанша қаланы

- Ұрыспай, тартып алармыз.
 Екі батыр кеңесіп,
 Әскерді бөлді екіге.
 Түнде барып тиюге
 Қаруын алды бөлісіп.
 Көтеріп туын, бұлғады,
 Қази тұрып, толғады:
 2300 «Қас қарйып, күн батты.
 Қарасай аға, сенімен
 Айрылысарлық күн жетті.
 Жауға жалғыз тимеген,
 Жау әдісін білмеген,
 Ысылмаған мен бе едім?!
 Маған серік сен едің,
 «Екеуіміз бірге жүргенде,
 Жауды алармыз», — деп едім.
 Енді айрылар күн болды,
 2310 Екі талай сын болды.
 Құлағың салып жүргейсің.
 «Қази қайда?» — дегенде,
 Мен қалатын күн болса,
 Шақырамын: «Аға!» — деп,
 Сонда, аға, келгейсің.
 Сен қалатын күн болса,
 Шақыруға арсынба,
 «Қазижан!» — деп шақырсаң,
 Қайдан да болса, табармын.
 2320 «Бауырым!» — деп, ат қойып,
 Болсаң да қайдан, табармын,
 Айырып жаудан алармын, —
 Деді дағы, екеуі
 Айырылысып кетеді.
 Көтеріп алған жасыл ту
 Масаладай жанады.
 Күн батыстан Қарасай,
 Күн шығыстан ер Қази
 «Орақ!» — деп айқай салады,
 2330 «Орақ!» деген даусымен
 Жер-дүниені жарады.

- Қалада жатқан әскердің
Құлағына барады.
«Қарасай, Қази келді! — деп,
Екі жақтан тиді, — деп,
Қаладан шығып кетпесек,
Бізге тиер бүлік, — деп,
Келсе бізді қоймас деп,
Бұл жерде тұрып, болмас», — деп,
- 2340 Тауды тастап Қызылбас,
Қайтқан екен қалаға.
Орта жолдан екеуі,
Жолығады далада,
Қалаға теріп шығады.
Қызылбастың ішінен
Әділ досын қарады.
Ұстап алып бір Қызылбасты,
«Тауып бер», — деп қинады.
- 2350 Найзасы түспей қолынан,
Жұлдызы туды қырынан,
Тумады жұлдыз оңынан,
Екі батыр терледі.
Қарулары жарқылдап,
Тebінгісі сартылдап,
Қырып-жойып келеді,
Қызылбасты алқынтып.
Таяныпты сол кезде,
Жау қолына жақындап.
Досын іздеп таба алмай,
- 2360 Басын салды ордаға-ай,
Қанын түйді қалтаға-ай.
Ердің соңы болғасын,
Бұлар жаудан қорқама-ай,
Қызылбасқа жабылды,
Досын іздеп қарады.
Соңғы ұрыс зор болды,
Көргендер қайран қалады.
Қараңғы тұман, шаң болды,
Қала өртеніп, жанады.
- 2370 Алты күнгі соғыста

- Ат жығылып, қан төкті
Жауда Әділ шын қалды.
Енді алмаған не қалды?
Қази менен Қарасай
Әділ досын таба алмай,
Қызыл қанға боялды.
Алты күндей соғыста
Ат жығылып, қан төкті.
Жауда Әділ ер қалды?
- 2380 Ізі өлмеген не қалды?
Қази менен Қарасай
Әділ досын таба алмай,
Кеткенін қайда біле алмай,
«Әділмісің сен?» — деді,
Бір қызылбасты танымай.
Қорыққанынан Қызылбас:
«Әділ досың — мен», — деді.
«Әділ болсаң сен, — деді,
«Кел, артыма мін», — деді.
- 2390 Қылшықтары сабаудай
Бір Қызылбас екені
Белгілі болды батырға.
— Өлер жерің — осы! — деп,
Сенің өзің бол, — дейді.
Әділ досын екеуі
Алты күндей іздейді.
«Табылар, — деп, — бір жерден»,
Әлі де күдер үзбеді.
Екі тұлпар жануар,
- 2400 Сүйегі қызып, ойнайды,
Секіреді қояндай,
Салды соғыс аянбай.
Таусылатын жау емес,
Жау жаралы, тынар-ай.
Алты күнгі соғыста
Жарадар болды Қарасай.
Аяқ-аяқ қан құсып ішінен,
Шыбын жаннан баз кешіп,
Тұрған екен таба алмай:

- 2410 «Шырағым — Қази қайда? — деп,
Жаудан жаман найза жеп,
Найзасына таянып,
Тұрған екен шырқырап.
«Қайда кетті көкем?» — деп,
Жүр екен Қази таба алмай.
Зарлап тұрған ағасын
Сонда көзі көреді.
Шұбар атын қамшылап,
Маңдайдан тері тамшылап,
- 2420 «Бауырым!» — деп шабады,
Жетіп келді қасына,
Болады Қази қасында-ай.
«Жауға қайрап көрейін,
Шығар ма екен асыл-ай,
Асыл ердің соңы еді.
«Жамансың!» — деп қыздырсам,
Көтерер ме екен басын-ай?
Жанына тиіп, қайрасам,
Түзеліп батыр кетер ме?
- 2430 Етіне түскен жарасын
Ауырсынбай кетер ме?
Қолтығынан сүйесем,
Бір жағынан демесем,
Тау басына жетер ме?» —
Деді дағы, ер Қази
Қази жетіп келеді.
Қамап тұрған Қызылбас
Қазидан қашып кетеді.
Қан құсып тұрған ағасы
- 2440 Қазиды сонда көреді.
Жараны Қази көрген соң,
Көзінің жасын тыяды.
Не қып тұрсың аға? — деп,
Қызылбастан жапа жеп.
Кейіп сөйлей береді.
Не қып тұрсың, Қарасай?!
Батып тұр ма жаныңа
Жаудың салған жарасы?

- Жауға сырын алдырмас,
2450 Жетпесе ердің қазасы.
Апта болса, көр болар
Санасыз ердің сазасы-ай.
Шыдамсыз болып жараға,
Мұнша неге кем болдың?!
Екеуміз де, ағаке-ау,
Әкесінің баласы.
Осындайда ашылар
Жақсы менен жаманның —
Екеуінің арасы-ай.
- 2460 Атадан бірге туса да,
Қылыш тисе күрт тиіп,
Найза тисе мерт тиіп,
Жасық болып атадан,
Туыпсың жасық, шамасы-ай.
Айтушы еді анам-ай,
Ана сыншы балаға-ай,
Атадан бірге туса да
Бәрі бірдей бола ма?!
Атамыз — Орақ ер еді.
- 2470 Ақылға атам кен еді.
«Қарасай адам болмас», — деп,
Атамыз сондай деп еді.
«Қази жауға кеткенде,
Жауы қашар», — деп еді.
«Қарасайды туғанда,
Есірдің қара тасына
Жерік болды», — деп еді.
Сол себепті нашарсың,
«Кеш болып туған», — деп еді.
- 2480 Қарасай сонда сөйлейді:
— Шырағым, қалқам, Қазижан!
Омыртқыдан он жара,
Қабыртқадан қырық найза
Түніменен тұрғанда,
Мені қорғап жүргенде,
Өзің түсіп қаларсың,
Жауда қалған ағаңды

- Бұл дүниеден таппассың,
Ақыретте табарсың.
- 2490 Қарасай, қандай ер еді,
Жанынан үміт үзеді!
Үміт үзбей, не қылсын?
Жарасы мындай бар еді,
Қайғыны жаман шегеді.
Ағасының жарадан
Қуатының кеткенін,
Жараны көріп, біледі.
Келіп, басын сүйеді,
Қолтығынан қол салып.
- 2500 Осындайда болмаса,
Жақынды неге тілейді.
Туысқанның себебі:
Тар жерде тиер көмегі.
Туғаны жоқ жалғыздың
Жауда қалар сүйегі.
Қарасайды қалдырмай,
Қази сүйеп келеді.
Жараға көзін салады,
Қаны судай ағады.
- 2510 Ағасын сүйеп, жетелеп,
Жаудан алып шығады.
Жаудан шығып, аяңдап,
Айдын көлге келеді.
Ағасының жарасын,
Көлде жатып, бағады.
Ақ дәрісін аюдың
Жарасына жағады.
Он күн бағып жарасын,
Жазып әбден алады.
- 2520 Енді қайтып бара алмай,
Арманда болып екеуі,
Қайтып кетіп барады.
Әділ досы шырқырап
Баяғы орда қалады.
Бұны көрген ешкім жоқ,
Кім шығарып алады?

Әлқисса, енді Қызылбастан ер Қазиді, ағасын қалдырмай, өздерін алдырмай, Қарасай жаралы болып ағайынды екеуі еліне қайтқан соң, Қызылбастар да еліне қайтады. Тас өткелге барғанда, ер Әділдің қырылып өлген адамынан қалған олжасын тереді. Теріп жүріп орда жатқан ер Әділді көреді. Қасына келсе, ызлулығынан ордың ішіне сәуле түсіп тұр екен. Қызылбас Әділді көріп, қызығып, шығарып алады. Әділ қорамсақпен біразын қырып, ұстатпай жүреді. Әділдің түскен орына көп Қызылбас келеді. Орды жарық етіп тұрған Әділді көреді. Әділді көрген Қызылбас Қарғасаның қолы еді. Қарғасаның батыры бәрінен де зор еді. Үш бөлініп, үш жерден соғыс қылып жүреді. Көп олжаға тап болды. Көп Қызылбас таласып, орға төніп тұр еді. Бірінен бірі қызғанып, «Мен ұстаймын» десе де, ер Әділ Қызылбастың үстіне топырақ шашады. Қолына түскенін жібермей, жолбарыстай басады. Ұстай алмай, Қызылбас ордан шыға қашады. Оң келгенін оқ атып, сол келгенін сол атып, терең ордың ішінде сала берді соғысты.

- Қасына жақын келе алмай,
Қызылбас жауы қамады.
- 2530 Жүгіріп жүріп ер Әділ,
Қолына кесек алады.
Қашып тұрған жауына
Жіберіп келіп қалады.
Ордан қуып шығарып,
Бірінің басын жарады.
Ұстай алмай қызылбас,
Бір бәлеге қалады.
Көп қызылбас кеңесіп,
Бір айланы табады.
- 2540 Қолдарына Қызылбас
Бір-бір белден алады.
Топырақты құлатып,
Төбесіне құяды.
Топырақпен бастырып,
Әділді ұстап алады.
Мықтылығын білген соң,
Екі қолын артына
Қайырып, мықтап байлайды.

- Колотка салып мойнына,
2550 Ордан алып шығады.
Қолға түскен ер Әділ,
Екі қолы байлаулы,
Енді не амал қылады?!
Қолға түсіп, қор болып,
Көзі жайнап тұрады.
Қарап тұрған қызылбас
Әділден жауап сұрады:
— Орға түскен сен бала,
Шыныңды айтшы, бейшара.
- 2560 Жіберің мені босатып,
Бұл не деген шер еді?
Әрбір шерің зор еді.
Шердің соңы — Едіге —
Ол келмеген жер еді.
Орақ, Мамай, Қобыланды —
Бұлар келмеген жер еді.
Спандияр, Тұлқұл —
Бұл келмеген жер еді.
Он екі ханның елі едік
- 2570 Әр патшадан зор едік.
Аттап келген жеріме,
Бұның бүлік салған жеріме,
Жылатқан қатын-баламды
Қазина, дүкен, қаламды
Шауып кеткен әскердің
Қолбасшысы кім еді?
Сонда Әділ сөйлейді:
— Қамап тұрған қызылбас,
Қолыңа түсті біздің бас.
- 2580 «Аяқ-қолымды босатып,
Жібер», — деп, саған жалынбас,
Аяғыңа бас ұрмас.
Менің атым — Әділ,
Қорқып, атын жасырмас.
Жасырғанмен бола ма?
Жалынбаймын саған-ай!
«Жалғыз аяқ жолменен,

- Салайық, — деп, — ұрысты»,
Үш бөлініп, үш жерден
2590 Тиіп едік қалаңа-ай.
Алдың толған көп әскер,
Қарасай, Қазі — қос батыр
Қазбан деген қалаңды
Алған шауып бұл күнде-ай.
Екінші әскер мен едім,
Жалғыз аяқ тар жолға
Түскенімде, қызылбас
Ортаға алды қаумалап,
Қамап алдың қолымды.
2600 Қосымды қорғап тұрғанда,
Ортасынан сарт етіп
Садағым екіге бөлінді.
Тұлпарым орға жығылды,
Секіріп шыға бергенде.
Өмілдірік үзіліп,
Сыпырылып мен түстім
Қараңғы ордың ішіне,
Таба алмадым жолымды.
Қыдырып жүріп қызылбас,
2610 Мені көріп, жиылдың.
«Ұстаймын», — деп тұрғанда,
Талайың тағы қырылдың.
«Ұстаймын», — деп тағы да,
Орға түсіп қызылбас,
Ақыл тауып тағы да,
Қазған ордың ішіне
Топырақты суырдың.
Топырақты суырып,
Көрсетпедің көзіме.
2620 Топырақпен толтырып,
Ұстап алдың өзімді.
Атаңа нәлет, қызылбас,
Білгенің болса, аянба.
Енді саған бір күні
Көрсетермін көрімді,
Жеткізермін өлімді,

- Босатсаң, Құдай, қолымды.
Менің жөнімді сұрасаң,
Қырық мың әскер ханы едім.
- 2630 «Қызылбасты қиратып,
Жесірін қойдай шұбыртып,
Шауып алам», — деп едім.
Тұлпарым орға жығылып,
Болмады асыл тілегім.
Өлсем де, өліп кетермін,
Бұл дүниеден өтермін.
Егер өліп кетпесем,
Білгенімді етермін,
Түбі ақыр жетермін.
Қызылбас ханы сөйлейді:
- 2640 — Қол бастаған сен болсаң,
Әділдігің шын болса,
Мойныға қамыт ілейін,
Алты арбаны жегейін,
Толтырып тасты тиейін.
Мықтысынған батырдың
Күшін сонда көрейін.
Әділ болсаң сен өзің,
Не қылмадың бізге?! — деп,
Жазаңды сөйтіп берейін.
- 2650 Осыны айтып қызылбас,
Қолын байлап келеді,
Мойнына қамыт іледі,
Алты арбаны жегеді.
Бір қызылбас мінеді,
Арбаға жеккен өгіздей
Мықтап айдап келеді.
Айдап жүрген қызылбас
Қолына алды көп шыбық,
Әділге болды көп қызық.
- 2660 Арбаға тасты тиеді,
Алты арбаны ер Әділ
Өгіздей өрге тартады.
Қаһарланып тартқанда,
Үзіледі арқаны.

- Арқан қиып арқасын,
Жанына қатты батады.
Қасына жақын келуге
Қызылбас жаман қорқады.
Бұрынғыдай Әділдің
- 2670 Еркелейтін елі жоқ,
Алты арбасын сүйретіп,
Жолға түсіп, жортады.
Қарасай бұзған қаланы,
Әділге жегіп арбаны,
Алты айда түзеп болады.
Қаланы түзеп алғасын,
Тағы да қастық қылады,
Әділге тезек тергізіп.
Қол-аяғы тұсауда,
- 2680 Тісімен тезек тергізіп,
Қорлықты өбден көреді.
Бір қызылбас әуелі
Тергізіп тезек жүреді.
Арбаға тиеп тезегін,
Кеш болғанда келеді.
Өліп-талып келгенде,
Және азап береді.
«Сондай азап-қорлықты
Көрем» деген ойда жоқ,
- 2690 Басқа түссе, амал жоқ.
Және бір жерге айдады,
Азапты сондай сайлады.
Табанына тас тиеп,
Бетін мықтап байлады.
Күні-түні азапта,
Әділдің соры қайнады,
Екі көзі жайнады.
Бұ да қылған Әділге
Қызылбастың қастығы:
- 2700 Қызылбастың баласы
Қозы-лақтай секіріп,
Басына шығып ойнады.
Қудалап ұстап алуға

- Өділдің оған қолы жоқ,
 Жамбастап жатып жайымен,
 Қолына түскен баланы
 Қашыр-қашыр шайнайды.
 Қызылбас та көп екен
 Алма деген бір жеміс.
 2710 Ол кеші мен бұл кешке
 Жарты алма береді.
 Қадірін білген жақсылар:
 «Қолға түсіп қор болған
 Артық туған ер екен
 Бұны орай», — дейді-міс.
 Қадірін білмес жамандар:
 «Жарты алмаға тоймады,
 Бір жаман ғой», — дейді-міс.
 Күні-түні азапта,
 2720 Сірә, тыным көрмеді.
 Жазы-қысы жылап жүрген сорлы ғой:
 «Қырым жақтан келсейші
 Ұшып жүрген қарақұс», — деп.

Ер Өділ азаппен арбасын сүйреп, тезек теріп жүре тұрсын.
 Қырымдағы қарындасынан хабар берейін:

- Өділ жауға кеткелі
 Бірнеше айлар өтеді,
 Неше жылдар өтеді.
 Жаудан жалғыз келмеді,
 Не болғанын білмеді.
 Екі мұңдының сәні кетеді,
 2730 Бастан билік кетеді.
 Омар менен Оспан құл
 Малға билік етеді.
 Екі нашардың басына
 Ақыр заман жетеді.
 Тірімісің, ер Өділ?
 Екі мұңды нашардың
 Қорлығы жоқ көрмеген,
 Зәбірі жоқ бермеген,

- 2740 Тек жаны бар өлмеген.
Қырық мың қолға бас болып
Кеткен Әділ келмеген.
Омар менен Оспан құл
Мал менен басты билеген,
Есіктен төрге өрлеген,
Жүйрігі жоқ мінбеген,
Жорғасы жоқ сүрмеген.
Ер Әділдің барында
Мінбек түгіл жорғасын,
- 2750 Орынсыз қатты күлмеген.
Құдіреттің күшіне,
Салса, пенде көнбей ме?!
Екі мұңды жыласып,
Төңірекке қараса,
Төбеден түспей, еңіреп,
Еңіремей не қылсын,
Қызылбасқа кеткен жалғыздың,
Не боларын білмеген.
Қызы жылап тұрғанда,
- 2760 Қызылбастан келе жатқан,
Ұйқы көрмей, түн қатқан
Ауыр әскер қол көрді.
Келе жатқан Әділ жоқ,
Қолды көріп, еңіреді.
«Айналайын, анам-ай!
Маңдайдағы Кәбам-ай!
Бұл келе жатқан әскердің
Ішінде сенің балаң жоқ,
Мен қайтейін, жыламай?!
- 2770 Жығылғанға ұқсайды
Алтын Сарай, қалаң-ай,
Әділ — жалғыз балаң-ай.
Тапшы қылды Құдайым
Іні менен ағаға-ай.
Қарасай, Қазидосымыз,
Келе жатқан қолда
Олар да жоқ.
Әділ түсіп қалған ғой,

- Қайырылған шығар соған-ай.
2780 Анадан бесеу туған соң,
Жоқ шығар-ау арманы,
Жолдастары қасында,
Көп жолдастың ішінде
Исаның ұлы Ахмет
Келе жатыр аман-ай.
Көкемнің аман-жаманын,
Алдынан шығып Ахметтің,
Білейін аман-сауын-ай», —
Деді дағы, Илия
- 2790 Екі етегін түрінді,
Аш күзендей бүгілді,
Жүгіре шығып Ахметтің
Алдынан, екі мұңды
Көзінің жасын төгеді.
Ахмет көріп, тұра алмай,
Тұрайын десе, ұялды-ай.
Ахмет кетіп бара жатыр
Атының басын бұра алмай.
Екі мұңды жүгіріп,
- 2800 Көзінің жасы төгіліп,
Алдынан келіп, оралды.
Қарсы шығып алдынан,
Илия келіп, сұрады:
— Ахмет — батыр ағамсың,
Басыма қайғы саларсың.
Хабарын айтпай көкемнің,
Қай жаққа кетіп барасың?
Бірге кеткен жолдасың —
Қарасай, Қази — ер қайда?
- 2810 Оған ерген қол қайда?
Қол бастаған ер Әділ —
Жалғыз көкем — бұл қайда?
Жан жолдасың — бұлар жоқ,
Әскеріңмен аман-сау
Келгеніңмен, не пайда?!
Сендей болып, көкемді
Біз көретін күн қайда?!

- «Көкем жалғыз, сен — бесеу.
«Болар ма екен, — деп едім, —
2820 Қысылған жерде қорғаны!»
Ахмет батыр, айтып кет
Көкемнің қайда қалғанын,
Сөйлеме сөздің жалғанын.
Ахмет сонда сөйлейді:
— Көкең аман келеді.
Жыламай, көңлің тола ма?!
Қашан аман келгенше,
Жыламасқа бола ма?!
2830 Көкең аман келеді,
Қосыларсың аман-сау
Кеткен Әділ ағаңа.
Ілияжан, мұңайма,
Сене бер бір Құдайға.
Қарасай, Қазі — жолдасы,
Жалғыз емес ер Әділ,
Басшы болып келеді,
Алды толы көп малға,
Олжасын артып көп нарға,
2840 Қызылбасты бүлдіріп,
Дені сау, Әділ келеді,
Хабарым осы білдірген.
Сонда Ілия сөйледі:
— Ахмет, жалған айтасың.
Қиғаштай биік тауды алсаң,
Алып келген олжаң жоқ,
Неге босқа қайтасың?
Жалған неге айтасың,
Сөзбен көңіл делбейсің.
2850 Рас болса айтқаның,
Неге озып келмейсің?!
Сүйіншіге мені алып,
Ахмет, неге сүймейсің?!
Ойлап тұрмын, Ахмет,
Осы сөздің бекерін.
«Қайғымен көңілім өтер, — деп,
Осыдан көкем келмесе,

- Қарындасы — Ілия
Көрінгеннің қолында
2860 Олжа болып кетер», — деп,
Ілия еңіреп, толғайды,
Ахметке сенбейді.
Екі мұңды қалады,
Қайғыланып, жылады.
Қарасай мен Қазидың
Жолын тосып тұрады.
Бір күндері болғанда,
Қосарланып қос қара,
Қызылбас жақтан шығады.
- 2870 Екі мұңды нашардың
Алыстан көзі шалады.
Анасына Ілия
Сонда толғап тұрады:
«Айналайын, анам-ай!
Көрдің бе ана қараны-ай.
Қарасай, Қазиді секілді
Келе жатқан, анам-ай.
Өздері аман келе жатыр,
Көрінбейді балаң-ай.
- 2880 Өздері жалғыз болған соң,
Жауға түсіп қалғаны-ай.
Ойлап келіп қарасам,
Жалғыздықтың жаманы-ай.
Қарасай батыр секілді
Қолына қамшы ұстауы,
Көтеріп, аяқ басқаны.
Келе жатыр қасында
Туысқан — Қазиді — інісі,
Жалғыз туған қасқаны», —
- 2890 Деді дағы, бейшара
Зар еңіреп жылады,
Көзінің жасын бұлады,
Қарасай, Қазиді — батырдың
Жолын тосып тұрады.
Осындай жақын келгенде
Қарындасы Әділдің

- Алдынан жылап шығады.
Қарасай, Қазидосынан
Әділді жоқтап сұрады.
- 2900 — Қарасай, Қазидосым-ай!
Дос болғаның осы ма-ай?!
Жалғыз көкем — ер Әділ
Еріп кетті қасыңа-ай.
Жауға тастап досыңды,
Өздерің аман келесің
Лайық па осының,
Айта берің, жасырмай?!
Екі досым сен едің,
Сендер еді сенгенім.
- 2910 «Екі досым бар болса,
Қалдырмас жауда», — деп едім.
Не болса да, жасырмай,
Достарым, енді айта бер.
Сонда Қарасай сөйледі:
— Болса да жалғыз, Әділді
Құдайым артық жаратты.
Қырық мың қолға бас болып,
Жолдастарды қуантты.
Әділ аман келеді,
- 2920 Тәңір оңдап талапты,
Хабарлы бол жолдастан.
Сол уақыттары болғанда,
Қарасай сөйлеп тұрғанда,
Қазидос сөйлеп, ақырды,
Батыр еді, батылды.
Ағасына Қазидос
Қатты келді ашуы.
Қатты ашуы келген соң,
Ойламады жақыңды.
- 2930 — Ау, Қарасай, не дейсің,
Неге жалған сөйлейсің?!
«Іздеймін, — деп, — Әділді»,
Алты күндей соғыста
Болған едің жарадар,
Жеті жерден жарадар,

- Бұны неге білмейсің?!
Жаралы болып тұрғанда,
Байлап шыққам беліңді.
Сұрағанда нашары,
2940 Неге айтпадың шыныңды,
Дұрысын айтсаң, болмай ма?!
Ер болған соң, Қарасай,
Ер жігітке тай салып,
Жалған айтқан өлім-ді.
«Әділ досым — жолдасым
Жауда қалды» дегенде,
Жанымды алар, — деп пе едің,
Өзің тастап келген соң,
Оныңменен өлдің бе?!
2950 «Өтірік сөзді айтқанмен,
Мені айтпас», дедің бе?!
Жалған сөзді айтпаймын,
Әділ жауда қалулы,
Басыңнан бақыт таюлы.
Досымды жауға түсіріп,
Осы сапар Құдайым
Қырымды менің алулы.
Дұшпан көңлі тынулы,
Достың көңілі қалулы.
2960 Әділді жауда қалдырып,
Мені Құдай ұрулы.
Үйіңе қара тіге бер,
Әділден үміт үзе бер.
Бір Құданың ісіне,
Не қылса да, көне бер,
Қайғы тонын кие бер.
Әділ мінген жорғаның
Жал-құйрығын үзе бер,
Қайғыменен өте бер,
2970 Күдер үзіп кете бер.
Әділ қалды, біз келдік,
Білгеніңді ете бер, —
Деді дағы, ер Қази
Кете берді жөніне.

- Күйінгенмен, күлмек жоқ,
Қазасы жетпей, өлмек жоқ,
Көрге барып, кірмек жоқ,
Ой түбіне жетпек жоқ.
Бір Құдайдың ісіне,
2980 Құдіреттің күшіне,
Не қылса да, амал жоқ.
Екі мұңды бейшара
Жер бауырлап жылады.
Оныменен өлсін бе,
Таусылмаса демдері.
Алты күн жатып, дәм татпай,
«Әділ жауда өлді!», — деп,
Екеуі де зарлапты-ай.
Екеуі жылап жатқалы
2990 Алты күндей өтеді,
Жетінші күні жетеді.
Қасындағы қызына:
«Тұр, шырағым! Жатпа! — деп,
Шешесі тілек етеді. —
Тұрғын, қызым, тұрғын! — деп,
Алла ісіне көне бер.
Кімге еркелеп жатырсың?!
Қасыңа келіп аймалап:
«Шырағым, тұр!» — деп кім айтар?
3000 Тұрғызатын адам жоқ.
Саған түгіл, шырағым,
Ішімнен шыққан маған жоқ.
Бір Құдайдың ісіне,
Пендеге салса, амал жоқ.
Аға түгіле іні жоқ,
Енді бізге тыным жоқ.
Алты күн жаттық,
Дәм татпай,
Ажалдан бұрын өлмек жоқ.
3010 Ордамызға кірелі,
Хақ ісіне көнелі.
Есіз қалған дүниені
Соның үшін көрелі.

- Жатқанменен, келе ме?
Тілесем, ием бере ме?
Тұр, шырағым, тұралы!
Ордамызға кірелі.
Жылап жатқан қызына:
«Тұр!» — деп, тілей береді.
- 3020 Жылап жүрген қызының,
«Тұр шырағым!» дегені,
Құлағына келеді.
Тұрып алып Ілия,
Шешесіне келеді.
Есіз қалған ордаға
Екі мұңды кіреді.
Құдіреттің ісіне
Енді бұлар көнеді.
Омар менен Оспанның
- 3030 Тілегін Құдай береді.
Әділ жауда қалған соң,
Қуанып, ойнап келеді.
Ілия менен дүниесін
Екі құл иеленіп жүреді.
Екеуінің ниетін
Екі мұңды біледі.
Басында ерік болмады,
Қолы батып, қорлады.
«Ардақтаған Ілияны
- 3040 Аламыз», — деп ойлады.
Екеуінің бір жерге
Өмірде басы сыймады.
Көңлі жаман қарайды,
Бір күндері екі құл
Ілияға таласып,
Төбелесті салады.
Бірін-бірі өлтіріп,
Ілияны алмақ болады.

Ал, енді Омар мен Оспан құл Ілияға таласып жүре тұрсын.
Қызылбаста қалған Әділден хабар берейін:

- Күндерден күн өтеді,
3050 Айлардан ай өтеді,
Жыл ақылы кетеді.
Іздейтұғын бауыр жоқ,
Жеке туған ер еді.
Алты арбасы мойнында,
Күні-түні азапта,
Жыламай Әділ, не етеді,
Бұрынғы дәуір күн қалды?!
Мүшесінен әл кетіп,
Тек шықпаған жан қалды.
- 3060 Бұрынғы жедел — бұл қалды,
Бұрынғы ашу, зәр қалды.
Есі кетіп, сандалып,
Тек шықпаған жан қалды.
Пірлері түсіп есіне,
Бір күні жолығып, зарланды:
«Жаратқан жалғыз Құдайым,
Бір өзіңе жылайын!
Тарыққанда, ерлерге,
Келіп, жәрдем бер гөр,
- 3070 Қайып Ерен, Қырық шілтен!
Көп пірімнің ішінде
Ақ шалмалы пірадар,
Пірім, жәрдем сұрайын.
Пірлерім жәрдем бермесең,
Енді не амал қылайын?!
Басыма түсіп уайым,
Сүйретіп жүрмін алты арба,
Босанып, қайтып шығайын?!
Тас өткелім қолымда,
- 3080 Бұны қалай бұзайын?!
Апамның айтқан бір сөзі
Жаңа түсті есіме.
Қайырлы Пірім — жеті пір,
Жеті Пірдің ішінде,
Ақ шалмалы пірөдар,
Шарапатың көп еді.
Аңсаған жерде есіңе ал,

- Айтып еді кетерде,
Апамның сөзі шын болса,
3090 Ақ шалмалы пірөдар,
Пірлеріме сыйындым.
Апамның айтқан бір сөзі
Жаңа түсті есіме.
Пірден медет болмаса,
Кетті қуат-күшім-ай.
Арба жегіп мойныма,
Жасымды төгіп қойныма,
Тезек теріп келемін.
- 3100 Құрыдың-ай, қайтемін,
Ақ маржандай тісім-ай!
Ең болмаса, пірлерім,
Берсеңші аян түсіме.
Күтіп жүрмін, Қайтейін
Қүдіреттің ісіне-ай!
Табан етім жарылды,
Заманым менің тарылды.
Қолға түсіп, қор болып,
Басымнан бақыт арылды.
- 3110 Әділ, күтіп, балаңыз,
Тілегім саған, жалынып,
Жер жүзінде бар болып,
Есіткенше бар болып».
Ақ шалмалы пірөдар
Ер Әділдің пірі еді,
Кереметі зор еді.
Анасының тапсырып
Айтқан пірі сол еді.
Есі кетіп Әділдің,
- 3120 Есіне түспей жүр еді.
Жылағаны осы баланың
Ақ шалмалы пірінің
Құлағына тиеді.
Қысылғанын Әділдің
Енді пірі біледі.
Мәдинаның жолынан,
Пірі құс болды да,

- Ұшып келе береді.
 Қанаты — күміс, мойны — мыс,
 3130 Мысалы, болды қарақұс.
 Кереметті пір болсаң,
 Қарақұстай болып ұш.
 Бір Құдайдың әрімен,
 Қанаты, ұшып, талмады,
 Жерге түсіп, қонбады.
 Қарақұс болған пір еді,
 Әділге ұшып келеді.
 Ұшып келген қасына
 Қарақұсты көреді.
 3140 Көре, сөйлей береді:
 «Аспанменен тірескен,
 Ақ бұлтпенен күрескен,
 Адыра қалғыр Қара тау,
 Болып тұрсың маған жау.
 Бір қарақұс үстінен
 Кеулеп ұшып келеді-ау.
 Қасыма келіп қонбақшы,
 Тілегім қабыл болсаңшы.
 Қабыл болса тілегім,
 3150 Осы келген қарақұс,
 Қасыма келіп, қонсаңшы.
 Қасыма келер күн болса,
 Төс қалтамнан, еңкейіп,
 Алар едім қағазды.
 Тісімменен Қырымға
 Жазар едім сәлемді.
 Бір жасаған Құдайым,
 Осыған себеп болсаңшы!» —
 Деді дағы, ер Әділ
 3160 Тұрып жылай береді.
 Қарақұс емес пірі еді,
 Тілемесе тілекті,
 Өздері келіп тұр еді.
 Пірінен жәрдем болады,
 Көңілі нұрға толады.
 Төс қалтадан, еңкейіп,

- Қолына қағаз алады.
Тісіменен тістеді,
Ерніменен күштеді.
- 3170 Әділ байқұс амалдап
Қырымға қағаз жазады.
Әуелі бастап жазады
Бір Жаратқан Алланы-ай,
Тарылған соң заман-ай,
Себеп болды пірінен.
Екіншілей жазады
Қарындасы Ілияны.
Үшінші және жазады
Ақ сүт берген анасын.
- 3180 Бара жатыр жазылып
Тісімен жазған қағазы.
Қары бойы хат болды
Әділдің жазған сәлемі.
Тарыққан соң, Әділің,
«Бір Құдай» деп, бастады, қостады.
Көріп, көңлім ұнатты-ау,
Бөтен емес, жаратты-ау.
«Қарасай, Қази — жан досым
Бір іздемей Әділді,
- 3190 Не қып шыдап жатады-ай,
Екі досыма көп сәлем?!
Тісім болды хат, қалам,
Қимылдауға шама жоқ.
Қарасай, Қази — досым-ай,
Дос болғаның осыма-ай?!
Мені тұтқан қызылбас
Саудаға салды басымды-ай.
Жылағанда, көл болды
Көзден аққан жасым-ай.
- 3200 Қарасай, Қази — досым-ай!
Сендерді «дос» деп кім айтар?
Осындайда көрініп,
Бір келмедің қасыма-ай!
Екі досым сен бе едің?
«Жауға түсіп қалғанда,

- Алып шығар», — деп едім.
«Досым жауда қалды», — деп,
Көтеріліп, келмедің.
Келмесең де, достарым,
3210 Сендерден үміт үзбедім.
Үзбесем де, батыр-ау
Елге барып жатыр-ау.
Бір іздемей жатқаның,
Қарасай, Қази — досым-ай,
Қиналды менің басым-ай.
Қызылбастың қолында
Алты арбаны сүйретіп,
Өгіздей жүрмін жегіліп
Қарасай, Қази — досым-ай,
3220 Мұны жаздым, алмай.
Және дұғай сәлем
Он мың санды Ноғай еліне,
Құрбы-құрдас, теңіме.
Жететұғын күн қайда?
Туып-өскен жер қайда?
Алаулаған қызылбас
Жеткізді қиянат басыма-ай.
Қарасай, Қази — досым-ай!
Әр уақытта, ерлерім
3230 Екі досым сау болса,
Жетермін ақыр түбіңе-ай.
Осы күнде, достарым,
Қызылбас ауыз бірледі.
Күні-түні тергеулі,
Қимылдауға әлім жоқ,
Екі қолым сермеулі,
Мойныма шынжыр тағулы.
Жасауыл алып күні-түні,
Бір қызылбас бағулы.
3240 Аяғыма, түн болса,
Тағы шынжыр тағулы.
Мұндайда келмеген,
Достың жайын білмеген,
Екі досым, сендерге

- Менің көңлім қалулы.
Қызылбастың қолында
Әділ азап шегулі,
Жары жасым кемүлі.
Қамыт іліп мойныма,
3250 Алты арбаға жегулі.
Арбалап тасты алдырды,
Азап беріп қызылбас,
Айыңды оттай жандырды.
Қарасай бұзған қаланы,
Маған жегіп арбасын,
Зорлап маған, салдырды.
Қаланы салып берген соң,
Тісіммен тезек тергізді,
Талай азап көргізді.
3260 Жетектеп айдап жүргізіп,
Тісіммен тезек тергізіп,
Алты арбаны сүйретіп,
Күн батқан соң келемін.
Ол кеш пенен бұл кешке
Тамағыма беретін
Жарты алма — жегенім.
Басыма Құдай салған соң,
Амалым жоқ, көнемін.
Және бір жерге айдайды,
3270 Алып барып бір жерге,
Тасқа мықтап байлайды.
Содан таң атқанша
Әділдің соры қайнайды.
Қызылбастың баласы
Қозы-лақтай секіріп,
Басыма шығып, ойнайды.
Ұстап алар қолым жоқ,
Екі көзім жайнаулы,
Аузыма түскен баланы
3280 Әділің жатып шайнайды.
Қарасай, Қази — достарым,
Сендер еді сырласым.
Өкпелемей, қайтейін,

- «Ақыреттік дос болған.
«Досым», — десең Өділді,
Бұл азапты қоймассың.
Осы сәлем барған соң,
«Тірі екен!» — деп, жыларсың,
Ақташы ханнан бата алып,
3290 Халыққа бұйрық хат алғын,
Қырымнан әскер жинарсың.
Екі досым сау болса,
Достарым шын болса,
Мен үшін жанды қинарсың.
Осы сәлем барғанша
Екі досым, жатарсың.
Әскер алып Қырымнан,
Қызылбасқа аттанарсың.
Мені жаудан шығарып,
3300 Қарасай, Қазі — жан досым
Сол уақыттар мақтансын.
Қырымнан әскер шықпаса,
Өздері атын баптасын.
Екі тұлпар ат алсын,
Азығына малта алсын,
Жібектен қалта алсын,
Тұлпарға балдан жем алсын.
Мен сорлыда туған жоқ,
Екі досым болмаса,
3310 Мені жоқтап кім алсын?!
Қызылбас жақтан тіл алсын!
Және дұғай көп сәлем
Ақ сүт берген анама-ай,
Маңдайдағы Кебама-ай
Қызылбастың қолында
Жүріпті балаң аман-ай.
Аман болсам, көрермін,
Сабыр ет, анам, жыламай.
Рақат пен азапты
3320 Өуел бастан Құдайым
Жазған шығар маған-ай.
Екі қолым байлаулы,

- Мойныма ілді арбаны.
Тісіммен тезек теремін,
Құртып қойды дінкені.
Және дұғай көп сәлем,
Емшектесім, қарындасым,
Мен үшін шекпе уайым,
Ілия — жалғыз бауырым!
- 3330 Айырды сенен Құдайым,
Құдіреттің күшіне —
Бұған не амал қылайын?!
Екі қолым байлаулы
Бұзып қалай шығайын?!
Қапа болма, шырағым,
Тісіммен хат жазып,
Осы — айтқан сәлемім.
Бұдан басқа сөзім жоқ,
Қимылдауға әлім жоқ.
- 3340 Зарлаған даусым тиеді
Көп қызылбас еліне.
Тапсырылсын еліме
Осы жазған қағазым.
Ұстап жазар қолым жоқ,
Ісім болды тісіммен
Осы хаттан білінер
Аман жүрген балаң-ай.
Әзір аман тұрамыз,
Жәрдем берсе піріміз.
- 3350 Ағанды аман көрерсің,
Бір күн туса күніңіз.
Және дұғай көп сәлем
Омар менен Оспанға-ай.
Жамандық етсең, шығарсың
Азат пенен шайтанға-ай.
Тірі болсам, қоймаспын,
Кетсең де шығып аспанға.
Айтып, жаздым сәлемді,
Омар менен Оспанға.
- 3360 Жылатып, зәбір бермесін
Ілия менен анама.

- Алтынды орда үйіме
БІнтықпасын, кірмесін.
Екі бірдей мұндыға,
3370 Жалынтып, зәбір бермесін.
Кім біледі, өлермін,
Кім біледі, барармын.
Баратын күнім бар болса,
Сонда менен көрерсің,
Қорлықты жаман көрерсің.
Және дұғай сәлемін
Он екі баулы Өзбекке,
Бәрі де жоқ, көнбекке.
Және дұғай көп сәлем,
3380 Үш таңбалы Ноғайлы.
Тәуекел етіп Құдайға,
Екі достым сау болса,
Ісім шығар оңайға.
Және дұғай көп сәлем
Ел билеген бегіме,
Сарық атты піріме.
Ал, қарақұс, жануар,
Ұлықсат бердім мәңгіге.
Осы жазған қағазды
3390 Тапсырғайсың еліме.
Қарақұс емес, пірі еді,
Қағазға қарап тұрады.
Тіспен жазып болған соң,
Қары бойы қағазды
Қанатына қыстырып,
Қарақұс ұшып жөнеді.
Құдайға Әділ жылады,
Тілегі қабыл болады.
Қырымға қағаз жіберіп,
3400 Әділдің көңлі тынады.
Кеш болған соң, ер Әділ
Алты арбаны сүйретіп,
Қаласына барады.
Айдап жүрген қызылбас:
«Осындай нәрсе көрдім», — деп,

- Ханға хабар береді.
 «Хат келіпті», — демеймін,
 Өлтіруге Әділді
 Ханы бұйрық береді.
- 3410 Атса, мылтық өтпеді,
 Шапса, қылыш өтпеді,
 Отқа салса, күймеді,
 Суға салса, батпады.
 Пірінен себеп болған соң,
 Дерегімен Құдай сақтады.
 «Өлтіремін», — десе де,
 Қызылбас амал таппады.
 Іздеп жатқан амалы,
 Амалының жаманы:
- 3420 Жеті қабат зынданға
 Шықпастай етіп тастады.

Әлқисса, Әділ бала зынданда жата тұрсын. Қырымға ұшып кеткен қара-құстан хабар берейін:

- Қарақұс ұшып жөнелді,
 Бұл құстың тегін сұрасаң,
 Қарақұс емес, пірі еді.
 Қырым деген қалаға
 Қарақұс ұшып келеді.
 Екі мұңды бейшара
 Отырған жылап күні еді.
 Жыламай, не қып жатады,
- 3430 Көреді зәбір, жапаны?!
 Жалғызының қайғысы
 Жанына мықтап батады.
 Бір уақыттар болғанда,
 Таң сарғайып атады.
 Екі мұңды егіліп,
 Көзінің жасы төгіліп,
 Аш күзендей бүгіліп,
 Жылап жатқан мұңдының
 Ісін құдай қалады.
- 3440 Бір қарақұс аспаннан

- Ұшып келіп, қонады.
Қанатына қыстырып,
Үстіне келіп түседі.
Әділдің берген қағазын
Бәйбіше қолына алады.
Аспаннан келген қарақұс
Тастап, ұшып барады.
Әділдің берген қағазын
Ашып, оқып қарады.
- 3450 Хатты оқып қараса,
Өзінің жалғыз баласы —
Әділдің жазған қағазы.
Екі мұңды қуанып,
Жүректері жарылып,
Жылағандарын қояды.
Жауда қалған Әділдің
Көргендей жүзін болады.
Қайта жанды мұңдының
Өшіп қалған шырағы.
- 3460 Хатты алып, қараса,
Жауға түскен Әділдің
Тірі екенін біледі.
Қарасай мен Қазидың
Аулына қарай ат салады.
Қарасай, Қазиді ер еді,
Жауда қалған досының
Тірі екенін біледі.
Досының жазған қағазын
Қарасайға береді.
- 3470 Әділдің жазған қағазын
Ашып, оқып қараса,
Жауға түскен Әділдің
Тірі екенін біледі.
Сонда Қазиді сөйлейді,
Сөйлегенде, не дейді?
«Бүгін өлсем, ризамын!
Бір шыбындай жанымды
Досыма құрбан қылайын!
Досым үшін өмірді

- 3480 Сарп етуге тұрайын!
 Қаріптер, қайта жүре бер,
 Қызық дәурен сүре бер,
 Ордаңа барып, кіре бер.
 Құдай тілек берген соң,
 Ашылып, ойнап жүре бер.
 Өлсем, өліп кетермін,
 Досым үшін күйермін.
 Егер өліп кетпесем,
 Енді тұрман бұл жақта,
- 3490 Әділді қойман азапта.
 Қызылбасқа жүрелік,
 Қарасай аға, мін атқа.
 Көңілдерді хош етіп,
 Қайта бер, ханым, үй жаққа
 Қасыңдағы қызыңды,
 Қайғыра беріп, жылатпа.

Қарасай-Қази Байбикеш ханымды, жылағанын қойдырып, ордасына қайтарып қоя береді. Жатпай-тұрмай, досын іздеуді талап етеді.

- Екі мұңды қуантып көңілдерін,
 Жұбатып, қызылбастың еліне,
- 3500 Әділдің жатқан жеріне
 Аттануға қош етіп,
 Екеуі атқа мінеді.
 «Іздейін, — деп, — Әділді»,
 Ханынан жауап сұрады.
 «Қырымға Әділ келуге,
 Бұрын барған жеріне
 «Қырыламыз», — деп бармады.
 Достан хабар келген соң,
 Қарасай, Қази тұрмады.
- 3510 «Қиғаш деген — биік тау.
 Қызылбас деген — мықты жау.
 Оған барса, аттанып,
 Келе алмайсың аман-сау.
 Қарасай-Қази — екеуің,

- Бізден күдер үзе бер,
Бара алмаспыз біз, — деді.
Қызылбастан өлгенше,
Өзің бізді көм, — деді.
Сонда Қазі сөйледі,
3520 Ашуы келіп, долданып,
Шамырқанды, шамданып,
Мұздай темір құрсанды,
Орақтың туын қолға алып,
Қырымнан көмек сұраған
Ағасына оқталып,
Сонда Қазі толғады:
— Ал, Қарасай, оңбағыр!
Неге тудың, құрымағыр?!
Көп жаманға жалынып,
3530 Не қып тұрсың, оңбағыр?!
Туғаның сенің осы ма,
Кетейін өзім досыма?!
Жамандарға жалынып,
Не қып бардың қасына.
Жалынғанмен, көп жаман
Келе ме сенің қасыңа?!
Жалғыз аяқ тар жолға
Қамағанда Қызылбас,
3540 Көрінген жоқ па осылай?!
Жалынғанша жаманға,
Тұлпар атты тағала,
Мұзға тисе, таймайтын,
Тасқа тисе, сынбайтын
Болаттан таға қағалы.
Қырымнан көмек сұрамай,
Ағайынды екеуіміз
Қызылбасқа баралы.
Сапарды Құдай оңғарса,
3550 Атаң — Орақ жар болса,
Шығарып жаудан алалы.
Осы сапар алармын
Дербент деген қаланы.
Қызылбасты қиратып,

- Барып оны біз алсақ,
Атамның бітер арманы,
Осылай деп ер Қази,
Қарасайға толғады.
Қарасай мұны тыңдады,
3560 Қырымнан әскер алмады,
Жаманға бұйым салмады.
Қарасай, Қази — екеуі
Еліне кетіп барады.
Елден көмек сұрамай,
Тұлпар атты бағады,
Атының күйін табады.
Тұлпар атқа мінеді,
Баратын жері — Қызылбас,
Алты айшылық жол еді.
3570 Алысқа аңсап шұбарды,
Шырынның суын береді.
«Сауыры күнге күймес» деп,
Мақпалдан жабу жабады.
«Табаны тасқа тиед» деп,
Болаттан таға қағады.
Ат-жарағын сай етіп,
Қызылбасқа жүруге
Даярланып алады.
Арадан күндер өтеді,
3580 Күн дәуірге жетеді.
Қиғаштың биік тауына,
Қызылбастың жауына
Жүруге талап етеді.
Қызылбасқа баруға
Қырым жұрты қорқыпты,
Қырымнан көңілі торықты.
Екі батыр жүреді,
Бара жатып екеуі,
Қарыға келіп жолықты.
3590 Байбикеш ханымға
Келіп, айтады:
— Семіртіп қойын, байласын,
Тарыққан жерде көрмесе,

- Құдай дескен досының
Көреді қашан пайдасын?!
Досын іздеп баралы,
Жауға тиіп, алалық
Қарындасым — Ілия
Қызыл гүлдей жайнасын.
- 3600 Қызыл гүлдің ішінде
Бұлбұлдай болып сайрасын.
Жиырма күннен қалдырмай
Келермін алып ағасын,
Қуандырып анасын.
Сол уақытта анасы
Сүйінші сұрап келгенге
Беретұғын нәрсесін
Осы бастан ойласын.
Арғымақтың аяғын
- 3610 Жібекпенен тұсасын.
Әділ досын шығарып,
Жаудан қолын босатып,
Екі досы аттанып,
Әділді іздеп барады,
Қолыңды жайып, бата бер,
Дуаң қабыл мүсәпір.
Әділдің жатқан жеріне,
Қызылбастың еліне
Сапар етіп баруға,
- 3620 Тұтқындағы Әділді
Шығарып жаудан алуға,
Достың естіп хабарын.
Көрген соң сәлем, уағызын,
Тұра ма көңлім, бір бармай?
Сапарды Құдай оңдаса,
Әділді алып келерміз
Жиырма күннен қалдырмай.
Жиырма күннен қалдырсақ,
Алланың ісі болғаны-ай,
- 3630 Әділ досты ала алмай,
Досыңның жауда қалғаны-ай.
Бұл күннен бастап, санай бер,

- Сөзімнің болмас жалғаны-ай.
Қызылбасты қиратып,
Бағындырып алайық.
Сонда бітер атаның
- 3640 Айтып кеткен арманы.
Осылай деп Қарасай
Тұрған екен, шамасы.
Қарасай мен Қазига
Батасын береді
Ер Әділдің анасы:
— Көңілді болып барың! — деп,
Әділді жаудан алың! — деп,
Тілекті тілеп қалады.
Өзінің келген жолымен,
- 3650 Белгілеп кеткен жерімен
Екі батыр жөнеді.
Аман-сау жолға келеді,
Күні-түні тынбастан,
Бірде шауып, желеді,
Тау қарасын көреді.
Екі тұлпар жануар
Бауырынан жарады.
Сипап батырлар,
Жал-құйрығын өреді.
- 3660 Таң сарғайып атқанда,
Жалғыз аяқ жолменен,
Өзі көрген жерменен
Қара таудан құлады.
Күн қызарып шыққанда
Тас өткелге барады.
Бұдан да өтіп барады,
Сөске уақыт болғанда,
Сонда келіп тұрады
Өзі бұзған қалаға.
- 3670 Қаланы тауып, қараса,
Қызылбас ақыл тауыпты.
Он екі жерден ашылған
Дарбазасын жауыпты.
Қас қарйып, күн батсын,

- Қаласына жау жатсын,
 Қаланы түнде шабайық.
 «Орақ!» — деп айқай салайық,
 «Орақ!» деген дауыспен
 Тастап қашар қаланы.
- 3680 Қаласынан шығарып,
 Қызылбасты қыралық.
 Қаланы жаудан босатсақ,
 Түнімен оны алайық.
 Қызылбастан тіл ұстап
 Тұтқындағы Әділдің
 Жатқан жерін сұрайық.
 Сонда Қази сөйлейді:
 — Ай, Қарасай ағамыз!
 Өзің көрген қалаңыз
- 3690 Алдымыздан шыққан соң,
 Қайтіп шыдап тұрамыз?!
 Қарасай ағам білмей ме?
 Қарасай аға, оныменен
 Сөйтесің бе, Қареке?
 Күндіз неге тимейсің?
 Бұл айтқаның жөн емес,
 Жасырынған жол емес.
 Жасырынып жау алған —
 Бұл атаның теңі емес,
- 3700 Жасырынған ер емес.
 Ұяламын мен, көке,
 Атам — Орақ жүзінен, —
 Деді дағы, ер Қази
 Шыдамады сөзіне,
 Айтқан сөзді алмады,
 Сөзіне құлақ салмады.
 — Кірің, — деді, — қалаға!
 Ат маңдайын тіреді
 Құдай салды аузына.
- 3710 Қарасайдан кем бе еді,
 Қорқып тұрар ер ме еді?!
 Інісінен қала алмай,
 Талма түс болғанда,

- Екеуі шапты қалаға.
Қаланың ішін қандатып,
Екеуі салды бұлаға.
Екі жерден екеуі:
«Орақ!» — деп ұран салады.
Қызыл, жасыл — екі ту
- 3720 Көтеріп, жауға шабады,
Маңдай оттай жанады.
Қызылбастың үстіне
Ақыр заман салады.
Қалай да болса Қызылбас,
Құрыды енді амалы,
Қоралады қаланы.
Екі жерден екеуі
Қызылбасты құлатып,
Шұбыртып айдап салады.
- 3730 Қаланың іші-сыртынан
Әділ досын таба алмай,
Амалы құрып тұрады.
Бұл қаладан таба алмай,
Дербент деген — зор қала,
Соған қарап шабады.
Бұдан бұрын Қызылбас
Дербент деген қалаға
Қашып барып, қамалды-ай.
Алдырмайтын Қызылбас
- 3740 Салып жатыр айланы-ай.
Сонда тұрып ер Қази,
«Қарекем, менің ойым бар.
Осы жерден тайсалсақ,
Онда тамшы сорым бар,
Саған ниетімді айтамын.
Таққа мінген хан болса,
Төре болса, би болса,
Алдап ұстап алайық.
«Тауып бер, — деп, — Әділді,
3750 Өлтіремін!» — деп сұрайық.
Қорыққаннан Қызылбас,
Шынын айтар, жасырмас.

- Әділді сөйтіп табайық», —
Деді дағы, екеуі
Қызылбасқа шабады.
Төре менен мырзасын
Табанда ұстап алады.
«Өлтірем! — деп қорқытып, —
Әділ батыр қайда?» — деп,
3760 Қызылбастан сұрады.
Сұраса да, айтпады,
Өлсе де, тілін тартпады,
Дініне мықты ел екен,
Айтқанынан қайтпады.
Айтпаған соң Қызылбас,
Әділді бірден таппады.
Таба алмай Әділді,
Қаланың ішін шарлады.
Әділ досын іздеді,
3770 Бір хабарын сезбеді.
«Ізіңді қайдан табам?» — деп,
Қарасай жылап, еңіреді.
Бір Жаратқан Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Іздеп келген досымды
Таба алмадым қаладан,
Қала түгіл, даладан,
Енді қайдан табармын?
Ұстап алған Қызылбас,
3780 Өлтірсе де, шынын айтпады,
Енді кімнен сұрайын?
Таба алмасам Әділді,
Қырымға қалай барамын?
Бір себебін бере гөр,
Атам — Орақ бар болсаң,
Ақ сүт берген анам-ай.
Сендер себеп болмасаң,
Қайдан іздеп табам-ай?
Әділ — досты таба алмай,
3790 Басыма түсті уайым».

Әлқисса, Қарасай Әділ досын іздеп таба алмай тұрғанда, өзінің анасы пір болып ұшып келіп, Әділдің жатқан жерін көрсетіп, ұшып кетеді.

- Ал, Қарасай балам-ай,
Шығарып ал досыңды.
Қарасай, Қази — шырағым,
Екеуің еді — қозым-ай!
Пірі болған шешесі
Ғайып болып, ұшады,
Бір көрінді көзіне-ай.
Бастап келіп, көрсетті
Ақ сүт берген анасы.
- 3800 Келген екен бейшара,
Тарыққан соң баласы.
Тарығып жүрген ерлердің
Қабыл болды тілегі,
Тілегін Құдай береді.
Ішінде жердің бар екен
Біраз ғана тесігі,
Сол тесіктен қарады.
Әділ досын шақырып,
3810 «Бармысың?» — деп ақырып,
Қарасай сесін береді.
Сол мезгілдер болғанда
Зынданда жатқан Әділдің
Құлағына барады.
Дауысын танып досының,
Көтеріп басын алады.
Сонда Қази толғады:
«Әділ — досым, аман-сау
Жатырмысың тұтқында?»
- 3820 Досың іздеп келгенде,
Бұзып-жарып шығуға
Әлің қалай бұл күнде?
Екі досың келіп тұр,
Іздеп келді сағыныш.
Жатырсың, досым, не қылып?
Тілекті Құдай беріп тұр,

- Издегенім табылып.
 Өуелгі келген сапарда
 Досым сенен айрылып,
 3830 Кетіп едік тарығып.
 Қараңғыда адасып,
 Орға түсіп, таңылып,
 Қызылбаспенен атысып,
 Қара қанға батысып,
 Алпыс күн іздеп таба алмай,
 Қарасай болды жарадар,
 Келе алмадық қайрылып,
 Жүгімменен жүре алмай.
 Алла енді аралап,
 3840 Жатыр едік көре алмай,
 Қарақұстан хат жазып,
 «Әділ» деген ат жазып,
 Жіберген соң, досым-ай,
 Шамырқанып, шамданып,
 Досым сені табуға,
 Шығарып жаудан алуға
 Келіп едік аттанып.
 Қаланы бұзып, қан жұтып,
 Достым, сені тапқаным.
 3850 Жаудың бұзып қамалын,
 Тізесінен қан кешіп,
 Тұлпар мінген достарың
 Жетті, міне, өзіңе.
 Әділ тұрып сөйледі:
 — Жеті қабат зынданнан
 Шығарып мені алмасаң,
 Тарқамайды құмарым.
 Достым жауап бермесе,
 Көз жасымды көрмесе,
 3860 Жеті қабат зынданға,
 Үстіме ұшып құласа,
 Жаннан жаман тарығып,
 Тарығып тұрмын, жарқыным.
 Мені амалдап шығарың,
 Екі қолым байлаулы,

- Қимылдауға амал жоқ.
Екі көзім жайнаулы,
Талап етіп шығармын.
Арқан салың, Қарасай,
3870 Тісіммен тістеп шығармын.
Мұны естіп екеуі,
Қуанысып қалады.
Жалғап арқан, салады,
Тісімен тістеп қарады.
Екі досы амалдап,
Қаумалап тартып алады.
Досын аман шығарып,
Қуанысып қалады.
Түйілген жерін жазады,
3880 Құрсауларын алады.
Құлпын бұза алмай,
Бұзайын десе ер Әділ,
Екі қолы сынады.
Колодкілі тұрғанда,
Бұзуы қиын болады.
Қарасай, Қази — екеуі
Амалын таппай тұрады.
Тарығып Әділ сөйлейді:
«Жаратқан жалғыз Құдайым,
3890 Бір өзіңе жылайын!
Ақ шалмалы пірөдар,
Сенен себеп болмаса,
Енді не амал қылайын,
Байлаулы тұрған қолым бар?!
Колодкіде қолымды
Шығара алмай, сасып тұр.
Жеті кәміл пірім-ді,
Қысылғанда жар еді,
Жәрдем беріп жүр еді.
- 3900 Менің шығып тұрғаным —
Ол да — соның себебі.
Колодкіні бұза алмай,
Мен тарығып жүр едім.
Көрісе алмай досыма,

- Менің жылап тұрғаным».
Осылай деп ер Өділ,
Жылап тұрып, зарлады.
Ашуланып, долданып,
Каләткіні бұзуға
- 3910 Пірінен жәрдем сұрады.
— Қарасай, Қазі — досым-ай!
Жылаған көздің жасым-ай.
Берейін деп жәрдемін,
Пірлері келіп қасына,
Қонайын деп бақыт тұр
Үш батырдың басына-ай.
Тілегі қабыл ер еді,
Пірлері жәрдем береді.
Қырық жолбарыс қуаты
- 3920 Ер Өділге енеді.
Қайып болып ерлері,
Қолтығынан сүйеді,
Келеді мұны естіп.
Ер Өділ: «Пірім!» — деп
Болаттан салған колодкі
Жібектей болып үзіліп,
Талабы мұның түзелді.
Алыстан келген досына
Құшақтасып, көрісіп,
- 3930 Тілегі қабыл болады.
Өділ досын шығарып,
Қарасай мен Қазидың
Басына бақыт қонады.
Шеттен жауын алған соң,
«Атқа, досым, мінгін!» — деп,
Көлденең тартты атын да.
«Мінгеспеймін атқа!» — деп,
Өділ толғап тұрады.
Екі досым сен едің
- 3940 Ақылға артық кен едің.
Көлденең тартып атыңды,
«Мінгесейік», — дегенің.
Мен айтайын, достарым,

- Мінгеспеген себебім:
Ат көтіне мінбеймін,
Қызылбастан олжаға алып
Кетер құл ма едім мен.
Осы жерін, достарым,
Өздерің ойлап, білмедің.
- 3950 Қызылбастың қолында,
Хан сарайы жанында,
Бағулы тұр сары қызыл.
Мынау тұлпар атың бар,
Соны әкеліп беріңдер,
Шұбарымды мінейін,
Шұбалаңдап желейін.
Шамаң келсе, алып бер,
Тұрған шығар байлаулы.
Мұны естіп ер Қази,
- 3960 Сары қызылға шабады,
Мұны іздеп табады,
Хан жанында тұрады.
Атты сарайдан
Қази алып келеді.
Әділ досын атына
Мінгізіп алып, жүреді.
Артық туған ер Әділ
Қаруларын іледі.
Қарасай, Қази — қос батыр
- 3970 Шын достығын білдіріп,
Дербент деген қалаға
Досты бастап жүреді.
«Қызылбастай жауына
Саламын, — деп, — бүлікті»,
Үш арыстан келеді.
Келіп, бүлік салады,
Қаласын өртеп, қан төгіп,
Бір күн, бір түн үшеуі
Қызылбасты қырады.
- 3980 Көбі болды жарадар,
Дербент деген қаласын
Талқан қылып, шабады.

- Қарасай, Қазі — қос батыр,
Әділменен үш батыр
Қызылбасты қиратып,
Бір құмардан шығады.
Қарғаса ханды өлтіріп,
Тамағынан шалады.
Әскері тым зор еді,
3990 Ұстап алып Әділді,
Қорлық берген сол еді.
Қарғаса ханды алған соң,
Қалған елі бағынып,
Қарасайға жалынып,
Қол қусырып тұрады,
Тілегі қабыл болады.
Қайтып кетіп барады,
Әділ досын ертіп,
Қайта шығып келеді.
4000 Шыққан күні Әділдің
Ақ сүт берген анасы,
Ол — ақылдың данасы,
Түнде жатып түс көрді.
Өзі жорып ол түсті,
Қуанып, көңлі хош болды.
Ұйқыдан көзі оянып,
Көрген түсін сынатып,
Ілия қызын жұбатып,
Бәйбіше ханым сөйлейді:
4010 — Басыңды көтер, қызым-ай!
Ойдағы бағлан қозым-ай!
Мен бір бүгін түс көрдім.
Осы көрген түсімді,
Айналайын қызым-ай,
Жорып берші өзіме-ай.
Асқар биік Алатау
Үстіме келіп құлап тұр,
Бұл не болар, шырағым?
Аяғы жоқ, басы жоқ,
4020 Ағып кетті дария су.
Сүттей ақ дария

- Ақ дарияның түбінен
Сарқырап ағып, тасып тұр.
Бөгесем де, тұрмайды,
Бұрынғыдай болмайды,
Бұл не болар, шырағым?
Және жатып түс көрдім,
Түсімде бұндай іс көрдім:
Томағасы алтыннан,
4030 Аяқ бауы жібектен,
Бір қаршыға құс көрдім,
Қолыма еркін қонып жүр.
Ақ орданың ішіне
Жақсы адамдар келіп жүр,
Бұл не болар, шырағым?
Түнде жатсам, түсімде,
Жалғыз қызым, есімде,
Елестеп келіп көзіме,
Әділ екен деп едім,
4040 Еркін жүзін көрмедім,
Оң жағынан ай туып,
Сол жағынан күн туып,
Жүр екен ағаң, қарағым,
Бұл не болар екен, шырағым?
Сонда Ілия сөйлейді:
— Шынымен тілек тілесен,
Қабыл екен тілегің!
Тілегіңді Жасаған
Берген екен саған-ай!
4050 Бүгін жаудан Әділің
Шыққан екен аман-ай.
Алтын сарай — үйіңе
Асқар тау келіп құласа,
Асқар таудай бақ қонар.
Сарқырап аққан дария су,
Бөгесең де, тұрмаса,
Батырдан дұшпан өте алмас,
Алды түгіл, артынан,
Көрінген шығар соған-ай.
4060 Алтын сарай үйіңе

- Жақсы адам жиналса,
Жұртын жинап, той қылар досына-ай,
Айналайын, көрінді жақсы түсің-ай.
Бір қаршыға құс көрсең,
Әділ — балаң болғаны-ай,
Бүгін шығып, қонғаны-ай.
Оң жағыңнан ай туса,
Қарасай — досың болғаны-ай.
Сол жағыңнан күн туса,
4070 Қази — досың болғаны-ай.
Әділ досын шығарып,
Ортасына алғаны-ай.
Қайғысы кетіп барады,
Шамшырағы жанғаны-ай,
Әділ жалғыз болғаны-ай,
Жау қолынан босанып,
Жүрегінің жарылған.
Түсіңді, шеше, жорыдым,
Жоқ екен бұнда жалған-ай.
4080 Осының бәрін ойласам,
Әуелде солай жазған-ай.
Сонда анасы толғады,
Және бір кеңес қозғады:
— Айналайын, қызым-ай!
Туған бүгін қозым-ай!
Осылай деп, шырағым,
Жорығаным өзім-ай.
Осылай бұдан былай Жасаған
Келістірсін ісімді,
4090 Жорып қойдым түсімді.
Сүйіншіге келгенге,
Жарлы болсын, бай болсын,
Шырағым, сені беремін,
Ренжімей, риза бол.
Қарағым, талай жыладым:
«Осы күнім жетер, — деп,
Жаудан Әділ келмесе,
Қайғымен күнім өтер, — деп.
Осыдан Құдай келтірсе,

- Ардақтаған, қызым-ай,
4100 «Сүйінгей!» — деп келгенге
Берейін деп едім.
Екі мұңды қуанып,
«Уһ!» — деп, демін алады.
Қарасай мен Қазидың
Кеткен күнін санады.
Санап келіп отырса,
Жиырма күнге толады.
Екі мұңды бейшара
Төбеден түспей тұрады.
- 4110 Қарасай, Қази — қос батыр,
Әділменен үш батыр
Ел шетіне таяды.
Ел шетіне келгенде
Қарасай тұрып толғады:
«Қази, Әділ — екеуің
Жаймен жүріп келерсің.
Ақ сүт берген анаңа
Келіп, сәлем берерсің.
Аман-есен қосылып,
- 4120 Қуанысып, күлерсің.
Берді тілек Құдайым!
Бұрын өзім барайын.
Мұңдыларды қуантып,
Жүректерін жарайын», —
Деді дағы Қарасай,
Қуантуға ханымды
Қарасай өзі барады.
Сол күн тал түс болғанда,
Қарай-қарай, қаріптің
- 4130 Екі көзі талады.
Қарап тұрса қаріптер,
Бір қараны көреді.
Бірде шауып, желеді,
Бір де болса, зор қара,
Қатты жүріп келеді.
Қызының көзі шалады,
Қараны көріп Ілия:

- «Айналайын анам-ай
Маңдайдағы Кәбам-ай.
4140 Қарап тұрсам далаға-ай,
Көрінеді бір қара.
Бір де болса, зор қара
Мен танымын, шешеке-ау,
Қарасай білем, шамасы-ай.
Сол қараға сенбеймін
Көзім қорқақ бейшара.
Қатты жүріп келеді,
Бірде шауып, желеді.
Қарасай батыр екенін
4150 Екі мұңды көреді.
Көзді ашып-жұмғанша,
Қарасай жетіп келеді.
Мұңдыларды көреді,
Келе, сөйлей береді:
— Бөйбіше — ханым, саумысың?
Сау-саламат жүрмісің?
Әділді алып келеміз,
Тілегің қабыл, байқасаң.
Ақ арудай керілген,
4160 Қайғыменен езілген
Ілияжаным, тұрмысың,
Бақтағы қызыл гүлімсің,
Мұнараның басында.
Өркім жақсы көреді
Өзінің жақсы құрбысын.
Қысың кетіп, жаз келіп,
Қолыма қонды сол құсым.
«Құс» деген — Әділім,
Қияметтік бұл досым.
4170 Досым үшін аттанып,
Қызылбасқа ат салып,
Қиғаш деген тауды алып,
Жауға түскен ерді алып,
Тоғыз күндей атысып,
Қара қанға батысып,
Қызылбасты зорға алып,

- Бағындырып алған соң,
Сабақты жібін алмадық.
Үш бөлісіп Әділмен,
4180 Елге қарай қозғалдық.
Әділ досын ертіп,
Келеді Қази қуанып.
Қуантуға сендерді
Өзім келдім алдымен.
Байбикештей ханымнан
Сүйінші сұрап келгенім.
Ендігісін өзің біл,
Менің айтып болғаным.
Қарасай айтып болған соң,
4190 Байбикеш ханым толғады:
— Қарасай — досым сен едің.
«Атам — Орақ батырдан
Артық тудым», — деп едің.
Әділді алып қайтқанда,
Елге қарап тартқанда,
Сүйіншіге мен саған,
Ардақтаған қызымды
Сол күні саған бергенім,
Соны неге білмейсің?!
4200 Бұрын досым болсаң да,
Енді болдың күйеуім, —
Осылай деп Байбикеш
Сөзін айтып болады,
Көңлі нұрға толады.
«Әділім қашан келер?» деп,
Жолын тосып тұрады.
Бір уақыттары болғанда
Әділ жетіп келеді,
Баласын танып көреді.
4210 Рақымы келіп Алланың,
Емшек сүті иеді.
Жауға түскен баласын
Зарлаған мұңды анасы
Жарылқаған күн еді.
Жазуда сондай болған соң,

- Әділ азап шегеді.
Азабынан айрылып,
Шығар күні болған соң,
Пірінен болды себебі.
- 4220 Екі досы ат салып,
Әділді алып келеді.
Ақ сүт берген анасы
Қайғыны бастан кетірді.
Қос жетімнің бір Құдай
Тілегін қабыл етеді.
Еткені емей, немене,
Баласы аман келеді?!
- 4230 Ақташы ханға Әділдің
Келгендігі барады.
Жол азабын шегеді,
Тұтқын болған Әділдің
Тілегін сөйтіп береді.
Әділ аман келген соң,
Тағын түсіп береді.
Таққа мініп ер Әділ,
Хандық дәурен сүреді.
Отыз күндей той қылып,
Елі-халқын жидырып,
- 4240 Некесін қыздың қидырып,
Қарындасы — Ілияны
Қарасайға береді.
Омар менен Оспанға
Жанына таман келеді.
Қызылбастың қолына
Әділ түсіп қалғанда,
Жамандық қылған құл еді.
Тартсын енді жазасын,
Жазасы мұның көп еді.
- 4250 Жері енді олардың
Жеті қабат зындан түбі еді.
Қойғызады шешесі
Жамандыққа жақсылық
Ердің қылар ісі еді.

- «Омар менен Оспанның,
Сол секілді дұшпанның
Кұнасын кешті», — деседі,
Сондай күнәсі шешілді.
Және бір сөзге келгенде,
4260 Күнәсін өтеп жіберді.
Тағын беріп төреге,
Қызылбасқа жұмсаған.
Қоқанның ханы — Ысмайыл,
Ысмайыл ханның тілімен
Түрік патша сөзінің
Жұмсаған күні сол еді.
Әділ аман келген соң,
Мұңды болған бейшара —
Әділ сұрап Қырымды,
4270 Бұзылғанын түзеді.
Әділ алып жұмысын,
Мұратына жетті», — деседі.
Қарасай, Қази ер еді,
Орақтың бұлар ұлы еді.
Бұлар өспей тұрғанда,
Өлерінде Орақтың
Бітіре алмай бара жатқан
Үш арманы бар еді.
Екі арманын бітіріп,
4280 Бір арманын Орақтың
Бітіре алмай жүр еді,
Қаласы мықты зор еді.
Қарасай, Қази аттанып,
Жалғыз аяқ жолменен
Таудан құлап Қарасай,
Қызылбасты ала алмай,
Әділді орға түсіріп,
Аламанын қырдырып,
Жаралы болып Қарасай,
4290 Қайтып кеткен жері еді,
Қолға түскен Әділдің
Өлі-тірісін біле алмай.
Жақсы-жаман сөз қылдық

Әңгіме еткен ерлердің
Істеген ерлік істерін.
Тыңдап шыққан жақсылар,
Осымен жырым тамам-ай.
Көне архивтен аударып
Бұл қағазға жаздым-ай.
4300 Ахмет ұлы Мүстежеп.

Қарасай, Қази

(Ш. Кәрібаев нұсқасы)

- Он таңбалы Ұрымда,
Қырық таңбалы Қырымда,
Сан таңбалы санайда,
Он екі баулы ноғайда
Баба түкті баба өтті,
Төрехан, Мұса және өтті.
Онан туған Орақ пен Мамай-ай:
Орақ, Мамай күнінде
Теңгерілген ноғай-ай.
- 10 Орақ деген ер өтті,
Мамай деген хан өтті.
Орақтан қалған қос жетім —
Қарасай, Қази бала өтті.
Әкесінен Қарасай қалды он бесте,
Қази қалды он үште.
Жетімге дұшпан көп болды,
Қорғайтын кісі жоқ болды.
Орақ, Мамай анасы —
Ақылдың қара сабасы.
- 20 Қорғанышы жоқ болып,
Қолында жетім қалған соң
Немере екі баласы,
Кемпір елін жинады.
«Басшысыз халық болмас», — деп,
Шынтемір деген шал екен,
Баласы жоқ жан екен,
Бір перзентке зар екен.
«Көтеріп көңіл жүрсін», — деп,
Хан Мамайдың орнына

- 30 Таққа халық мінгізді.
Қалмақтың ханы Темір ханнан
Қырық кісі келеді.
Қырық кісінің ішінде
Ханбегі деген ер еді.
Шынтемір хан сөйледі:
— Әскер жинап қасыңа,
Ханбегі, қайда барасың?
Ханбегі сонда сөйлейді:
— Кешегі кеткен Орағың,
- 40 Жеті ханымды өлтіріп,
Алтын тағым құлаған.
Темір хан саған жіберді:
«Айдауымда жүрсін!» — деп,
Айтқаным көнсін! — деп.
Мамайдан туған Қымбатты
Тоқалдыққа берсін, — деп.
Қарасай, Қазі — қос жетім
Құл болуға көнсін, — деп.
Айтқаным көнбесе,
- 50 Соғысуға келсін», — деп.
Шынтемір сонда сөйледі:
— Кеңесіп елмен қарайын,
«Көнемін», — десе, көнейін.
«Көнбеймін», — десе көп халық,
Соғысуға келейін.
Ноғай тұрып, жиналды,
Ақыл таппай, қиналды.
Қасым би мен Қалу би —
Екеуі тұрып сөйледі:
- 60 «Кел, Қарасай мен Қазиды
Біз шақырып алалық,
Сол көнсе, біз де көнелік.
Сол өлген жерде өлелік,
Соған билік берелік».
Қарасай батыр келеді,
Сыпыра жырау сөйлей береді:
— Ай, Қарасай. Қарасай!
Орақтың екі баласы-ай!

- Жаңбыр жаумай жерің тұр,
70 Балығы кетіп көлің тұр,
Панасы кетіп елің тұр.
Ақыл таппай, ойланып,
Шешендер мен биің тұр.
Темір хан хабар салып тұр,
Мазамызды алып тұр.
Кілең жетім қарағым,
Жақсыдан қалған тұяғым —
Сендерге торын жайып тұр.
Ел панасы кеткен соң,
80 Алтындарың мыс болып,
Қорғасын болып ағып тұр.
Қарасай сонда сөйледі:
— Жақсы айтасың, атеке!
Мен дұшпанға көнбеймін,
Қолымнан арды бермеймін,
Мен дұшпанға бас ұрып,
Аяғына бас ұрман,
Басымнан дұшпан сөзін асырман.
Жабықпа, халқым, жабықпа,
90 Тарықпа, халқым, тарықпа!
Не қылғаным — дұшпанға
Қолдан арды бергенім?!
Қызылбасқа бағынып,
Не қылғаным — жүргенім?!
Мұнан дағы маған көп жақсы
Он бесіме келгенде
Халқымның ары үшін,
Қатын менен бала үшін,
Жылаған кемпір-шал үшін
100 Оққа ұшып өлгенім!
Қарасай кетіп қалған соң,
Әлі Сымайыл сөйледі:
«Он бестегі баланың
Не келеді қолынан?
Көшіп қашып кетелік.
Орақ, Мамай ауылын
Жұртқа тастап кетелік».

- Әлі Сымайыл сөзіне
Көп Ноғайлар нанады.
- 110 Түн ортасы болғанда
Қонысынан көтеріліп
Қашып көшіп барады.
Ертең таңдар атқанда
Үйден шығып Қараүлек,
Жан-жағына қарады,
Таң-тамаша қалады.
«Сен, Қарасай, оңбадың!
Ноғайлы деген ел қайда?!
Қатар-құрбы, тең қайда?!
- 120 Қу жетім, кімге сенесің?
Әкең өліп қалған соң,
Білмедің бе шешеңнің
Қайырға соққан кемесін?!
Ел көшті, жылқыны жау алды,
Атты қайдан мінесің?!
Қу жетім, ақыл менен ойың қайда?!
Кешегі Ноғайға айтқан сөзің қайда?
Ішімде тарқамайтын болды арман,
Адамға болды қорлық жаяу қалған.
- 130 Аңдыған сырттарыңнан жауларың көп,
Қалдырмай, көп жылқының бәрін алған».
Мамай мінген Көкмойнақ,
Орақ мінген Тайқара ат
Көп жылқының ішінде
Қиқумен кетіп барады.
Жау екенін білген соң
Шекесінен қарады,
Құйрығын сауырына салады,
Кейін қарап шабады.
- 140 Орақ пенен Мамайдың
Моласына барады.
Қарасайды иіскелеп,
Жүгенге басын кіргізді,
Ауыздықты тістелеп.
Қарасай мініп алады,
Мініп алып, шүү деді.

- «Шүү», — дегенде, гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Арандай аузын ашады,
150 Көлденең жатқан қара тас
Қорғасындай басады.
Үш күн болған қалмақтың
Кіші бесін уақытта
Артынан жалғыз құлапты-ай.
Ескен желдер тынғанша,
Қарасай келді ақырып,
Қойға тиген бөрідей
Келген жерден жапырып,
Қарсы келген қалмақты
160 Қағып тастап барады,
Кесе келген қалмақты
Кесіп кетіп барады.
Шанжау-шанжау қалмақты
Шашып кетіп барады.
Қалмақтың бөрі айдарлы,
Асып туған Қарасай
Айқастырып байлады.
Жеті күн соғыс салады,
Қарасай соғыс салып жүр.
170 Омыртқада он жара,
Қабырғада қырық жара,
Шұрқылтайда бір жара,
Шүмектеп қаны ағып жүр.
Анда-санда Қара аттың
Жалын құшып қалып жүр.
Басы айналмай, не қылсын?!
Сорғалап қандар ағып жүр.
Қази батыр келеді,
Қарасай сөйлей береді:
180 — Келдің бе, жалғыз бауырым?
Иесіз қалды-ау ауылым!
Аз кісіге мол олжа,
Жаудан малды айырдық,
Қайтқанымыз жөн еді.
Кел, қайталық, — деп еді,

- Қази сонда сөйледі:
— Жаудан қорқып, қайтар ма?!
Аттың басын тартар ма?!
Жарау атқа мінген соң,
190 Қару-жарақ ілген соң,
Жау қарасын көрген соң,
Қайғыны жігіт айтар ма?!
Сосын бізді кім айтар:
«Қарасай мен Қази!» деп.
«Жаудан қорықты демей ме,
Орақтың екі баласы-ай?»
«Шүү», — деді де, жөнелді,
Ақ алмасты сермеді,
Сермесе, қолы дендеді.
- 200 Қарсыласып, қағысуға
Қазиға кісі келмеді.
Қылышпенен шапқылап,
Көк найзамен сұққылап,
Тағы атты мылтықты,
Қызылбас жаман тарықты,
«Өлемін» деп қорықты.
Қолдың басы — Көкеман
Ақылы көп ер еді,
Көкеман сөйлей береді:
- 210 — Айналайын, Қарасай!
Дегеніңе көнемін,
Айдауыңа жүремін,
«Көзімнің жасын көр», — деймін.
Бір шыбындай жанымды
Сауғаға сұрап, еңіреймін.
Артын ойлап Қарасай:
— Тілегің бердім, — деп еді,
Қуарғыр Қази сөйлейді:
— Бізбен осы дос болмайды.
- 220 Бізбен осы дос болса,
Күндердің күні болғанда
Көңліміз ашық, қош болмайды.
Уәде бұған бермелік,

- Сөзіне мұның сенбелік.
Біз түгіл, Орақ, Мамай ақыл сұраған
Анамызға баралық,
Содан ақыл сұралық,
Не дер екен анам-ай?!
Қалмаққа Қази сөйледі:
230 — Мен ауылға барамын,
Қараүлектей анамның
Құлағына саламын.
Не дер екен сол анам,
Шешемнің тілін аламын.
Он бес күнде келемін,
Оған дейін тырп етпе,
Жауабын сонда беремін.
Ауылына келеді,
Қази сөйлей береді:
240 — Айналайын, анам, -ай!
Арнап келдім саған-ай.
«Не қыл?» дейсің, анам-ай?
Қаратып келдім саған-ай.
Сонда кемпір сөйледі:
— Мен садаға кетейін!
Жанымды құрбан етейін,
Садаға кетпей, не етейін?!
Орақ, Мамай тірілді-ау,
Тірілгені білінді-ау!
250 Еділ, Жайық — екі өзен
Ел орнаған жер еді,
Алпыс екі саласы мал орнаған жер еді.
Сол қоныстан көтеріліп
Он екі баулы Ноғайлы
Көшіп кетті еліміз.
Көшті-дағы ел кетті,
Бармағын тістей ер кетті,
Қайғыменен би кетті,
Қаралы болып қыз кетті,
260 Қоныстан тайып мал кетті,
Ботасын тастап нар кетті.

- Бәрі кетіп қалған соң,
Қарасынсыз болған соң,
Мен сорлыны еңіретті!
Елеулі болсаң, ел ерер,
Басшылық қылсаң, көп ерер.
Басшысыз болсаң, кім ерер?!
Қамқор болсаң, ел келер,
Қорғамасаң, кім келер?!
270 Қарасай, атқа міне көр,
Түн ұйқыңды бөле көр,
Түнделетіп жүре көр,
Кешегі кеткен Ноғайды
Қайтарып қонысқа алып келе көр.
Қарасай атқа мінеді,
Үріккен елдің артынан
Қарасай салып келеді.
«Айтамын сөзді, халқым-ай,
Ноғай, Қазақ, жалпыңа-ай.
280 Көшіңдер қайта жеріңе,
Көшіруге мен келдім
Ноғайлы деген еліме.
Орақтан туған қос бала —
Біздер аман тұрғанда
Келе ме дұшпан шеніңе?!»
Шынтемірді ертіп,
Қарасай батыр жөнелді.
Үркіп көшкен қалың ел
Қайта көшті деп еді.
290 Көкемандай бейшара:
«Бір ұл, бір қыз берем, — деп,
Ақыреттік дос болып
Сеніменен жүрем», — деп,
Қазидың қолын алады-ау.
Қалмақтар кетіп қалады,
Түйе боздап, қой маңырап,
Жылқылары шұрқырап,
Құлын, тайлар бұлтылдап,
Қонысқа малдар құлады.

II.

- 300 Шынтемірдей ханың-ай
Шақыртып Қарасайды алады.
Ханың сөйлей береді:
— Қарағым, қалқам — Қарасай,
Еліміздің панасы-ай!
Саған кімнің шарасы-ай?!
Қайтпас қара, ақ болат —
Орақтың үлкен баласы-ай!
Болыпты енді тілегім,
Жеңешең жерік болыпты.
- 310 Өзің тауып бере көр
Жеті басты айдаһар,
Қарағым, соның жүрегін.
Қарасай сонда күледі,
Күле сөйлей береді:
— Мен анама барайын,
Құлағына салайын,
Дүниеде бар ма екен?
Шешемнен, барып, сұрайын.
Сонда кемпір сөйледі:
- 320 — Алпыс күндік жолы бар,
Алты күндік шөлі бар,
Күйгентаудың басында
Айдаһардың іні бар.
Жеті басты айдаһар
Сол арадан табылар.
Тайқара атқа мін, — деді,
Беліңе қару іл, — деді,
Жатпай-тұрмай жүр, — деді.
Айдаһардың жүрегi,
- 330 Қабыл болса тілегі,
Әкеліп, қарағым, бер, — деді.
Тайқара атқа мінеді,
Орақтан қалған ақ сауыт —
Мұны үстіне іледі.
Туғалы тіпті көрмеген,
Адам басып жүрмеген

- Күйгентаудың басына
Қарасай шауып жөнеді.
Түлкі жортпас түлейден
340 Түнде жортып барады.
Қия-қия, қия жол
Қиялап кетіп барады.
Он бес күн жүрген жеріне
Күн төбеден ауғанда
Жер өртеніп, тас күйген,
Топырақ жанып, аспанға жалын тиген,
Соған салып келеді.
Жүрген сайын қара аттың
Жүрісі енді асады.
- 350 Жанып жатқан шоқтарды
Жер үстіндей басады.
Бір түтін аспанға шығады зырқырап,
Үңірейген тесікті көреді,
Талмай салып келеді.
Жер өртеніп, тас күйген
Айдаһардың демі екен.
Үңірейген тесік дегені
Айдаһардың іні екен.
Шыққан түтін дегені
- 360 Айдаһардың демі екен.
Айдаһар айбаттанып ысқырады,
Алты таудың тасын құйрығына қыстырады.
Бір тасты бір тасқа ұрып, шақылдатты,
Аузынан қанды көбік бұрқылдатты,
Оғындай найзағайдың жарқылдатты.
Олардың екі елу кез тілдері бар,
Тілдерін найзағайдай жылтылдатты.
Қарасай одан қайтпады,
Уайым шегіп, қайғы айтпады.
- 370 Айдаһар сонда сөйледі:
«Айдаһар» деген мен едім,
Қарасай деген сен едің.
Дүниеде бір зиян,
Қайтпас қара бұлтың бар,
Сенің тұқымың қылар деп едім.

- Келетініңді білгенмін,
Топырақты өртеп, тасты жандырдым,
Бұған да сен қайтпадың.
Құйрығыммен жер сабап,
380 Жер өртеп, тасты жаудырдым,
Бұған да сен қайтпадың,
«Қайтамын», — деп айтпадың.
Құйрығымнан бір елі кесіп берейін».
Құйрығынан бір елі кесіп береді,
«Бір елі құйрығы он пұт,
Он қадақ шықты», — деп еді.
Құйрығын кесіп алады,
Бөктеріп артына салады,
Аулына қарай шабады.
- 390 Он бес күнге толғанда,
Қуанғаннан Қарасай
Жеті күнде барады,
Ақтолқынға береді.
Мезгілді күні болған соң,
Шақырып Қараүлекті алады,
Кемпірден ақыл сұрады.
Қараүлек сонда сөйледі:
«Ішіндегі ер екен,
Еңіреген ердің бірі екен.
- 400 Сырты — шойын, сүйегі — темір,
Жүзі жарқын, өзі алғыр,
Билер халқын.
Жайшы деген кемпір бар,
Шақырт та енді, соны ал.
Жайшы кемпір келмесе,
Жайшы жайын білмесе,
Біле алмадым мен», — деді.
Қараүлек тағы сөйледі:
«Ай, Қарасай, Қарасай!
- 410 Үмітін үзіп жүргенде
Жеңгең менен ағаңның
Сағынып көрген баласы-ай.
Жайшы кемпір келмесе,
Туа алмайды-ау, шамасы-ай.

- Қарасай, атқа мін, — деді,
Беліңе қару іл, — деді.
Қақпақты таудың астында
Жайшы дейтін кемпір бар,
Жылдам алып кел», — деді.
- 420 Қарасай атқа мінеді,
Қақпақты тауға жөнелді.
Сонда кемпір сөйледі:
«Туатұғын бұл бала —
Өзіңнен де артық ер, — деді,
Дүбірін көрмей тұлпардың,
Туа алмайды бұл, — деді,
Әскерің жинап ал, — деді,
«Жау да келіп қалды!» — деп,
Аллалап ұран сал! — деді.
- 430 Сонда бала туады,
Дауасы содан болады».
Қарасай аулына барады,
Әскерін жинап алады,
Сәскелік жерге барады.
Туын алып қолына,
«Жау да келіп қалды!» — деп,
Ауылға қарап шабады,
Бір ұл, бір қыз туады.
Ұл балаға қарасаң,
- 440 Басы бақыр қазандай,
Тереңнен шыққан сазандай,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей.
Саусағына қарасаң,
Құмға тиген көсіктей.
Қыз балаға қарасаң,
Екі көзі жаудырап,
Тұлымшағы салбырап,
Алмадай беті албырап,
- 450 Шынтемірдей ханыңыз
Асау сойып, ақыртты,
Мая сойып, бақыртты,
Қол астын қоймай шақыртты,

- Осы шал той қылады.
Той малына сойғаны
Ту бие мен қой болды.
Молдалар келіп қамалды
Сәлдесі қара қазандай.
Баланың атын таба алмай,
460 «Шариғатпен қоям», — деп,
Кітабын алып, қарады-ай.
Қази келіп, сөйледі:
«Ұлдың аты — Әділ, — деп,
Қыздың аты — Илия.
Осы екеуі болмаса,
Неге керек, Шынтемір,
Иесі жоқ жиған дүние?!»
Алтыға Әділ келгенде,
Шынтемірге ажал келеді,
470 Келгенін халық біледі.
Шынтемір ханың сөйледі:
— Қази менен Қарасай,
Жас болсаң да екеуің,
Елдің болдың панасы-ай,
Ноғайдың болдың ағасы-ай.
Айналайын, Қарасай,
Екі бірдей асыл зат,
Алтыда қалған жалғызым —
Екеуіңе аманат!
- 480 Сонда Қази сөйледі:
— Хандығыңды алмаймын.
Бақытты туған Әділдің
Бағына көзім салмаймын.
Он бесіне келгенше,
Тағына өзі мінгенше,
Балапанын қорғаған
Көк бүркіттей қорғаймын.
Шынтемір дүниеден қайтып кетті,
Тапсырып бала жайын айтып кетті.
- 490 Жүргенде өйтіп-бүйтіп сол арада,
Он беске он алты мен бала жетті.
Қалмақтың басы — Теміртау

- Он екі айлық жер еді,
Алты айшылық шөл еді.
Барса деген ханына
Қағазбен хабар салыпты,
Сонан хабар алыпты.
«Қырымның қырық батырын
Алдайын», — деп ойлады,
500 Өтірік айтып, сол тесікке айдады.
Бір сөйлем хат келеді,
Әділ патша оқыды.
Оқыды да, сөйледі:
«Темір хан жазған хаты бар,
Темір ханның аты бар.
Әуелі хат жазыпты
Қарасай, Қазі — ағаға.
Екінші, хатты жазыпты
Телағыс, Қобылан — саған да.
510 Үшінші, хатты жазыпты
Ахметтей бабаға.
Аяғында жазыпты,
«Ханы ғой», — деп, маған да:
«Мұсылмандыққа көндің, — деп,
Ноғайға бала бердің», — деп.
Тесіктегі қызылбас,
Ай, солар шабатын болды
Менің елімді!
Дос болсаң, Қарасай, Қазі,
520 Осы жауға барып кел.
Осы жауымды алмасаң,
Барса туырлығымды тоқым қылады,
Керегемді отын қылады,
Төгеді қанымды,
Шығарады жанымды,
Талап алады малымды»,
Хатында айтып, жалынды.
Хатын оқып хан Әділ,
Қарасайға сөйледі:
530 — Барамысың, Қарасай,
Бармаймысың, Қарасай,

- Еліміздің ағасы-ай,
Ноғайлының панасы-ай?!
Қарасай сонда сөйледі:
— Қарағай садақ, қырық кез оқ
Буынып алсам, белім тоқ,
«Жау!» десе, менде қайғы жоқ.
Достан хабар келгенде,
Досқа зәбір тигенде,
540 Бармай батыр, тұрар ма?!
Бармаған батыр оңар ма?!
Қорыққан соң, зарланып,
Хат жазған ғой Темір хан.
Көп жиналған, құралған,
Кел, баралық, — деп еді, —
Он екі айлық жеріне,
Алты айшылық шөліне,
Қызылбас Барса еліне.
Кілең жайсаң ер кетті,
550 Ер кеткенде, кім кетті?
Қара қыпшақ Ер Қобылан
Торы бесті атпен бұл кетті.
Мың қаралы қол жүрді,
Ахмет батыр — сол жүрді,
Телағыс батыр — бұл жүрді,
Құбығұл батыр — бұл жүрді.
Қару-қапшық бойда жоқ,
«Өлемін», — деген ойда жоқ,
Әуез тентек — бұл жүрді.
560 Төрт жерден туын байлады,
Әділ әскерін алысқа айдады.
Он екі айдай жол жүрді,
Алты ай кәміл шөл жүрді.
«Өлдім-талдым!» дегенде,
Жапан көлге құлады,
Неше күндей әскер шұбады.
Он бес күн жатып сол жерде,
Аты болса, аунады,
Өздері болса, қунады.
570 Ішуіне асы жоқ,

- Қоға мен борық қоймады.
Көйлектерін ау қылып,
Судан шабақ аулады.
Дәл он бес күн болғанда,
Әскерлерін жинады.
Әділ ханың сөйледі:
«Ай, бұрынғының арты едің,
Осы күнгі қарт едің,
Көптен қалған көне едің.
580 Қайыспайтын, қайғысыз,
Ахмет аға, ер едің.
Тар жер, тайғақ кешуде
Саған да сеніп келемін.
Тарлан атқа мін, — деді,
Беліңе қару іл, — деді.
Талай келген өзіңе
Бұл белгілі жер, — деді.
Қандай екен жерлері?
Қалың ба екен елдері?
590 Ахмет, көріп кел!», — деді.
Ахмет атқа мінеді,
Бес қару белге іледі.
Қабағын түйіп, түнеріп,
Қызылбасқа жөнелді.
Ар жағында Теміртау
Он бес күндік жер еді.
Он бес күн кәміл болғанда
Ахмет салып келеді.
Болаттан деген тау екен,
600 Төбесі көкке тиіп тұр.
Биіктігін қарасаң,
Көшкен бұлтты іліп тұр.
Төбесінде қара тас,
Күн көзіне шыдамай,
Қорғасын болып еріп тұр.
Төбеден аққан сортағы
Таудың бауырына келіп тұр.
Ол таудың ол шеті мен бұл шеті
Тоқсан жылдық жер екен,

- 610 Ортасында тесік бар,
Болаттан салған есік бар,
Қазулы тұрған көр емес,
Жан баратын жер емес,
Ахмет оны көреді.
Ахмет келді қайтып ай,
Көргенін түгел айтып-ай.
«Мен барайын тесікке», — деп,
Хан Әділ сонда сөйледі:
«Ай, Қарасай, Қарасай,
- 620 Саған кімнің шарасы ай?!
Тайқара атқа мін, — деді,
Шақыр-шұқыр көк болат
Беліңе орай іл,» — деді.
Қарасай шауып жөнелді,
Он бес күндік жеріне
Жеті күнде барады.
Қабағын тастай түйініп,
Ақ сауытын киініп,
Көк найзаны шүйіріп,
- 630 Атасына сыйынып
Тесікке кірді Қарасай.
Ол тесіктің іштері
Қап-қараңғы түн еді,
Ар жағы мен бер жағы
Он бес күндік жер еді,
Он бес күнде тесіктен
Қарасай өтті деп еді.
Ар жағына қараса,
Он екі қабат оры бар,
- 640 Тоқсан қабат торы бар.
Тап тесіктің аузында
Бір тұлпардың ізі бар.
Қарасай оны көреді,
«Қарауыл екен» деп еді.
Қарасай салып барады,
Екеуі тұрып қағысты,
Жаман сөзге барысты,
«Қашпа, бәлем, қашпа!» — деп,

- Қашпаласа қалады;
650 «Тайма, бөлем, тайма!» — деп,
Таймаласа қалады.
Қыл жалаулы көк сүңгі,
«Қақ жүректің басы, — деп,
Өлер жерің — осы», — деп,
Біріне-бірі салады.
Ұңғысынан омырылып,
Адыра болып қалады.
Қолға алмас алады,
Шын болаттан соқтырған,
660 Қызыл қанға суарған,
Өткенін адам білмеген,
Егер де қанға тимесе,
Қынабына сыймаған.
Жарқылдатып екеуі
Бірін-бірі шабады.
Тасқа шапқан пышақтай
Бұ да адыра қалады;
Кіл болаттан соқтырған,
Шынжырдан бауды тақтырған,
670 Қолға шоқпар алады,
Ауырлығы жүз пұттай.
Ұңғысынан омырылып,
Бұ да адыра қалады.
Замананы қуырып,
Шын болаттан таптатқан,
Темірлерге саптатқан,
Бірін-бірі шабады,
Тақымынан балта суырып.
Тасқа шапқан пышақтай,
680 Жерге қаққан жебедей,
Таңда шапқан немедей
Бұ да адыра қалады.
Қой жауырын қол масақ
Екеуі тұрып атысты,
Саржаларын тартысты.
Сауытқа тиіп, тақылдап,
Оты шығып, жарқылдап,

- Бұ да адыра қалады.
Бес қаруды тауысты,
690 Ат үстінен алысты,
Екеуінің аты да
Шөге-шөге қалысты.
Аттан түсе қалады,
Беліне шынжыр салады.
Енді екеуі алысты,
Айғыр, нардай шайнасып,
Жағаласты салысты.
Қарасай тұрып ақырды,
Ақырған ащы дауысы
700 Тау үстінде қара тас,
Шыққан шөпті жапырды.
Манағы айтқан Қызылбасты
Көтеріп алып, үйірді.
Етегімен, жеңімен,
Қызылбастың лебімен,
Борансыз Көк қасқа ат
Омақа асып жығылды.
Қызылбас жерге тарс етті,
Қара жер де солқ етті,
710 Топырағы бұрқ етті.
Аузынан қаны жылп етті,
Салмағымен жығылып,
Іші-бауыры шырқ етті.
Басын кесіп алады,
Қанжығаға таңады,
Тесіктен кіріп, еркіндеп,
Ханға келді бүлкілдеп.
Қызылбасқа өтуге
Жеті батыр бөлінді.
720 Ең әуелі кім жүрді?
Қарасай, Қази ер жүрді.
Тесіктен бастап кім кірді?
Қарасай, Қази ер кірді,
Екеуі қатар тең кірді.
Қазі менен Қарасай
Туларын қолға алады,

- Екеуінің тұлпары
Он екі қабат орлардан,
Тоқсан қабат торлардан
730 Ор текедей ырғыды.
Әділ орда қалыпты,
Мінген аты Күрең-ді,
Жетеуінің соңынан
Жалғыз шауып келеді.
Тоқсан қабат торынан
Аман-есен өтеді,
Он екі қабат орына
Екпінімен аттың жетеді.
Өмілдірік үзіліп,
740 Әділ орда қалады.
Ахмет мінген Тарлан ат
Омақса құлады.
Құлап жатқан жерінде
Ахметтей шалыңды
Қызылбастар қамады,
Қара таспен сабады.
Ахмет сонда ақырды,
Қолтығынан оқ тиіп,
Қара қанды қақырды.
750 «Шалдың даусы екен», — деп,
Шауып жетіп келеді,
Көтеріп шалды жерден
Қобылан алады.
Қобыланның жүрген жағынан
Сарқыраған қан шықты.
Қазидың жүрген жағынан
Тырп етпейді, шаң шығады.
Қарасай жүрген жағынан
Ойбайлаған шу шығады.
760 Өнгесінің жүрген жерінен
Ай тозаңы шаң шығады.
Ағысты Қазі қарады,
Жығылып-тұрып жүр екен.
Омыртқадан он жара,
Қабыртқадан қырық жара,

- Тек шықпаған жаны бар,
Шүмектеп аққан қаны бар.
Көтеріп аттан алады,
Сонда Қази ақырды,
770 «Әуез-ау!» — деп шақырды.
Телағыс көзін жұмып-жұмып қалып жүр,
Шүмектеп қаны ағып жүр.
Салып келді ер Әуез,
Қойны-қонышы оққа толышты,
Жаралы о да болышты.
«Ағысты қосқа алып қайт, — деді.
Біз қайтпаймыз омақа асып құлағанша,
«Қайтамыз деп айтпаймыз».
Әуез Ағысты алып жөнелді,
- 780 Арада үш күн өткен соң,
Құбығұл ерге оқ батты.
Құбығұл аттан құлады,
Үстіне келіп ер Қобылан:
«Бауырым!» — деп жылады.
Атына Құбығұлды мінгізіп,
Тізгінін беріп қолына,
«Ерсің ғой, мықтап бекін», — деп,
Қайтадан салып жіберді
Қосқа қайтар жолына,
- 790 Әуездің ертті соңына.
Үшеуі қалған долданды,
Ісі келмей оңына,
Қабырғадан қан болды,
Тебінгіден тер болды,
Елді жерлер көл болды,
Жердің жүзін қан алды.
Күн сәскеге толғанда,
Тайқара аттың үстінен,
Өкпеден жеті жерден оқ тиіп,
- 800 Қарасай, қанатын жайып құлады.
— Қазижан, бермен келіп кет,
Өз қолыңнан көміп кет.
Сонда Қази сөйледі:
— Қарасай сені кім айтар

- «Қазидың, — деп, — ағасы,
Орақтың , — деп, — баласы!»
Жігітке бұйым бола ма
Қорғасынның жарасы?!
Орнынан тұрады,
810 Қол-аяғын жияды.
Он екі қабат ақ жібек
Белін орай буады.
Тайқара атқа мінеді,
Қылышын алып, жарқылдап,
Көк найзасы жалтылдап,
Соғысайын деп еді,
Тағы тиді қалың оқ.
Бұрынғы құлау құлау ма?!
Шыныменен құлады,
820 Әділді жоқтап жылады:
«Қарағым — Қазиді, елге қайт,
Сорлы болған анаға,
Іні менен ағаға,
Қазақ пенен Ноғайға,
Сұрағанға сәлем айт!»
Қарасайды көтеріп,
Қазиді алдына алады,
Орақтың екі баласы
Бірін-бірі алып барады.
830 Қыдырбайдың Қобыланы
Жеті күн соғыс салады,
Дәл сегіз күн болғанда
Қызылбас Қобыландыны қамады,
Үстіне торды жаяды.
Аңсыз шауып жүргенде,
Торға түсті деп еді,
Астындағы торы бесті
Тырып етуге халі жоқ,
Төрт тағандап тұрады.
840 Салып жіберіп торы атты,
Ат үстінде қозғалды,
Ақырып келіп, ырғалды,
Жайып қойған торларын

- Шуда жіп құрлы көрмеді,
Бір тартуға келмеді,
Торы бесті атты тебініп,
Шыға келді желігіп,
Аулына қайтып жөнелді.
Қази Қарасайды бағады,
850 Жапалақты, Жаманкөл
Алып барып, салады.
Көлдің беті қан болып,
Қанды су болып барады,
Жау дәрісін жағады,
Жазылмай кетіп барады.
Бір тышқан суға келеді,
Ол тышқанды талаған
Мысық залым деп еді.
Тышқанның үстінде
860 Жарасы көп деп еді.
Судан келіп ол тышқан
Көлден шөпті алады,
Жарасына жағады,
Жарасы тышқан жазылды.
Жүгіріп барып қу Қази,
Шөбін тартып алады,
Қарасайдың жарасына жағады.
Қарасайдың жарасы жазылады,
Дауасы сонан табылады.
870 Тышқан емес, Қарасайдың пірі екен,
Шөп емес, тамыр дәрі деген шөп екен.
Қарасай саламаттанды, жазылды,
Әділ орда қалынды,
Қарасай, Қази аулына қарап жөнелді.
Қарасай салып келеді,
Ілияны көреді.
Сонда Ілия сөйледі:
— Қолыма алдым шар айна,
Қылыш, мылтық, бар найза.
880 Аманат қылған жалғызым,
Қарасай, қасындағы хан қайда?!
Сонда Қази сөйледі:

- Өлген жоқ, тірі-ау, — деп,
Алып келем мен-ау, — деп.
Келгенше балаң бағамын,
Бабыңды кемпір табамын,
Дұшпаннан кегінді аламын.
Атымды болса, аунатып,
Өзім болсам, қунаймын,
890 Есімді әбден жинаймын,
Қайта айналып барамын,
Әділді жаудан аламын!

III


- Бұлар кетіп қалған соң,
«Қалған Ноғай бар ма?» — деп,
Қызылбастың тірісі
Ор жағалап жүр екен.
Жатыр екен хан Әділ,
Қызылбас тауып алады,
Тас кесекпен сабады,
900 Жіберілген тас кесекті
Әділ қағып алады,
Өзімен соғыс салады.
Жеті күндей соғысты,
Жеті жүз қалмақ алады.
Бір қасық судың жоғынан
Таңдайы кеуіп хан Әділ,
Еңбектей барып құлады.
Құлап жатқан жерінде
Шынжырдан бұғалық салады.
910 Алты нарға сүйретіп
Хан Әділді ордан алады,
Қол-аяғын таңады,
Қырық пұттай тас байлап
Көк теңізге салады.
Шикі өкпедей қалқыды,
Мұнан да өлмей қалады.
Қол-аяғын таңады,
Алпыс түйе сексеуіл

- Алып барып, жағады,
920 Талтаңдатып ханыңды
Қызыл шоққа салады,
Мұнан да өлмей қалады.
Үш жүз тоқсан жасаған,
Азу тісі босаған
Қу мыстан деген кемпір бар,
Мыстаннан ақыл сұрады,
Сонда мыстан сөйледі:
«Сүйегі шойын, терісі болат неме екен.
Тоғыз бие сойыңдар,
930 Тоғызы да — ту бие,
Қара көк пен сұр бие
Тай қазанға салыңдар,
Тас көмірді жағыңдар.
Майға бөлеп, балқытып,
Қарын кесіп алыңдар» .
Кемпірдің сөзі ұнады,
Жеті күн майға қайнатып,
Екі көзін жайнатып,
Зығырын оттай қайнатып,
940 Қарын кесіп алады.
Жеті бура сояды,
Қабаттап көнін тігеді,
Үші біздей ақ болат
Қу жебені қағады.
Көк арбаны жегеді,
Қу жебелі көндерді
Қамыт қылды деп еді.
Жатыр еді бір күні,
Бабасы келіп сөйледі:
950 — Мінемісің үстіме?
Алып кетейін, балам-ай.
Сонда Әділ сөйледі:
— Тіліңді, бабам, алмаймын,
Он саусақ пен қарым жоқ,
Сопайып елге бармаймын.
Осы күні бейне бір
Бұтағы кеткен талдаймын.

- Бабам болсаң сен , — деді,
Берменірек кел, — деді,
960 Қанатыңды бер, — деді,
Қасыма таман кел, — деді.
Қанатына хат жазып,
Жерден, асап, саз алып,
Тілімен жазып жіберді,
Қарақұс ұшып жөнелді.
Күндіз-түні ұшқанда,
Тоқсан бір күн толғанда,
Үш ай да бір күн болғанда,
Шынтемір тіккен боз үйдің
- 970 Көлеңкеге қонады.
Үйден шығып Ілия
Қарақұсты көреді,
Көре сала келеді.
Жүгіріп келсе, Ілияға
Қанатын соза береді.
Қанаттағы хатын-ай,
Әділдің танып атын-ай,
Ілия айғай салады-ау.
Қарасай мен Қазидың
- 980 Жүрем деген күні еді.
Қарасай мен Қазифа
Ілия айтып береді.
Таң атуға тұра алмай,
Хабарын естіп, шыдамай,
Қарасай, Қазифа — қос жайсаң:
«Шүу», — деді де, жөнелді,
Қалмаққа салып келеді,
Етпеттен жатыр хан Әділ.
Қазифа аттан түсе қалады,
- 990 Мойнындағы арбаны
Көтеріп, жерге ұрады.
Мойнындағы көнін-ай,
Жебедей қаққан темірді-ай.
Тойтара қаққан шегені
Тісімен дал-дал қылады.
Қарасай да келеді,


- Қалмақтар секектеп,
«Былтырғы қара атты
Келіп қалды, көтек!» — деп.
- 1000 Бөрін де ұстап алады,
Кез келген талға таңады.
Қанжарбек деген хандарын
Ат баурынан өткізіп
Қази жаман сабады.
Қанжарбек хан жылады,
Бір шыбын жанын сұрады:
«Ханыңды сенің жазайын,
Ханыңның қарын салайын»
Уәзірін аулына жіберді:
- 1010 «Жылдам, ойбай, барып кел!
Мыстанды, барып, алып кел!
Қарын жылдам салсын! — деп,
Жан дәріні жақсын!» — деп.
Кемпір салып келеді,
Әділдің қарын салады,
Жан дәрісін жағады,
Жеті күнде жазады.
Ақ татырдың басында
Құланмен бірге жүр еді,
- 1020 Күрең шауып жөнелді,
Хан Әділге келеді,
Гулесіп елге жөнелді.
Тоқсанға келген Сыпыра —
Ноғайлының жырауы
Домбыра қолға алады,
Оңнан, солдан қағады,
Сыпыра толғап алады:
«Әй, бәйбіше — Ақтолқын,
Кеткеніңнің келген күн,
- 1030 Дегеннің бәрі болған күн.
Кемтіктің бәрі толған күн
Желпініп ұшқан ақ сұңқар
Ұясына қонған күн.
Тұлпарлар шауып озған күн,
Тамырдың бәрі иген күн,

Үрпіңе сүтің келген күн,
Боз інгеннің тайлағы
Енесін келіп емген күн,
Құлап қалған терегің
Қайта енді ол тұрып,
Төбесі көкке тиген күн,
Төбесіндегі қаршыға
Бұтағына келген күн.
Бүгінгі күн не еткен күн!
Төбе көкке жеткен күн,
Қайғының бәрі кеткен күн!»,
Толқынды жыршың жуатты,
Сана айтып қуатты,
1049 Әділ патша той қылды...



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

«Қарасай, Қази» жыры — қазақ халқының эпикалық жырларының қата-рынан нұсқаларының көптігімен де, көркемдік айшығының жоғарылығымен де, тілінің шұрайлылығымен де, өткен тарихтан жеткізетін мағлұматтарының молдығымен де айрықша орын алатын эпикалық туынды.

Аталмыш жырдың нұсқаларын Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин, Айсәуір Байтабынұлы, Мұрын жырау, Нұртуған Кенжеғұлұлы сияқты ақын ақындар мен жыршылар, Сейіт, Жақсылық, Төранияз, Тілеумағамбет, Наурызбек, Жақып жыраулар және Қобылаш Бекмағамбетов, Құдайберген Шоқаев, Қайролла Иманғалиев, Таңатар Кәрібаев, Атаубай Мәмбетов, Тілеген Аяпов, Өмірзақ Қалбаев, Мүстежеп Ахметұлы, Орынбасар Оңғарбаев, Тұрлан Бейсенбаев, Еркін Хасенов секілді жыршылар жырлап, ел арасына таратқан, Асайын Хангелдин, Мұрат Құсниев, Т.Күнтуғанов, Қартбай Қылышұлы секілді халық сөз өнерінің жанашырлары ел арасынан жинаған нұсқалары сақталып, жеткен. Жырдың бұл аталғандардан өзге он нұсқасының жырлаушылары туралы мәлімет болғанымен, мәтіндері қолға түсе қойған жоқ.

«Қарасай, Қази» жырының бас қаһармандары болып табылатын екі батырдың XVI ғасырда өмір сүрген тарихи тұлғалар екені белгілі. Олар — Мұса бидің немересі болып табылатын Алшағырұлы Орақ батырдың ұлдары. Орақ батырдың өзі де қыпшақ тілдес түркі халықтары айтып келген «Орақ, Мамай» атты эпостық туындылардың және аңыздардың бас қаһарманы екені де баршаға аян.

«Қарасай, Қази» жырында Ноғай Ордасы мен Қырым хандығының тарихында XVI ғасырда орын алған тарихи оқиғалар жыршылардың көркемдік көзқарастарының елегі-

нен өткізіле отырып бейнеленген. XVI ғасырдың орта шенінде Кіші Ноғай Ордасының негізін қалап, сол орданы өмірінің ақырғы сәттеріне, яғни 1576 жылға дейін билеген Қазидің тұсында және ол өмірден өткеннен кейін болған оқиғалар жырда эпикалық жинақтау тәсілі арқылы суреттелген. Оған жырда бейнеленген әскери қақтығыстардың Астрахан маңындағы Қиғаш тауында, Дербент қаласында болуы және жыр нұсқаларының көпшілігінде Әділдің тұтқынға түсуіне байланысты оқиғалар кең эпикалық құлашпен жырлануы айғақ болады.

Астраханды өздерінің ықпалында ұстау Едіге ұрпақтарының бұрын-соңғы ең басты мүдделерінің бірі болғандығын тарихи деректер айқын байқатады. Қазиді бастаған Кіші Ноғай Ордасы әскерлерінің Түркия сұлтаны мен Қырым ханының әскерімен Ұлы Ноғай Ордасы жауынгерлерімен бірлесіп, 1569 және 1571 жылдары Ресей патшалығына қарсы жорық жасауындағы басты мақсаттардың бірі де орыс патшалығы 1552 жылы өзіне күшпен қаратып алған Астрахан хандығын кері қайтарып алу еді. Демек, Қиғаш тауының бір кездері Қазидің әскери қимылдары болған жерлердің бірі екені күмән туғызбайды.

Ал жырдың ендігі бір кейіпкері Әділдің прототипі — Қырым ханы — Дәулеткерейдің ұлы әрі қалғасы — Әділгерей сұлтанның қызылбастарға жасалған жорық барысында тұтқынға түсіп, 1583 жылы өлтірілгені, Кіші Ноғай Ордасының Қазиді тірі кезде де, одан кейін де Қырым хандығы мен Түрік сұлтанының вассалы, сенімді атты әскері қызметін атқарғаны, оның үстіне жырда сөз болатын Дербент қаласы Азербайжан еліне тиесілі қала екені, ал Азербайжанның ұзақ уақыт бойы Иран мемлекетінің ықпалында болғаны да — тарихи шындық.

Жырдағы көркемдік жинақтаушылықтың белгілері бірінен-бірі жырақ орналасқан Қиғаш тауы мен Дербентке қарсы бағытталған Ноғайлы мен Қырым хандығы әскерлерінің бірлесе жасаған жорықтары бір мезгілде болған оқиғалар ретінде суреттелуінен, жырды оқыған адамға Қиғаш тауы мен Дербенттің бір-біріне астасып жатқан географиялық нысандар секілді елестеуінен және Қазидің өзі қайтыс болғаннан кейін бірнеше жыл өткен соң тұтқынға түскен Әділгерейді құтқарғандығы баяндалуынан аңғарылады.

Әділ сұлтанның басына түскен қасіретті жағдай қазақ, ноғай және татар халықтарының фольклорлық туындыларына арқау болған. «Әділ сұлтан» атты халық шығармалары нұсқаларының ішінде жазылып алынған уақыты жағынан алғанда ең көнесі ретінде академик В.Радлов жазып алып, 1896 жылы жарық көрген «Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч.7. Наречия Крымского полуострова» атты жинаққа енгізген туынды танылып келді. Дегенмен, тарихшы ғалым А.Исиннің Санкт-Петербург университетінде сақтаулы қазақ қолжазба кітабын тауып, зерттеп, бастырып шығара отырып, бұл қолжазба туралы: «Бізге жеткен жинақтағы шығармалардың соңғы көшіріліп жазылған уақыты—XIX ғасырдың алғашқы ширегі деп есептеуге келеді», — деп орынды тұжырым жасауы (15, 12) көпшілік арасына кезінде кеңінен тараған халықтық туындылардың барлық үлгілері анықталып болмағандығын аңдатады.

Жырдың жоғарыда көрсетілген нұсқаларын, «Әділ сұлтан» жырының 1910 жылы Орынборда жарық көрген «Шайыр» жинағына енген мәтінін, 1924 жылы Әмзе Мүтәліпұлынан Әбділхамид жазып алған ноғай нұсқасын, Г.Ананьев 1895 жылы жазып алып, 1900 жылы жариялаған қара ноғайлардың «Қырымлы Әділ сұлтан» атты аңызын қазақтың «Қарасай, Қазы» жырының нұсқаларымен салыстыра қарастырудың нәтижесінде А.Исиннің: »Бауыр халықтар, әсіресе қазақ, ноғай, қарақалпақтың эпикалық шығармалары бір қайнардан бастау алғаны аян.

«Әділ сұлтан» жыры қырымлы ноғайда да, қазақта да XVII ғасырдан жырлана бастаса керек. Қазақта «Әділ сұлтан» әңгімесі бертін келе XIX—XX ғасырларда көбінесе «Қарасай, Қазы» жырымен қабыса дамыды», — деген тұжырымының (15, 69) дұрыстығына ден қоюға тура келеді.

«Әділ сұлтан» туралы туындылардың «Қарасай, Қазы» жырының нұсқаларынан басты-басты мынадай айырмашылықтары бар: біріншіден, туындылардың аттарынан да байқалып тұрғандай «Әділ сұлтан» атты шығармалардың бас кейіпкері—Әділ сұлтан, ал «Қарасай, Қазы» жырының бас қаһармандары—Орақ батырдың екі ұлы болып табылады; екіншіден «Әділ сұлтан» атты туындыларда Қарасайдың ерлігі дәріптеліп, Қазидың есімі мүлде аталмағанымен,

«Қарасай, Қазидың» жырында Қарасаймен қатар, Қазидың да ерлігі әсірелене жырланады, тіпті кейбір нұсқаларда аталған ағайынды батырлардың кішісі ерлігінің ағасынан да асып түсетінін айқын танытады; үшіншіден, «Қарасай, Қазидың» жырында Әділдің балалық, бозбалалық сәтіндегі сипаттары мүлде сөз болмайды, керісінше, Қарасай мен Қазидың жырға арқау болған оқиғаларға бала кезінде араласқаны баяндалады. Оның үстіне «Қарасай, Қазидың» жырының кейбір нұсқаларында Әділ сұлтанның аты да аталмайды, оған қатысты оқиғалар да баяндалмайды.

«Қарасай, Қазидың» жырын сюжеттік құрылымдарындағы айырмашылықтарына орай шартты түрде төрт версия аясында топтастыруға болады.

Бірінші версияға тек Мұрат ақын жырлаған, М.Құсниев ел аузынан жинаған нұсқалар жатады. Онда Қарасай мен Қазидың әкелері — Орақтың жауына аттанып, көрсеткен ерліктері бейнеленеді. Бұл нұсқаларда Әділ сұлтанның бейнесі кездеспейді, оған қатысты оқиғалар баяндалмайды.

Екінші версияда Қарасай мен Қазидың әкелерінің үш өсиетін қалай орындағаны баяндалады.

Үшінші версияда Қарасай мен Қазимен қатар, Әділ сұлтанның бейнесі де жасалады. Әділ сұлтанның жырдың бас кейіпкерлерімен қатар көрінуі жыр нұсқаларының басым көпшілігінде байқалады. Оған қыпшақ тілдес түркі халықтарының, атап айтқанда ноғайлар мен татарлардың, фольклорында «Әділ сұлтан» атты жырдың болуы әсер еткені даусыз. Оған «Әділ сұлтан» жырының нұсқаларын «Қарасай, Қазидың» жырының нұсқаларымен салыстыру арқылы көз жеткізуге болады.

Төренияз жырау жырлаған нұсқаның бізге жеткен үзінділері жырдың осы уақытқа дейін зерттеушілерге беймәлім болып келген төртінші версиясы болғанынан хабар береді.

«Қарасай, Қазидың», «Әділ сұлтан» жырлары, түптеп келгенде, Едіге бидің ұрпақтары, Ноғай Ордасының мырзалары, Кіші Ноғай Ордасының негізін қалаушылар, қалыптасуын жүзеге асырушылар болып табылатын Қарасай мен Қазидың ерліктерін дәріптеу мақсатында шығарылғаны анық байқалады.

Жалпы түркі халықтарының, оның ішінде қазақтың, эпикалық дәстүрінде есімдері жырдың атауына айналған қаһармандар міндетті түрде мінсіз жағымды кейіпкерлер

санатына қосылып, оларға ешқандай жан баласының тең келмейтіні бейнелі түрде дәлелденетіні көпшілікке мәлім.

Осындай ұстаным «Қарасай, Қазиды» жырының барлық нұсқаларында берік сақталса, «Әділ сұлтан» жырында бас кейіпкер — Әділ сұлтан дәріптелгенімен қатар, оның қарамағындағы батыр болып табылатын Қарасайдың да өз билеушісінен ешқандай кемдігі жоқтығы да аңғартылады. Жоғарыда сөз болған эпикалық дәстүрден ауытқушылық ретінде қарастыруға болатын бұл құбылыстың астарында бұл жырды дүниеге әкелушілердің Қарасайдың, оның інісі — Қазидың елі болып табылатыны жатқандығын ол туындыларды бізге сақтап жеткізушілердің құрамы анықтайды.

Мұрат ақын нұсқасында Мамайдың би болғаны айтылса, кейбір нұсқаларда Мамайдың да, Орақтың да хан болғаны туралы баяндалады.

Бірақ Мамай мен Орақ хан да, би де болмаған.

Хандық атақ пен дәреже тек Шыңғыс ханның ұрпақтары болып табылатын төре тұқымынан шыққан адамдарға ғана бұйыратыны белгілі. Сондықтан Орақ пен Мамай түгілі, олардың атасы — төрт ханға өз ықтиярын жүргізген, бірнеше жыл Алтын Орданың бар билігін өз қолында ұстаған Едігенің өзі Маңғыт руынан, яғни қарадан шыққандықтан, би болуды қанағат тұтқан.

Жырда жағымсыз кейіпте көрінетін, Орақты өлтірушілердің ең белсендісі ретінде танылатын Ысмайылдың орыс патшасына Қазиды жамандап, оның құрған Кіші Ноғай Ордасына қарсы әрекеттеріне қолдау көрсетуді сұранып жазған хаттары біздің заманымызға жеткені белгілі. Бірақ оның Орақтың өліміне қатысы бары-жоғын анықтайтын деректер жоқ.

Қолдарыңыздағы томға «Қарасай, Қазиды» жырының төмендегідей мәтіндері енгізілді.

Мұрат Мөңкеұлы нұсқасы. Бұл нұсқаны Х.Досмұхамедұлы Ығылман Шөрековтен жазып алып, 1924 жылы Ташкентте шыққан «Мұрат ақын сөздері» атты жинаққа енгізген. Бұл мәтін 1943 жылы жеке кітап болып шыққан, сонымен қатар Х.Досмұхаммедұлы еңбектерінің 1991 жылы жарық көрген «Аламан» атты жинағына және одан бергі уақыттарда жарық көрген топтамаларына да енген. Аталмыш нұсқа 1991 жылы баспадан шыққан «Алқаласа әлеумет» атты жинақта да

жарияланған. Бұл туындыны осы басылымға дайындау үшін 1943 жылы жарық көрген «Мұрат Мөңкеұлы. Қарасай, Қазиді» атты кітап пайдаланылды.

Мұрат Мөңкеұлы — қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілдерінің бірі, қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымының дамуына зор үлес қосқан ақын. Аталған сөз зергері шығармашылығының қырлары аса мол екенін Б.Омарұлы былайша аңғартқан: «Мұрат ақынның мұралары — «Үш қиян», «Сарыарқа» толғау-поэмаларынан, «Қазтуған», «Шөлгез», «Қарасай, Қазиді» жырларынан, айтыстарынан, бірнеше толғау-термелерінен, арнау өлеңдерден тұрады. «Үш қиян» мен «Сарыарқаға» халық басына түскен ауыртпалықты арқау етсе, «Қазтуған», «Қарасай — Қазиді», «Шөлгез» Ноғайлы жұртының аңыздарын өзінше баяндайды. Мұраттың алты ақынмен айтысы сақталған. Ал арнау өлеңдерінің дені би-болыстарға бағышталып айтылған. Сондай-ақ хат түрінде жазылған «Оқудан қайтқан жігітке», «Елінен жазғаны», «Бір досқа» деген үш өлеңі, тойбастар жырлары бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр» (28, 14-15).

Мұрат ақын ел арасына таратқан туындыларының бізге жеткенінен жетпегені көп екені оның репертуарында болған жырлар туралы мағлұматтардан-ақ аңғарылады. Ел арасында ұзақ уақыт бойы айтылып келіп, 1942 жылы 82 жасар Мұрын жырау Сеңгірбекұлының айтуы бойынша ғана қағазға түсірілген «Қырымның қырық батыры» атты ғажайып эпикалық циклдың кейінгі ұрпақтың игілігіне айналуына үлес қосқандардың бірі — Мұрат Мөңкеұлы. Мұрын жырау өзінің «Қырымның қырық батырын» Нұрым, Мұрат және Қашаған ақындардан үйренгенін, соның ішінде Мұраттың айтып беріп, ұстаздық етуі арқылы «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Тегіс», «Тама», «Тана», «Нәрік», «Нәрік ұлы Шора», «Құлыншақ», «Ақжонас», «Ақжонас ұлы Кеңес», «Жаңбыршы», «Жаңбыршы ұлы Телағыс», «Оғыз батыр» жырларын жаттағанын айтқан (8, 252). Сөз болып отырған өнерпаз орындаған эпикалық туындылар бұнымен шектелмейтінін Х.Досмұхамедұлының: «Орақ, Мамай, Қарасай, Қазиді, Асан қайғы, Қазтуған секілді өткен адамдар туралы Мұрат көп өлеңдер шығарған. «Қарасай, Қазиді туралы Мұрат екі күндей айтатын еді», — деп ақсақалдардан естігенім бар. Мұрат сөздерінің көбі осы күнде жойылған. Біздің ба-

сып отырған «Қарасай—Қазиымыз» ұзақ сөзден қалған бір жұрнақ қана»,—деп жазғанынан да аңғарамыз (11, 103). Соңғы аталған жыр Мұрат ақын айтып, жұртқа насихаттаған телегей-теңіз эпикалық қазынаның бізге жеткен бірден-бір үлгісі болып табылады.

Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының XVI—XVII ғасырлардағы, яғни сөз болып отырған жырларда бейнеленген кезеңдегі арақатынасын арнайы зерттеген тарихшы А.Исиннің «Қарасай, Қази» жырының Мұрат Мөңкеұлынан жазылып алынған нұсқасында Әділ сұлтан тақырыбының байқалмауының себебін іздестіру барысында жасаған «Мұрат нұсқасының толық жазылып алынбағанын кезінде кезінде Халел Досмұхамедұлы ескертіп өткен-тін»,—деген ескертпесі (15, 69) бұл нұсқаның қағазға түспеген бөлігінде Әділ сұлтан оқиғасының баяндалғанына анық көз жеткізерлік дәлел бола алмайтыны даусыз.

Оның үстіне Әділгерей сұлтанның қызылбастардың қолына түсіп, мерт болған уақытында Қазидың өмірде болмағандығын халықтың барлығы бірдей ұмытуы да да неғайбыл. Өйткені қазақтар көшпелі өмір салтын ұстанған өзге де халықтар сияқты, өзінің өткен өмірі туралы мәліметтерді көбінесе жазусыз арқылы емес, фольклорлық жанрлар үлгілерінде көздің қарашығындай сақтауды өмірлік маңызы бар мәселе санаған. Бұл туралы кезінде Ш.Уәлиханов: «Изумительно с какой свежестью сохранили киргизы свои древние предания и поверья, и еще изумительнее, что во всех отдаленнейших концах степи, особенно стихотворные саги, передаются одинаково и при сличении были буквально тождественны как списки одной рукописи»,—деп жазған болатын (37, 291). Соны ескерсек, өткен заманның көркем шежіресін бізге жеткізуші жыршылар, шежірешілер Қази мен оның ағасы—Қарасайдың Әділ қатыспаған талай әскери қақтығысқа қатысқанынан хабардар болғанын жоққа шығара алмаймыз.

Қарастырылып отырған жырдың көптеген нұсқаларындағыдай бұл нұсқада Орақтың өзімен бір әкеден туған бауырларының опасыздығы салдарынан қаза тапқаны баяндалады. Орақтың нақты қай жылы, қандай жағдайда және кімдердің қолынан өлгенін айғақтайтын деректер сақталмағанымен, Орақ қайтыс болғаннан кейін Қазидың бірден Ысмайыл биге

қарсы қарулы қарсылық көрсеткен топтың ең белсенділері қатарына қосылуы, біраз уақыт қазақшылықты да басынан өткеріп, ақырында дербес Кіші Ноғай Ордасын құруы, одан кейінгі уақыттарда да аталған екі бидің ымыраға келе алмағаны, Ысмайылдың орыс патшасына Қазиды жамандап, оған деген жаулық пиғылын аңғарта жазған хаттары және өзге де деректер түркі халықтарының барлығы да өз фольклорлық мұраларында Орақты өлтіруші Ысмайыл екенін баяндауы тегін еместігін аңдатады. Бұл халықтардың ауызша тараған аңыздауларында Ысмайылдың үнемі жағымсыз сипатта көрінуінің сыры аталған бидің орысшыл саясат ұстануын халық өздерінің тәуелсіздіктен айрылуының ең негізгі себептерінің бірі деп ұққандығында жатқан секілді.

Бұл нұсқадағы бас қаһармандардың ерліктерін танытатын негізгі оқиғалар жырдағы «Орақтың жауы бар екен. Орақ жауына бармастан бұрын өліп кеткен екен. Орақты өлтіргендер «Орақтың жауын жаулап аламыз» деп, қол жинап, аттаныпты» деген сөйлемдерден кейін бейнеленеді. Бұл жерде Орақ пен оның аға-інілерінің, балаларының жауының қай халықтың өкілі екенін нақтылап айтпауда да өзіндік мән бар сияқты. Өйткені Орақтың өмірі туралы мәліметтер, оның әскери әрекеттері кейде Қырым хандығы, Қазақ хандығы, Астрахан хандығы секілді бауырлас мемлекеттерге қарсы да, тіпті Мұса би ұрпақтарының алауыздықтарын өз пайдасына шешу үшін де бағытталып отырған. Ол өмір сүрген кезде қалмақ, қызылбас, орыс секілді сыртқы жаулар Ноғай Ордасының тәуелсіздігіне ашықтан-ашық қауіп төндіре қоймаған еді. Сондықтан сөз болып отырған нұсқа оқиғаларының өрбуі барысында Ноғайлы жұртының батырлары Орақтың мақсатын орындау үшін іздеп барған дұшпанның Бөрі хан бастаған қалмақ елі болып шығуын анахронизмге жатқызбай тұра алмаймыз. Өйткені Ноғай Ордасы орналасқан жерлерге қалмақтардың үстемдік орнатуға ұмтылуы XVII ғасырдың алғашқы жылдарында бастау алғаны анықталған.

«Қарасай, Қазиды» жыры нұсқаларының басым көпшілігінде Орақтың балалары жауға мініп баруға лайық ат таппай қиналғаны баяндалып, ол мәселенің қалай шешілгені әр алуан сипатта баяндалады. Сол нұсқалардың бірқатарында және өзге жырларда Орақтың Қабанқұлақ қара ат деген тұлпары болғаны

айтылғанымен, әдетте Қарасай ол тұрған күннің өзінде өзге тұлпар іздестіреді. Бұның себебін Мұрат ақын жырлаған нұсқаны оқи отырып жақсы түсінуге болады. Бұнда Қабан құлақ қара ат өзін мінгісі келген Қарасайдың ойын құптамай, оның себебін өзінің иесі өлгеннен кейін күтімсіз қалып, күйі кеткенімен түсіндіріп, өзін сойып, қожа-молданы жиып, Ораққа дуа оқыту керектігін айта келіп:

«Енді мені сойсайшы,
Басыма жалау байла да,
Орақпен бастас қойсайшы», —

деп, кеңес беруі Қабан құлақ қара атты Қарасайдың мінуіне кедергі болатын негізгі себеп өткен заманда ер-азамат өлген соң оның атын тұлдау, яғни оның жал-құйрығын күзеп, құр жіберіп, бір жыл өткен соң иесінің асына сою дәстүрінде жатқанын аңдатады. Ата-бабаларымыздың одан көне дәуірлерде жерленген адамдарды бұл дүниеде пайдаланған заттарымен, сонымен қатар аттарымен де бірге жерлеу дәстүрінен хабар беріп, эпос үлгілерінде жиі кездесетін көп қабаттылықтан бұл жыр да ада емес екенін білдіреді.

Бұл нұсқаның көзге ұрып тұрған өзгешеліктерінің бірі ретінде бірнеше күн қалмақпен екі-үш күн бойы Тарғынмен үшеуі ғана соғысқан Қарасай мен Қазидың майдан алаңында ұйықтап қалғанын білген Орақтың аруағы көрден шығып, келіп, жауды түпкілікті жеңіп, балаларын қатерден құтқаруына тоқталу лазым. Өйткені желеп-жебеуші аруақтардың бас қаһарманның ұрыс қимылдарына тікелей араласуы классикалық қаһармандық эпос үлгілерінде сирек кездеседі. Өйткені батырлар жырының алдындағы ең негізгі нысана — бас кейіпкердің өз ерлігі мен күш-қайратын дәріптей суреттеп, халыққа үлгі ете көрсету. Сондықтан үшінші біреудің көмегі тиюі батырды мадақтауға қызмет етуі былай тұрсын, оған көлеңке түсіреді. Басқа нұсқаларда бұндай мотивтің қайталанбауы осыған байланысты екені хақ. Қарастырылған нұсқаның осы және басқа да өзгешелігі әр жыршының өзі жырлап отырған эпикалық туындыға қайталанбас, тыңдаушыны жалықтырмас сипат дарыту үшін пайдаланатын мотивтер қорында шек жоқ екенін сездіреді.

Қашаған Күржіманұлы нұсқасы. Бұл нұсқаны филология ғылымдарының кандидаты Қабиболла Сыдиықов қағаз бетіне түсіріп, өзінің баспаға дайындауымен 1991 жылы баспа бетін көрген Қашаған ақын шығармаларының «Топан» атты жинағына енгізіп, бұл нұсқа жөнінде мынадай ғылыми түсінік берген: «Қашағанның немере інісі, маңғыстаулық жыршы — Шәдіман Үсембаевтың айтуынан 1964 жылы хатқа түскен. Осы жырдың бір жазбасы Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасында сақтаулы (398-папка). Шәдіман «Қарасай — Қазиды» ақынның өз айтуынан үйренген. Ел арасында бұл жырдың Қашағаннан үйреніп, Мұса, Мұрын жыраулар айтқан басқа да нұсқалары кездеседі» (24, 175).

Жырдың бұл мәтіні жоғарыда көрсетілген «Топан» жинағынан алынып, баспаға дайындалды.

Қазақ поэзиясының көптеген жанрында айшықты із қалдырған көрнекті ақын эпикалық дәстүрдің дамуына көптеген халық жырларын орындап, өзге жыршыларға үйрету, жаңадан жыр шығару арқылы айрықша зор үлес қосқан. «Қырымның қырық батырын» бізге жеткізуші Мұрын жырау мына жырларды өзіне жаттатып, оларды үйреткен Қашаған екенін айтқан: «Қыдырбайұлы Қобыланды», «Шынтасұлы Төрехан», «Әмет», «Алау», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Асан қайғы», «Абат», «Тоған», «Манашы», «Манашыұлы Тұяқбай», «Айсаұлы Ахмет», «Қарғабойлы, Қазтуған» (8, 352).

Қашаған жырау айтқан көл-көсір халық эпосы үлгілерінің ішінен осы заманға дейін сақталғаны — жалғыз «Қарасай — Қазиды» жыры.

Жалпы фольклор үлгілеріне мәтіннің ақпалылығы тән. В.Радлов мотивтердің ақпалылығы, бөлшектердің үнемі өзгеріп отыратындығы, олардың варианттары пайда болуы біртіндеп жырдың мазмұнын да өзгертетіндігі, жалпыхалықтық дәстүр негізінде жаңа жыр тудырудағы жеке жыршының рөлі эпос үлгілеріне ортақ заңдылықтар екенін анықтап, қырғыз жомоқшыларының өнері туралы «Поет так вдохновенно, так как он не в состоянии спеть одно и то же два раза, не изменяя форму изложения» деген ғылыми тұжырымының (31, 1-10) қазақ жыршыларына да қатысы бар екеніне «Қарасай — Қазиды» жыры нұсқаларын салыстыра отырып та көз жеткізе аламыз. Жырдың әрі суырып салма ақын, әрі көптеген жырларды

жатқа білген Қашаған ақын репертуарында болған нұсқасында да өзіндік ерекшеліктер мол. Бұл нұсқаның басталуының өзі өзге нұсқаларға қарағанда сонылығымен дараланады. Мысалы, бұл нұсқада ең бірінші есімі аталатын Құрманбай деген кісіні өзге ешқандай фольклорлық туындыдан да, өзге де дереккөздерінен ұшырастыру мүмкін емес.

Ал Әділ, Қарасай және өзге батырлардың жорыққа аттануына Қондыгердің хаты себепші болғаны «Әділ сұлтан» жырының нұсқаларында айтылғанымен, «Қарасай, Қазі» жырының тек осы нұсқасында сөз етіледі. Зерттеушілер қазақтардың «Қондыгер» немесе «Көндігер» жұртына Селжүк сұлтандарына еріп, Кіші Азияға қоныс аударған қандастарымызды жатқызатынын анықтаған. Демек, Қашаған жырлаған нұсқада «Қондыгер» деген сөз «он екі баулы Қазақ, Ноғайды басқаратын» ханның атауы ретінде қолданылуының шындыққа сәйкес келетін де, келмейтін де жақтары бар. Шындыққа сәйкес келетіні: Қарасай, Қазилар және оларға үкімін жүргізе алатын Қырым ханының Түркия сұлтанының ықпалында болғаны, Әділгерей сұлтанның сол Түрік билеушісінің бұйрығын орындау барысында бас бостандығынан айрылғаны — шындық. Дегенмен Ноғайлардың барлығы бірдей Түрік сұлтанының қарамағында болмағаны, мысалы, Ұлы Ноғай Ордасы мен Түркия мемлекетінің арасында тұрақты саяси байланыс та болмағаны белгілі. Дереккөздері Қазақ хандығы мен Түркия мемлекетінің арасында тығыз қарым-қатынас болмағанын аңдатады. Демек, Түркия мемлекетіне тәуелді болмаған елде өмір сүрген қазақ жыршыларының көпшілігі жырдың бас қаһарманының өзге бір ықпалды билеушінің тапсырмасын орындаушы ретінде көрінуі ғасырлар бойы қалыптасқан жыршылық дәстүрдің ұстанымдарына қайшы келетінін, яғни халық батырын дәріптеуге нұқсан келтіретінін жіті аңғара білген. Ал Қашағанның өзі өмір сүрген өлкеде айтылып, 1910 жылы баспа бетін де көрген «Әділ сұлтан» жырында баяндалатын шындықтан ауытқуды жөн деп есептемегені сезіледі.

Осы нұсқада Орақтың қайын атасы ретінде есімі ауызға алынатын Шөлгездің есімі қазақтың ақындары мен әңгімешілерінің ауыздарына көбірек ілінгені өзіне назар аудартпай қоймайды. Бұл кейіпкердің прототипі Батыс Қазақстан сөз зергерлерінің

жадында көптеген толғаулары сақталып келген әрі жырау, әрі қаһарман жорықшы Шалкиіз деп білеміз. «Қарасай, Қазі» жырының өзге нұсқаларында Шөлгездің аты ұшыраспауына оның және Орақтың арасында туыстық шын өмірде туыстық байланыс болмағаны себеп болғаны хақ. Ал оның әрі ақсақ, әрі шолақ, әрі соқыр қызының Орақтың «Осы әйелден бала туса, өзімнің аруағымды ұстайтын бала туар» деген үмітін ақтауы адамзат баласы дамуының алғашқы сатыларында орын алған инициация ғұрпына қатысты түсініктерді елестетеді. Дереккөздері жасөспірімдерді жоғарғы қауымға қабылдау алдындағы сынақ ретінде өткізілетін инициация ғұрпын бастан кешірген адамдардың дене мүшелерін міндетті түрде кемтар ету салты болғанын, яғни кемтарлық тектіліктің нышаны ретінде ұғынылғанын байқатады. Қазақтардың бергі уақытқа дейін тумысынан бір мүшесі артық немесе кем адамдарды «нышаналы» деп атап, оларды ерекше қасиетке ие деп білуі және халқымыздың «Тегін адам таз бола ма?» деген мәтелінің болуы — осындай наным-сенімдердің сарқыншағы.

Бұл нұсқаның өзге нұсқалардан өзгешеліктерінің бірі — жауға аттанған Қырымның қырық батырының хандыққа таласуы. Бұл да ертегілік сарынның әсерімен жырға енген анахронизм болып табылады. Шындығына келгенде, Қарасай мен Қазі тарих аренасында болған мезгілде Қырым хандығының тағында әуелі сол мемлекетті құрған ханның ұрпақтары мұрагерлік ретпен кезек-кезегімен билік құрып, өзге әулеттен шыққандардың билік басына келуіне, әсіресе төре тұқымынан шықпаған батырлардың таққа таласуына ешқандай жол бермей отырған болатын. Өзге нұсқалардың көпшілігінде Қарасай, Қазі және өзге батырлардың Әділдің хандығын мойындап, оның қандай тапсырмасы болса да, бұлжытпай орындап отыруы, Әділдің өмірінің соңғы жылдарында өз әкесі әрі Қырымның ханы — Дәулеткерейдің қалғасы, яғни орынбасары лауазымын иеленгенінің, аталмыш хандықтағы екінші тұлға болғанының әсері екені анық.

Ал Қашаған жырау нұсқасында хандыққа таласушы батырлардың ақырында Қарасайды хан сайлауы да өткен заманның оқиғаларының егжей-тегжейлері кейінгі дәуір адамдарының барлығының бірдей санасында толық сақтала бермегенін байқатады. Едіге де, оның ұрпақтары да хандық лауазымды

иелене алмағандығы, Шыңғыстың ұрпағы болмағандықтан, өз үстемдіктерін хандардың беглербегі, яғни әмірлердің әмірі қызметін атқару арқылы жүргізуді көздегені — тарихи шындық. Оның үстіне Қарасай — Ноғай Ордасындағы ең жоғарғы лауазым — би атағын да иеленбеген кісі. Осындай шындықтың көрінісі «Қарасай, Қазі» жыры нұсқаларының басым көпшілігінде хан ретінде Әділдің ғана бой көрсетінінен, ал Қарасай, Қазі жырда ерлігі жаннан асқан батырлар ретінде ғана дәріптелетінінен аңғарылады.

Дегенмен хандық лауазымды биліктің, мәртебенің ең биік шыңы ретінде ұғынған халық әдетте бас қаһарманның барша мұратына жетуімен тамамдалып жататын фольклорлық туындыларында, оның ішінде классикалық қаһармандық эпостың көптеген үлгілерінде де, бас кейіпкердің жеңісінің ең зор нәтижесі оның өз еліне хан болғаны екенін атап өтіп отырады. «Қарасай, Қазі» жырының көптеген нұсқаларында Мамайдың хан ретінде таныстырылуы, қарастырылып отырған нұсқада осындай дәрежеге Қарасайдың қол жеткізуі — осындай дәстүрдің ізі. Бірақ «Қырымның қырық батыры» жырлар циклының көптеген үлгілерін жатқа білген Қашаған әдетте хандық Әділге тиесілі екенін де ескермей тұра алмайды. Соның айғағы — бұл нұсқада бір батырдың «Қарасайдың айтуы бойынша мына жолдан өткенде әскер екіге бөлінетін болып тұр, сондықтан екінші әскерге хан етіп Бүркіт хан ұлы Әділді сайлайық» деген ұсынысы өзгелерден қолдау табуы. Осы тұста нұсқаларда ойдан шығарылған кісі, жер-су аттары да жиі кездесіп тұратынын, әлгінде сөз болған Бүркіт хан, Мұрат жырлаған нұсқадағы «қалмақтың Бөрі ханы» деген кейіпкерлердің тарихи прототипін табу тіпті мүмкін еместігін де ескерте кету артықтық етпес.

Әділдің бұйрығымен жаудың мекен еткен жерін барлап келген батырлардың аттары да нұсқалардың әрқайсысында азды-көпті өзгеріске түсіп отыратыны байқалады. Тама мен Тарғынның осындай қызметті атқаруы тек осы нұсқада ғана баяндалады. Тарғынның бұл жырдың бас кейіпкерлеріне серік болғандығы Мұрат Мөңкеұлы нұсқасында да байқалса, Таманың есімі Қашағанның ойына оралуына «Қырымның қырық батыры» циклына енетін жырлардың бірі осы батырдың ерлігін баяндауға арналғанына байланысты секілді.

Бұл нұсқада адмзат баласының көне замандардан осы уақыттарға дейінгі наным-сенімдерінің нәтижесі болып табылатын түс көру мотивінің атқаратын қызметіне баса мән беріледі. Сол себепке байланысты өзге нұсқаларда Әділдің хабарын оның жанашырларына білгізуші болып табылатын қарлығаш, қарақұс кейпінде көрінетін пір бұл нұсқада ұшыраспайды. Бас кейіпкерлердің бірі жау тұтқынынан босағандығын нанымды, дәлелді етіп көрсету үшін қолданылған мотивировка қызмет атқаратын ондай хабаршының да, кейбір нұсқаларда Қарасай мен Қазифа жөн сілтейтін Ноғайлы халқынан шыққан әйелдің де, өз ұлдарына көрден шығып жәрдем беретін Орақтың аруағының да міндетін бас кейіпкерлердің ерекше қасиетке ие болып табылатын анасы атқарады. Бұлар көне дәуірдегі түсініктердің кейінгі замандардағы жаңаша пайымдала бастауынан туындаған өзгерістер санатына жатады.

Нұрпейіс Байғанин нұсқасы. Бұл нұсқа 1946 жылы Н.Байғаниннің «Таңдамалы шығармалар» атты жинағына енген, сол кітаптан алынып, осы томға енгізілді.

Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі — Нұрпейіс Байғанин, профессор О.Нұрмағамбетованың тілімен айтқанда, «жан-жақты, көп қырлы ақын. Бір жағынан ол асқан төкпе (импровизатор) ақын болса, екінші жағынан творчествосының басым жағы оның халықтың дәстүрлі батырлық, ерлік дастандарын жырлауында жатыр. Басқа ақын-жыршылардан бөлек айрықша көзге түсетін ерекшелігі де осында. Оның революцияға дейінгі репертуары, негізінен, халық арасына кеңінен тараған, ақыннан ақынға, жыраудан жырауға мирас боп айтылып келе жатқан эпостық жырлардан тұрады» (5, 10).

Н.Байғанин жырлаған қазақ эпосы үлгілері қазір Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолжазба қорларында сақталып келе жатқан «Құбығұл», «Алпамыс» (үзінді), «Төрехан», «Қобыланды» және тағы басқа жырлармен ғана шектелмегенін зерттеушілер анықтаған. Бұл туралы О.Нұрмағамбетова: «Нұрпейіс «Ер Тарғынды», «Қыз Жібекті», «Айман — Шолпанды» т.б. көп жырларды айтты» деген дерек болғанымен, ол жырлар кезінде жазылып алынбаған. Әрине, дарынды ақпа-төкпе ақынның, даңқты жыраудың халық жырларын көп білуі, оларды ұзақ жылдар бойы өзі айтып қоймай, көптеген шәкірттеріне үйретіп, тапсыруы ғажап емес, — деп жазған болатын (5, 10).

Нүрпейіс шығармашылығының тағы бір саласы ел ішіне кеңінен таралған аңыз-әңгімелерді өлең өрнегіне түсіріп, жырға айналдыру болғанын «Аққенже», «Нарқыз» атты дастандары аңдатады. Ақынның жыршылық дәстүрді жетік меңгергендігі «Ер туралы жыр», «Жиырма бес» поэмаларынан да айқын аңғарылады.

«Қарасай—Қази» жырының Н.Байғанин нұсқасы қалмақтың ханы Қабартиын мен Мамайдың арасында орын алған қантөгіс оқиғаны баяндаудан басталады. Жырдағы: «Қабартиынның балалары Палуан сұлтан, Батыр хан дегендер болады. Палуан сұлтан мен Батыр хан Орақ пен Мамайдың тұсындағы хандар еді», — деген сөйлемдер кездесуі және одан ары қарай сол билеушілерді Мамайдың опасыздықпен өлтіргендігі баяндалуы бұл тұста «Палуан сұлтан», «Батыр хан» деп аталған екі кейіпкердің прототипі XVI ғасырда өмір сүрген Баһадүргерей екенін аңдатады. Ол 1523 жылы Астраханда өзінің одақтастары болған Мұса би ұлы — Мамайдың, Жаңбыршыұлы Ағыстың және Алшағырұлы Орақтың опасыздық әрекеттері салдарынан қаза табады.

Ноғай Ордасының жоғарыда аталған қайраткерлері XVI ғасырдың жиырмамыншы жылдарының басында Қырымның сол кездегі ханы — Мұхаммедгереймен одақтасып, оған бағынған сыңай танытады. Осы бірлесудің нәтижесінде 1522 жылдың соңында Мұхаммедгерей Астраханды ұрыссыз алып, қашып кеткен жергілікті хан Хүсейін б. Жәнібектің орнына өзінің ұлы — Баһадүргерейді отырғызады. Бірақ Мамай мен Телағыс өздерінің тәуелсіздігін көкसेп, 1523 жылы Астраханда Мұхаммедгерей мен Баһадүргерейді өлтіреді. «Қарасай—Қази» жырында қалмақтың ханы ретінде көрінетін Батыр хан — осы Баһадүргерей.

Бірқатар түркі халықтарының фольклорлық мұраларында Батыр және Палуан атты ағайынды екі сұлтан туралы сөз болады. Бұл жөнінде В.В.Трепавлов: «Как обычно, в фольклорном сюжете есть несоответствии историческим реалиям (к примеру, Пелван — султан не существовало вообще, но это имя может быть переосмыслением личности и переводом имени калги Бахадур-Гирея — «Богатыр-салтана русских источников», — деп жазған (34, 168-169).

Ал Нүрпейіс жырлаған нұсқада олардың әкесінің «қалмақтың ханы Қабартиын» деп аталуының, біздің ойымызша, мы-

надай мәнісі бар: біріншіден, фольклорлық мұраларды сақтап жеткізушілер бертінірек уақыттарда жырға арқау болған оқиғаларға қатысушылардың нақты ел-жұрттарының атауларын «қалмақ» этнониміне алмастыруға көбірек ден қойғандығы аңғарылады. Бұған қандас, туыстас халықтардың арасындағы өткендегі алауыздықтарды замандастарының есіне қайтадан түсіріп, ескі жараның аузын тырнауды дұрыс көрмеген жыршылардың азаматтық ұстанымдары мен өзге де себептер ықпал еткені байқалады; екіншіден, көп жағдайларда жырды айтушы халықпен әр замандарда әскери қақтығыстарға түскен халықтардың атаулары жырларда жеке батырлардың есімі ретінде де қолданылуы кездеседі. Мысалы, қазақ жырларында дұшпандардың өкілі ретінде бейнеленетін Қараман деген батырдың есімі оның түрікмен халқынан шыққан адам екенін аңдатады. Бірқатар қазақ тарихи жырлары мен аңыздарында «Қалмақтың ханы Қатаған» деп аталатын кейіпкердің прототипі Есім ханмен қақтығыстың салдарынан қаза тапқан Қатаған қауымының билеушісі — Тұрсын хан екенін анықтау қиын емес. Түркі халықтарының фольклорында Едігенің қарсыласы ретінде бейнеленетін «Кабантин» немесе «Кабартин» атты алып күштің иесі дәудің есімі де түп тамырын Кавказды мекендеуші Кабарды руының атауынан алатыны анық. Бұл кейіпкердің Едіге туралы жыр аңыздарда бой көрсетуіне бұл туындылардың бас қаһарманына қарасты елдің әуел баста Солтүстік Кавказда тұрғанына байланысты болса керек. Ал Қазидың да Кіші Ноғай Ордасын өзінің арғы атасының байырғы мекені — Солтүстік Кавказда құруы, көрші халықтардың арасында бірде тату, бірде қату қарым-қатынастар болмай тұрмайтыны Қарасай мен Қазидың сүйікті атасы — Мамайдың жауының «Қабартиын» деп аталуының жайдан-жай емес екенін ұқтырады. Тарихи деректер Қазидың мен Ысмайыл билер өздерінің арасындағы алауыздықтарға кейде Кавказ халықтарының, солардың ішінде Кабардының да, билеушілерін қатыстыруды теріс көрмегенін сездіреді.

Ноғай Ордасы мен Қырым хандығының жырда аталған Еділ, Шаған суларын, лажы болса, ешкімді еншілес қылмай, басы бүтін иеленуді көксей отырып, қайрат жұмсағаны да, күш-қуаттары тасып тұрған шақтарында біріне-бірі осындай мүдде тұрғысынан күш те көрсеткені — өмір шындығы. Дегенмен бұл мемлекеттердің арасындағы туыстық байланыстардың

жібі ешқашан үзілмеген. Қырым хандығының ілгері-соңғы уақыттардағы билерінің, қолбасыларының көпшілігі Ноғай ордасының мырзалары болуы, оның үстіне сол мемлекеттің құрамында Ноғай диаспорасының ерекше беделге ие болуы, олардың саны уақыт өткен сайын Ұлы Ноғай Ордасынан әр түрлі себептермен бөлінген халық есебінен молайып отыруы, Ноғай Ордасы түпкілікті ыдырағанда оның елеулі бөлігі Қырым хандығына сіңуі және өзге де осы тәрізді жағдайлар Ноғайлы дәуірінің қаһармандарының жауы ретінде Қырым хандығының билеушілерін көрсету кейінгі дәуір жыршыларына ерсі көрінуіне әкеліп соқтырған. Өйткені қазақ халқы және онымен іргелес жатқан қандас елдердің шежірешілерінің түсінігінде XIV—XVII ғасырлардағы Ноғайлы дәуірінің қаһармандары Қырымның қырық батыры санатына жатады. Сондықтан көптеген жырларда Қырым хандығы мен Ноғай Ордасы арасында болған кейбір саяси шиеленістер көбінесе «Қарасай—Қази» жырының Нұрпейіс жырлаған нұсқасындағыдай тігісі жатықтырыла баяндалады.

Кезінде әкесінен жаулық көрген Қырым хандары әулетімен Қазидың өзі орда басқарған кезде берік те баянды ынтымақ орнатуының сыры да ол мемлекеттерден алыстау жерлерді мекендеген қандастарымыз үшін жұмбақ құбылыс болғанын жырдың Нұрпейіс нұсқасындағы Еділдің (бұл нұсқада Әділ сұлтан осылайша аталады) туу тарихының баяндалуы барысында аңғарамыз. Онда Ноғайлының ханы Шынтемірдің ұлы—Еділдің Қарасай, Қазилармен татуласқан Палуан сұлтан ұлы Жаседіл ханның батасының күшімен дүниеге келгендігі бейнеленеді. Қарасай мен Қазидың да, олардың әжесі—Қараүлектің де хан тағын иеленуден бас тартып, оны әуелі Шынтемірге, ол өлген соң Еділге беруі де бергі дәуірдің көне көз қариялары да Едіге ұрпақтарының хандық лауазымды ешқашан иеленбегенін жадынан шығара қоймағандығын білдіреді.

Еділ ханның бастауымен Қызылбасқа жасалған жорыққа қатысқан батырлардың қатарында Ахмет, Алау, Телағыстың да есімдері аталуы—классикалық қаһармандық эпос үшін типологиялық құбылыс болып табылатын көп қабаттылықтың (полистадиальность) мысалдарының бірі. Өйткені бұл батырлардың алдыңғы аталған екеуі—түркі халықтарының XIV-XVII ғасырлар оқиғалары туралы аңыздары мен

жырларының көпшілігінің кейіпкерлері ретінде кездеседі. Ал Жаңбыршы ұлы Телағыс Мамаймен және оның інісі — Орақпен 1523 жылғы «Астрахан апатынан» кейін көп уақыт өтпей-ақ жауласуға көшкені, аз ғана мезгіл өткен соң өмірден өткені белгілі. Демек, «Қарасай, Қазиді» жырларының кейбір нұсқаларында Телағыстың Қарасай, Қазимен тізе қоса отырып ерлік көрсетуі, Мұрын жырлаған «Жаңбыршыұлы Телағыс» жырындағы негізгі тартыс Телағыс пен Қарасай, Қазиді бастаған Мұсаның отыз ұлы арасында өрбуі анахронизм болып табылады.

Фольклор туындылары арқылы халықтың асыл арманы, эстетикалық мұраты паш етілуі әдетте жағымды кейіпкер атаулыны мінсіздендіре сипаттау арқылы жүзеге асырылады. Қарасай, Қазилардың іс-әрекеттерін баяндау мақсатында айтылатын туындылар ішінде бұл поэтикалық ұстанымға адалдықтың тамаша үлгісі Нұрпейіс жырлаған «Қарасай — Қазиді» жырында әсіресе жақсы танылады. Бұл нұсқада өзге нұсқалардағыдай Ноғайлы батырларының бірін артық, екіншісін кем етіп көрсетудің байқалмауы — осы пікіріміздің дұрыстығына дәлел. Соған орай, Еділдің қолға түсуі жорыққа қатысқан Ноғайлы батырларының осалдық танытуының емес, қараңғылықтың салдары ретінде бейнеленеді. Еділді табуға батырлардың барлығы бірдей үлес қосады.

Бұл нұсқаның соңында баяндалған оқиғалар да жырдың өзге нұсқаларында қайталанбайтын сонылығымен дараланады.

Құдайберген Шоқаев нұсқасы. Бұл нұсқаны 1947 жылы жинап, қолжазба қорына тапсырған — Иманбай Ұйықбаев. Қазір бұл нұсқаның қолжазбасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасындағы 784-бумада сақтаулы. Бұл мәтін бұрын баспа бетін көрмеген.

Қ.Шоқаев және М.Ахметов нұсқалары «Қарасай, Қазиді» жырларының жоғарыда сөз болған версияларының екінші тобына жатады. Бұл нұсқаның басталуында өзге нұсқалардан бірқатар айырмашылық кездеседі. Оның біріншісі — Орақтың өлімінің себебін бас қаһарманның ғұсыл құюды ұмытып кетуімен байланыстыру. Бұл — қазақ фольклорына ислам дінінің әсерімен енген мотивтердің бірі. Екінші өзгешелік — Ораққа қастық жасаушы Мұсаның ұлдарының қатарында Алу Сарының, Сыйдақтың аттары аталуы. Төменде жырда кездесетін тарихи тұлғалар туралы ғылыми түсінікте Ноғай Ордасының билері

мен мырзалары туралы шежіре үлгілерінің кейбірінде Мұсаның Қалу, Сары деген екі ұлы болғаны айтылатынына тоқталамыз. Ал қазір сөз етіліп отырған нұсқада бұл екі сөз бір адамның есімі ретінде қолданылған. Қалу мен Сарының Орақты өлтіруші ретінде көрінуін өзге де фольклорлық туындылардан, мысалы, осы жинаққа кірген «Қарасай, Қазі» жырының Мұрат ақын жырлаған нұсқасынан, байқаймыз. Дегенмен ауызша таралған аңыздар мен жырлардың біріне-бірі қайшы да келіп жататынын осы томға кірген жырдың Ш.Көрібаев жариялаған нұсқасында Қалудың Орақтың ұлы — Қарасайға достық пиғыл танытуынан да аңдаймыз. Ал Сыйдақтың шын есімі Саидахмет екені, ол Ноғай Ордасының биі болған кезде Орақтың сол мемлекеттің беделді адамдарының бірі болғанын тарихи құжаттар айғақтайды. Сыйдақ пен Орақтың арасында қантөгіске апаратындай алауыздық болғандығы туралы дерек кездеспейді.

Мүстежеп Ахметұлы нұсқасы. Бұл нұсқаның қолжазбасы Қыдырәлі Саттаров басқарған фольклорлық экспедицияның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы қолжазба қорында сақтаулы материалдарының ішінен алынды. Бұл мәтін — жоғарыда аталған фольклорлық экспедицияның Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау барысында тапқан рухани қазыналарының бірі.

Бұл нұсқаның қолжазбасында: Бұл «Қарасай, Қазі» дастаны Қарақалпақстанның Қоңырат ауданының «Раушан» совхозында тұрушы Әмір Сейілханұлынан жазып алынды. Руы - Табын, Қарақойлы.

Бұл дастанды алғаш 1914 жылы, одан бергі жылдары атасы — Тілеумағанбет жыраудан естіген екен. Ахмет, оның баласы — Мүстежеп деген кісілер де той-жиындарда айтып жүрген. Бұл кісінде сол Тілеумағанбеттен жазып алынған қолжазба бар екен. Бізге сол қолжазбадан оқып та, өзі ауызша да айтып жаздырды. Жазып алғандар: Қыдырәлі Саттаров пен Құлпыбаева Қадиша» деген мағлұмат берілген.

Бұл қолжазбаның ең соңғы шумағындағы:

«Тыңдап шыққан жақсылар,
Осымен жырым тамам-ай.
Көне архивтен аударып,

Бұл қағазға жаздым-ай.

Ахмет ұлы Мүстежеп», — деген сөздер бұл мәтінді «Мүстежеп Ахметов нұсқасы» деп атаған жөн екенін білдіреді

Ш.Кәрібаев нұсқасы. Бұл нұсқа Ш.Кәрібаевтың дайындауымен 1944 жылы жарық көрген 5-класқа арналған «Әдебиеттік оқу кітабынан» алынып, осы томға енгізілді. Олеңбекте жырдың бұл мәтіні кімнен жазылып алынғаны, жинаушысы кім екені туралы мағлұмат келтірілмеген, тек нұсқаның қысқартылып берілгені туралы ескертпе ғана бар.

Бұл нұсқада да өзге нұсқаларда кездеспейтін бірқатар фольклорлық сарындар байқалады.

Солардың бірі — өзге нұсқалардың бірқатарында жағымсыз сипатта көрінетін Қалудың бұл нұсқада ізгі ниетті би кейпінде танылатыны. Жырда оның және Қасым деген кісілер би ретінде бой көрсетілетініне келсек, дерекөздерінде есімдері аталатын Ноғай Ордасының билері санатында бұндай адамдардың есімдері ұшыраспайды.

Әділдің ғайыптан пайда болуын осы нұсқадағыдай бейнелеу де жырдың өзге нұсқаларынан байқалмайды. Бас кейіпкердің зақымданбайтындығы туралы кеңейте жырлау туралы да осыны айтуға болады.

Әділбасқарған жорыққа қатысушылардың ішіне Қобыланды, Өуез, Құбығұл батырлар енуі жырдың өзге нұсқаларында кездеспейді.

Құбығұлға арналған жеке жыр бар екені белгілі. Ал Қобыланды батыр өзіне арналған жеке эпикалық туындымен қатар, Едіге туралы жырда да есімі аталатын қаһарман. Едігенің 1419 жылы, ал, Қазидың 1576 жылы қаза тапқанын ескерсек, бұл кейіпкердің бұл туындыда бой көрсетуін эпосқа тән көп қабаттылықтың салдары деп білеміз. Біз қарастырып отырған нұсқада Қарасайға ақыл айтатын Сыпыра жыраудың түркі халықтары эпосында Едігенің жауы — Тоқтамыс ханның ақылшысы ретінде көрінетіні, ал қазақ эпосының «Ер Тарғын», «Жаңбыршы ұлы Телағыс» және т.б. үлгілерінде белсенді әрекетімен көзге түсуі туралы да осыны айту ләзім.

С. Сәкенов

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Айсаның ұлы Ахмет — қазақ және өзге де қыпшақ тілді түркі халықтарының қаһармандық эпосындағы бас қаһарманға айналған тарихи қайраткер.

Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыры» атты жырлар циклына «Айсаның ұлы Ахмет», «Әмет» атты жырлар енеді. Онда Әмет Айсаның інісі ретінде көрінеді.

Ал татар, ноғай фольклорында «Айсылдың ұлы Амет» атты жыр кездеседі. Онда Айсылдың ұлы Амет пен оның ғашық жарының қыздың әкесі болып табылатын Алтын Орданың ханы — Жәнібектің бұлардың қосылуына бөгет жасамақшы болған әрекетіне қарсы күресі баяндалады. Сол халықтардың аталған жырында кейде бас қаһарманның есімі «Ахмет» деп те аталады.

Ал «Қарасай-Қази» жырында Ахмет пен Әмет — екеуі де — Айсаның ұлдары, ағайынды батырлар.

Татар ғалымы М. Усманов өзінің «Татарские исторические источники XVII — XVIII века» атты еңбегінде Айсылдың ұлы Аметтің тарихта шындығында болған тұлға екенін ибн Батутаның естеліктерінде аталған саяхатшының Өзбек ханның әрі күйеу баласы, әрі қайын атасы болып табылатын, аталған ханның өмірлерінің әмірі қызметін атқаратын Исабек гураганның үйінде қонақта болғандығын әңгімелеу ұшырасатынын және «Никон жылнамасында» осы Исабектің немересі Астрахан князі — Салшының ушкүйниктік қарақшыларды алдаусыратып өлтіргені баяндалатынына, Салшының есімі «Айсылдың ұлы Амет» жырының соңында аталатынына сүйене отырып анықтаған.

Ахмет Мұрын жырау жырлаған «Едіге», «Асан қайғы, Тоған, Абат», «Жаңбыршы ұлы Телағыс» және өзге де жырлардың кейіпкері ретінде кездеседі. Ахметтің «Қарасай-Қази» жыры нұсқаларында да ұшырасуы қаһармандық

эпосқа полистадиялық (көпқабаттылық) сипат тән екенін айғақтай түседі. Өйткені Жәнібек ханның Алтын Орданың билігін ұстаған кезі XIV ғасырдың орта шені болса, Едіге XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында билік басында болған, ал Телағыс пен Қарасай, Қази — XVI ғасырда тарихи белсенділік танытқан қайраткерлер.

Айсаның ұлы Әмет — Бұл туралы мәліметті Айсаның ұлы Ахмет туралы ғылыми түсініктен қараңыз.

Айсаның ұлы Серік — Ол туралы тарихи дерек кездеспейді.

Ақташы — «Ақташ» сөзін Ш.Уәлиханов ру аты деп түсіндірген, ал профессор И.Березин сарай қызметкерлерінің лауазымы деп есептейді. «Шора батыр» жырының нұсқаларында Ақтажы Әліби деген кейіпкер кездеседі. Ш.Уәлиханов Қырым ханы — Сағадатгерейдің жарлықтарының біріне «Ақташ Али би» деп қол қойған тарихи тұлғаның осы Әліби екеніне нық сенім білдірген (37, 138).

«Қарасай-Қази» жыры нұсқаларында кездесетін «Ақташы», «Ақтайша» деген кісі атаулары осы «Ақташ» сөзінің өзгеріске түскен түрлері деп білеміз.

Алау — қазақтың шежіресінде, Татар, Ноғай халықтарының «Айсылдың ұлы Амет» жырында сөз болатын батыр. Кіші жүз рулары Алауды өздерінің атасы деп біледі. «Қырымның қырық батыры» циклында «Алау батыр» атты жыр бар. Алау — сонымен қатар Мұрын жырау репертуарындағы өзге де бірқатар жырлардың кейіпкері.

Алшы — Ноғай Ордасының биі Ысмайылдың есіміне қосарланып айтылатын анықтауыш мәнді сөз. Аталған тарихи тұлғаның «Алшы Ысмайыл» атануын зерттеушілер «алшы» сөзімен байланыстырып, оның жолы болғыштығын мегзейтін, яғни «асығы алшысынан түскен» деген мағынаны білдіретін эпитет деп жорамалдаған. «Қарасай-Қази» жырының кейбір нұсқаларында «Алшы» сөзі жеке кісінің атауы, яғни Мұсаның отыз ұлының бірінің есімі ретінде қолданылған.

Әлі Смайыл Жырды оқи отырып, осындай есімді иеленген кейіпкердің прототипі де жоғарыда сөз болған Алшы Ысмайыл би екенін аңғаруға болады.

Әнжі — Ысмайылдың есіміне қосарлана айтылатын эпитеттің бірі. Эпикалық туындыларда кейде Ысмайылдың атауы ретінде жеке де қолданылады. «Әнжі» сөзі «аяр» деген мағынаны

білдіреді, яғни Ысмайылдың зұлымдығын, опасыздығына орай қолданылған сөз.

Баба түкті шашты Әзіз — мұсылман дінінің орнығуына аса зор еңбек сіңірген қайраткер. Оның мазары Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданына қарасты Жылыбұлақ деген жерде. Қыпшақ тілдес түркі халықтарының аңыздары мен жырларының көпшілігінде Баба түкті шашты Әзіз Едігенің әкесі (кейбір фольклорлық туындыларда атасы) екені айтылады. Дегенмен академик В.Бартольд өзінің «Отец Едигея» атты арнайы ғылыми зерттеуінде Едігенің әкесінің аты — Балтышақ екенін, Балтышақтың Орыс хан ұлы Темір Мәліктің әмірлерінің әмірі қызметін атқарғанын, Тоқтамыс ханның қолынан қаза тапқанын анықтаған (7, 798-799).

Батыр сұлтан — Қырымның ханы — Мұхаммедгерейдің ұлы, Қырым ханының қалғасы — Баһадүргерей. Ол туралы осы томның ғылыми түсінігінде кеңірек сөз болды.

Едіге — 1391 жылы Ұлы Ноғай ордасын құрған тарихи қайраткер. Ол аталған мемлекеттің билігін өзі қайтыс болған 1419 жылға дейін қолында ұстаған.

Тарихи деректер Ш.Уәлихановтың «Это — Идиге тот самый Идиге, Эдеку и Идигей безотчетно который при четырех ханах» деген мағлұматының (37, 201) растығын айғақтайды. Шынында да, Едіге өзі би лауазымын иелене отырып, Алтын Орда тағына өзінің айтқанынан шықпайтын хандарды отырғызу арқылы аталған мемлекетте өзінің шектеусіз билігін жүргізген.

Ер Көкше — қазақтың батыры. Шежіреде Уақ руының Ер Көкшеден тарағаны айтылады. Қадырғали Жалайырдың шежіресіндегі «Никон жылнамасындағы» деректерге қарағанда, ол 1419 жылғы Едіге мен Қадырберді әскерлерінің арасындағы ұрыс кезінде қайтыс болған. Қазақ халқында «Ер Көкше» атты бірнеше жыр бар. Ер Көкше сонымен қатар Мұрын жыраудан жазылып алынған өзге жырлардың бірқатарында да, қырғыздың «Манас» жырында да кейіпкер ретінде көрінеді.

Ер Қосай — Ер Көкшенің ұлы, қазақтың батыры. Қазақ халқында «Ер Қосай» атты бірнеше жыр бар. Ер Қосай — сонымен қатар «Манас» жырының да бас кейіпкерлерінің бірі.

Ер Тарғын — Қазақ және Ноғай эпостарының бас қаһарманы болып табылатын Ноғайлы батыры.

Жантаза — Мұса бидің бірінші әйелінің есімі. Академик В.М.Жирмунский келтірген жоғарыдағы кестеде оның есімі «Хандаза» деп берілген. Қосымша мағлұматтар болмағандықтан, бұл екі атаудың қайсысы дұрыс екенін анықтауға мүмкіндік болмады.

Жаңбыршы — Мұса бидің інісі. Ол ағасы қайтыс болған соң Ноғай ордасының биі болған. Қадырғали Жалайыр: «Ямхурчи ағасының көзі тірісінде би болды», — деп жазған (16, 256).

Көгістің ұлы Тама — түркі тектес рудың, сол рудың арғы атасы болып табылатын батырдың аты.

Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батырының» құрамындағы «Қарадөң батыр және оны ұрпақтары» циклында «Тама» атты жыр бар. «Башкирское народное творчество» атты Мәскеуден шыққан кітапта да Башқұрт ұлтын құрайтын негізгі алты рудың бірі — Тамян руының арғы атасы туралы аңыз бар. М.Тынышбаев өзінің тарихи еңбектерінде Тамань түбегін де «Тама» атауымен байланыстырған (33, 97-98).

«Қырымның қырық батырында» «Көгіс, Тегіс» атты жыр бар, сол жырлар циклында Көгістің Таманың әкесі екені айтылады.

«Шора батыр» жырының В.Радлов жазып алған нұсқасында да «Когушли Тама» деген этноним кездеседі.

Қазы — Алшағыр ұлы Орақтың кіші ұлы, Кіші Ноғай ордасының негізін қалап, билеген тарихи қайраткер.

Қарасай — Алшағыр ұлы Орақтың тұңғыш ұлы.

Қожа Бәуеден — Бахауддин Нағышпенді. Ол — Орта Азиядағы сопылық ағымдардың бірінің негізін қалаған басшысы.

Мамай — Мұса бидің екінші әйелінен туған ұлы. Оны зерттеушілер де, халықтық туындыларды айтушылар да көбінесе Мұса бидің бірінші әйелі — Хандазадан туған Шейхмамаймен шатастырады.

Мұса — Едігенің шөбересі, Нұрадынның Оқас атты ұлынан туған. Мұса — Ноғай Ордасының биі. Хорезми қаза тапқан соң би лауазымын Нұрадынның ұлы — Аббас иеленген. Қадырғали Жалайыр Хорезмиді Оқастың інісі ретінде көрсеткенімен, В.В.Трепавлов оның Оқастың ұлы екенін атап өткен (34, 10).

Аббас бидің тұсында-ақ Ноғай Ордасының жалпы жұртшылық мойындаған басшысы Мұса болған. Аббастың көзі тірісінде Жәдігер ханның беглербегі қызметін атқарған Мұса өзінің

інісі — Жаңбыршы екеуі Шығыс Дештінің Аралдан бастап Еділге дейін созылып жатқан елеулі бөлігіне үстемдігін жүргізген. Дереккөздерінде Аббас бидің есімі 1491 жылдан бастап бірдебір аталмауына қарап, зерттеушілер Аббастың қайтыс болған және Мұсаның би болып сайланған уақыты осы жылы деп жорамалдайды.

Мұса би — «Дешті Қыпшақтың хакімі» атағын иеленген билеуші.

Мұсаның отыз ұлы — халық аңыздарында Мұса бидің отыз ұлы болғаны туралы естелік сақталған. Бірақ ол отыз ұлдың кім екендігі туралы мағлұматтар бір-біріне қайшы келіп отырады.

Академик В.М. Жирмунский Мұса би ұрпақтарының шындыққа жақынырақ шежіресін Мұсаның ұлы — Жүсіп би ұрпақтарының отбасылық шежіресіндегі Н.Б.Юсупов жасаған схема негізінде қалпына келтірген. Сол мәлімет бойынша Мұса бидің бірінші әйелі Хандазадан — Шейхмұхамед (Шиқым), Шейхмамай, Қажымұхаммед (Көшім), Досмұхаммед (Досым), Жүсіп, Ысмайыл, ал екінші әйелінен — Қожа дегеннің қызынан Алшағыр, Саидахмет (Шейдяк), Тоғай, Сұлтанай, Жанғосты, Мамай, үшінші әйелінен Ысқақ, төртінші әйелінен Ескендір, Темір, бесінші әйелінен Құтым, Құлыш, Құлахмет, Жанахмет туғанын білуге болады.

Татар ғалымы Ахметзянов іздеп тапқан татар шежірелерінің бірінде: «От Мусы родились Калау, Мамай хан, хан Исмагиль хаилче, Алчагир хан, Айданле Урак хан, сұлтан Сайдак, Нартлы желтый Юсуп, Сары, Мамай шейх, Ямгырчы» — деген мағлұмат қазақ эпосы үлгілеріндегі Мұса би ұрпақтары туралы түсінік қыпшақ тілді түркі халықтарының бірқатарының фольклорында бой көрсететінін байқаймыз.

Тарихи деректер Шейхмамайдың би болғанын, ал Мамайдың би болмағанын білдіреді.

Мүсеке — Ноғай эпосы кейіпкерлерінің бірі.

Ноғайлы — Ш.Уәлихановтың пайымдауынша, «Ноғайлы» дегеніміз — Алтын Орданың құрамына енген көшпелі тайпалардың өздерін отырықшы қандастарынан даралау үшін қолданған этнонимі. Ноғай, Қазақ, Татар, Башқұрт, Өзбек, Қарақалпақ халықтары өздерінің шежірелік аңыздарында түпкі тегін Ноғайлыдан таратады.

Нұрадын — Едігенің тұңғыш ұлы. Ол Едігенің ең сенімді саяси серігі болып, ол басқарған мемлекеттің үлкен бір бөлігін басқарған, Едігенің жауларына қарсы күресте табысты қолбасшы ретінде танылған. Қадырғали Жалайыр өзінің шежіресінде Нұрадынның әкесінің көзі тірі уақытта іш ауруынан қайтыс болғандығы туралы мәлімет келтірген (16, 256).

Орақ — Жүсіп бидің екінші әйелінің тұңғыш ұлы — Алшағырдың ұлы. Оның халық жырларында өзінің әкесімен бір әке, бір шешеден туған Мамаймен үнемі бірге аталуының сырын Г.Ананьевтің «Караногайлы и их предания» атты еңбегінде келтірілген аңызда Орақ бала кезінің өзінде-ақ ағасы — Мамайды қатты сүйсіндіргені, Мамай ағасы — Алшағырдан Орақты сұрап алып, батыр етіп тәрбиелегенінің баяндалуынан (1) аңғарамыз.

Демек, Орақ — жырларда баяндалғандай, Мұса бидің ұлы емес, немересі.

Палуан сұлтан — Баһадүргерейдің фольклорлық туындылардағы ендігі бір есімі. Бұл туралы осы томға берілген ғылыми түсінікте кеңірек сөз болады.

Сәтемір — Орта Азияның билеушісі, ұлы жаулап алушы Ақсақ Темір (1336-1405) қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерінде осылай аталады.

Сыйдақ — Мұса бидің екінші әйелінен туған Саидахметтің (Шейдяқтың) есімінің халықтық нұсқаларының бірі. Ол 1533 жылы Ұлы Ноғай ордасының биі болып сайланған. Мұса бидің ұлдары арасындағы алауыздықтың салдарынан XVI ғасырдың қырқыншы жылдары ол биліктен тайдырылып, Орта Азияға кетіп, билік лауазымды Шейхмамай иеленген.

Сыпыра жырау — қыпшақ тектес түркі халықтары эпосының кейіпкері болып табылатын данышпан жырау. Ол «Едіге», «Жаңбыршыұлы Телағыс», «Ер Тарғын», «Қарасай-Қази» және тағы басқа халықтық туындыларда хандарға да, жалпы халыққа да қиын-қыстау сәттерден шығатын ақыл тауып беріп отыратын көргені де, түйгені де көп, батагөй қария әрі өнерпаз ретінде көрінеді. Қазақ, қарақалпақ және ноғай халықтарының жыршылары өздерін Сыпыра жыраудың жыршылық мектебінің өкілдері деп білген. Мысалы, Мұрын жырау «Қырымның қырық батырын» әуелі Сыпыра жырау шығарғанын, одан

Абыл, Абылдан Нұрым үйренгені, Нұрымның өзінің ұстазы екенін айтқан.

Дегенмен Сыпыра жыраудың Мұрын жырау өмір сүрген заманнан әлденеше ғасыр әріректе өмір сүргені анық. «Едіге» жырында ол жағын жібекпен таңып отырған аса қарт кісі ретінде бейнеленген. Соған қарағанда, ол — Ноғайлы заманында немесе тіпті одан арғы уақытта өмір сүрген сөз зергері.

Телағыс (шынаматы — Ағыс) — Жаңбыршыбидің ұлы. Қадырғали Жалайыр Жаңбыршы қайтыс болғаннан кейінгі жағдай туралы: «Содан Хуразми би болды... Содан соң Ямғурчидың ұлы Ағиш би болды», деп мағлұмат берген (16, 256-б).

1523 жылдары орын алған «Астрахан апаты» атты Мұхаммедгерей хан мен Баһадүргерейлер опат болған қанды қырғыннан кейін Мұса және Жаңбыршының ұрпақтары арасына жік түсіп, олар бір-бірлерінің бітіспес жауларына айналған.

Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, бұл алауыздықтар Ағыстың көп уақыт өзінің сенімді серігі болып келген Мамаймен билікті бөліскісі келмегендігі себеп болған сияқты. Ол 1524 жылы Қажытарханның билеушісі Хүсейінге өзінің онымен бірлесіп, Мамайға қарсы шайқасуға әзірлігін білдірген. Ағыс Мамайға қарсы одақ құру жөнінде Қырымның ханы — Сағадатгереймен де келісім жүргізе бастаған.

Бірақ көп ұзамай, ол Қазан ханы — Сапагереймен қақтығыста қайтыс болған.

Тобаяқ — Ысмайылдың есіміне тіркесетін қосарлы анықтауыштардың бірі. «Тобаяқ» сөзі аяқтың кемтарлығын білдіреді. Бұл сөз Ысмайылдың ақсақтығын білдіретін көрінеді. «Қарасай, Қазі» жырының кейбір нұсқаларында «Тобаяқ» сөзі де жеке кісінің атауы, яғни Мұса бидің отыз ұлының бірінің есімі ретінде қолданылған.

Тоқтым хан — Алтын Орданың соңғы ханы — Тоқтамыстың өзгеріске түскен атауы.

Ұзын Айдар Қоңырат. Бұл батыр туралы да тарихи дерек кездеспейді. Ол да — «Әділ сұлтан» жырының В.Радлов Қырым татарларынан жазып алған нұсқасының кейіпкері.

Үйсін Сүлеймен батыр. Ол туралы тарихи дерек кездеспейді. Үйсін Сүлеймен батырдың есімі «Әділ сұлтан» жырының В.Радлов Қырым татарларынан жазып алынған нұсқасында да кездеседі.

Шарабас — Қазақ жырларында Нұрадынның ұлдарының бірі Шарабас екендігі туралы айтылады. Бұл мағлұматты тарихи деректер қуаттамайды.

Шуга — Мұсылман дінінің шиит ағымындағы халық

Ысмайыл — Ноғай Ордасының биі болған тарихи тұлға. Ол Мұсаның бірінші әйелі Хандазадан туған. Түркі халықтарының фольклорлық туындыларында Ысмайылдың жексұрын сипатта бейнеленуіне оның орысшыл саясат ұстанып, орыстың ақ патшасына мойын ұсынып, соған жағыну мақсатында өз халқының тәуелсіздігіне нұқсан келтіретіндей әрекеттерге де баруы себепші болған секілді. Ол өзімен бір әке-шешеден туған Жүсіп би Ноғай ордасының билеушісі болған уақытта да тәуелсіз саясат ұстанған ағасының іс-әрекеттеріне кедергі келтіретін астыртын әрекеттерге барған. Бұны Ресейдің ақ патшасы да ұтымды пайдаланып, Ысмайылды Жүсіпке айдап салып отырған. Осыған байланысты Жүсіп пен Ысмайылдың арасында тұтанған араздық өрши келе, ақыры соңғысының алдыңғысын өлтіріп, Ноғай Ордасының билігін иемденуіне апарып соқтырған.

Ысмайылдың әрекетіне қарулы қақтығыс арқылы наразылық білдірген Жүсіптің ұлдарын қолдаған Ноғай Орда-сы мырзаларының қатарында Қазиді да болған.

Орақ пен Мамайдың қандай жағдайда қайтыс болғандығы жөнінде нақты деректер сақталмағандықтан, олардың өліміне Ысмайылдың қаншалықты қатысы барлығын анықтау мүмкін емес.

СӨЗДІК

Ақ, Хақ /а/ — шын, шындық, күмәнсіз ақиқат; нағыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ақырет, ахирет /а/ — діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тарта-тын күн

Әнжі /ж.с./ — аяр

Даңды — даңқты

Жайшы — жайдың күшімен ауа райын өзгерте алады-мыс деп танылған адам, сиқыршы

Жаппар, Жағыпар /а / — құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жарыға /ж.с./ — Жартыға

Кәбам — Қағбам. Қағба — мұсылмандардың қажылыққа барғанда тәуап ат ететін қасиетті орны

Кеулі /ж.с./ — көңлі

Күдер /ж.с./ — белес, асу

Кіреуке — сауыттың бір түрі

Қыраж — алым-салық

Қолоткі /о/ — кісен

Мақшар — ақырзаман күнінде болатын сот

Өмілдірік — былғары не қайыстан жасалған, ат ер-тоқымының артқа кетпеуі үшін тағылатын ат әбзелі

Өнемейін /ж.с./ — үнели

Пешеттеп /о/ — мөр басып

Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ

Руза (ораза) — мұсылмандардың өздерінің ай календарының тоғызыншы айы — Рамазанда ауыз бекітіп, Құдайға құлшылық білдіруі

Саржа — сүйекпен әшекейленген әдемі садақ, садақтың оғы

Сементтеп /о/ — цементтеп

Сой — арғы заты, тегі

Сөтке /о/ — төулік

Суын — қазақтың халық прозасы үлгілерінде бейнеленетін су айғыры. Көптеген халықтық туындыларда жас бие мен суынның қатынасынан кейін су тұлпары дүниеге келетіні баяндалады

Штурм /о/ — шабуыл

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Аштархан — Астрахан, Алтын орданың орнында пайда болған хандықтардың бірі, Астрахан қаласы соның астанасы болған.

Бұзан — Еділдің тармақтарының бірі. (Астрахан қаласынан 40 шақырым солтүстікте).

Дербент — Кавказ-Иран шегарасындағы орта ғасырлық бекіністі қала.

Еділ — Еуропадағы ең үлкен өзен, Валдай қыратынан басталып, Каспий теңізіне құяды.

Жайық — Ресейдің Башқұртстан, Челябинск, Орынбар әкімшілік аймақтарының және Қазақстанның Орал, Атырау облыстарының территориясымен ағатын өзен.

Күйкен — Маңғыстаудағы таудың аты. Толық атауы — Күйкенұшқан

Қиғаш — Астрахан облысының территориясындағы тау

Қырым — Еуропаның оңтүстігіндегі түбек, Қара теңіз, Азов теңіздері мойнағы арқылы Шығыс Еуропа жазығымен ұштасады. Осы территорияда Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтардың бірі ту көтерген. Қырым хандығы XVII ғасырдың екінші жартысына дейін дербес мемлекет болған.

Қазанның Сырлы қаласы — «Қобыланды батыр» жырында қызылбастың ханы Қазан басып алған Ноғайлының қалаларының бірі ретінде сөз болады. М.Әуезов аталған жырдағы Қырлы, Сырлы қалалар Қазан қаласының бұрынғы орындары деген болжам жасаған.

Самар — Орынбор және бұрынғы Куйбышев облыстарының жерімен ағатын өзен.

Санай (Синай) — Құранда және Інжілде сөз болатын қасиетті тау.

Сарай (Сарайшық) — Алтын Орданың астанасы. Бұндай екі қала болған. Олардың бірі Батудың Сарайы, екіншісі Беркенің Сарайы деп аталған.

Тептер — Еділдің бір саласы.

Шаған — Ақтөбе облысының Шалқар және Байғанин аудандары жеріндегі өзен. Шығыс Каспий аймағында.

Ұрым (Рум) — Византия империясы.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Байғанин Нұрпейіс — (1860 ж, Ақтөбе облысы, қазіргі Байғанин ауданы — 9. IV. 1945, Ақтөбе қаласы) — көрнекті ақын әрі жыршы. Оның репертуарында «Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан» және тағы басқа халықтың эпостық жырларымен бірге, «Ақкенже», «Нарғыз», «Ер туралы жыр» секілді өзі шығарған жырлар болған.

Досмұхамедұлы Халел — (24. IV. 1883, Атырау облысы, Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмы — 19. VIII. 1939, Алматы) — Алаш қозғалысының қайраткері, профессор, әдебиеттанушы әрі фольклортанушы. Ол Ақпан және Қазан төңкерістерінен кейін Жанша Досмұхамедұлымен бірге Оралда Батыс «Алашорданы» құрады.

Оның жан-жақты саяси, қоғамдық, ғылыми жұмыстарының қатарында қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, зерттеу де елеулі орын алған. Оның «Шернияз шешен» (1925), «Қазақ әдебиетінің тарихы» және т.б. ғылыми-теориялық еңбектері, оның жинап, бастыруымен жарық көрген «Мұрат ақын сөзі» (1924), «Исатай Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) атты жинақтар, оның редакторлық етуімен баспа бетін көрген «Қыз Жібек», (1923), «Кенесары — Наурызбай» (1923) атты кітаптар қазақ сөз өнерін тануға қосылған зор үлес болды.

Мөңкеұлы Мұрат — қазақтың XIX ғасырда өмір сүрген аса көрнекті ақыны әрі жыршысы. Ол «Зар заман» поэзиясының өкілдерінің бірі ретінде елді тәуелсіздікке үндейтін өлеңдер шығарумен қатар «Қырымның қырық батыры» эпикалық циклын халық арасында жырлап, таратқан.

Күржіманұлы Қашаған — (1841 ж., Түрікменстанның Ташауыз облысы — 1929, Маңғыстау облысы, Қырықкез аулы) —

атақты ақын әрі жыршы. Ол «Қырымның қырық батыры» эпопеясының біздің дәуірімізге сақталып жетуіне үлес қосқан жыршы, Мұрын жырау Сеңгірбекұлына тәлімгерлік жасаған өнерпаздардың бірі. Оның репертуарында халықтық жырлармен қатар, «Адай тегі», «Атамекең», «Топан» атты өзі шығарған эпикалық туындылар болған.

Саттаров Қыдырәлі — филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы, Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорына тапсырған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

моңғ. — моңғол

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Томға енген мәтіндер сақталған кітаптар мен қолжазбалар

1. Мұрат ақын сөздері. – Ташкент, 1924.
2. *Мұрат Мөңкеұлы*. Қарасай, Қазі. – Алматы, 1943.
3. *Ш.Кәрібаев*. 5-класқа арналған «Әдебиеттік оқу кітабы». – Алматы, 1944.
4. *Байғанин Н.* Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1946.
5. Қарасай, Қазі. Жыршысы — *Шоқаев Құдайберген*. 1947 жылы жинап, тапсырған — *Иманбай Ұйықбаев*. — ОҒК, Ш. 784, 1-дөптер.
6. *Қашаған Күржіманұлы*. Топан. – Алматы, 1991.
7. Қарасай, Қазі. Мүстежеп Ахметов нұсқасы. Әмірхан Сейілханұлы берген қолжазбадан және сол кісінің айтуынан жазып алғандар — *Қ.Саттаров, Қ.Құллыбаева*. ӘӨИ, Ш.920/50.
8. Шайыр. Орынбор, 1910.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. *Ананьев Г.* Караногайские исторические предания // Сборник материалов для описания местностей и племен Кавказа. Вып. 27. – Тифлис, 1900.
2. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К. Баранов*. – М., 1968.
3. *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17-том. – Алматы, 1985.
4. *Әуезов М.* Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы, 2003.

5. *Байганин Н.* Таңдамалы. Өлеңдер, толғаулар, дастандар. — Алматы, 1991.
6. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. 2, ч. 1. — М., 1963. Стр. 798-799.
7. Батырлар жыры. Бесінші том. Қырымның қырық батыры. — Алматы, 1989.
8. Батырлар жыры. Алтыншы том /Мұрын жыраудан жазылып алынған мұралар/. — Алматы, 1990.
9. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы. — Алматы, 1982
10. *Ғабдулллин М., Сыдықов Т.* Қазақ халқының батырлық жыры. — Алматы, 1972.
11. *Досмұхаммедұлы Х.* Аламан. — Алматы, 1991.
12. Древнетюркский словарь. — Л., 1969.
13. *Жирмунский В.М.* Тюркский героический эпос. — Л.: 1974.
14. *Жұмалиев Қ.* Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап. — Алматы, 1958.
15. *Исин А.* «Әділ сұлтан» эпикалық жыры. — Алматы, 2000.
16. *Қадырғали би Қосымбекұлы.* Жылнамалар жинағы. — Алматы, 1991.
17. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-кітап. — Алматы, 1960.
18. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: *Е. Есова, Ү. Сұбханбердина, Д. Сейфуллина.* — Алматы, 1986.
19. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы, 2001.
20. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
21. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
22. Қазақ фольклористикасының тарихы. — Алматы, 1988.
23. *Қасқабасов С.* Жаназық. — Астана, 2002.
24. Қашаған. Топан. — Алматы, 1991.
25. *Қоңыратбаев Ә.* Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975.
26. *Қоңыратбаев Т.* Эпос және этнос. — Алматы, 2000.
27. Қырымның қырық батыры. — Алматы, 2005.

28. *Омарұлы Б. Мұрат Мөңкеұлы.* — Алматы, 1993.
29. *Орлов А.С.* Казахский героический эпос. — М., 1945.
30. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю.А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.
31. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. V. — СПб, 1885.
32. *Сейфуллин С.* Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. — Қызылорда, 1931.
33. Татарско-русский словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1966.
34. *Трепавлов В.В.* История Ногайской Орды. — Москва, 2002.
35. Турецко-русский словарь. — М.: Русский язык медиа, 2005.
36. *Тынышпаев М.* История казахского народа. — Алматы, 1993.
37. *Уәлиханов Ш.Ш.* Шығармаларының бес томдық жинағы. — Алматы, 1961.
38. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
39. *Ысмайылов Е.* Жамбыл және халық ақындары. — Алматы, 1996.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

По состоянию на сегодняшний день Институтом подготовлено и издано 40 томов фольклорных текстов, в том числе: двенадцать томов новеллистических дастанов, семь томов религиозно-нравственного содержания, три тома исторических поэм, восемь томов дастанов романического (любовного) содержания, один том генеалогических дастанов, а также девять томов героического эпоса.

41 том включает в себя шесть вариантов героического эпоса «Карасай, Кази», являющегося одним из лучших в эпическом наследии казахского народа. О популярности эпической поэмы «Карасай, Кази» говорит тот факт, что до наших дней сохранились свыше тридцати текстов этого произведения. Примечательно то, что бытование эпоса «Карасай, Кази» замечено только у казахского народа. Среди них есть варианты, которые вошли в репертуар великих певцов Мурата Монкеулы, Кашагана Куржиманулы, Нурпеиса Байганина, Мурын жырау Сенгирбекулы, Айсы Байтабынова и других. Составителями настоящей серии планируется подготовка и издание двух томов вышеназванного эпоса.

Некоторые герои казахской эпической поэмы «Карасай, Кази» присутствуют в эпической поэме «Әділ сұлтан» («Адил солтан»), варианты которой записаны из уст народных певцов ногайского, татарского и казахского народов. Прототипом главного героя этого произведения — султана Адила, является сын

и калга Крымского хана Девлетгерейя — султан Адилгерей. В качестве одного из ближайших соратников и самой надежной опорой Адила выступает в этой поэме Карасай, который вместе со своим младшим братом являются главными героями эпоса «Карасай, Кази». Неупоминание в последнем варианте личности и даже имени Кази — создателя и предводителя Малой Ногайской Орды — некоторые ученые связывают с тем, что в то время, когда султан Адилгерей попал в плен и в 1583 был убит, Кази уже не было в живых, он скончался в 1576 году.

Но в эпосе «Карасай, Кази» для вызволения Адила из плена самую большую услугу оказывает Кази и именно он предохраняет в некоторых вариантах этого эпоса своего старшего брата от отступнического настроения. В другом варианте этого произведения, записанного в исполнении Мурын жырау в первом походе сорока крымских богатырей во главе с ханом Адилем, не участвует Кази. Поэтому Адиль хан и попадает в плен именно из-за отсутствия Кази. В письме на родину Адиль называет имя батыра, который способен освободить его. Им оказался Кази, который впоследствии и оправдывает надежду Адила.

Исторические источники свидетельствуют об участии Кази и Адилгерейя в совместных походах турецкого султана и крымского хана, конниц Большой и Малой Ногайских Орд против Московского государства в 1569 и 1571 гг. Конница Малой Ногайской Орды играла роль самой надежной военной силы Крымского хана, а полководцы этого государства избирались в основном из ногайских мурз. Одновременное изображение совместного похода Кази и Адилгерейя и последнего похода Адилгерейя в эпической поэме «Карасай, Кази» служит примером полистадиальности, которая присуща многим образцам народного эпоса. Во всех вариантах «Адил солтана», сохранившихся среди ногайского и татарского народов и в казахской рукописной книге, которая найдена в Санкт-Петербурге, Адил умирает в плену. Только в казахском варианте этой поэмы, которая вошла в сборник «Шайыр» (1910), не сообщается о гибели Адила. В последних строках этого произведения, которое дошло до нас в незаконченном виде, неизвестный молодой батыр уверяет мать Адила в том, что ее сын в скором времени вернется живым и здоровым. Тот факт, что во всех других вариантах эпоса «Ка-

расай, Кази» такое обещание дает Кази и успешно выполняет свою клятву, дает нам основание полагать, что не дошедшая до нас часть текста повторяет концовку большинства вариантов, где воспевалось освобождение Адила при совместных усилиях Карасая и Кази.

Из шести вариантов эпической поэмы «Карасай, Кази», вошедших в 41 том серии «Бабалар сөзі», четыре были ранее опубликованы. Речь идет о вариантах великих акынов Мурата, Кашагана, Нурпеиса и о варианте, опубликованном в сокращенном виде в книге для чтения по казахской литературе («Әдебиеттік оқу кітабы») для 5-класса (1944), составленном Ш. Карибаевым.

Вариант Мурата Монкеулы первый раз увидел свет в сборнике «Мұрат ақын сөздері», изданном в Ташкенте в 1924 году. Этот вариант был издан отдельной книгой, которая называлась «Мұрат Мөңкеұлы. Қарасай, Қази». Данный текст вошел в сборник «Алқаласа, әлеумет» (1991), а также в сборники трудов Халела Досмухаммедова, изданные в период независимости. Вариант Нурпеиса Байганина вошел в сборник избранных произведений акына, который был издан в 1946 году.

Вариант Кашагана Куржиманулы, который сохранился в памяти двоюродного младшего брата акына-певца, записан и опубликован в сборнике избранных произведений Кашагана «Топан» (1991) кандидатом филологических наук Кабиболла Сыдыкулы.

Нужно отметить, что два варианта эпоса «Карасай, Кази», вошедшие в данную книгу, публикуются впервые. Это вариант акына-певца Шокаева Кудайбергена, рукопись которого сейчас хранится в Центральной научной библиотеке Республики Казахстан. Другой вариант подготовлен из архивных источников Мустежепом Ахметовым и предоставлен членам фольклорной экспедиции Қыдырала Саттарову и Қадише Құлпыбаевой. Но при этом отмечено, что текст записан и со слов Амира Сеилханулы. Поэтому мы решили называть его «вариантом Мустежепа Ахметова».

Различия в сюжетных составах этих шести вариантов позволяют разделить их на три версии. К первой версии относится вариант Мурата Монкеулы. В этом варианте изображаются подвиги Карасая и Кази, которые отправились на битву против

врага покойного отца — богатыря Урака. Здесь имя Адила даже не упоминается.

Во второй версии Карасай и Кази претворяют в жизнь три мечты Урака. К этой версии относятся варианты Шокаева Кудайбергена и Мустежепа Ахметова.

В третьей версии, а это варианты Кашагана, Нурпеиса, Ш.Карибаева, зачинщиком основной коллизии эпоса является молодой хан Адиль — друг Карасая и Кази.

Эти три версии отличаются друг от друга и по участию персонажей. Если в первой версии соратником Карасая и Кази является единственный богатырь — Таргын, то во второй версии описываются подвиги хана Адила и других богатырей — Ахмета, Коянака, Серика. А в третьей версии наряду с тремя главными героями этого произведения изображаются подвиги Телагыса, Кубыгула, Кобланды, Ауэза и других богатырей.

Если в вариантах Мурата и Кашагана Карасай и Кази воюют против калмыков, то в остальных вариантах этноним «калмак» заменен этнонимом «кызылбас».

Все варианты данного тома даны в адекватном первоисточнику виде, поэтому исключается любое внешнее вмешательство в текст.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі» том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемых текстах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Объем тома — 28 п. л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozi» in the frame of the State program «Madeni Mura» («Cultural heritage»).

By present day the staff of the Institute have prepared and published 40 volumes of folklore texts including twelve volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious and moral content, three volumes of historical poems, eight volumes of romantic (love) content, one volume of genealogic dastans and nine volumes of heroic epos.

Volume 41 includes six versions of heroic epos «Karasai-Kazi» that is one of the best epic works of Kazakh people. Epic poem «Karasai-Kazi» is considered as a popular poem because more than thirty texts have conserved till present period. It is notable that this epos exists only in Kazakh people. Among them there are versions that have been included into the repertoire of the great singers such as Murat Monkeuly, Kashagan Kurzhimanuly, Nurpeis Baiganin, Murin Zhyrau Sengirbekuly, Aisi Baitabynov and others. The compilers of this series plan to prepare and publish two volumes of the above mentioned epos.

Some heroes of Kazakh epic poem «Karasai, Kazi» exist in the epic poem «Adil sultan» («Adil soltan») which versions have been recorded from folk singers of Nogai, Tatar and Kazakh peoples. The prototype of the main hero of this work-sultan Adil is a son and kalga of Crimea Khan Devletgeri- sultan Adilgeri. In this poem Karasai is one of the closest partners and most reliable persons for Adil, who together with his younger brother are the main heroes of the epos «Karasai Kazi». The fact that in the last work personality and even the name of Kazi the founder and leader of Minor Nogai

Horde is not mentioned, some researchers explain that sultan Adilgeri was captured and killed in 1583 and Kazi died in 1576.

However in the epos «Karasai Kazi» Kazi did all his best to release Adil from capture, he prevents his elder brother from retreat moods in some versions of this epos and in the version recorded by Muryn zhyrau in the first trip of forty Crimean warriors leded by Khan Adil, Kazi didn't participate and this fact explains why Adil Khan was captured during this trip, in his letter to his native land Adil mentioned the only person who could release him. This batyr was Kazi and he fulfilled Adil's hope.

Historical sources testify that Kazi and Adilgeri have participated in joint trips of the army of Turkish sultan and Crimean khan, cavalry of Big and Minor Nogai Hordes against Moscow State in 1569 and 1571 and that cavalry of Minor Nogai Horde has played the role of the most reliable military power of Crimean khan and military leaders of this State have been selected from Nogai murzas. It means that showing victory of Karasai and Kazi as the result of their heroic deeds in two mentioned epic poems the narrators of those works were truthful. Description of joint trip of Kazi and Adilgeri and the last trip of Adilgeri as the events that took place at the same time in the epic poem «Karasai, Kazi» serves as an example of poly stage character that is typical for many patterns of folklore epos. This work ends with safe return of Adil home but other versions of «Adil soltan» in Nogai and Tatar peoples and in Kazakh manuscript that was found in Saint-Petersburg tell that Adil died in capture. Only in Kazakh version of this poem that was included into collection «Shayir» published in 1910 it is not mentioned that Adil died, in the last lines of this poem that has reached our day as unfinished work, one young batyr tells Adil's mother that he is alive and will soon return home. The fact that in all versions of the epos «Karasai, Kazi» Kazi gives such promise and successfully fulfils his oath shows that the last part of the work that hasn't reach our days repeats the end of the most versions that tell that Karasai and Kazi released Adil. From six versions of the epic poem «Karasai, Kazi» included into volume 41 of series «Babalar sozi», four versions have been published earlier. These are versions performed by great akyns such as Murat, Kashagan, Nurpeis and others and version that was published as shortened

version in the book of Kazakh literature («Adebiyettik oku kita-bi») for 5th grade (1944) compiled by I. Karibaev.

Version of Murat Monkeuly was first published in collection «Murat akyn sozderi» that was published in Tashkent in 1924. This version was published as a separate book under the title «M. Monkeuly. Karasai, Kazi». This version was included into collection «Alkalasa, aleumet» (1991) and also into collections of works of Khalel Dosmukhammedov that were published earlier during different years.

Version of Nurpeis Baiganin was included into collection of selected works of akyn that was published in 1946.

Version of Kashagan Kurzhimanuly that his younger cousin remembered was recorded and published by Kabibolla Sysiukuly Candidate of Philology in collection of works «Topan» (1991) written by Kashagan.

Two versions of the epos «Karasai, Kazi» included into this book are published for the first time. One of them is a version of singer Kudaibergen Shokaev which manuscript is kept now in Central scientific library of the Republic of Kazakshtan. Another version was written from old archive by Mustezhep Akhmetov, Amir Seilkhanuly has presented it to the members of folklore expedition Kidirali Sattarov and Kadisha Kulpibayeva. Therefore we have decided to call it «Mustezhep Akhmetov's version».

Those six versions can be divided into three options according to the differences in their plot composition. First option includes version of Murat Monkeuly. This option describes deeds of Karasai and Kazi who began fight with the enemy of their father Urak bogatyr who died. Here name of Adil is not mentioned.

Second option tells how Karasai and Kazi have fulfilled Urak's three dreams. This option includes versions of Kudaibergen Shokaev and Mustezhep Akhmetov.

Third option is focused on the young khan Adil, Karasai and Kazi.

Those three options differ from each other on personages. In first option partner of Karasai and Kazi is only warrior Targyn, in second option deeds of khan Adil and other warriors Akhmat, Koyanak, Serik are described. Third option includes description of main heroes and feats of Telagis, Kubigul, Kobylandi, Auez and other warriors.

In Murat's and Kashagan's versions Kazi fights with Kalmaks and in other versions ethnonym «Kalmak» is changed to ethnonym «kyzylbas».

All versions of this volume are adequate to the original source and therefore any interference into text is excluded. According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Volume — 28 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Қарасай, Қази (*Мұрат Мөңкеұлы нұсқасы*) 11
Қарасай, Қази (*Қашаған Күржіманұлы нұсқасы*) 41
Қарасай, Қази (*Нұрпейіс Байғанин нұсқасы*) 83
Қарасай, Қази (*Құдайберген Шоқаев нұсқасы*) 139
Қарасай, Қази (*Мүстежеп Ахметұлы нұсқасы*) 256
Қарасай, Қази (*Ш. Кәрібаев нұсқасы*) 369

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 399
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 419
Сөздік 427
Жер-су атаулары 429
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
hәм жинаушылар туралы мәлімет 431
Шартты қысқартулар 432
Пайдаланылған әдебиеттер 433
Резюме 436
Summary 440

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

41 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*

Редакторы *Ү. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *Е.А. Сманова*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 2223

Теруге 15.01.07 жіберілді. Басуға 27.04.07 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.

Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 28,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 165.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-35-381-6



9 789965 353819